КӨҢІЛ БАҒЫНАН

Ол – Сондай Бір Теңдессіз Рахмет

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

КӨҢІЛ БАҒЫНАН

Ол – Сондай Бір Теңдессіз Рахмет

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

АЛҒЫ СӨЗ

Біздерге шексіз ілтипаты, жақсылығы және рахымымен мәміле жасаған, күнәларымызды кешіріп, қателіктерімізді ғапу ететін – «اَرْحَمُ الرَّاحِمِينَ (мейірімділердің ең мейірімдісі)» Мәуләміз (Иеміз) – Аллаһ Тағалаға шексіз хамд/мадақ!

Әу бастан (ежелден) мәңгілікке дейінгі күллі әлемге рахмет шуағы ретінде жіберілген, адамзаттың құтқарушысы, көңіл шипасы, жәннәтпен сүйіншілеушісі де шапағатшысы – Мырзамыз Хазіреті Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға шексіз салауат пен сәлем!

Күллі әлемдегі барлық болмыс Хақ Тағаланың махаббаты және рахметімен безенген, Оның махаббаты және рахметі арқасында құндылықтары өз мәресіне жеткен. Яғни, Раббымыздың адамзатқа деген мәмілесі әрқашанда рахмет. Оның бұл шексіз де теңдессіз рахметінің арқасында кәпірлердің өзі өмір сүріп, рызықтанады. Бұл дүниеміздің өзі шегінен шыққан зұлымдық, бүлік және күнәлар мен қарсылықтарға толы болғанымен, оның астан-кестені шықпай, өз шеңберінде (орбитасында) айналып тұруы да, тағы осы рахметтің шексіздігінің арқасында. Өйткені Оның рахметі (рахымы) әрқашан өзінің ашу-ызасынан әлдеқайда артық әрі одан үстем. Өйткені Хақ Тағала рахымшылық пен мейірімділікті сүйетіндігі сонша, ең соңғы жіберген және ең

ардақты Пайғамбары – Хазіреті Мұхаммед Мұстафа саллаллаһү аләйһи уә сәлләмді де **«рахмет шуағы»** ретінде сипаттап, Оны бізге:

«(Ей, Расулым!) **Біз Сені әлемдерге тек рахмет шуағы етіп қана жібердік»** - деп таныстырады. (Әнбия сүресі, 107)

Әлемдегі барлық болмыс осы рахметті пайдаланады. Әсіресе адам баласының бұл рахметтегі несібесі шексіз көп. Бойымыздағы жақсылықтар – әрқашан «Рахмет Күнінің» арқасында біздерге бағышталған иләһи сыйлық. Барлық әдеміліктер мен мүмкіндіктер, құндылықтар үнемі сол рахметтің көріністері...

Ол рахмет – **«Сондай бір теңдессіз Рахмет»** көбелектің түрлі-түсті қанатындағы сұлулық, бүршік атқан раушандағы әсемдік, көктемді безендірген гүлдердегі нәзіктік, адамзатты ең жақсы жаратылыс атаулысы мәртебесіне көтерген мінездік қасиеттер және қаншама ұлағатты тұлғалар жетілдірген иләһи ерекшеліктер мен қасиеттер ылғи Оның рахметінен бейне бір шық іспеттес, сол теңдессіз рахметтің шағылысуы, Оның рахметінен ерекше бір ілтипат... Қысқаша айтар болсақ, күллі адамзат тек **«Теңдессіз үлгілі тұлғадан ұлы да көркем мінез-құлықтық өлшемдердің»** арқасында ғана екі дүниенің бақытына кенеліп, мәңгілік рахатқа бөлене білуде...

Осыған орай, барлық тіршілік атаулысы Оған алғыс айтуға міндетті, қарыздар. Бұл қарыздың төлемі болса, Оған салауат айту және Оған деген асқан махаббат сезімімен өмір сүру. Сондай-ақ Оның сүйгендеріне де махаббат құру. Бұл бағытта **«Әһлү Бәйт** (Оның отбасы мүшелері мен әулеті) **махаббатын»** көңілімізге барынша ұялатуымыз керек. Рашид (адал) халифалардан шыншылдықтың шыңы

– **«Хазіреті Әбу Бәкір»**, әділдіктің дара үлгісі – **«Хазіреті Омар»**, арлылықтың ескерткіші – **«Хазіреті Осман»** және білімнің қақпасы – **«Хазіреті Әли»** радияллаһу анһумға махаббатпен байланып, олардан бізге жеткен өмірлік дәстүрлер мен өлшемдерді рухани арнада, шынайылықпен іске асыруды аса ұлық нығмет деп білуіміз керек.

Өйткені сол өмірлік үлгілер мен өлшемдер адамзатты жабайылықтан, зұлымдықтан және мәңгілік бәлекетке ұшыраудан құтқарып, бақыттылыққа толы ғасырлар жасатқан. **«Қоғам және Басқарушылар»** осы ұлы дәстүрлерге немқұрайды қараса, адамгершілік пен әділеттің, шыншылдық пен білімнің тамыры жойылады. Алайда бар-лық қоғам мен басқарушылар тек шыншылдық, білім, адамгершілік, **«Хақ пен Әділдік»** деген іргетастың негізінде ғана өз тіршіліктерін жалғастыра алады. Бұл шындықтың бізге артқан **«Жауапкершіліктің»** ауырлығын да тек **«Аманат сана-сезімімен»** ғана көтере аламыз. Ал, ондай сана-сезімге дұрыс жете білу үшін терең **«Тәфәккур» (ойлану)** жүйесін бойымызға сіңіруіміз аса маңызды іс. Алайда, бұл ойлану жүйесін нәпсілік арнада емес, руханияттың берекелі арнасында іске асыруымыз керек.

Бұл тұрғыда ақыл мен жүректі уахидың жарығында рухани тәрбиемен илеп, тасаввуфи тәлім-тәрбиенің арқасында қалбү сәлимге (Аллаһ махаббатымен тынышталып, сафтанған жүрекке) жету аса зәрулік іс. Салихтарға дос болып, сондай бір рухани дәрежеге көтерілумен қатар, руханият ұстаздарымыздың фәйзге, рухани нәрге толы иршадтарының (тәлім-тәрбиелерінің) және осы бағытта әһлұллаһтың (Аллаһ достарының) бейне бір жаршысы іспеттес болған **«Хазіреті Мәуләнәның көңіл әлемінен шыққан хикмет сәулелелерінің»** ішкі жан дүниеміздің жетілуіндегі орны ерекше.

Осындай фәйзге толы өмір сүру – рахмет пен берекетке толы өмір сүру деген сөз. Рахмет дегеніміз – күллі әлемге рахмет шуағы ретінде жіберілген Мырзамыз Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәллем. Ол Рахмет Пайғамбары бізге ақтық демімізге дейін әр демімізді **«Рухани өмір тәрбиесі – Рамазан Шәриф айының»** берекеті аясында өмір сүргізетін дәстүрлер мен ережелер сыйлаған.

Бұл дәстүрлер мен ережелер ішінен, бәлкім, **«Ысырап»** мәселесіне көбірек көңіл аударуымыз қажет шығар. Өйткені қазіргі таңда **«Иман, Сенім және Ғибадатта ысырап», «Уақытта ысырап», «Білімде ысырап», «Адамгершілік құндылықтарында ысырап», Тәфәккур** (ойлануда) **ысырап», «Күн көрісімізді қамтамасыз етуде және қайырға жұмсауда ысырап»** және **«Денсаулық пен ішіп-жеуде ысырап»** жағдайы өз шегінен еселеп асып отыр. Әсіресе, ең зиянды ысыраптардан **«адам ысырапы»** қазіргі таңның негізгі дерті мен ауыртпалығы болып ерекше алдымыздан шыға келеді.

Сондықтан барлық мүмин-мұсылмандар осы дерт пен ауыртпалықты өз жүректерінің төрінен сезініп, өздерінің және қолдарындағы Аллаһтың аманаты ретіндегі бала-шағасының Құран мен Сүннеттің рухани аясында иманды ұрпақтар болып жетілуі үшін қажыр-қайрат танытуы керек. Екіншіден **«Іші бос, құрғақ сөз-сылтаулармен Халал-Харам шекарасын таптамау керек».**

Қорыта айтқанда, қазіргі таңда Ол Рахмет Пайғамбарының берекелі өмірі мен жәннәтқа жетелейтін дәстүрлер мен ережелердің төңірегінде нәпсімізді шынайы түрде сын тезіне салып, ар-ұжданымызды оятуымыз керек. Иә, дүр сілкініп, есімізді жию... Өйткені дүние-байлық адамға таңба басқандай... Алайда адамның өзі дүние-байлыққа

таңба басып, оны билеуі керек. Инфәқ (хайырға жұмсау), мәрхамат, жанашырлық пен қамқорлық біздің ең белгілі, ерекше қасиетіміз болуы тиіс. Құдды Мырзамыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмдағы сияқты әр бір деміміз рахмет аясында, әр қозғалысымыз рахмет аясында, әр сөзіміз рахмет аясында болуы тиіс.

Міне, осы бағыттағы ниетімізді жүзеге асыра білуімізге ықпал етсін және осы ізгі жолда жігерлі болуға дәнекер болсын деген мақсатпен жоғарыда тілге тиек еткен тақырыптарда қалам тартып, бұл қарапайым шығарманы қымбатты оқырмандарымыздың игілігіне ұсынып отырмыз.

Раббым өз жолындағы жақсы ниет пен қажыр-қайратымызды, салих амалдарымызды және бүкіл құлшылықтарымызды қабыл алсын, өз рахметіне бөлесін!

О, Раббым! Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәллемнің *«Муминдерге Рауф* (*тым жанашыр*) *және Рахим* (*шексіз мейрімді*)» (Тәубе сүресі, 128) **деген көркем сипаты мен мінезінен біздерге де үлес бергейсің! Біздерді рахмет аясында өмір сүргізіп, өз рахметіңе қарық қылғайсың!**

Әмин!

Осман Нұри ТОПБАШ

Ыстамбұл - 2009

Ол – сондай бір Теңдессіз Рахмет...

Иманымызды рухани бір қорғанға ала білуіміз үшін Аллаһ Расулының мінез-құлқын өз бойымызға дарытуымыз – Оған деген алғыс пен рақмет борышымыздың қажеттілігі. Аллаһ Тағалаға деген опашылдықтан кейін ең қажетті опашылдық – барша әлемнің мәңгілік мақтанышы Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәллемға деген адалдығымыз. Өйткені, Оның үмметіне деген жанашырлығы мен мәрхаматы ананың баласына деген ынтықтығынан әлдеқайда артық және жоғары.

СОНДАЙ БІР ТЕҢДЕССІЗ РАХМЕТ...

Аллаһ Тағала Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмді күллі әлемге рахмет шуағы ретінде жіберді.

Ол – сондай бір теңдессіз рахмет – күллі болмыс Оның құрмет-беделіне жаратылды. Сондай-ақ әрқайсысы Оған деген махаббаты бойынша Хақтың құзырында мәртебеге бөленді.

Ол – сондай бір теңдессіз рахмет – жанашырлығы мен мәрхаматы барлық адамзатты, тіпті күллі тіршілік атаулысын қамтыды.

Ол – сондай бір теңдессіз рахмет – барлық сана-сезімдер мен көңілдерге мәңгілік абылхаят іспеттес ғылым, парасат, хикмет және ғашықтықтың қайнар көзі ретінде Хақ Тағала тарапынан ең көркем сипаттармен жабдықталып, еш таусылмас фәйз бен берекеттің тұңғиық көзі болып адамзатқа сыйланды.

Ол – сондай бір теңдессіз рахмет – шексіз һидаят көсемі – Құран Оның қолымен сыйланды.

Ол – сондай бір теңдессіз рахмет – Рахман, Рахим – Аллаһтың ең сүйіктісі, Оған Миғражды бағыштаған Пайғамбары болды.

Ол – сондай бір теңдессіз рахмет – Ол болмағанда күллі әлем шөл далаға айналар еді.

Ол – сондай бір теңдессіз рахмет – жаратылыс Оның

нұрынан бастау алды. Жер жүзіне келген пайғамбарлардың барлығы Оның фәйзі мен берекетін арқалап, өз кезендеріне таратты.

Ол – сондай бір теңдессіз рахмет – қандай және қай жерде болмасын, барлық әдеміліктер мен әсемдіктер Онан шағылысқан. Әлемдегі ашылған гүлдер Оның нұрынан. Өйткені Ол болмағанда, еш нәрсе бар болмас еді. Ол солмайтын, керісінше, күн өткен сайын әсемдігі мен күштілігі арта беретін, бейне бір бастан-аяқ нұрдан жаралған иләһи бір раушан гүл.

Ол – сондай бір теңдессіз рахмет – Оның қымбаттылығы мен қадірін Аллаһ Тағаланың Өзі Оған салауат айта отырып білдірген.

Аллаһ Тағаланың Расулына салауат айтып, Оның қадір - қасиеті мен абыройын білдіруі қандай да болса мадақ пен мақтаулардан әлдеқайда жоғары. Өйткені Хақ Тағала Оған салауат пен сәлем айтқанда тікелей Өз ұлы Затын мысал ретінде келтіріп, Өзімен қоса барлық періштелеріне де Ол – «әдемілер әдемісі», «әлемнің мәңгілік мақтанышы» – Пайғамбарымызға салауат айттырғанын баяндайды. Сонан соң іле-шала барлық мүминдерге де, дәл сондай етіп, Оған арнайы түрде салауат пен сәлем айтуларын бұйырады. Өйткені Аллаһ Тағала бізді (бір риуаят бойынша) 124 мың пайғамбардың арасынан осындай бір пайғамбарға тегін үммет болу нығметі мен абыройына бөлеген.

Аллаһ Тағаланың біздерге деген осы ілтипаты қаншалықты ерекше мәнді болса, бағышталған абыройдың ұлылығы мөлшерінше, соншалықты біздер үшін шүкірлік қарызы мен опашыл болу (адалдық) құқығының да бар екендігін білдіреді. Яғни Пайғамбарлар сұлтанына үммет

болу мәртебесі – мәртебелердің ең жоғарғысы һәм жауапкершіліктердің де ең ауыры болып есептелетіні сонша – Аллаһ Тағала Оған бойсұнуды Өзіне бойсұну, Оған қарсы ке-луді Өзіне қарсы келу деп жариялаған.

Сондықтан әр мұсылман баласының Оның алдындағы ең маңызды шүкірлік пен опашылдық құқығы (міндеті) Оны күллі болмыстан, тіпті өз жанынан да артық сүюден бастауға тиіс. Бұл тұрғыдан қарағанда, аты аталған сайын Оған жан-тәнімізбен салауат айтып сәлем беру, Оның үлгілі тұлғасынан фәйз (рухани нәр) ала отырып, Пайғамбар ғашығы ретінде өмір сүру – біз үшін мұсылмандық тұлға, мүминдік жаратылыс, өмірлік дәстүр және фәйз бен руханият көзі болуы тиіс. Өйткені бұл дүниеде Оның күллі әлемді қамтыған рахметі мен жанашырлығына, ал о дүниеде болса, Оның ұлы шапағатына мұқтажбыз.

Олай болса, халімізде, сөзімізде, барлық ахуалымызда Онымен бірге өмір сүруге тиіспіз. Ол біздің ең үлкен міндетіміз. Өйткені **адам өз сүйгенімен бірге болады** да оны үлгі тұтады. Күллі әлемнің жаратылыс себебі болған «махаббаттағы сырлардың» бірі де – сүйген адамның сүйіктісінің ахуалына бөленуі. Сондықтан біздер Пайғамбарымыздың көркем Сүннет жолын қаншалықты ғашықтық және махаббатпен ұстанатын болсақ, Оны да соншалықты сүйіп, өз рухымызда сезінгеніміз деген сөз. Оны қаншалықты танып, есімізге алатын болсақ, бағытымыз бен мақсатымыз да соншалықты **«Ол»** деген сөз. Сондықтан Оның кәміл ерекшеліктерге толы үлгілі тұлғасындағы қасиеттерді тану, Оған тәуелді болып, ұлы жаратылыс қасиеттерін өз бойымызға дарыту және Оны кітап жолдарынан гөрі шын жүректен тану – біздің ең ұлы мақсатымыз болуы тиіс.

Ол – Аллаһ Расулы адамдардан дәріс алған жоқ. Оны Раббысының тәрбиелегені сонша – аса ерекше тәрбиелеп, адамгершілік үлгісінің ең ұлысын Оның бойынан көрсетті. Барлық адамзатқа ғайб әлемінің тілмашы және Хақ мектебінің ұстазы ретінде жіберді. Ондағы әдеміліктер томдаған кітаптардың ауқымына сыймайтындай көп, шексіз. Мына төменде баяндайтынымыз Оның теңдессіз үлгілі тұлғасының ерекше мысалдарының тек біразы ғана:

Аллаһ Расулының үмметіне деген ынтықтығы мен жанашырлығы

Оның үмметіне деген жанашырлығы мен мәрхаматы ананың баласына деген ынтықтығынан әлдеқайда жоғары еді. Ол жайлы аят кәримәда былай делінеді:

«Ант болсын, сендерге өз іштеріңнен бір пайғамбар келді. Сендердің қиналғандарың Оған өте қатты батады. Ол сендерге ынтық, мүминдерге аса еміренгіш, тым мейірімді» (Тәубе сүресі, 128).

Оның үмметіне деген мәрхаматы мен жанашырлығын бейнелейтін саны жоқ дұғаларының бірі мынадай:

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм бір күні :

«Аллаһым! Үмметімді қорғайсың, үмметіме мәрхамат қылғайсың!» - деп жылай отырып Раббысына жалбарынды. Сонда Хақ Тағала:

«Ей, Жәбірейіл! Сенің Раббың бәр нәрсені толық біледі ғой. Сонда да, барып Мұхаммедтен сұра, неге жылап жатыр екен?» - деді.

Жәбірейіл аләйһиссәләм келді. Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәллем оған үмметі үшін қайғырып,

жылағандығын айтты. (Хазіреті Жәбірейіл қайтып, жағдайды айтқан соң) Аллаһ Тағала:

«Ей, Жәбірейіл! Мұхаммедке бар және Оған: "Үмметің туралы Сені разы қыламыз және Сені мүлде ренжітпейміз" деп, сүйіншіле!» - деп бұйырды. (Мүслим, Иман, 346)

Хазіреті Пайғамбарымыздың үмметіне деген мәрхаматын бейнелейтін екінші бір көріністі Абдұллаһ ибн Мәсуд радияллаһү анһу былай жеткізеді:

Бір күні Нәби саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Ей, Ибн Мәсуд! Маған Құран оқы!»* - деп бұйырды. Мен:

– О, Расулаллаһ! Құран Сізге уахи етілсе, оны сізге мен оқиын ба?» - дедім. Сонда Ол, саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Құранды басқадан тыңдағанды жақсы көремін»,* - деді.

Мен Ниса сүресін оқи бастадым. Қашан:

«Әрбір үмметтен бір куә келтіріп, Сені де оларға куә етіп келтіргенімізде, олардың халі не болмақ!» - (Ниса сүресі, 41) деген аятқа келгенімде, Расул саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Жетеді!» - деді.

Сонда қарасам, Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Мырзамыздың екі көзінен жас моншақтап тұр екен. (Бұхари, Тәфсир, 4/9; Мүслим, Мүсәфирин, 247)

Осы оқиға да Аллаһ Расулының үмметіне деген жанашырлығы мен мәрхаматын айдан анық бейнелейді. Өйткені қиямет күні: **«Өз кітабыңды оқы, бүгін сенен есеп сұраушы ретінде өз нәпсің жеткілікті!»** - (Исра сүресі, 14) делінеді де, барлық үмметтің күнәлары ортаға шығарылады. Жоғарыдағы хадис шәриф ахиреттегі сол көріністі еске

салады. Жүрегі үмметіне деген жанашырлыққа толы, аса сезімтал Мырзамыз аләйһиссаләту уәссәләмнің шыдай алмай, моншақтап көз жасын төккендігі сонан екен.

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Аллаһ Тағала (мына аят арқылы) үмметім туралы маған екі кепілдеме (амандық) түсірді:

1. Сен іштерінде болған сайын, Аллаһ оларға (бар-лығына тән) **азап түсірмейді.**

2. Олар истиғфар (кешірім) **сұраған сайын Аллаһ оларды азаптамайды** (Әнфәл сүресі, 33).

Мен (қайтыс болып) үмметімнен айрылғанда, (Аллаһтың азабына тосқауыл болатын екінші кепілдеме болған) истиғфарды қияметке дейін үмметімнің жанында қалдырамын» - деген (Термези, Тәфсир, 8/3082).

Жоғарыдағы аят пен хадис мынаны түсіндіреді: Мүмин адам өз көңілін Хазіреті Расул аләйһиссаләту уәссәләмға махаббатпен байласа, Хақ Тағала оны жәһәннәмнан азат қылады. Өйткені Ол сүйікті Расулының махаббатына толы жүректі отқа тастамайды.

Бұл риуаяттар Аллаһ Расулының үмметіне деген шексіз жанашырлығы мен махаббатын, мәрхаматы мен ынтықтығын бейнелейтін сансыз мысалдардың тек бір-екеуі ғана. Сондықтан Пайғамбарымыздың үмметіне деген шексіз жанашырлығына қарап, Оған деген махаббатымыздың деңгейін және Оның жолын қаншалықты қуып, сүннетін фәйзге бөлене отырып, өмірімізге енгізе алғанымызды ішкі жан дүниемізде үнемі сын тезіне салып отыруымыз керек.

Аллаһ Расулының қарапайымдылығы

Оның пайғамбарлығы әсте бір салтанат құру арманынан туындаған емес-ті. Өйткені Ол «құл пайғамбар» болуды «сұлтан пайғамбар» болудан артық көрген.[1] Үмметінің әлсіз, кедейлеріне тікелей өзі қарайласып, олардың қажеттіліктерін өз мүбәрак қолымен ашуға тырысатын, мешітінің бір бұрышын пақыр сахабаларына арнап, Аллаһтың дінін үйренуге тырысып баққан осы сахабаларының күнкөрісін қамтамасыз етуге тікелей өзі ат салысатын.

Ол қарапайымдылықтың тамаша үлгісі, бейне бір ескерткіші еді. Ол өз жеке басы туралы мүлде ойлаған емес-ті. Оның бір ғана уайым-қайғысы барлық адамзаттың тура жолға түсіп, дүние мен ахірет бақытына қол жеткізулері еді. Тіпті, Ол бұл бағытта өз жанын қиярлықтай пиғыл танытатын-ды.

Хазіреті Айша радияллаһу анһә Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Мырзамыздың асқан қарапайымдылықпен үй жұмыстарында өзіне жәрдем беретіндігін:

«Әкем Әбу Бәкірдің үйі бір түні бізге қойдың сыйрағын (жанбасын) жіберген еді. Аллаһ Расулы етті ұстады, мен кестім, сосын мен ұстап, ол кескен еді», - деп түсіндіреді.

Оны тыңдағандардың бірі:

«Бұл істеріңді жарықсыз, қараңғыда істедіңдер ме?» - деп сұрады. Хазіреті Айша радияллаһу анһә оған:

«Үйімізде шам жағатындай майымыз болса, әрине, оны өзімізге азық етіп, жер едік. Бір айдан көп уақыт өтіп кетсе де, Мұхаммед аләйһиссәләмның отбасы жейтін нан таба алмайтын, ошағында қазан қайнамайтын еді» - деді. (Ахмед, 6/217; Ибн Сағд, 1,405)

1. Қараңыз, Хәйсәми, Мәжмәуз-Зәуәйд, 9,192.

Аллаһ Расулының жомарттығы

Күндердің бірінде бір адам Хазіреті Пайғамбарымызға барып, бір нәрсе сұраған еді. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм оған:

«(Қазір) қолымда саған бере алатын түгім жоқ, бар да, менің атымнан (қарызға) сатып ал, мал (зат) келгенде төлеймін», - деді. Пайғамбарымыздың қиналғанына шыдай алмаған Хазіреті Омар радияллаһу анһу:

«Уа, Расулаллаһ! Қолыңда болса берерсің, Аллаһ Сені шамаң жетпеген нәрсеге жауапты қылған емес қой!» - деді.

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Хазіреті Омардың бұл сөзінен разы болмағандығы мүбәрак келбетінен сезіліп қалды. Сонда Әнсарлық бір кісі:

«Ата-анам саған пида болсын, ей, Аллаһтың Расулы! Бер, Арыштың Иесі азайтады деп қорықпа!» - деді.

Расулұллаһтың ісін қолдап, қуаттаған сахабаның бұл айтқандары Мырзамыз аләһиссаләту уәссәләмға қатты ұнайды. Ол күлімдеп:

«Мен де осыған бұйрылдым» - деді (Хәйсәми, 10, 242).

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға мұқтаж адам келсе, алдымен өз үйінен сұрайтын, судан басқа түк нәрсе болмаған жағдайда ғана сахабаларына айтып, әлгі адамның қажетін шешуін талап ететін және оның қажеті шешілмейінше тыным таппайтын.

Бұл туралы екінші бір оқиғаны Әнәс радияллаһү анһү әңгімелеп береді:

«Пайғамбар Мырзамыз аләйһиссаләтү уәссәләмға Бахрайннан мал (зат) келіп еді. Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

“Оны мешітке түсіріңдер!” - деп бұйырды. Бұл жолы келген мал Аллаһ Расулына келген малдардың ең көбі еді. Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәллем осы келген малға бұрылып қарамастан намазға барды. Намаздан кейін малдардың қасына барып, кез-келген адамға содан беріп жатты... Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәллем ол заттан бір тал қалмағанға дейін, барлығы таратылып болғанша сол жерден кеткен жоқ еді» (Бұхари, Сальат, 42).

Өйткені мүминдердің қажеттілігін шешу арқылы оларды қуанту Аллаһ Расулын сөз жетпес рахатқа бөлейтін.

Әлемнің мәңгілік мақтанышы саллаллаһү аләйһи уә сәллем Мырзамыз бір хадис шәрифінде:

«Жібрил (Жәбірейіл) маған Аллаһ Тағаланың:

*“Бұл дін (Ислам) – өз Затым үшін таңдап, разы болған дінім. Оған тек **жомарттық** пен **көркем мінез** ғана жарасады. Мұсылман күйлеріңде өмір сүрген сайын оны осы екі қасиетпен ұлықтаңдар!”»* - дегенін хабарлады деген. (Хәйсәми, 8/20; Әли әл-Мүттәқи, 6/392)

Сондықтан өз дінімізді ұлықтап, иманымызды рухани қорғанда ұстай алуымыз үшін нәбәуи (пайғамбари) жаратылысты өз бойымызға дарыту – Оған деген алғысымыз бен қарызымыздың қажеттілігі. Өйткені Аллаһқа опашыл болудан кейінгі ең ұлық әрі ең қажетті адалдық – әлемнің мәңгілік мақтанышы Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү

аләйһи уә сәллемге деген опашылдық. Бұл опашылдық өз дұғасында «үмметім! үмметім!» - деп, алдымен үмметі үшін тілек тілеген, тіпті өз шалған құрбандарына қоса, үмметінің құрбан шала алмағандарының атынан да құрбандық шалған[2] опашыл, тым адал Пайғамбарымызға қаратылуға тиісті адалдық, шүкірлік сезімдерінің ең тамашасы болып табылады.

Пайғамбарлар сұлтанына терең де күшті ғашықтық және махаббат сезімімен тәуелді болу арқылы бастау алатын осы опашылдық Оның ұлы Сүннеттерін өміріміздің фәйз бен руханият бұлағы халіне айналдырудың арқасында да негізгі арнасына қауышады.

Мырзамыз аләйһиссаләту уәссәләм осындай ғашықтық сезімімен күйіп-пісіп, «Пайғамбар ғашығы» халіне айналған үмметінің салиқалыларына деген терең махаббатын:

«Үмметімнің ішіндегі мені ең көп сүйгендердің бір бөлігі менен кейін келетіндер арасынан табылады. Олар мені көре білу үшін мал-мүліктері мен отбасыларын пида етуді де қалайды» - деп жеткізеді. (Мүслим, Жәннәт, 12)

❀

Адамның бұл ақиқаттардан мақрұм қалып, фәни өмірін зая жібергені сыртқы және ішкі жандүниесінде көрініс тапқан және ысырып тастауы екі талай болған қайшылықтардан туындайды. Негізінде бұл қайшылықтар адамды Аллаһқа жақындата түсіретін тақуалық пен оған кереғар түрдегі, оны жаратылыстың негізгі мақ-

2. Қараңыз, Әбу Дәуіт, Әдахи, 3-4/2792; Ибн Сағд, 1/249.

сатынан алшақтататын ең төменгі хайуани да нәпсілік бейімдердің, яғни салиқалылық пен пасықтықтың бір арнада болуынан туындайды. Бұл туралы аят кәримәда:

«Нәпсімен және оған бірнеше қабілеттер беріп, жамандықты һәм тақуалықты аян Етушіге серт:

«Нәпсісін жамандықтардан (заттық, рухани кірден) **пәк тұтқан сөзсіз құтылды. Ал оны жамандықтарға көмген, әлбетте, зиянға ұшырады»** - делінген. (Шәмс сүресі, 8-9)

Сол себепті Құран мен Сүннет бойынша тәрбиеленбеген және көңіл әлемі рахатқа бөленбеген адамдардың ішкі жандүниелері бейне бір ең жуасынан ең жабайысына дейін сан алуан жануар паналаған орманға ұқсайды. Жаратылыстарына қарай әрқайсысында құдды бір жануардың мінезі жасырылған. Біреуі түлкі іспетті қу, айлакер, енді біреуі қорқау іспетті нағыз жыртқыш, тағы біреуі құмырсқа сияқты, тойымсыз, ал біреуі жылан секілді улағыш. Тағы біреуі сипап отырып шақса, тағы біреуі сүлік сияқты қан сорады. Тағы біреуі алдыңнан күлімдеп, артыңнан құдығыңды қазады. Бұлардың барлығы хайуанаттарда бар қасиеттер.

Өз болмысын рухани тәрбиенің арқасында нәпсінің тұтқынынан құтқара алмаған, соның салдарынан мығым да күшті жаратылыс қалыптастыра алмаған адам мұндай жаман, мұндай төмен қасиеттердің шеңберінде қалады. Біреуінде бір хайуанның, тағы біреуінде бірнеше хайуанның мінезі үстемдік құрған. Әрі ішкі дүниелері сыртқы көріністері мен іс-әрекеттеріне шағылысатындықтан сондай жаратылыстағыларды сезіп-білу көреген адамдар үшін қиын емес.

Жиырма миллионнан асқан адамның аққан қаны үстіне құрылған жүйе – коммунизм жабайы жүрек құрамының шағылысуы емей не? Бір ғана Перғауынның денесінің (өлік) қорғалуы үшін салынғанда мыңдаған адамның тірідей көмілген мазары болған пирамидалар әсілінде мәрхаматтан несібесі жоқ зұлымдықтың ескерткіші емей не? Алайда, бұлар көкірек көзі бітеу сансыз ғапылдар үшін ақыл тұрғысынан әлі де таң қалдыратын әлемдегі ең керемет, зәулім құрылыс, ғимараттар болып табылады. Ал хақ пен ақиқат бұрышынан қарап, бағалағанға ең жабайы қорқаулардың өзін таң қалдыратын, оларды қорқытатын жабайылықтың сұмдық көрінісі, суреті болып көрініс тауып жатқан жоқ па?! Сіздер не дейсіздер, ағайын?!

Бұл жағдайлардың көрсететіні – қоғамға бақа жаратылыстағылар үстемдік құрса қоғам да, қоршаған орта да батпаққа айналады. Жылан мен шаян табиғатты адамдар үстемдік құрса, барлық ел уланады да, ланкестік етек жаяды. Ал раушан жаратылысты, тұла бойы мәрхамат пен жанашырлылыққа толы адамдар үстемдік құрса барлық ел мен аймақ гүлстанға айналады да, қоғам шынайы бақыт пен тыныштыққа бөленеді, иншааллаһ.

Бұлардың әрбіріне тарихтан сансыз мысалдар мен үлгілер келтіруге болады. Заман мен мекенді гүл бағына айналдырған раушан жаратылысты, адамзат тарихының ең үлкен, теңдессіз мысалы мен үлгісі болып Пайғамбарлар Сұлтаны – Хазіреті Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләм табылады. Өйткені Ол пайғамбарлық міндетін атқарған 23 жыл сияқты қысқа бір мерзімде раушаннан да әдемі жаратылысы және тұлғасымен өз дәуірі мен адамзатты әсте солмайтын бір бақыттылық гүлстанына айналдырған еді. Ол «Һидаят Күні» жарық түсірген ең

оқшау, түкпір жерлердің өзінде хақ пен хайыр барлық әдемілігімен, жамандық пен теріс жолдар да барлық жиіркеніштілігімен айдан анық көрінді. Аллаһ, әлем және адамзат хақында ең жақсы, ең дұрыс ұғым пайда болды. Адамзат бұл дүниенің сынақ дәрісханасы екендігін аңғарды. Оқу-жазуды білмеген, сауатсыз жәһілдік қоғамы **«шын білгендерден[3]»** болды. Ойлау жүйесі жетіліп, дамыды. Адамның ішкі жан дүниесі адам денесінің бір тамшы судан, құстардың кішкентай бір жұмыртқадан, ағаш пен мәуелердің бейне бір көзге ілінбейтіндей кіп-кішкене ұрықтардан пайда болуынан, көктер мен жер бетінің жаратылысына дейін барлық болмыс туралы терең ойланып, шетсіз де шексіз хикмет көкжиектеріне қанат қақты.

Нәбәуи (пайғамбари) тәрбиенің нәтижесінде мәрхамат, жанашырлық, қамқорлық пен пидашылдық, хақ пен әділетті орнатудағы сезімталдық және сергектік пен ұқыптылық өз шыңына шықты. Өмір Аллаһтың разылығына тәуелді болды. Барлық жүректер **«Аллаһ бізден нені талап қылады, Расулұллаһ бізді қалай көруді қалайды?»** - деген оймен толқи бастады. Түн күндізге, қыс көктемге ауысты. Сондықтан ол дәуір адамзат тарихы ішінде **«Асрұ Саадат»** (Бақыттылық ғасыры) деп аталып, ерекше мәртебеге бөленді. Шынында да Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм сондай бір теңдессіз рахмет бұлағы болғаны сонша – Оның нұрымен сансыз қараңғы түкпірлер мен оқшаулар нұрға қарық болды.

Пайғамбарымызға қарсы жасалған қастандық пен қаралау шаралары Оны лайығымен тани алмаудан, Оған теріс, қисық қараудан туындайды. Сондықтан дұшпандық жасап,

3 Қараңыз, әз-Зүмәр,9

мұсылмандардың аса жоғары құндылықтарын қорлауға тырысып бағады.

Әрбір болмыс өз жаратылысына сай арнада өмірін сүре алады. Адам баласы да бұл қағидадан тысқары емес. Тек гүл өзектерімен қоршалған әлемде ғана азықтанып, дем ала алатын бал арасы үйреншікті болған әлемінің сыртында жасай алмайтын болса, бұған керісінше жаратылысы лас нәрселермен қоректену болған тышқан да гүл бағында өмір сүре алмайды. Сол сияқты жоғары денгейдегі ұлық рухтар мен жандар Мұхаммеди ақиқаттан шағылысқан фәйзбен (рухани нәрмен) қоректенгені секілді, лас және пасық рухтар да ластықпен ләззаттанады.

Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһу анһу Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің мүбәрак келбетіне қарап, **«Қандай әдемі!»** деп таң қалатын. Оның бұл таңдануы негізінде өз ішкі жан дүниесін бейне бір айнада көргендей еді. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің:

«Әбу Бәкірдің мал-мүлкінен пайдаланғанымдай, ешкімнің мал-мүлкінен пайдаланған емеспін...» - деген баянын естіген Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһу анһу көз жасын төге отырып:

«Мен және мал-мүлкім тек Сен үшін емес пе, ей, Аллаһтың Елшісі?!» - (Ибн Мәжә, Мұқаддимә, 11) деп, өзін барлық нәрсесімен Аллаһ Расулына атап, арнағанын және Оның қасиетті болмысында фәни (жоқ) болғандығын көрсеткен еді. Өйткені оның ішкі әлемі Аллаһ Расулының бейне бір айнасы халіне айналған еді.

Екіншіден, Аллаһ пен Расулының қас жауы болған

Әбу Жәһіл болса, Оның мүбәрак келбетінен теріс әсер алып, ондағы әдемілік пен айбындылыққа немқұрайды қарап, күпірлік пен сыйымсыздықтың иірімінде тұншығып жүретін еді. Екеуіндегі бұл айырмашылықтың себебі болса, Мұхаммеди айнада өз ақиқаттарын, яғни ішкі жандүниелерін байқауы еді. Өйткені пайғамбарлар жарық айна іспеттес. Әркім сонда өзін көреді. Ал ай-на біреудің көңіліне қарай өтірік (жасанды) көрініс көрсетпейді, жаманды жақсы, жақсыны жаман етіп бейнелей алмайды.

Ислам дінін өз қорғауына алған Аллаһтың құдіреті мен ұлылығына қарамай мұсылмандарға, Құранға және Хазіреті Пайғамбарға тіл тигізіп, шабуыл жасағандар ерте ме, кеш пе, сөзсіз иләһи қаһарға ұшырайды. Бұл айнымас ақиқат. Қараңғылық ішкі жан дүниелерін бейне бір улы жылан сияқты басып алған және ауық-ауық өздеріне ерген топ-тармен бірге кері әрекет жасаған улы тілдер мен бейқам қаламгерлердің көкіректеріндегі Пайғамбар махаббатымен өмір сүрген таза діндарларды қаншалықты ренжіткені баршаға мәлім.

Мынаны жақсырақ білгеніміз жөн болар: Адамзатқа Аллаһ бағыштаған Хақ пен ақиқатқа бейім болу сезімі мен жаратылысын жоққа шығару, жою әсте мүмкін емес. Дінсіздік қалай да зұлымдықпен етек жаюға, үстем қылуға тырысса да, діннің рухқа және ұжданның тереңдіктеріне ұялаған ұлы тамырының жайылуына ешкім бөгет бола алмайды. Адамның жаратылысындағы бұл ұлы шабытты ешкім тоқтата алмайды. Өйткені иләһи құдірет дінге деген қажеттілік пен Раббыға жақындауды сүннетұллаһ, яғни Хақ Тағаланың өзгермес заңдылықтары етіп бекіткен.

Аллаһ Тағала көзіміз бен көңілімізді Мұхаммеди нұрмен нұрландырсын! Ол – Пайғамбарлар сұлтанына үммет болу деген абыройдың шүкірлігін лайықты түрде орындай білуді баршамызға нәсіп еткей! Осы ғасырымызды және ұрпақтарымызды Ол – Пайғамбарлар шоғының теңдессіз әдемі иісі және руханиятқа толы шықтарымен фәйздендірсін. Асрү саадат атмосферасынан көңілімізге бақыттылықтар бағыштасын. Баршамызды Өз Затына салиқалы бәнде, Хабиб Әкрәм – Пайғамбарына лайықты үммет қылсын!

Әмин!

Теңдессіз үлгілі тұлғадан

Ұлы да көркем мінез өлшемдері - 1

Аллаһ Расулының «үлгілі тұлғасын» өміріміздің барлық сатысы үшін үлгі тұтып, Оны көсем деп қабылдауымыз керек. Көңілімізден шыққан сәлемдер, яғни салауат шәрифтар Мырзамыздың рухани құрамынан біздің рухымызға шағылысатын фәйзге арна болуы тиіс. Оның қанағатшылдығы, тәуекелшілділігі мен тәсілімияты (берілуі) және сондай көркем мінезінен қайсы бір мүминнің үлесі болса, ол мүминнің шын мәнінде бақытқа кенелгені.

Теңдессіз үлгілі тұлғадан

ҰЛЫ ДА КӨРКЕМ МІНЕЗ ӨЛШЕМДЕРІ – 1

Мүмин тұлғаның өзіндік рухани ерекшеліктерін жетілдіріп, нағыз, кәміл тұлға халіне жете білуі – тек қана Фахрұ Кәинәт (Әлемнің мақтанышы) саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның ішкі жан дүниесінен, ұлы да көркем мінезінен өз несібесін ала білуіне байланысты. Бұл Фахрұ Кәинәт Мырзамызға деген махаббат және Оңың руханиятына бө-ленудің мөлшерінде іске аспақ.

Өйткені барлық адамзат әлемі көңілдерге шипа, тыныштық сыйлаған иләһи әуендерді Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің мүбәрак аузынан естіген. Адамзат Рахман – Аллаһтың шегі жоқ ғапуына (кешіріміне), ілтипаты мен жақсылығына тек Ол – «жаратылыс нұрының» құрметіне бола қол жеткізді. Адамзат сансыз күнәлары бола тұра, Раббымыздың **«Ей, Менің құлдарым!»** - деген жанашырлыққа толы үндеуіне тағы да Ол – Әлемдердің Мырзасының Аллаһтың алдындағы атақ-абыройының арқасында қол жеткізді.

Барлық осы жақсылық, мәрхамат пен ілтипаттарға бөленген біз Мұхаммед үмметіне тиесілі болған міндетіміз – Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің әмірлері мен нәһилерін (тыйымдарын) және үгіт-насихаттарын

жан-тәнімізбен орындап, Оның Сүннетү Сәнийясының руханияты аясында өмір сүре білу.

Раббымыз ең ұлы мәртебе болған **«Мақаму Махмудты»** Пайғамбарымызға тарту еткен. Оған лайық болған мәртебесіне сай өсиеттер айтқан. Ол да үмметіне **«аса мейірімді де тым жанашыр»** болғаны үшін өзіне айтылған өсиеттерге үмметінің де бойсұнуын армандаған. Міне, сол өсиеттердің біразы төмендегідей:

Хазіреті Пайғамбар аләйһиссаләтү уәссәләм:

Раббым маған жасырын не әшкере, барлық жағдайда хауф халінде болып, өзінен қорқуымды бұйырды, (сендерге де осыны үгіттеймін)[4] **-** деп бұйырады.

Раббымыздың әр әміріне бойсұнғаны сияқты бұл әміріне де аса ұқыптылықпен бойсұнған Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Аллаһқа ант етемін, мен – сендердің Аллаһтан ең көп қорқатындарың және Оған шын ықыласыммен тағзым еткендеріңмін» - (Бұхари, Никәх, 1) деген және қандай бір мәжілістен (жиыннан) тұратын кезде де үнемі:

«Аллаһым! Бізге күнәлар мен арамызға перде (бөгет) боларлықтай "қорқынышыңнан" үлес бергейсің!» - деп жалбарынатын-ды. (Термези, Дәуәт, 79)

Өйткені Мырзамыз аләйһиссаләтү уәссәләм адамзат ішінде Аллаһ Тағаланы ең жақсы да жақыннан танудың шыңындағы көріністерге қол жеткізген ерекше жан еді. Ол бір күні сахабаларына:

4. Осы тақырып бойынша талданатын бұл хадис шәриф үшін қараңыз, Ибраһим Жанан, *Хадис Энциклопедиясы*, 16/252, хадис нөмері: 5838

«Сендер менің білгенімді білсеңдер, аз күліп, көп жылайтын едіңдер», - дегенде, қадірменді сахабалар беттерін басып, өкіріп жылаған еді. (Бұхари, Тәфсир, 5/12)

Хақ Тағала жасырын не әшкере, барлық жағдайда өзінен қорыққан құлдарына жәннәттің уәдесін берген. Ол жайлы аят кәримәларда былай делінген:

«Кімде-кім Раббысының алдында тұрып, (есеп беруден қорыққандығынан) **нәпсісін жамандықтардан тыйса, сөзсіз оның барар жері – жәннәт».** (Нәзиат сүресі, 40-41)

«Міне, сендерге уәдесі берілген – жәннәт. Ол Аллаһқа бет алған, әмірлеріне бас иген, (өз көзімен) **көрмегенімен Рахманнан қорыққан және «қалбү мүниб»** (Аллаһқа берілген жүрекпен) **келген жандарға тән».** (Қаф сүресі, 32-33)

«Олардың жамбастары төсектерінен ажырап (түнгі ұйқыдан намазға тұрып)**, әрі қорқыныш әрі үмітпен Раббыларына дұға қылады әрі біз берген несібеден хайырға сарып қылады».** (Сәжде сүресі, 16).

Сондықтан пайғамбарлар мен Хақ достарының Аллаһ қорқынышы және Оның шексіз рахметінен үміт сезімі ішінде құлшылықпен өткізген түнгі уақыттары күндізгі уақыттарынан әлдеқайда ашық, әлдеқайда жарық. Өйткені олардың түнгі уақыттары көз жастарымен нәрленген сәждelерінің руханиятына, көңіл тыныштығына толы.

❀

Мырзамыз аләйһиссаләту уәссәләм:

Раббым маған ашу халімде де, разы болған халімде де әділетпен үкім беруімді бұйырды, (сендерге де осыны үгіттеймін) - деген.

Ашу халі адамның байсалдылығы мен бір қалыптылығын қорғауда қиналған, тепе-теңдігін жоғалтып, әділеттіліктен тез арада айрылып қалатын сәттер болып табылады. Осындай жағдайда күшті бір сабырлылықпен үнемі Аллаһты және ахіретті еске алып, тыныштықты сақтап зұлымдыққа бейімделмеу керек.

Ұлы Раббымыз былай бұйырады.

«...**әуесқойлыққа бой алдырып, әділдіктен алшақтамаңдар!..».** (Ниса сүресі, 135)

«...әрқашан әділ болыңдар. Аллаһ шынында әділ болғандарды ұнатады». (Хұжурат сүресі, 9)

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм түрлі мәселелерді тілге тиек еткен бір хадис шәрифінде былай деген:

«Үш құтқарушы жағдай бар:

1. Ашулы халінде де, разылық халінде де әділ болу.

2. Пақырлықта да, байлықта да үнемдеп жұмсау.

3. Жасырын, не әшкере барлық ахуалда да Аллаһтан қорқу». (Хәйсәми, 1/90)

Ұрлық қылған адамды кесілетін жазасынан құтқару үшін өтініш жасағалы келген адамға Фахрұ Кәинәт Мырзамыз ең сүйікті қызын нұсқап:

«Аллаһқа ант етемін, Мұхаммедтің қызы Фатима ұрлық жасаған болса да, әлбетте оның қолын кесер едім» - деген еді. (Бұхари, Әнбия, 54; Мүслим, Хұдуд, 8,9)[5]

Өйткені жеке адам мен қоғамның бақыты үшін әділет аса қажет құбылыс. Хазіреті Омар радияллаһу анһу бұл ақиқатқа мына көркем сөзімен ишарат жасаған:

5. Оқиға туралы қараңыз, 189 б.

اَلْعَدْلُ أَسَاسُ الْمُلْكِ

«Әділет – мүліктің (мемлекет пен тәуелсіздіктің және биліктің) іргесі».

Ислам тарихындағы бесінші ұлы, адал халифа аталған Омар бин Абдүләзиздің тоқсан екі жылдық Үмәйяттар салтанаты ішіндегі екі жарым жылдық халифалығы кезінде Ислам мемлекетінің шекарасы Испанияны да ішіне алатындай кеңейіп, халықтың қауіпсіздік пен тыныштықта өмір сүруі оның хақ пен әділеттілікті орнатуының көрінісі мен нәтижесі болып табылады. Өйткені зұлымдықпен абат бола алмайтындығы секілді, әділетті орнатпаған мемлекеттер де құлауға мәжбүр.

Сондай-ақ Түркілердің тарихында ерекше орын алған бір оқиға мынандай көрініс тапқан еді: Осман патшасы Фәтих Сұлтан Мехмед Хан бір християн сәулетшімен соттасқан еді. Сонда елбасы Фәтих Сұлтан Мехмед өзі қазы етіп тағайындаған жақын досы Хызыр Бек тарапынан кінәлі деп табылып, оған қарсы үкім шығарған еді. Бұл болса, Османлы мемлекетінің ғасырлар бойы жалғасқан салтанаты мен билігін қамтамасыз еткен әділет дәстүрінің көрінісі деп сезімдерді оятады.

❀

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бұйырады:

Раббым маған пақырлықта һәм байлықта үнемдеп жұмсауымды бұйырды (сендерге де осыны үгіттеймін).

Адам баласы Құдай Тағаланың бөлуі бойынша бай да, кедей де болса үнемдеп жұмсауы керек. Ешқандай да бір жағдайда, ешқашан ысырапқа бармауы тиіс. Сондай-ақ

Пайғамбар Мырзамыз кедей болмай тұрып, байлықтың қадірін білуді үгіттеген.[6]

Аллаһ Тағала орташа жол ұстану мен үнемді болуды былай бұйырады:

«...орынсыз шашып төкпе! Өйткені шашып төккендер – шайтанның досы. Шайтан болса, Раббысына қарсы тым опасыз». (Исра сүресі, 26-27).

«Қолыңды мойныңа байлап алып, сараң болма, және (қолыңды) **бүкілдей ашып алып ысырап та қылма, сонан соң өкініште қалып,** (жоғалтқандарыңның) **қасіретін тартып тұра бермексің».** (Исра сүресі, 29).

Пайғамбарымыз аләйһиссаләтү уәссәләм бұл туралы:

«Үнемшілдік жасап, ысыраптан сақтанғандар ешкімге мұқтаж болмайды». (Ибн Ханбәл, 1/447).

«Истихара (Аллаһтан хайырлысын сұраған) жасаған зиян тартпайды. Истишара (кеңес құрған) жасаған пұшайман болмайды. Үнемшіл болған пақыр болмайды» (Хәйсәми, Мәжмауз-Зәуәид, 2/280) - деген.

Осыған орай, мүмин жан мүліктің шын иесінің Аллаһ екендігін түсініп, өзін мүліктің аманатшысы ғана деп сезініп, оны қажеттілік мөлшерінде ғана пайдаланып, қалғанын Аллаһ жолына жұмсауы керек. Аллаһ Тағала:

«...(Расулым!) **Сенен** (қайырымдылық жолында) **не нәрсені жұмсайтындықтарын сұрайды. <u>Қажеттіліктеріңнен артығын</u>** (беріңдер) **деп айт»** (Бақара сүресі, 219).

Мырзамыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм таршылық кездердің өзінде де көңіл байлығын үгіттеп:

6. Қараңыз, Хаким, әл-Мүстәдрәк, 4/341

«Жарты құрмамен болса да (садақа беріп) оттан сақтаныңдар. Оны таба алмаған адам көркем де хош сөз сөйлесін», - деп бұйырған. (Бұхари, Әдеп, 34)

Дәулет пен байлық сыйлайтын негізгі бақыт – Аллаһ жолына жұмсаумен ғана іске асады. Аллаһтың ризалығы бағытында мал сарып қылып, сол жолда қызмет жасай білу үшін халал да таза табысты болып, заттық мүмкіншіліктерді /байлықты/ жүрекке ұялатпай-ақ сарып қыла білу керек. Сондай-ақ Пайғамбар Мырзамыз:

«Салих (салиқалы) адамның қолындағы халал да (өзге жанға) пайдалы мал қандай тамаша мал!» - деген. (Ибн Ханбәл, 4/202)

Өйткені салих кісі мәрхаматты әрі жанашыр адам. Мәрхамат дегені адамның өз қолындағысын одан макрұм жанға сыйлағаны. Яғни, басқалардың мақрұмдығын (жоқтығын) жою үшін оларға қол ұшын беру. Мәрхамат пен жомарттық дүниеде ұжданға тыныштық сыйлайтын болса, ахіретте де мәңгілік бақыттылықтың сүйіншісі болмақ.

Қоғамда **«ағнияү шәкірин»**, яғни шүкірлік жолын ұстанып, малын сарып қылған байлар да, **«фұқараү сабырин»**, яғни сабырлы пақырлар да тым сирек кездесетін жандар. Сондықтан осы екі топтағы мүмин жандар Аллаһ өздерінен разы болған құлдар болып табылады. Шүкірлік етуші жомарт байлар мен сабырлы да салмақты, арлы пақырлар адамгершілік абырой мен иләһи рызашылықта тепе-тең дәрежеде. Алайда тәкаппар және сараң байлар мен өз үлесіне түскенге сабырлылық танытпай, қарсылық білдірген пақырларды Ислам ұнатпайды. Сондықтан Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«О, Раббым! Пақырлық пен байлықтың фитнәсінен (кесірінен) Өзіңе сыйынамын» - деп дұға қылған еді. (Мүслим, Зікір, 49).

Олай болса, кімде-кім қанағат, тәуекел және тәсілімият (берілу) сияқты ұлы қасиеттерге ие болса, ол шын мәнінде бай кісі. Байлықтың шын салтанаты тек өзгелердің қамына бола сарып қылудың бақыттылығымен ғана жалғаспақ.

Тәбук жорығы үшін мал-мүлік сарып қылу басталғанда, түгі жоқ сахабалардың өзі мал мен жаннан кешудің шабытымен толқындаған еді. Солардың бірі болған Әбу Ақил радияллаһу анһү түн бойы жұмыс істеп, екі уыс құрма тапқан еді. Бір уысын үйіне қалдырып, екіншісін Тәбук жорығына қатысатын әскерге әкеліп берген еді.

Осыған орай Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Аллаһ сенің әкеліп бергеніңді де, қалдырып қойғаныңды да берекеттендірсін!» - деді де, ол әкелген құрманы жиналған мүлікке қостырды. (Табәри, Тәфсир, 10, 251).

Бір күні Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Бір дирһәм (теңге) жүз мың дирһәмнан (теңгеден) асып кетті* - деді. Асхаб кирам:

– Ол қалай, ей, Аллаһтың Расулы? - деп сұрағанда, Ол, саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Бір адамның екі дирһәмі (теңгесі) бар еді. Бұлардың ең жақсысын хайыр жолына сарып қылды (яғни малының жартысын садақа етіп берді). Ал (асқан дәулетті) адам да малының жанына барып, одан жүз мың дирһәмды (теңгені) садақаға берді* - деді. (Нәсәи, Зекет, 49)

Яғни бірінші адам өзі мұқтаж бола тұра, қолындағы

барлық мүмкіндіктерінің жартысын берді, екіншісі болса, бірінші адам бергеннен артық бергенімен, малынан тек титтей ғана бөлігін берген еді. Демек, инфәқтың (хайырға жұмсаудың) қабыл болуы оның заттық мөлшерінен гөрі жүректегі пидашылдық сезімінің денгейіне байланысты екен.

Тағы осы шындықты қуаттай түсетін мына бір мысалға ой жүгіртелік:

Бір адам Хазіреті Осман радияллаһү анһүдың алдына барып:

– Ей, мал-мүлік иесі байлар! Барлық жақсылықтарды алып кеттіңдер, малдарыңнан садақа беріп, құл азат етесіңдер, қажылыққа барасыңдар және инфәқ жасайсыңдар! - деді. Хазіреті Осман радияллаһү анһү:

– Сендер шынымен бізді құмартасыңдар ма? - деп сұрады.

Әлгі кісі:

– Әрине, Уаллаһи сендерге асқан құмарлықпен қараймыз! - деді.

Сонда Хазіреті Осман радияллаһү анһү оған:

– Аллаһқа ант бере отырып айтайын, бір адамның қиыншылықта жүріп, инфәқ қылған бір дирһәмі (теңгесі) көп малдан берілген он дирһәмнан (теңгеден) әлдеқайда артық - деп айтты (Әли әл-Мүттәқи, 6, 612/17098).

Шәйх Сағди бұл ақиқатты былай тілге тиек етеді:

«Хақ Тағала жақсылықтың есігін ешкімге жапқан емес. Мынаны да білгенің жөн: Әркімнің жақсылығы өз құдіреті бойынша көрініс табады. Байдың өз қазынасынан қантарлап алтын садақа етуі кедейдің өз еңбегінен

берген бір қыратқа (дирһәмнің он алтыдан бір бөлігі) жете алмайды. Шегірткенің аяғы құмырсқаға ауыр тиеді».

Яғни істелген хайыр жұмысының үлкендігі, не кішілігі жасалған пидашылдықтың мөлшеріне байланысты. Мысалға айтар болсақ, Йәрмук соғысындағы үш шәһидтің үшеуінің де қатты шөлдеп қиналып жатқандарында бір жұтым судың өзін бір-біріне сыйлауы олардың жүректеріндегі инфәқ сезімінің денгейін көрсетуі тұрғысынан ақыл жетпес бір үлгі қалыптастырған.

Мінеки, сахаба нәсілінің ең биік мақсаты – Аллаһ Расулының ахлағын өз бойларына дарыту ғана еді. Сондықтан олардағы мәрхамат пен зүһд өз шыңына жеткен еді. Өйткені ол қоғам риязат (тым үнемді) халінде өмір сүріп жатқан-ды. Шектен тыс жұмсау, ашқарақтық, атақ пен мақтан үшін жұмсау сияқты ысырапқорлық сахабаларға жат өмір сүру салты еді. Олардың байлары **ағнияү шәкирин**нен, пақырлары да **фұқарү сабырин**нан еді. Пайғамбар Мырзамыздың ғанибет-олжа түскен уақыттағы халі ағнияү шәкириннің, күндер бойы үйінде ыстық тамақ піспеген және аштықтан ішіне тас байлаған кездердегі халі де фұқарү сабыринның ең көркем үлгісі мен мысалы.

❀

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Раббым менімен қатынасын үзгенге сылау рахим (туыстық қатынас) жасауымды бұйырды, (сендерге де осыны үгіттеймін)» **-** деп бұйырады.

Аллаһ Тағала құлдарының өз ағайын-туыстарымен қарым-қатынасуын жалғастыруына және оларға сый-сияпат

көрсетулеріне аса маңыздылықпен қарайды. Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм де:

«Аллаһ Тағала мені жақын туысқан-туғанды қорғап, қарайласу, пұттарды қиратып, Аллаһтың бір ғана екендігін білдіру және Оған ортақ қоспау керектігін түсіндіру міндетімен жіберді», - деп сылаү рахимның, яғни туған-туысқанды зиярат етіп, оларға қарайласудың маңыздылығын баяндаған. (Мүслим, Мүсәфирин, 294)

Туысқандарымыз біздің жылы шырайымызға қарамаса, тіпті қатынастарын үзсе де, олармен қатынасымызды жалғастырып, оларға сыпайы сөйлеп әмрү мағруфты (жақсылықты) жеткізуіміз имандылғымыздан туындаған және ешқашан бас тарта алмайтын міндетіміз болып табылады. Тағы осы туралы бір хадис шәрифте:

«Туысы жасаған жақсылыққа дәл сондай жақсылық жасаған адам оларды қорғап, әлпештеген болып саналмайды. (Шынында) туысты қорғап, қарайласқан адам – олар қатынасты үзген жағдайдың өзінде оларға жақсылық жасай берген адам» - делінген. (Бұхари, Әдеп, 15; Әбу Дәуіт, Зекет, 45)

Бұл тұрғыдағы ең үлгілі тұлға – сөзсіз Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның өзі. Расында, Ол құрбан шалатын болса, қайткенде де Хазіреті Хадиша анамыздың туыстарына жіберетін-ді.[7] Тағы да Ол:

«Сендер қарым-қатынас (сылаү рахим) жасайтын ататектеріңді үйреніңдер...» - деп бұйырған еді. (Әли әл-Мүттәқи, Кәнз, 10, 220, нөмер, 29162).

---

7. Бұхари, Мәнәқибүл Әнсар, 20

Хақ Тағала сылаү рахим міндетіне немқұрайды қарап, туысын қорғап қарайласпаған адамдардың зиянға ұшырайтындықтарын аят кәрималарда былайша жария еткен:

«Ол пасықтар Аллаһтың (өз кітаптарындағы Мұхаммедке иман келтірулері туралы) **келісімін**[8]**, тіпті бұл келісімді қуаттап, бекіткеннен кейін бұзады. Аллаһтың** (орнатып) **жалғастыруға бұйырған нәрсесін** (туыстық қарым-қатынасты, қоғамдық ынтымақты, Пайғамбарға иман келтіру мәселесінде қасарысып, бірге болуды) **үзеді һәм жер бетінде бұзақылық істейді, міне бұлар** (заттық һәм рухани жақтан ең көп) **зиянға ұшырағандардың тақ өздері»** (Бақара сүресі, 27)**.**

«(Ей, мүнәфиқтар!) **Сендер билікте болсаңдар, онда жер бетінде кесір-кесапат тудырып, туыстық байланысты үзбексіңдер** (солай ғой!)**. Аллаһ өз лағынетіне ұшыратып, құлақтарын саңырау, көздерін де көр-соқыр қылған адамдар міне осылар»** (Мұхаммед сүресі, 22-23)**.**

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм да сылаү рахимға мән бермей жүрген адамдардың қорқынышты зиянға тап болғандықтарын:

«Туысымен байланысын үзген адам жәннәтқа кіре алмайды» - деп жеткізеді (Бұхари, Әдеп, 11)**.**

«Ахиреттегі жазасын бөлек беретінімен қатар, дүниеде Аллаһ Тағаланың жазасына тез арада ұшырататын күнәлар – зұлымдық және туысқа немқұрайды қарау». (Әбу Дәуіт, Әдеп, 43; Термези, Қиямә, 57).

❀

8. Аллаһпен болған келісім туралы қараңыз, Араф сүресі, 7/172

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

Раббым маған бермегенге беруімді бұйырды, (сендерге де осыны үгіттеймін) **-** деп бұйырады.

Аят кәримәда:

«Жақсылық пен жамандық тең болмайды. Сен (жамандықты) **ең көркем әдіспен тоқтат. Сонда сенімен дұшпандығы бар адам бейне бір жақын дос болып кетеді»** - деп айтылған (Фұссиләт сүресі, 34). Хадис Шәрифте де:

«Сенімен қатынасын үзген адамнан, сен байланысыңды үзбе! Саған бермегенге, сен бер! Саған жамандық істегенді де кешір!» - делінген (Ибн Ханбәл, 4/148, 158).

Һижраттың жетінші жылында Меккеде құрғақшылық пен ашаршылық болған еді. Аллаһ Расулы өзіне жиырма жылдай маза бермей, дұшпандық жасаған Меккеліктерге алтын, арпа және құрма жіберіп қол ұшын берді. Әбу Сүфян бұларды алып, Құрайштың пақырларына таратты.

Адам баласы жақсылыққа иіледі. Сый-сияпат пен жақсылық дұшпанның өзін жұмсартады. Аллаһ Расулының Меккенің пақырларына жасаған қайырымдылығының арқасында Әбу Сүфянның өзі жүрегіндегі кек сезімі мен дұшпандық азайғаны үшін:

«Аллаһ бауырымның ұлына жақсылығын қайтарсын, Оны хайырға бөлесін! Өйткені Ол туыстық құқығына бойсұнды!» - деп, өз ризашалығын білдірген еді. (Яқуби, Тарих, 2/56) Сондай-ақ мұндай ұлы мінез бен теңдессіз адамгершілік ұстанымының арқасында көптеген адам Исламды қабылдап, ерекше абыройға бөленген еді.

Юсуф аләйһиссәләм да бұл тақырыпта ерекше мысал болып табылады. Бауырлары оны көреалмай құдыққа

тастағанымен, ол бауырларын ең жақсы түрде қарсы алып, сый-сияпат жасаған, кінәсін беттеріне баспай, оларды кешірген еді. Сонда олар да:

«...Ант береміз, Аллаһ расында сені бізден жоғары қылған екен. Шынында біз қателесіппіз» - деп ақиқатты мойындаған еді. (Юсуф сүресі, 91)

Қорыта айтар болсақ, адамдарды Хаққа және хайырға бағыттау үшін әрқашан олардың жүрегіне баратын тамырды табу керек. Мұның ең төте жолы – жомарттық, жанашырлық және кешірім жолы. Яғни осындай жүрек сезімдерімен Аллаһтың құлдарына инфәқ жасай білу.

Кәміл мүмин дәрежесіне жетіп, Аллаһ Тағаланың махаббат-сүйіспеншілігіне бөлене білу үшін **«Аллаһ Қорқынышын»** үнемі жүрегімізбен сезініп, ашу, не разылық халдерінде, яғни барлық жағдайымызда **әділеттіліктен алшақтамау**, пақырлықта да, байлықта да **үнемді болып**, мүмкіндігімізше Аллаһ жолына сарып қыла білу, **туыс-туғандарымызбен қатынасымызды үзбей**, бізді **мақрұм қалдырғанның** өзіне **сыяпат жасап** және **бізді қинап, зұлымдық жасаған** адамның өзіне **кеңшілдікпен қарай** білуіміз керек.

Раббымыз аса әдебті де сүйікті Пайғамбарының әмірлері мен тыйымдарына көлеңкенің өз иесін қуғаны сияқты ұқыптылықпен, сергектікпен бойсұнып, өз сүйген жандарынан бола білуімізді баршамызға нәсіп еткей! Тікелей өзі тәрбиелеп, адамзатқа «үлгілі тұлға» ретінде ұсынған Расулының ахлағын біздің бойымызға дарытсын және Өз ұлы Затының жер бетіндегі куәгерлері болған салих құлдар тобына қоссын!

Әмин!

Теңдессіз үлгілі тұлғадан

Ұлы да көркем мінез өлшемдері - 2

Аллаһ Тағаланың адамдарды бір-біріне мұқтаж етіп жаратқандығын ұмытпау керек. Қоғамда күшті-қуаттылар болғаны іспеттес, әлсіздер, зағиптар және мұң-мұқтажы бар адамдар да әрқашан болады. Өзімізден-өзіміз: «Аллаһ Тағала бұл адамдарды не үшін мұқтаж күйде жаратты?» - деп, сұрауымыз керек. Ал, мұның жауабы болса, баршаға белгілі: «Мұқтаж болғандар мұқтаж болмағандарға иләһи бір аманат».

ҰЛЫ ДА КӨРКЕМ МІНЕЗ ӨЛШЕМДЕРІ – 2

Бір болмысқа деген махаббат сол махаббатқа себеп болған немесе соған қандайда бір байланысы болған нәрсеге жұғады. Мысалға айтар болсақ, мыңдаған таулар арасынан Ұхұд тауын мүминдердің назарында ерекше қылған Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің оған деген ерекше назар аударуы (махаббаты) еді. Тағы да, һижрәттан бұрын қатардағы жай бір қала болған **«Йәсриб»,** онан соң **«әл-Мәдинатүл Мүнәууәраға»** (Нұрлы Мәдинаға) айналып, барлық үммет сүйген нұрлы қала мәртебесіне бөленуі оның Көңілдер Сұлтаны Мырзамыз аләйһиссаләтү уәссәләмнің махаббатына бөленген, мүбәрак мекен болуынан туындаған еді. Шынымен де «әл-Мәдинатүл Мүнәууәраның» ешбір қаламен салыстырылмайтындай дәрежеде мүминдердің көңілінен орын алуы – ол тілге тиек етілгенде, дер кезінде Пайғамбарымызды еске түсіруінен еді.

Міне, сол сияқты Аллаһты сүю Ол ең көп сүйген Пайғамбар Мырзамызды сүйіп, Оған тәуелді болуымызды қажет етеді. Аллаһ Тағала бұл туралы:

«(Расулым!) **Айт: Сендер шын мәнінде Аллаһты сүйсеңдер, дереу маған ілесіңдер, сонда Аллаһ та сендерді сүйсін...»** - деп бұйырған. (Әлү Имран сүресі, 31)

Яғни Аллаһ Расулына бойсұну мәселесінде қажырлы болу адамды Аллаһ сүйген жандардан болу абыройына бөлейді. Аллаһ пен Расулына махаббат және бойсұнудың нәтижесінде мүминде: «Жаратушысы себепті күллі мақлұқатқа мейірімді болу», өз мүмкіншіліктерін дін бауырларымен бөлісе білу, өзгелерді кешіре білу, Халиқтың (Жаратушының) назарымен мақлұқатқа назар сала білу сияқты жақсы қасиеттер рухани зауық пен ләззат халіне айналады.

Расында, қадірменді сахабалар Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның ақиқатына жақындай білу үшін Оның төңірегінде түнгі көбелек іспетті айналып жүріп, Оның рухани болмысында фәни (жоқ) болуды дүниедегі ең ұлы нығмет деп білген және осының арқасында ғана иләһи сый мен ілтипатқа қол жеткізген еді. Тарих бойы Пайғамбар Мырзамыздың үсуәтун хасәнасынан, яғни үлгілі тұлғасынан лайықты түрде өз үлесін ала білген мүминдер де өз жаратылыстарындағы иләһи шабытты жетілдіріп, имандылық пен көркем мінез тұрғысынан шыңға жетіп, бәрі адамзатқа бір-бірден һидаят шырағы болған еді.

Науқас әрі ғапыл жүректің ең күшті емі – Расулұллаһқа махаббат және Ол ұлы мінезді тұлғаға қайран қалу сезімдерінен туындаған **сүннетке бағыну**.

Ол, саллаллаһу аләйһи уә сәлләм қатты сүйген үмметімен ахіретте де бірге болуды армандағаны үшін олардың Аллаһтың бұйрықтарына бойсұнуын қалайтын. Раббымыз аят кәрімәда Расулының үмметіне деген ынтықтығын:

«Ант етемін! Сендерге өз іштеріңнен барынша әзіз де абыройлы бір пайғамбар келді. Сендердің қиналғандарың Оған ауыр тиеді, Ол сендерге аса ынтық, мүминдерге аса емірençгіш, мәйірімді» - деп баяндаған. (Тәубе сүресі, 128)

Үмметі болған біздерге осыншалық жанашыр, ынтық болған Мырзамызбен Кәусәр хауызының басында кездесе білуіміз үшін Оның үгіт-насихаттарына жан-тәнімізбен құлақ салуымыз қажет. Міне, біздер жан-тәнімізбен бойсұнуымыз қажет болған Мырзамыз аләйһиссаләту уәссәләмнің маңызды үгіттерінің бір қаншасы былай:

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

Раббым маған үнсіздік халімнің тәфәккур (ойлану) боуын әмір етті, (сендерге де осыны үгіттеймін) **-** деген.

Хақ Тағала мақлұқатының барлығына өз ерекшеліктері негізінде тәфәккур (ойлану) қабілетін бағыштаған. Адамзат пен жындардан басқа жаратылыс атаулысының тәфәккуруна «сәукү табиғи» дейді. Яғни олардың тәфәккуры денелік өмірдің жалғасуы үшін қажет. Жануардың қарнын тойғызып, өзін қорғауы, төлін жалғастыруы сияқты мәселелерде ықпал етеді.

Адамзатта тәфәккур болса, ол рухани құрамын күшейтіп Хақ Тағалаға жақын әрі әдемі құл бола білуі үшін бағышталған. Шындық осылай бола тұра, адамның тәфәккур (ойлану) деген қасиетін тек қана дүниелік, нәпсілік арман-мүддесіне бағыттап зиянға ұшырауы қандай өкінішті деші!

Адам өмірінде тәфәккур мен сезім тереңдігіне қаншалықты сүңгіп, күш пен салмақтылыққа қол жеткізсе, иләһи махаббаттағы өз несібесін де соншалықты алады. Өлімнен кейінгі бақыттылығы да соншалықты арта түседі.

Тәфәккур адам баласын адамдық тұрғыдағы кемелденудің шыңына жеткізетін ең күшті құралдардың бірі. Һидаят жетекшіміз Құран Кәрім адамды ең алғашқы аятынан соңғы аятына дейін өте терең ойлауға шақырып, адамның

жаратылысындағы хикметтерге, күллі әлемдегі төтенше тәртіпке және Құран Кәрімнің теңдессіз баян мұғжизасы екендігіне назар аударып, ой жүгіртуге бағыттайды. **«Ақылға салмайсыңдар ма?», «Ойланбайсыңдар ма?», «Ғибрат алмайсыңдар ма?»** сияқты сөздерімен адамдарды ескертеді. Сол себепті адамдық абыройға, адамгершілікке сай өмір сүргісі келген әрбір адам Құран Кәрімнің жетекшілігіндегі тәфәккур атмосферасына кіруі аса қажет. Аллаһ Тағала:

«Олар Аллаһтың көктерді, жерді және осы екеуінің арасындағы барлық нәрсені тек хақпен (тәртіп, өлшем, мақсатпен) **және шектеулі мерзім үшін ғана жаратқандығын өз-өздеріне еш ойланбай ма?»** (Рум сүресі, 8)

«Алғашқы жаратуымызда Біз әлсіздік пе таныттық? Жоқ! Расында олар қайта жаратылу (өлімнен кейінгі тірілу) **хақында күмәнданды. Ант етемін, адамды Біз жараттық және нәпсісінің оған не сыбырлағанын да білеміз. Сондай-ақ Біз оған күре тамырынан да жақынбыз»** - деп бұйырған. (Қаф сүресі, 15-16)

Үмметіне үлгілі тұлға ретінде ұсынылған Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің өзі күллі болмыс және оның аса дана Жаратушысы туралы ауық-ауық ой жүгіртетін еді. Ол қажет болмаса, сөйлемейтін де, үнсіздігі ұзаққа созылып, тыныштық халін сақтайтын-ды. Үмметін де әр жолы Аллаһтың жаратқандары туралы ой жүгіртуге шақырып[9], тәфәккурдің ерекше ғибадат екендігін баяндайтын-ды[10].

Хазіреті Нәби саллаллаһу аләйһи уә сәлләм үгіт-насихаттырын жалғастырып:

---

9. Қараңыз, Дәйләми, 2, 56
10. Қараңыз, Әли әл-Мүттәқи, *Кәнзул Үммәл*, 16,121.

Раббым маған сөйлегенімнің зікір болуын бұйырды, (сендерге де осыны үгіттеймін) - деді.

Сүйген жан өз сүйіктісін махаббатының күші мен дәрежесінің мөлшерінде ғана есіне алады. Екіншіден, сөйтіп есіне алу адамның сүйіктісіне деген махаббатын арттыра түседі. Иман ләззатынан өз несібесін алғандар осы бағытта ілгерілеген сайын, Хақ Тағалаға деген махаббаттары соншалықты Оны зікір етулері де арта түседі.

Аллаһты зікір ету – «Аллаһ» сөзін тек тілмен айтып, қайталау ғана емес әрине. Зікір – Оны асқан сана-сезіммен жүрекке орнату. Аят кәримәда:

«Мынаны жақсы біліп қойыңдар! Жүректер тек Аллаһты зікір етумен ғана орнығады» - делінген. (Ра'д сүресі, 28)

Хазіреті Айша радияллһү анһәның риуаяты бойынша, Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм әр сәтте үздіксіз Аллаһты зікір етумен болатын[11]. Аллаһ Тағала біздің де сондай халде болуымызды талап етіп:

«...Раббыңды көбірек зікір ет және ертелі-кеш тәсбих қыл (Оны пәкте)**!».** (Әлү Имран сүресі, 41)

«(Анау қорқынышты кезде) **намазды өтеп болған соң, тік тұрған, отырған және жанбастап жатқандарында да Аллаһты еске алыңдар...»** - деп бұйырған. (Ниса сүресі, 103)

Аллаһ Тағала бұл аят кәримәда соғыс сияқты қауіп төнген қорқынышты кездердің өзінде зікір айтудан бейқам қалмауды, барлық жағдайда Өзімен бірге болуды бұйыруда. Адамның қапыда қалуына бой алдырмауы үшін зікір айтуы айнымас шарт.

---

11. Қараңыз, Мүслим, Хайз, 117.

Өйткені Хақ Тағала:

«Аллаһты ұмытқан және сол себепті Аллаһ та оларға өздерін ұмыттырған адамдар сияқты болмаңдар! Әне, олар – пасықтар» деп бұйырған. (Хашр сүресі, 19)

Тағы да ұлы Раббымыз Хазіреті Мұса мен Һарун аләйһимәссәләмды Перғауынға жіберер алдында:

«Сен бауырың (Һарун) **екеуің аяттарымды апарыңдар және Мені еске алуда селқостық танытпаңдар!»** - деп бұйырған. (Таһә сүресі, 42)

Жүрегі «Уа, Раббым!» - деген адамның аузынан жаман, не қате бір сөз шықпайды. Ешкімге нақақтық істемейді. Мақлұқатқа мейірімділікпен қарайды. Өйткені, зікір салған адам Аллаһтың **«Рахман»** және **«Рахим»** деген ұлы да көркем есімдерінің ерекше көріністеріне бөленеді.

Зікірмен шұғылданған және жүрегі Аллаһпен бірге болған адамның ғибадат өмірі де ерекшеленіп, өз шыңына жетеді. Бұл жайлы Пайғамбар Мырзамыз:

«Раббысын зікір еткен мен етпегеннің арасындағы айырмашылық – тірі мен өлік арасындағы айырмашылық іспеттес» - деген. (Бұхари, Дәауәт, 66)

❀

Үшінші үгіт ретінде Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

Раббым маған қарағанымның ғибрат болуын әмір етті, (сендерге де осыны айтамын) **-** дейді.

Аллаһ Тағала күллі болмысқа және оқиғаларға ғибрат назарымен қараған құлын мадақдап, аяттарын мұндай құлда-

ры үшін ашықтап, анықтағандығын білдіруде. Құрандағы аят кәримәлар адамдарды қоршаған орталарындағы болмыс пен оқиғалардан ғибрат алуға шақырады:

«(Адамдар) **түйенің қалай жаратылғандығына, аспанның қалай** (тіреусіз) **биктетілгендігіне, таулардың қалай** (қазық іспетті) **қағылғандығына, жер бетінің қалай жайылып, төселгендігіне бір қарамай ма?».** (Ғашия сүресі, 17-20)

«Олар жер шарын аралап, өздерінен бұрынғылардың соңы қалай болғаннын көрмей ме?». (Мұхаммед сүресі, 10)

Ғылым мен парасаттылықтың ең маңыздысы – болмыстың ахуалын, жай-күйін сезіне білу. Хазіреті Мәуләнә болмыстың ахуалын біліп, түсінген шағын **«пістім»** және **«күйдім»** деп түсіндірген. *Мәснеуиінде* барлық тіршілік атаулысымен тілдеседі, олардың халіне тілмаш болады. Бұлардың бірі раушан гүлмен болған тілдесуі еді. Хазіреті Мәуләнә раушанмен бейне бір сұхбаттасқандай болып былай дейді:

«Раушан тікенмен хош, жақсы қатынасқандығы үшін әдемі иісті болды. Бұл шындықты раушанның өзінен есті. Қара, не дейді екен:

Тікенмен бірге болғаным үшін неге қамығамын, не үшін қайғыға салынамын? Мен осылай құлпырып, күлімдегеніме сол жаман мінезді тікенмен бірге болуға төзгенім үшін қол жеткіздім. Оның арқасында күллі әлемге әдеміліктер мен хош иістер ұсыну халіне жеттім».

Хазіреті Юнус та бәйшешекпен тілдескен. Оның тілімен барша әлемнің хикметі мен сырларын түсінеді, өзгелерге де түсіндіреді.

Сағди Ширази:

«Ақыл иесі адамдардың назарында жасыл ағаштардың әрбір жапырағы – адамды мағрифәтуллаһқа жеткізетін бір кітап. Ғапылдар (бейқамдар) үшін болса, ағаштардың барлығы – олардың назарында бір жапырақ іспетті емес» - деген.

❀

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде айтар болсақ, **тәфәккур, зікір** және **ғибрат назарымен қарай білу** сияқты ұлы қасиеттер – адамның ішкі жан дүниесін ағартып, жүрегін сафтандырудағым аса зәрулік құралдар. Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Аллаһ Тағаланың бұл мәселелерге аса маңыздылық танытып, өзіне әмір еткендігін білдірген және үмметінің де бұл мәселелерге назар аударуын талап еткен еді.

Хазіреті Имам Раббани:

«Пайғамбар Мырзамыздың сүннеттеріне тәуелді болу деген ізгілікке қол жеткізген адам қандай бақытты. Қазіргі таңда Оның дінінің хақ екендігіне сене отырып, істелген кішкентай бір істің өзі орасан іс деп қабылданады» - деп қандай керемет жеткізген. (Мәктубәту Раббани, 44- хат)

Раббымыз біздей – әлсіз құлдарын Хабибүл Әкрәмінің (Сүйікті Пайғамбарының) сүннеттерін лайықты түрде үлгі тұтқан бақтияр жандар қатарына қосқай!

Өйткені Мырзамыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің ұлы мінез бен адамгершілік туралы үгіттері негізінде өмір сүру – екі дүниемізді де мерекеге айналдырудың дәнекері болмақ. Бұл дүниедегі фәни (өтпелі) қиыншылықтарды

мәңгілік тыныштыққа айналдыратын, жабырқаулы көңіліміз бен көзімізге шексіз қуаныш сыйлайтын, ішкі жан дүниеміздегі қасіретке толы айқайларымызды жәннәт әуендеріне айналдыратын бірегей өлшемді Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің ұлы өмірлік өлшемдерінде, жанашырлығы мен мәрхаматында және шапағатынан ғана таба аламыз.

Бұл жалғанда өткізген айт-мерекелерді ең алдымен сондай ақиқаттар төңірегінде өткізуге тиіспіз, сонда ғана шексіз мерекелерге қол жеткізе аламыз. Бұл ақиқаттарда болса, тәфәккур бар, зікір бар, әлемді ғибрат назарымен тамашалау бар... Қысқаша айтар болсақ, Хазіреті Пайғамбардың ұлы да көркем мінезіне бөлену бар, қамқорлық бар, бөлісу бар.

Аллаһ Тағала адамзатты өзара бір-біріне мұқтаж етіп жаратқан. Қоғамда күшті-қуаттылар бола беретіні сияқты әлсіздер, зағиптар және көтеремдер тектес мұқтаж адамдар да әрқашан бола береді. Ондай болса біз өзімізден «Аллаһ Тағала мынау адамдарды не үшін мұқтаж күйде жаратты?» - деп, сұрауымыз керек: Мұның жауабы болса баршаға мәлім: «Мұқтаж күйдегілер – беймұқтаж болғандар үшін Аллаһтың аманаты». Бұл жауапкершілікті, аманатты Аллаһ Тағаланың өзі артып отыр.

Ауқаттылардың орнында кедейлер, жоқ-жітіктер де ауқатты, бай адамдардың орнында болуы әбден мүмкін деп ойлау керек. Сондықтан жағдайы жақсы болғандар мұқтаж жандардың кемшіліктерінің орнын жабу, қажеттіліктерін шешу деген жауапкершіліктерін толық аңғарып, түсінулері керек. Өйткені бұл жалған дүние шексіздік пен мәңгіліктің алдында өте қысқа бір мезгіл, бейне бір түс сияқты. Бәлкім,

анау мұқтаж жандар сабырлы да шүкірлі болуларының арқасында ахиретте аса үлкен игіліктерге қол жеткізеді.

Бір күні Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Жаным құдірет қолында болған Аллаһқа ант етемін, сендер бір-бірлеріңе мәрхамат танытпайынша жәннәтқа кіре алмайсыңдар* - деген еді.

Асхаб Кирам:

– О, Расулаллаһ! Бәріміз мейрімдіміз - десті.

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм болса:

– *(Менің айтпақ болғаным) мәрхамат – өдерің түсінгендей тек өз араларыңдағы мейрім-шапағат ғана емес. Керісінше, барлық мақлұқатты қамтитын мәрхамат, (иә) барлық мақлұқатты қамтитын мәрхамат!* - деп жауап қатты. (Хаким, 4, 185/7310)

Сондықтан қоғамдағы үнсіз айқайларды жүрек құлағымызбен тыңдай білуіміз керек. Еш күмәнсіз мұндай жан айқайларының ең басында жалғыз тасталған қарттар мен науқастар, көшеде өмір сүретін иесіз балалар, зиянды бұқаралақ ақпараттардың улы үгіттерінің ықпалында қалып, заңсыз жолдарға түскен, ішкілік пен анаша деген саздауытқа батып, тұншыққан, әлі өмірінің көктеміндегі жастарымыз, сондай-ақ діни, ұлттық санадан айрылып қалған жас буындарымыз келеді.

Бұлардың барлығын еске алып, негізгі мақрұм мен мұқтаж болған мұндай бауырларымызға қол ұшымызды, жүрегімізді созғанда ғана айт-мерекелеріміз шын мәнінде мереке болмақ. Өйткені барлық мұсылмандар бір дененің ағзалары іспеттес. Сондықтан біз, мұсылман қауым айрылып

қалған әрбір адам бейне бір денемізден бөлініп қалған бір мүшеміз іспеттес. Сондықтан Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм мұсылмандардың мұндай сана-сезімде болуын армандап, былай деген еді:

«Муминдер өзара сүйіспеншілікте, өзара жанашырлық пен бірін-бірі қорғауда бір дене іспеттес. Дененің бір ағзасы науқастанса, басқа ағзалар да сол себепті ұйқысыздық пен қызулы ауруға шалдығады». (Бұхари, Әдеп, 27; Мүслим, Бирр, 66)

Ойланайық, ағайын! Қоғамымыздағы бейқамдарды оятып, ғаріптер мен жабырқау көңілдерді қуанышқа бөлейтін, адамзатты Исламның жылы шырайымен күлімсірететін шынайы мерекелер қандайбір рухани іс-шараға, әрекетке мұқтаж? Әлемнің түкпір-түкпіріндегі мазлум (зұлымдық көріп жатқан), өмірдің тауқыметін тартып жатқан дін бауырларымыздың айт-мерекелерін қалай құттықтасақ екен? Оларға жіберетін айт сыйлықтарымыз қандай болуы тиіс? Қанаты сынық құстай қиыншылыққа тап болған бауырларымызға, жетім-жесірлерге, мұқтаждарға жүрегіміз және дұғаларымыз қаншалықты жете алар екен? Біздерді айт-мерекелердің шынайы қуанышына бөлейтін, көңілімізге көктем қуанышын сыйлайтындай оларды қуантып, жүздерін жарқыратуға дәнекер бола алармыз ба екен?

Қысқаша айтар болсақ, мәңгілік өмірімізді рахат пен бақытқа бөлейтін шынайы айт-мерекелер – жоғарыдағы сұрақтардың дұрыс шешімін тапқанымызда ғана өткізетін айт-мерекелер. Бұл ақиқаттардың жарығында Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің ұлы да көркем мінезіне сай өмір сүре білгендер қандай бақытты!

Хақ Тағала зұлымдыққа ұшыраған дін бауырларымыздың қайғысы мен қасіретін шынайы сезінуімізді, көңілімізбен оларды да құшақтай алатындай кеңпейіл, мейірімді болуымызды және материалдық жәрдемдерімізбен һәм дұғаларымызбен олардың жараларын орай білуімізді баршамызға нәсіп еткей! Ахіретке ашылар есігімізді бақыттылық көріністерімен келетін мәңгілік мереке есігі қылғай!

Әмин!

Теңдессіз үлгілі тұлғадан

Ұлы да көркем мінез өлшемдері - 3

Аллаһ та, адамдар да разы болатын тәблиғ (дін тарату) үшін Құран Кәрімнің хикметтер дариясына сүңгіген көңілге ие болу және Исламның шырайлы келбетін шағылыстыратын жарқын жүзділік ләзім. Сондай-ақ хақтың, хайырдың, адалдық пен дұрыстықтың жанды бір мысалына айнала білу және үлгілі өмір сүріп, айналаға рахмет шуағын шашатын бір көңіл тілімен сөйлей білу керек.

Теңдессіз үлгілі тұлғадан

ҰЛЫ ДА КӨРКЕМ МІНЕЗ ӨЛШЕМДЕРІ – 3

Хақ Тағала барлық тіршілік атаулысын, әсіресе адамзатты махаббатқа бейім етіп жаратқан. Иләһи сынаққа арна болған бұл әлемде адам баласы өз махаббатын Хақ пен хайырға бағыттай алғаны мөлшерде рухани көтеріліп, өз денгейін табады. Рухтың тыныштық табатын негізгі де ақырғы махаббат орталығы – оны өз рухынан адамға үрлеп сыйлаған Аллаһ. Сондықтан ақырында Аллаһқа қаратылмаған, соңы Оған жетпеген және қате мекен-жайларға арналып, ақыры тұйық көшелерде тіреліп босқа кететін барлық фәни (жалған) махаббаттар рух үшін босқа әурешілік пен ауыртпалықтан басқа нәрсе емес.

Хазіреті Мәулəнә адамның бұл ғапылдығын:

«Қозының қасқырдан қашуына таң қалмайсың. Өйткені қасқыр қозының дұшпаны және оны аулайтын, ол үшін жыртқыш жануар. Ал қозы қасқырға махаббатпен қарайтын болса, ол таң қалдырады», - деп ғибратқа толы бейнелейді.

Сондықтан махаббаттың негізгі орталығы – Аллаһ Тағаланы ұмытпай, фәни махаббаттардың барлығын иләһи махаббаттың сатысы етіп алатын көңіл күйіне ие болу қажет. Бұл – адамның жаратылуының табиғи қажеттілігі.

Иләһи махаббатқа жетелейтін ең дұрыс, ең төте жол – Аллаһтың сүйіктісі Пайғамбарымыз аләйһиссаләтү уәссәләмға махаббатпен қарау және бұл махаббаттың нәтижесі ретінде Оған бойсұну. **«Сүйген сүйіктісінің әр нәрсесін сүйеді»** қағидасы бойынша, Пайғамбар Мырзамызға барлық жағынан тәуелді болып, мойынсұну шарт. Өйткені бұл тәуелділік пен мойынсұну – Аллаһқа махаббаттың омыртқасы іспеттес.

Фахрү Кәинәт (Әлемнің мақтанышы) Мырзамыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмге деген махаббат ғибадаттарға шынайылық, адамдық қатынастарға нәзіктік, мінез-құлыққа көркемдік, жүрекке сергектік, жүзге нұр, тілге руханият, назарға тереңдік болып шағылысады, іске асады. Өйткені барлық осы әдеміліктердің ең құнарлы да нәрлі қайнар көзі – Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм.

Шынымен де жүрек тек «Жаратылыс нұрының» руханиятының айналасында түнгі көбелек тәрізді ғашықтықпен айналатын халге жеткенде ғана Оның көңіл әлемінен иләһи ғашықтық дәрісін кәміл мағынасымен оқи алады. Осы орайда Пайғамбар Мырзамызға деген махаббатымыздың дәрежесін салыстыра білуіміз үшін Хазіреті Мәуләнә әлемдегі махаббат көріністерінен бірнеше мысал келтіреді:

«Ғашықтық жолында көптеген түнгі көбелек өзін отқа тастады. Лаулап тұрған оттың ішінде қанат қағып, күйіп жатқан ол өз хал тілінде: «Сен де мен сияқты бол!» - деп жатқан еді».

«Майшам жанады һәм жылайды. Ол өзін отқа һәм тауқыметке салған еді. Бірақ оның көзі жасқа толғанымен, айналасына жарық береді. Майшам: «Бұл дүниеде табысқа жету үшін көптеген алтын мен күміс шашсаң, олар сені

қандай пайдаға жеткізбек, рухани табысқа жетемін десең, мен сияқты жанып, еруге тырысып бақ!» - *дегендей еді».*

Міне, дәл осыншалық терең махаббатпен сүюіміз керек болған Мырзамыз аләйһиссаләту уәссәләм өмір бойы «үмметім, үмметім...» дей отырып ғұмыр кешті. Оның үмметіне деген жанашырлығы мен шексіз махаббаты балапанына құшақ ашқан, ол үшін өз жанын аямай пида ететін аяулы ана махаббатынан әлдеқайда жоғары. Үмметі туралы аса көп уайымдағаны сонша, онысына көрген қиыншылықтарын *«...Аллаһ жолында ешкім тартпаған қиындықтарға тап болдым...»* - деп жеткізген еді. (Термези, Қиямет, 34/2473)

Тағы да Ол осы бағытта сахабаларына:

«Абайлаңдар! Мен көзі тірімде сендер үшін қауіпсіздіктің дәнекерімін. Дүние салғаннан кейін де, алғашқы Сур үрленгенге дейін қабірімде: "О, Раббым! Үмметім, үмметім!" деп, мінәжәт қыламын!» - деген. (Әли әл-Мүттәқи, Кәнзүл Ұммәл, 14 т. 414 б)

Оның үмметіне деген махаббатына адал, опашыл болуы – күллі мұсылман баласының ұждандық, адамгершілік борышы. *«Адам сүйгенімен бірге»*, - (Бұхари, Әдеб, 96) деген хадис шәрифтің мән-мағынасына сүйенсек, Оны өз жанымыздан артық сүйіп, Оның сүннетін ұстануымыз және Оның көркем ахлағын өз бойымызға дарытуымыз керек. Өйткені бұл мәселе Оған деген махаббатымыздың ең нәзік таразысы мен көрсеткіші болмақ.

Міне, Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Мырзамыздың бізге Аллаһтың кәріне ұшыратпай, мәңгілік бақытқа кенелтетін ерекше қор ретінде ұсынған хикметті үгіттерінің екеуі былай:

1. Раббым маған зұлымдық істегенді кешіруімді бұйырды (мен де сендерге осыны үгіттеймін).[12]

Кешіру – кінәлі адамды жазалауға күші жете тұра, есесін алудың орнына оны жазалаудан бас тарту. Сондай-ақ, мұндай жол ұстану Жаратушысының құрметі үшін жаратылғандарға көрсетілген ең тамаша махаббат көрінісі. Яғни бұл дегеніміз кінәлі адамға қарсылық көрсету мәселесінде өз нәпсімізді ысырып тастап, Аллаһтың кешірімін үміт етіп, кінәлі адамды иләһи ғапу мен мархабаттың аясына ала білу деген нағыз тұлғалық қасиет. Әрине, бұл кемелдік иләһи қалау алдында «ештік» сезіміне жеткен, иләһи ахлақты өз бойына дарыта білген кәміл, нағыз мүминдердің ісі. Сондай-ақ, өзге жандарды кешіре отырып, нағыз кешірімге лайық болу жолындағы қайраттың нәтижесі.

Хазіреті Омар радияллаһу анһу:

«Мархабат көрсетпегенге мархабат көрсетілмейді. Қателік, кемшіліктерді кешпеген адамның өзі де кешілмейді. Ғапу етпеген адам ғапу етілмейді...» - деген. (Бұхари, әл-Әдәбұл Мүфрәд, 415 б, 371)

Ашуын басып, алдындағы адамын кешіре білу нәпсіге тым ауыр. Бірақ, істің ақырында қол жеткізетін абырой оған жетудегі қиыншылықтардың мөлшерінен үлкен болатындықтан Аллаһ үшін мұндай ұстаным аса ерекше бір адамгершілік үлгісі болып табылады.

Сондай-ақ ашу кернеген адамның бірі Хазіреті Пайғамбарымыздан өзіне насихат айтуын сұраған еді. Пайғамбарымыз оған «لاَ تَغْضَبْ / *Ашуланба!*» - деп бұйырды. Әлгі

12. Осы мақаланың тақырыбын құрастыратын осы хадис шәриф үшін қараңыз, Ибраһим Жанан, *Хадис Энциклопедиясы*, 16/252, хадис: 5838

адам бірнеше рет қайталап сұрады. Мырзамыз аләйһиссаләту уәссәләм әр жолы *«Ашуланба!»* - дейді. (Бұхари, Әдеб, 76)

Тағы да Пайғамбарымыз аләйһиссаләту уәссәләм мүминдерді ашуын жеңіп, кешіре білу қасиетіне ие болуға:

«Адамдар жақсылық істесе біз де жақсылық істейміз, егер зұлымдық істесе біз де зұлымдық істейміз деп, әр жағдайда басқаларды еліктейтін адамдар болмаңдар! Алайда өздеріңді біреу жақсылық істесе, жақсылық істеуге, ***жамандық істесе зұлымдық істемеуге*** *(кешіре білуге)* ***үйретіңдер!»*** - деп шақырған еді. (Термези, Бирр, 63/2007)

Сондықтан, бұл ақиқаттардың жарығымен даналарымыз:

«Жақсылық істегенге жақсылық істеу – әр адамның ісі; жамандық істегенге жақсылық жасау – ер адамның ісі» - деген.

Негізінде мұндай жол ұстану маңызды бір рухани тәрбие әдісі болып табылады. Өйткені жақсылық жасалған адам дұшпан болса, істелген жақсылық оның жүрегіндегі кек пен дұшпандық сезімін әлсіретіп, достық сезімін жандандырады. Қатардағы жай бір адам болса, оның жүрегіне достық пен жақындық сезімін орнатады. Ал дос әрі жақын біреу болса, оның махаббатын одан әрі арттырады.

Расында аят кәримәда бұл туралы былай айтылған:

«Жақсылық пен жамандық тең болмайды. Сен (жамандықты) **ең жақсы жолмен бөге. Сонда сенімен дұшпандығы бар адамың бейне бір жақын досың** (болып кеткенін байқайсың)». (Фұссиләт сүресі, 34)

Ибн Аббас радияллаһу анһу бұл аятты былай тәфсірлеген:

«Аяттағы "**ең жақсы әдіс**" сөзі ашу кернеген кезде сабырлылық таныту және өзгелер қинағанда оларды кеше білу дегенді білдіреді. Аллаһ осылай істей алғандарды қорғайды. Дұшпандарын оған бас идіреді де, бейне бір шынайы дос халіне айналдырады». (Бұхари, Тәфсир, 41/1)

Ежелгі тарихтан қазіргі таңға дейін адамдарды зұлымдықтан, нақақ істерден, жамандықтан тыю және оларға Хақ пен әділдікті, жақсылықты үгіттеу жолында **«кеше білу»** ерекшелігінің аса берекетке толы көріністері байқалған, сондай-ақ көптеген ғапыл (қапыда қалған) жүректердің оянуына себеп болған.

Осы орайда Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Меккенің жеңіс күні жалпыға тән етіп, бәрінің кешірім және қауіпсіздік аясында екендігін жария еткен еді. Қағбада жиналған қалын халықтан:

– *Ей, Құрайш қауымы! Қазір Мені сендер өздеріңе не істейді деп ойлайсыңдар?* - деп сұрады.

Құрайштықтар:

– Біз Сенен хайыр мен жақсылық күтіп, "Жақсылық істейсің!" дейміз. Сен жақсы, мейірімді бауырымызсың және жақсы да мейірімді бауырымыздың ұлысың! - десті.

Сонда Хазіреті Расул саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Мен де Хазіреті Юсуфтың бауырларына айтқанындай:* **"... Сендерге бүгін сөгіс жоқ, Аллаһ сендерді кешірсін, өйткені Ол асқан мейірімді"** (Юсуф, 92), - *деп, айтамын. Қанеки, барыңдар, енді азатсыңдар»* - деді.

Аллаһ Тағала ұзақ жылдар бойы мұсылмандарға зұлымдық көрсеткен Құрайштық мүшріктерді Өз пайғамбарының қолына түсіріп және Оған бойсұндырған еді.

Сондай күшті кезінің өзінде Пайғамбарымыз аләйһиссаләтү уәссәләм оларды кешіріп, бас бостандығын берді.[13] Сонда мұндай ұлы да үлгілі ұстанымға қарап, көптеген тас жүректер жұмсарды, талай қараңғы жүректер Ислам нұрымен жарыққа қауышты.

Пайғамбар Мырзамыздың сүйікті қызы Зейнеп радияллаһү анһә қадірменді әкесінің қасына һижрат етейін деп Меккеден Мәдинаға аттанғанда, Ислам дұшпандарының бірі Һәббар бин Әсуәд оның артынан жүгірді. Түйесінің үстіндегі орындықта отырған Хазіреті Зейнепті найзасымен ұрып, жерге құлатты. Ол үлкен бір тастың үстіне құлап, ауыр жарақаттанған еді. Сол кезде жүкті болған Хазіреті Зейнеп қанға боялып, түсік тастады. Тіпті сол кезде алған жарақатынан төсек тартып, жатып қалды да, ақыры соның салдарынан дүние салды. Һәббар болса, одан басқа да көптеген қылмыстар істеген еді. Меккенің жеңісі күні қолға түспей, қашып кеткен еді.

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Мәдинада сахабаларымен бірге отырған кезде Һәббар шыға келіп, мұсылман болғандығын айтып, кешірім сұрады. Мырзамыз аләйһиссаләтү уәссәләм оны кешіргені соншалық, бұрын істегендері үшін оған сөгіс айтуға тыйым салды[14]. Өйткені ұлы Раббымыз:

«(Расулым!) **Сен кешірім жолын ұстан, мағруфты** (дінге, ақылға сай нәрсені) **бұйыр, надан, топастарға көңіл бөлме, олардан бет бұр» -** деп бұйырған еді. (А'раф сүресі, 199)

13. Қараңыз, Ибн Хишам, 4, 32; Уәқиди, 2, 835; Ибн Сағд, 2, 142-143
14. Қараңыз, Уәқиди, Мәғази, 2, 857-858

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм өзіне қарсы істелген қылмыс пен қателіктерді сөзсіз кешіре салатын. Ал егер қылмыс қоғамға, өзге жандарға қарсы істелген болса, хақ пен әділет орнатылмайынша, Оны ешкім де тыныштандыра алмайтын еді. Өйткені адам бір өзіне жасалған қылмыстарды кешіруге ғана құқылы. Ал қылмыс қоғамға қарсы істелген болса, онда қоғамның құқығын қорғау керек. Өйткені мұндай қылмысты кешіретін болса, одан үлкен қылмыстарға жол ашқан болады да, соның салдарынан қоғамдағы барлық халық зұлымдыққа ұшырайды.

Аллаһ разылығы үшін кешірім жасау ерекшелігі күллі әлемге рахмет шуағы ретінде жіберілген Пайғамбар Мырзамыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның ең белгілі қасиеті еді. Ол тәблиғ міндетін атқарған кезде Оған сөгіс айтып, түрлі зұлымдықтар көрсетіп, жапа шектірген көптеген адамдарды кешіре білген, тіпті олар һидаятқа (имандылыққа) жетсін деп Раббысына жалбарынған ерекше жан еді. Ол Исламды жеткізу үшін Таифқа барғанда, сол жердегі надан, пұтшыл қауым өкілдері Оны таспен атқылап, қанға бояған еді. Жәбірейіл аләйһиссәләм Пайғамбарымызға ке-ліп, сол қауымды жойып жіберу үшін Оның әмірін күткенді-гін айтқанда, Рахмет Пайғамбары аләйһиссаләтү уәссәләм:

«Жоқ, мен Хақ Тағаланың олардың ұрпақтарынан тек Аллаһқа ғана құлшылық қылатын және Оған ешбір нәрсені серік қоспайтын адамдар шығаруын тілеймін», - деп өз арманын жеткізген еді. (Қараңыз, Бұхари, Бәд-ұл Халқ, 7; Мүслим, Жиһад, 111)

Шынымен де бұл рахмет пен мейірбандылық әдісінің берекелі көрінісі ретінде Таиф өңірінің барлық халқы Ислам дінін қабылдап, ерекше абыройға бөленді.

Дүниедегі, бәлкім, ең ауыр зұлымдық пен опасыздық істеп, адалдықтың үлгісі ретіндегі Хазіреті Айша анамызға жала жапқан, Пайғамбарымыз бен мұсылмандардың намысына тіл тигізген мүнәфиқтарға қосылған **Мыстах** атты бір мұсылман кедей адам бар еді. Алайда бұл адам Хазіреті Әбу Бәкірдің қамқорлығы аясында күн көріп жүретін-ді. Оның бұл опасыздығы Хазіреті Әбу Бәкірге ауыр тиді. Өйткені олардың жала жапқан адамы барша үмметтің анасы, Расулұллаһтың жұбайы және өзінің бауыр еті болған қызы еді. Хазіреті Әбу Бәкір көптен бері қол ұшын беріп келе жатқан Мыстахтың бұл адам төзгісіз опасыздығын көтере алмай, ендігәрі оған жәрдем бермейтіндігіне ант-су ішті. Хазіреті Әбу Бәкірдің жәрдемі үзілгеннен кейін Мыстахтың отбасы өте ауыр, мүшкіл жағдайға тап болды.

Сонда Аллаһ Тағала адамгершілігі мол, абзал адамдардың өздеріне зұлымдық жасаған адамдардың өзін кешіруді білдіріп:

«Аллаһтың сендерді ғапу (кешірім) **етуін қаламайсыңдар ма?»** (Нұр сүресі, 22) - деген аятын түсіргенде, Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһу анһу:

«Әрине, уаллаһи Аллаһтың мені кешіруін әлбетте қалаймын», - деп, ішкен ант-суына кәффәрат (төлем) төлеп, Мыстахтың нәпақасын қамтамасыз етуді кәдімгідей жалғастыра берді. (Бұхари, Мәғази, 34; Мұслим, Тәубе, 56)

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні ретінде айтар болсақ, кешірімнің негізгі иесі – Аллаһ Тағала. Мүмин-мұсылмандар да өз жандүниелеріндегі Аллаһ махаббатының денгейіне қарай кешірім жасаудан рухани ләззат алады. Иләһи вүслаттың (Аллаһтың разылығына қол жеткізудің) ләззатын татуды армандағандар – көңіл бағындағы рухани

гүлдерден кешірім иісін тарата білгендер. Адамның өзіне зұлымдық жасаған жанды Аллаһ үшін кешіре білуі өз рухының шынайы жеңісі.

2. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм берген үгітін былай жалғастырып:

Раббым маған мағруфты бұйыруымды, (жамандықтан тыюымды әмір етті, мен де сендерге үгіттеймін) **-** дейді.

Жаратушысы үшін жаратылғандарға жанашырлық танытып, мархамат етудің көрінісі болып табылатын мағруфты бұйырып (жақсылыққа шақырып), жаманшылықтан тыю адамдарға жасалатын ең маңызды қызмет. Өйткені адамдардың ең үлкен қажеттілігі **«иман сәлеметі»**. Сол себепті, адамдарды һидаятқа (Исламға) шақыру **«пайғамбар кәсібі, жолы»** деуге болатындай қасиетті міндет. Өйткені Аллаһ Тағала аят кәримәда ол жайлы:

«Әрине, өздеріне пайғамбар жіберген адамдарды жауапқа тартатынымыз сияқты, жіберілген пайғамбарлардан да сөзсіз сұраймыз» - деген. (А'раф сүресі, 6)

Пайғамбарымыз аләйһиссаләту уәссәләм да өмірін тәблиғ етуге (тура жолға шақыруға) арнап, Қоштасу қажылығында бірінен соң бірін үш рет: «Тәблиғ еттім бе (дінді жеткіздім бе)?» деп сұрап, өз міндетін атқарғандығына қатысты үмметінің куәлігін алған. Оның осы қасиетті қызметі біз, үмметтері үшін де күшін жоймайтын жауапкершілік.

Бұл туралы Құран Кәрімде:

«(Адамдарды) **Аллаһқа шақырған, салих** (ізгі) **амалдар жасаған және "Мен мұсылмандарданмын" дегеннен артық көркем сөзді кім бар?»** (Фуссиләт сүресі, 33)

«Сендердің араларында (адамдарды) **жақсылыққа бастайтын, ізгілікке бұйырып, жаманшылықтан шектейтін бір топ жұртшылық болсын. Әне, солар бақытқа кенелетіндердің тақ өздері» -** деген. (Әлү Имран сүресі, 104)

Хадис шәрифте болса:

«Аллаһқа ант етемін, Аллаһтың сен арқылы бір адамды һидаятқа (дұрыс жолға) салуы (ең құнды дүниелік нығмет болып саналатын) қызыл түйелерге ие болуыңнан әлдеқайда артық» - делінген. (Бұхари, Асхабүн-Нәби, 9)

Барлық осы ілтипаттар мен сүйіншілерге қол жеткізу мүминдер үшін қандай үлкен бақыт десеңізші?!

Өйткені келесі бір хадис шәрифте:

«Һидаятқа (тура жолға) шақырған адам өзіне ілескендердің сауаптарындай сауапқа қол жеткізеді. Бұл (істің осылай болуы) ілескендердің сауабынан еш нәрсені азайтпайды!» - делінген. (Мүслим, Білім, 16)

Міне, осылайша ақиқат пен жақсылықты уағыздау турасындағы шынайы еңбектердің сыйы бір қар түйіршігінің домалап, үлкен көшкінге айналғаны сияқты еселеп көбейе бермек. Олай болса, иман нығметінен құралақан қалғандарды немесе мүмин бола тұра бейқамдықтары, не нандандықтары себепті дінді жүрдім-бардым ұстанатындар мен дін туралы таяз түсініктілерге ақиқатты ескертіп, оларды жақсылыққа шақыру жолында еңбек ету оларға жасалатын ең үлкен жақсылық, сондай-ақ солай істеуші үшін де үлкен сауап, һәм иман нығметіне деген шүкіршілік пен борышты іс болмақ. Өйткені Раббымыз Аллаһ Тағала біздерге бұл жөнінен де сұрақ қояды. Есепке тартады.

Екінші жағынан, дінді уағыздау турасындағы қажыр-қайратымыздың деңгейі бейне бір иманымыздың дәрежесін көрсететін көрсеткіш іспетті. Хадис шәрифте бұл жайлы:

«Сендерден кімде-кім бір жаманшылықты көретін болса, оны қолымен түзетсін. Оған шамасы келмесе, сөзімен түзетсін. Оған да шамасы келмесе, оған іштей қарсы болсын. Ал бұл иманның ең әлсіз дәрежесі» - делінген. (Мүслим, Иман, 78)

Тәблиғ (дін уағыздау) мәселесіне немқұрайды қарайтындарға тым қатал ескертулер жасалып, ол жайлы Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уәсәлләм:

«Маған өмір сыйлаған Аллаһқа ант етемін! Сендер не жақсылыққа шақырып, жаманшылықты тыясыңдар, не болмаса Аллаһ сендерге азап жібереді. Сол кезде дұға етесіңдер. Бірақ, дұғаларың қабылданбайды» - деген. (Термези, Фитән, 9)

Алайда дін уағыздау міндетінің шарттары мен әдептерін орындау керек. Олай болмаған жағдайда қасын көрсетемін деп, көзін шығарып алу, яғни пайданың орнына зиянын тигізуі әбден мүмкін. Ақиқатты жеткізіп, ізгілікке шақыру үшін алдымен ақиқат пен ізгіліктің мәніне қанық болу керек. Өйткені надан адамның дінге шақыруы әдіс-тәсілі тұрғысынан, һәм мән-мағынасы тұрғысынан қатесіз болуы мүмкін емес. Олай болса, бұл жолдағы алғашқы шарт – **білімге және руханиятқа бай болу.** Шай құймаған құр кесені ұсынуға болмайтыны сияқты білімсіз және парасатсыз уағыздан ізгі нәтиже тумайды.

Сонымен қатар, жүрегі менмендікке толы және басқа да рухани кеселдерге шалдыққан адамның уағыз айтуға тырысуы барып тұрған қателік. Мұндай адамдар ізгілікке шақырайын десе де онан әрі зиянын тигізеді. Әсерлі де

құпталарлық насихат айту үшін Құранның хикметтеріне қаныққан сезімтал жүрекке ие, сондай-ақ Исламның жылылығын шағылыстыратын жайдары жүзді болу керек. Тағы да, ақиқаттың, ізгіліктің, парасаттылық пен туралықтың жанды бір үлгісіне айналып, өнегелі өмір салтын ұстанып, айналасына мейірім шашатын шынайы көңілмен сөйлеу керек.

Ислами тұлғаға тән сыпайылық пен әдеміліктің бейнесі бола отырып, қайырымдылық пен жомарттық жолын ұстанғанда ғана өзгелерді дінге шақыру өз мәресіне жетеді. Өйткені адам, жақсылыққа мойынсұнады және биік тұлғалық пен көркем мінезге тәнті болады.

Екіншіден, дінге шақырған адам алдындағы адамы қандай қателік жасаған болса да, оны дінге шақырудан мақрұм қалдырмауы керек. Жар тастың, тіпті қамалдың ішінен де қаншама бәйшешектер мен бұтақтардың бітіп, шыға алатындығын назарға ала отырып, ешкімді шеттемей, Аллаһтың мейірімінің шексіздігін естен шығармауы тиіс.

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уәсәлләм қызы Хазіреті Зейнепті түйеден құлатып, ақыры оның дүниеден озуына себеп болған Һәббар бин Әсуәдке, Меккенің жеңісі күніне дейін әртүрлі дұшпандық жасаған Икримә бин Әбу Жәһилге, немере ағасы Хазіреті Хамзаны шәһид қылған Уахшиға тіпті немере ағасының жүрегін жауыздықпен шайнап тастаған Әбу Сүфянның әйелі Һиндке де дінді уағыздаған еді. Сондықтан алдындағы адамы Перғауындай шектен шыққан кәпір болса да, оған ақиқатты баяндап, Аллаһтың мейірімінен тыс қалдырмау керек. Сондай-ақ Аллаһ Тағала Мұса аләйһиссәләмға

тәңірлік дауын көтерген Перғауынға барып, оған жылы сөздермен тәблиғ жасауын (дінге шақыруын) бұйырған еді.

Барынша күнәға батып, енді кешірімнен тыс қалдық деп, Аллаһтың қаһарынан құтылудан күдер үзген күнәһарларға да Аллаһтың рахымы мен мейірімінің мол екендігін жеткізу керек. Өйткені Раббымыз бұл жайлы былай бұйырады:

«Айт: Ей, нәпсілеріне зұлымдық жасауда шектен шыққан құлдарым! Аллаһтың рахымынан үміттеріңді үзбеңдер! Өйткені Аллаһ барлық күнәларды кешіреді. Сөзсіз Ол – Ғафур-дүр (асқан кешірімді)**, Рахим-дүр** (ерекше мейірімді)**. Сондықтан үміттеріңді үзбей, бастарыңа азап келмес бұрын тәубе етіп, Раббыларыңа бет бұрыңдар және Оған мойынсұныңдар. Әйтпесе жәрдем көре алмайсыңдар».** (Зүмәр сүресі, 53-54)

Міне, күнәға әбден батқан күнәһарларды Исламның үміт және мейірім құшағына көркем, хикметті сөздермен және қамқорлықпен шақыру қажет.

Қорыта айтқанда, дінге шақыру турасында мүминдердің міндеті – үмітсіздікке және немқұрайдылыққа салынбай, қажымай-талмай талпыну, нәтижесін Аллаһқа тапсырып тәуекел ету. Сонымен қатар, Исламның әдеміліктерін, ақиқат пен ізгілікті уағыздау мүмкіндігі туып тұрғанда кейбір қиыншылықтарға шыдамай, тек қара басының қамын ойлаудан да Аллаһқа сыйыну керек.

Аллаһ Тағала жаратқан сансыз жаратылыстарымен біздерге қаншама нығметтерді және ақиқаттарды түсіндіреді. Осы сыр, хикмет әлемін оқу жан дүниеге тиесілі. Жан-дүниесі ғибрат, сабақ алуға қабілетті адамдар үшін әлем

орасан да айбынды бір дәрісхана. Хазіреті Мәуләнә мен Юнус Әмрә сынды Хақ достары осы әлем мектебінің дара шәкірттері болды. Бұл әлемнен хикмет пен сырлар ақтарып, мағрифатқа мұқтаж көңілдерге рухани шуақ шашты. Раббымыз барлық әлемді оларға бейне бір кітап сияқты ашты.

Міне, Раббымыз көретін көз, сезетін көңіл үшін әрбір жаратылыста қаншама ғибрат және хикмет көрсетіп отыр. Әсіресе бұлар арқылы **«қамқорлық»** хикметіне назарымызды аудартады:

Мәселен, қырық бес күн өмір сүретін ара өзіне арнап бал жасайды, бірақ өзінің қажеттілігінен жүз есе көп бал өндіреді. Осылайша ол өмірінің негізгі мақсаты басқаларға қызмет ету екендігін білдіреді.

Тағы мынаған көз жүгірту керек. Өрік ағашының жемісі оның ұрығы һәм оның жалғасы болып табылады. Алайда бір дәннің өзі өрік ағашының өсіп шығуына жеткілі бола тұра, басқалардың да сол нығметтен пайдалануы үшін артығымен жеміс береді. Бұлар Раббымыздың жаратылыста көрсетіп отырған тамаша қамқорлық үлгілері.

Раббымыз тағы да шынар ағашы арқылы тіршіліктің үлгісін көрсетеді. Үлкен, айбынды шынар ағашы қыс келген кезде жапырақтарын төгіп, өзіне тән тілімен өлімнің ақиқат екендігін үнсіз жеткізеді. Ал көктемде көгерген жапырақтарымен бейне бір өлімнен кейін қайта тірілудің үлгісін көрсетеді. Бірақ қаншама айбынды болғанымен шынар ағашы жеміс бермейді. Тіпті одан құрылысқа жарайтын тақтай да шықпайды. Тек отынға ғана жарайды, яғни пайдасы өте аз. Осы тұрғыдан қарағанда шынар

ағашы өзіне тән тілімен біздерге: «Фәни екендіктеріңді түсініңдер, мен сияқты жеміссіз болмаңдар!» - дейді.

Бойымыздағы қасиет-қабілеттеріміз зәйтүн ағашы сияқты барынша пайдалы қасиеттер болуы тиіс. Зәйтүн ағашы діңі жіп-жіңішке болғанымен, ол отырғызғаннан бір жылдан соң жеміс бере бастайды және бұл қызметін өмір бойы жалғастырады. Гүл де өзіне тән тілімен бізге: «Мен тікенекетерге шыдағаным үшін түсіммен, жұпар иісіммен күлімсіреп тұрамын. Сендер де осындай болыңдар!» - дейді.

Жомарттықтан, қамқорлықтан жұрдай қалған байлық, шүкіршілік міндеті орындалмаған денсаулық, атақ-мансап, білім т.с.с. барлығы көріністегі айбындылық пен абыройдың дәнекері болса да, бұлар бейне бір «қуыс шынардың айбыны сияқты». Сондықтан мүмин жандар үшін ең маңызды болғаны жемісті ағаш сияқты болу және жемістерін үнемі молынан өндіруге талпыну.

Адам баласы мұндай сана-сезімде болып, өзін үнемі былайша сын тезіне салып: **«Мен өзімді қаншалықты, ал айналамдағы мұқтаж жандарды қаншалықты ойлаймын?** Басқаларға қаншалықты жанқиярлық көрсетемін? Ара, гүл, өрік, зәйтүн ағашы маған не айтып тұр?» - деп ойланып отыруы шарт.

Адам деген жаратылыс арадан да, ағаштан да әлдеқайда қасиетті жаратылыс болғандықтан, өзіне қажет болған мөлшерінен еселеп отырып өзгелерге пайдалы болуға тырысуы керек. Яғни жаратылыстың ең абыройлысы болған адамға жарасатыны **өзіңе бір, өзгелерге мың** қызмет ету. Аят кәримәда бұл жайлы:

«...(Расулым!) **Тағы да сенен нені садақа ету туралы сұрайды. "قُلِ الْعَفْوَ Қажеттеріңнен артығын** (беріңдер)" **деп айт!» -** делінген. (Бақара сүресі, 219)

Раббымыз барлығымызды, барлық нығметтердің қадірін лайығымен біліп, өмірін Өзінің ризалығына сай амалдармен табысты етіп қолданған құлдарының қатарына қоссын! Қолынан, тілінен, халінен, мінез-құлқынан адамдар пайдаланатын ізгі мүмин қылсын! Ниеттерімізді, ойларымызды, сезімдерімізді және іс-әрекеттерімізді Өз ризалығына бөлесін!

Әмин!

Әһлу Бәйт Махаббаты



Әһлү Бәйт (пайғамбар әулеті) – пайғамбари әсемдіктерді, яғни Хазіреті Пайғамбардың келбетіндегі жарық нұрды, сөздеріндегі тартымды шешендікті, жағымды іс-әрекеттерін, баянындағы керемет көркемдікті жақыннан тамашалай білген, көрген дара тұлғалар. Олар Аллаһ Расулының халі мен ахлағын өз бойларына дарытып, Оның ерекше тәрбиесін алғандары үшін Оның ең сүйікті адамдары болған еді.

ӘҺЛҮ БӘЙТ МАХАББАТЫ

«Аллаһ Тағаланы сендерді нығметтерге бөлегені үшін сүйіңдер. Мені Аллаһты сүйгендерің үшін сүйіңдер. Әһлү Бәйтімді де мені сүйгендеріңнен сүйіңдер!» (Термези, Мәнәқиб, 31/3789)

Махаббат және достық

Махаббат пен достық сезімдер мен халдердің ортақтығынан туындайды. Ортақтық неғұрлым көп болса, махаббат та солғұрлым артады.

Аллаһ Тағала өзінің жамалдық сипаттарын өз бойына дарытқан құлдарын сүйеді және оларды Өзіне жақын әрі дос тұтады.

Яқуб аләйһиссәләмның көңілі он екі баласының ішінен ең көп Хазіреті Юсуфқа ауған еді. Мұның себебі ол өзінің ойын, қабілеті мен ерекшеліктерін басқа балаларынан гөрі Хазіреті Юсуфтан байқаған еді. Яғни **достық сүйген жанның өз қасиеттерін сүйіктісінің бойынан көруінен туындайды.**

Дәл сол сияқты Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің халі мен сипат-қасиеттеріне ең жоғары деңгейде ұқсаған жандар – Оған ең жақын болған құрметті отбасы, яғни **«Әһлү бәйті»**.

Өйткені әһлү бәйт – пайғамбари әсемдіктерді, яғни Хазіреті Пайғамбардың келбетіндегі жарық нұрды, сөздеріндегі тартымды шешендікті, жағымды іс-әрекеттерін, баянындағы төтенше көркемдікті жақыннан тамашалай білген, көрген дара тұлғалар. Олар Аллаһ Расулының халі мен ахлағын өз бойларына дарытып, Оның ерекше тәрбиесін алғандары үшін Оның ең сүйікті адамдары болған еді.

Сондықтан осы әзиз жандар Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уәсәлләмнің сүйіспеншілігіне лайықты жандар бола біліп, Оның махаббатынан ешқашан макрұм болмау үшін өмір бойы адам төзгісіз қаншама ауыр жағдайларға төзіп, бұл ауыртпалықтарды қуана отырып бастарынан өткізген. Ол басынан өткерген ауыртпалықтар мен қиындықтарды олар да көрген.

Өйткені адам – жаратылыс атаулысы ең үлкен жанқиярлығын махаббатын сыйлаған сүйгеніне бола жасайды. **Бұл фәнидегі жанқиярлықтың ең ауыры да, ең күштісі де Аллаһқа махаббат жолындағы іс-әрекет.**

Міне, әһлү бәйт – пайғамбар әулеті Аллаһқа махаббат жолында үлкен иман шаттығымен, құштарлығымен жанқиярлық істеген Ислам қаһармандарының шыңындағылар.

Әһлү Бәйт

Жаратылыс Нұры Хазіреті Пайғамбардың мүбәрак әулеті... Пайғамбари ахлақ, білім, парасат және ерекшеліктерді бойларына дарытып, дара тұлғаға айналған абыройлы ұрпақ... Хазіреті Пайғамбарға махаббат пен тәуелділікте ықылас пен тақуалықтың үлгісі болған үмметтің абыройлылары, **«Мұхаммед әулеті»** саллаллаһү аләйһи уәсәлләм...

Әһлү Бәйт – Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Мырзамыздың отбасы мүшелері. Расул Әкрәм саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің Өзі мен отбасы, Хазіреті Әли, Жағфар, Ақил, Аббас және олардың отбасы әһлү бәйт адамдары. Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уәсәлләмға сәлем беріп, салауат айту қалай барлық үмметтің мойнындағы міндеті болса, әһлү бәйтке құрмет көрсетіп, махаббатпен жүректерінен орын беру де барлық мүминдердің сондай міндеті болып табылады.

Өйткені, адам баласының өзгеге деген махаббатының ең табиғи нәтижесі ретінде сүйгеніне жақын адамдар мен нәрселер осы махаббаттың аясына кіреді. Бұлар адам болуы да, зат болуы да, іс-әрекет болуы да, белгілі бір мекен болуы да мүмкін.

Мәселен, бір адамды қатты сүйсеңіз, ол адамға тән іс-қимылды басқа бір адамның бойынан көретін болсаңыз, сүйікті адамыңыз есіңізге түсе кетеді. Сүйікті адамыңызды есіңізге салғаны үшін сол іс-қимылды жасаған адамдарға да сүйіспеншілікпен қарайсыз. Әрине, бұл махаббаттың дәрежелеріне байланысты. Жоғары деңгейде сүйіспеншілікке ие болған адамның отырғаны, тұрғаны, киім-кешегіне тән ерекшеліктері де көңілге әсер етеді. Сондай-ақ, Пайғамбарымыздың мүбәрак сақалына және шапанына деген тағзым мен махаббат та осы рухани көңіл-күйдің әсері.

Аллаһқа махаббат – сүйіспеншіліктің биік шыңы. Бұл шыңға жеткізетін екінші бір шың – жаратылуымызға дәнекер болған Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға махаббат. Расулуұлаһтың махаббатымен біте қайнасқандар жоғарыда тілге тиек етілген ақиқаттар

шеңберінде әһлү бәйтті де сүюдің шаттығымен олардың тамаша өмір өрнектеріне тәнті болады.

Зәйд бин Әркам радияллаһү анһү былай дейді:

«Бір күні Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уәсәлләм Мекке мен Мәдинаның арасындағы Хум деген судың басында орнынан тұрып, Аллаһқа хамд айтып, мадақтағаннан кейін бізге насихат айтты. Содан кейін:

«Ей, адамдар! Мен де адам баласымын. Таяуда Раббымның елшісі маған да келеді. Мен де оның шақыруын қабыл алып, барамын. Сендерге екі маңызды нәрсе қалдырамын. Біреуі адамдарға тура жолды көрсетуші әрі нұр болған Аллаһтың кітабы – Құран. Соны мықтап ұстаныңдар!» - деді.

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уәсәлләм Құран Кәрімді ұстанудағы кейбір кеңестерді бергеннен кейін:

«Екіншіден, сендерге әһлу бәйтімді тастап барамын. Аллаһтан қорқыңдар да әһлу бәйтімге құрмет көрсетіңдер! Аллаһтан қорқыңдар да әһлу бәйтіме құрмет көрсетіңдер!» - деп сөзін сабақтады:

Қасындағылар Зәйд радияллаһү анһүдан:

«Ей, Зәйд! Хазіреті Пайғамбардың әһлү бәйті кімдер? Әйелдері де әһлү бәйтінен емес пе? - деп сұрағанда, ол:

«Әйелдері де әһлү бәйтінен. Бірақ Оның негізгі әһлү бәйті – Пайғамбардың тірі кезінде һәм қайтыс болғаннан кейін садақа алуларына тыйым салынған Әли, Ақил, Жағфар және Аббастың отбасылары» - деді. (Мүслим, Фадаилүс-Сахаба, 36)

Сәлман бізден

Сонымен қатар рухани тұрғыдан әһлү бәйтке жататындары да бар. Мәселен, Сәлман Фариси радияллаһү анһү бар жан-тәнімен мұсылмандықтың үлгісі болғандықтан, ансарлар да, мүһәжирлер де:

«Сәлман бізден» деп таласатын. Сонда Пайғамбарымыз:

«Сәлман бізден, Әһлү бәйттен!» - деп оған ілтипат көрсеткен еді. (Ибн-Хишам, III, 241; Уақиди, II, 446-447; Ибн Са'д, IV, 83; Ахмед, II, 446-447; Хәйсами, VI, 130)

Демек, әһлү бәйттен болу үшін ең маңызды шарт – **«тақуалық»**. Яғни іс жүзінде әһлү бәйт саналумен қатар, рухани тұрғыдан әһлү бәйт саналу да бар екен. Бұл мүминдер үшін атақ-мансаптардың ең абыройлысы болмақ.

Осы орайда сахабалардың арасында парасаттылығымен, тақуалығымен танылған Мұаз бин Жәбәл радияллаһү анһү қандай тамаша үлгі десеңізші:

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уәсәлләм Мұаз радияллаһү анһүді Иеменге әкім етіп жіберген кезде, оны шығарып салу үшін Мәдинаның шетіне дейін бірге барады. Мұаз көлікте, ал Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм жаяу болатын. Оған кейбір кеңестерін айтқаннан кейін:

– Ей, Мұаз! Бәлкім, осы жылдан кейін мені көрмейтін шығарсың! Мүмкін, мына мешітім мен қабіреме соғарсың! - деді.

Осы сөздерді естіген Мұаз радияллаһү анһү жылай бастады. Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– Ей, Мұаз! Жылама! - деді де, Мәдинаға қарап:

«Адамдардың арасындағы маған ең жақындары, кім және қай жерде болмасын, Аллаһтың алдында тақуа болғандары» - деп айтты.[15]

Бұл туралы екінші бір үлгі – Үсәмә бин Зәйд радиаллаһү анһү. Бір күні Әли мен Аббас радияллаһү анһүмә Аллаһ Расулына барып, әулетінен ең жақсы көретіні кім екенін сұраған еді. Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің:

– *Қызым Фәтима!* - дегеніне:

– Біз әйелдердің ең сүйкімдісін сұраған жоқпыз. О, Расулаллаһ! - деді. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм сонда былай жауап береді:

– *Әулетімнің маған ең сүйіктісі, Аллаһтың және менің ныгметіме бөленген Ұсамә бин Зәйд.* - (Термези, Мәнәқиб, 40/3819)

Міне, осылайша *«Шүбәсіз менің достарым – тақуалар»* (Әбу Дәуіт, Фитән, 1/4242) деп негізгі шындықты жария еткен Әлемнің Мақтанышы Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм өзіне жақын болудың ең маңызды шарты Аллаһ алдында да бірден-бір үстемдік болып саналатын **«тақуалық»** екендігін мәлімдеген.

Үлкен мұхаддис (хадис ғалымы) Хаким әт-Термези Аллаһ достарының да үнемі Аллаһты зікір ету үстінде болғандықтары үшін рухани әһлү бәйтке жататындықтарын, бірақ мұның ата тегі тұрғысынан емес, жүрек және рухани тұрғыдан жақындықты білдіретіндігін айтады. «Өйткені Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Аллаһты зікірін үстем қылып, адамдардың жүрегіне орнықтыру үшін жіберілген» - дейді. (Хаким әт-Термези, Китабү Хатмил-Әулия, 345-346 б)

15. Ахмед, V, 235; Хәйсәми, Мәжмауз-зәуәйд, Бәйрут, 1988, IX, 22.

Олай болса, *«Адам сүйгенімен бірге»* (Бұхари, Әдеп, 96) - деген хадис шәрифте айтылғанындай, Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға жақын болу үшін, Оның достық шеңберіне және әһлү бәйтіне кіру үшін ең алдымен жүрегіміздің Аллаһ қорқынышы және сүйіспеншілігіне толы болуы, яғни жүрегіміздің Аллаһ және Расулымен бірге болуы қажет. Мұның ең анық белгісі құлшылықтарымыз бен іс-әрекеттерімізде көрініс табады.

Әһлү Бәйт тәрбиесі

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм асқан мейірімділікпен құшағына басқан отбасы мүшелерінің адамзатқа үлгі боларлықтай деңгейде тақуа болып өмір сүрулерін қалайтын-ды. Барынша ізет танытып, құрметтеген әһлү бәйтін дүниеде де, ахиретте де әзиз болып өмір сүрулеріне ықпал ететін қарапайымдылыққа, сыпайылыққа және үнемі ықыласты болуға, тақуалыққа тәрбиелесітін. *«Нағыз өмір – ахиреттегі өмір»* (Бұхари, Риқақ, 1) - деп, кейде мүбах (халал) жағдайлардың өзінде дүниеқұмарлыққа жол ашар деп уайымдап, оларды басқалардан да артық зүһдке (дүниеге қызықпау), риязатқа (халал нығметтердің өзінен бас тарту) және тақуалыққа бағыттап жататын-ды.

Әлемнің мақтанышы Мырзамыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің қызы Фатима анамызға деген махаббаты ерекше еді. Ешбір қыз әкесін Фатима анамыздың Пайғамбарымызды сүйгеніндей сүйе алмас. Ешбір әке де қызын Пайғамбарымыздың қызы Фатиманы сүйгеніндей сүйе алмас. Сол себепті әрбір отбасында Фатима есімінің болуы Мырзамызға жақындай түсу тұрғысынан бір рахмет, бір берекет дәнекері болар деп ойлаймыз.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Фатима менің бір бөлшегім. Оны ренжіткен адам мені ренжіткен, оны қуантқан адам мені қуантқан болады»,[16] - деп, оның жәннәт әйелдерінің ең абзалдарының біреуі екендігін сүйіншілесе[17], екінші жағынан Хазіреті Фатимаға пайғамбар қызы болғандығына сеніп, ахірет табысы тұрғысында бейқамдық танытпауын әркез ескертіп отыратын:

«Ей, Фатима! Өзіңді жәһәннәмнан құтқарудың жөнін ойла! Өйткені сені Аллаһтың азабынан құтқаруға менің шамам жетпейді. Бірақ, арамыздағы туысқандық байланысы себепті (қияметте де) сендермен байланысымды үзбеймін» (Мүслим, Иман, 348,351).[18]

Отбасы мүшелерінің ішінде Фатиманы қатты жақсы көргенімен, оның дүниелік нығметтерді ең төменгі мөлшерде және риязат халінде қолдануын қалаған Пайғамбар Мырзамыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм артық мүмкіншіліктердің хайырға жұмсалуын қалайтын. Баласының жүрегінде титтей де болса дүниеге бейімділіктің болуына мүмкіндік тудырмайтын. Осылайша сүйікті қызын үнемі Аллаһқа және ахіретке бағыттайтын.

Бір күні Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм қызы Фатиманың алқа салып жүргенін көрді. Нәзік әрі сезімтал әйел әкесінің бұған разы еместігін дереу түсініп, іле-шала сол алқаны сатып, өзі мұқтаж бола тұра жомарттық көрсетіп, сол ақшаға бір құлды азат етті. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм қызының осы жанашырлық, мәрхамат және исар (асқан жомарттық) ұстанымына қатты риза болады. (Нәсәй, Зинәт, 39)

16. Мүслим, Фәдайлус-Сахаба, 93-96.
17. Ахмед, I, 293.
18. Қосымша қараңыз, Бұхари, Тәфсир, 26/2; Термези, Тәфсир, 27/2.

Хазіреті Фатима радияллаһү анһә арық та әлсіз әйел болатын. Үй шаруасы ауыр болатын. Хазіреті Фатима от жағып, тамақ пісіруге тырысатын. Кейде отты үрлеген кезде ұшқан ұшқындар киімін тесік-тесік ғып өртеп кететін. Үйді сыпырған кезде үсті-басы шаң-тозаң болатын. Ұн тарту үшін диірмен тасын айналдырғаннан қолдары, су тасығаннан арқасының жараға айналған кездері болатын.

Бір жолы Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәллемге соғыс тұтқындары әкелінеді. Хазіреті Фатима олардың ішінен өзіне бір көмекші беруін әкесінен сұраған еді. Бірақ Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм дүниедегі ең сүйікті қызы Фатиманы тағы да мәңгілік бақыттылықты меңзеп:

– *Ей, Фатима! Аллаһтан қорық! Аллаһтың парыздарын (беріліп) орында! Отбасыңа қара! Төсегіңе жатқан кезде отыз үш рет субханаллаһ, отыз үш рет әлхамдулиллаһ, отыз төрт рет Аллаһу әкбәр де! Осылайша барлығы жүз болады. Бұл сен үшін қызметкерден артық* - дейді.

Хазіреті Фатима радияллаһү анһә еш қарсылықсыз мойынсұнып, ризашылықпен:

– Аллаһқа және Расулына ризамын! - дейді. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм осыншама аяулы қызына қызметкер беруден бас тартады. (Әбу Дәуіт, Хараж, 19-20/2988)

Тағы бір риуаятта Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің:

«Уаллаһи, Суффа тұрғындары аш жүріп, қарындарына тас байлап, мен олар үшін жұмсайтын ештеңе таба алмай жүргенде, сендерге қызметкер бере алмаймын. Тұтқындарға бола алынатын төлемді Суффа тұрғындарына жұмсаймын» дегені нақыл етілген. (Ахмед, I, 106)

Міне, Мырзамыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм баласын осындай қарапайым тіршілік салтында өсірген. Өйткені ол Фатима анамыз болашақта әһлү бәйтке, сопылық жолының алтын шежіре-тізбегіне, яғни Шах Гейланилерге, Шах Нақшибәндилерге, Ахмед әр-Рифаилерге және басқа да қаншама әулие, салих құлдар мен ізгі нәсілдерге «ана» болып, үмметтің әйелдеріне де тамаша өмірімен үлгі болған еді.

Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыздың отбасы мүшелеріне рухани тәрбие беруі және оларды мәңгілік өмірге әзірлегендігі туралы тағы бір мысал мынадай:

Ахзаб сүресінің:

«Ей, Пайғамбардың әйелдері! Сендер қатардағы бір әйел сияқты емессіңдер. Егер (Аллаһтан) **қорықсаңдар,** (бөтен еркектердің алдында) **тартымды дауыспен сөйлеспеңдер; сосын жүрегінде дерт бар біреу үміттенеді. Жақсы сөз айтыңдар! Әрі ар сақтап үйлеріңде отырыңдар, жәһилдік кезеңде шыққандарыңдай әшекейленіп шықпаңдар! Намаз оқыңдар, зекет беріңдер, Аллаһқа және Расулына мойынсұныңдар. Ей, әһлү бәйт! Аллаһ сендерді күнәлардан арылтып, пәк қылғысы келеді»** - деген 32-33 аяттары түскен кезде Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм алты ай бойы тақуалық іс-шара ретінде таң намазына барар жолда Хазіреті Фатиманың есігіне барып:

*«Ей, әһлү бәйт намазға (тұрыңдар)! **“Аллаһ сендерді тек күнәдан арылтып, пәк қылғысы келеді”»*** - дейтін. (Термези, Тәфсир, 33/3206)

Тағы да Ол Мырзамыз аләйһиссаләтү уәссәләм мәңгілік өмірдегі бақытқа жеткізетін ең маңызды қорлардың бірі болып табылатын тәһәжжуд намазы үшін «шаршағандықтан тұра алмай қалар ма екен!» - деп уайымдап, кейде түн

ішінде Хазіреті Әли мен Фатиманың есігін қағып, тәһәжжуд уақытының кіргендігін ескертіп кететін-ді.

Әнәс бин Мәлік радияллаһү анһү былай дейді:

«Отбасы мүшелеріне Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнан артық жанашыр, мейірімді жан көрмедім».

Демек, бала шағасын Пайғамбар Мырзамыздан артық, көркем тәрбиелеген адам жоқ екен. Міне, Мырзамыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм әһлү бәйтіне пайғамбар әулеті болғандықтарынан ұқыпты да кемелді түрде тақуа болуларын үйретіп, айналасындағыларға да сондай үлгі болуларын меңзейтін.

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм тікелей Аллаһ Тағаланың өзінен тәрбие алғаны үшін қалай барлық пайғамбарлардың мырзасы болса, Расулұллаһтың жеке тәрибиесін алған әһлү бәйттің адамдары да дәл сондай барша адамдардың ең абыройлысы, мырзасы болды.

Расында да әһлү бәйт күллі әлемге рахмет шуағы ретінде жіберілген Аллаһ Расулының айналасында біріні-бірі махаббатпен қоршап, Оның ізгі қасиеттерін бойларына дарытқан дара тұлғалар. Бейне бір гүл, қалампыр және хош иісті гүлге көмкерілген бақтың үстінен соққан таңғы самалдың барған жерлеріне сол бақтың жұпар иісін жеткізгеніндей, Аллаһ Расулының рухани тәрбиесімен кемелденген әһлү бәйт те Оның руханиятын өзінен кейінгі ұрпақтарға үлкен ықыласпен, адалдықпен жеткізген. Бір шырақтың отымен талай шырақтардың жағылатыны сияқты олар да Аллаһ Расулының нұрын ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген фәйз бен руханият шырақтары болған. Тіпті, сол шырақтың біреуі арқылы көңіл әлемі

жарқырай түскен бақытты жандар сол нұрдың алғашқы көзі – Пайғамбар Мырзамыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға қауышқандай ерекше ләззәттанған.

Расында, Хазіреті Әли мен Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһү анһүмәдан бастау алған барлық тасаввуф шежірелері әһлү бәйт имамы Хазіреті Жағфар Садықпен ары қарай өз жалғасын табады. Имам Ағзам Әбу Ханифа да Хазіреті Жағфар Садықтың үздік шәкірті, сондай-ақ рухани баласы болған. Хазіреті Жағфар Садықтың өзі үшін қандай бір фәйз көзі болғандығын, оның қасында өткен өмірін меңзеп:

«*Соңғы екі жылым болмағанда Нұғман құрыған еді*» - деген сөзімен жеткізген.

Міне, әһлү бәйттің Расул Әкрәм саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Мырзамыздың халін, ахлағын және ізгі қасиеттерін ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізудегі орны ерекше.

Әһлү Бәйт махаббаты

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«...Ей, Әһлү Бәйт! Аллаһ сендерді күнәлардан арыл-тып, пәк қылғысы келеді» (Ахзаб сүресі, 32-33) - деп, әһлү бәйттің күнәларын тазартып, пәк қылғандығын білдіреді. Яғни әһлү бәйтті Аллаһ Тағаланың өзі мадақтайды.

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм өз әулетін жан-тәнімен сүйіп, үмметінің де оларды сүюуін қалайтын. Сондай-ақ:

«*Аллаһ Тағаланы сендерді нығметке бөлегені үшін сүйіңдер. Мені Аллаһты сүйгендерің үшін сүйіңдер. Әһлү бәйтімді де мені сүйгендерің үшін сүйіңдер!*» - деп бұйырған еді. (Термези, Мәнәқиб, 31/3789)

Аллаһ Расулының махаббатында өз болмысын жойған Әбу Бәкір радияллаһу анһу әһлу бәйтті құрметтеп, сүйіспеншілік көрестуде үлгілі тұлға болған. Ол былай дейтін:

«Әһлу бәйтіне әдепті болып, Хазіреті Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға құрмет көрсетіңдер. Жаным құдірет қолында болған Аллаһқа ант етемін, Расулуллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің жақындары маған өз жақындарымнан да сүйікті».

Әһлу бәйтті сүю міндетінің маңыздылығы соншалық, Раббымыз намазда әт-тахияттан соң оқитын «салли-бәрик» дұғаларында «Әлу Мұхаммед» (Мұхаммед әулеті) деп әһлу бәйт үшін де дұға етуімізді мұрат еткен.

Намаздағы әт-тәхияттан соң «Әлу Мұхаммед» үшін оқылатын дұға шүбәсіз олардың мәртебесінің жоғары екендігінің көрсеткіші. Осындай тағзым мен құрмет басқа қандай бір әулетке көрсетілген десеңізші?!

Кейбір арам ниет адамдар мен ғапылдардың қоқаң-лоқысына қарсы: *«Егер Мұхаммед әулетін сүю Рафизилік*[19] *болса, адамзат пен жындар куә болсын мен Рафизимін»* деген Хазіреті Имам Шафии осы жайындағы сезімдерін былай жеткізеді:

«Ей, Расулуллаһтың әһлу бәйті! Сендерді сүю Аллаһтың Құранда баяндаған парызының бірі. Сендерге салауат айтпаған адамның намазының қабыл болмайтындығы сендерге ең үлкен абырой ретінде жеткілікті». (Мұхаммед Парса, Фаслүл-Хитаб/ Тәухиде Гириш, 522 б.)

19. Рафызилік: Әһлу Сүннет ақидасына керегар, шиға мәзһәбінің шектен шыққан, адасқан жолы.

Аспанды да дүр сілкіндірген қылмыс (10 - Мұхаррам, Кербала)

Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм махаббатпен бауырына басқан, мейіріммен басынан сипап, сүйген, намаз оқыған кезінде де мүбәрәк арқасына көтерген ғазиз немересі Хазіреті Хұсайнға қарсы жасалған қылмыс Ислам тарихындағы ең ауыр қасіреттердің бірі. Бұл қылмыстың Ислам әлеміне салған жарасынан әлі қан ағады. Бұл аяусыз қылмысты жасағандардың әрқайсысы Аллаһтың жеке бір азабына душар болған.

Хазірет Хұсайн Мырзамыздың жауыздықпен өлтірілуін барша Ислам әлемі аса жиіркенішті қылмыс деп бағалағаны соншалық, сол кездің патшасы Язидтің атын да сол күннен бері өзгені қорлаушы құрал (былапыт сөз) ретінде қолданып келген. Өйткені сол жиіркенішті қылмысқа қандай мәзһәбтан болса да, әрбір мұсылманның жүрегі жылайды. Соған қарағанда сүнниттер мен шииттердің арасында қандай да бір дұшпандыққа себеп жоқ. Дұшпан сияқты көрсетілуі арам ниетті адамдардың айдап салуынан басқа ештеңе емес. Сондықтан екі жақ та бір-біріне дұшпандықпен қарамауы керек. Әсіресе, қазіргі таңда **«Мүминдер – тек** (бір-бірімен) **бауыр ғана!»** (Хұжурат сүресі, 10) деген үкімнің аясында иық түйістіру керек.

Бұл жайында Мұхаммед үмметінің тәухидін, яғни бірлік-берекесін, ынтымақтастығын бұзатындай бос талас-тарға жол беру, талас-тартыс тудыру ең алдымен сол ғазиз ұрпақтың мүбәрак рухын ренжітетін әрекеттер болып табылады. Әсіресе орынсыз іс-пиғылдар тарих бойы үнемі зиян тигізген. Өйткені ең кішкене араздықтың өзі Мұхам-

мед саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің үмметін бөлгісі келетін дұшпандардың нанына май жаққанмен бірдей. Бұл мәселеде біз үшін ең жақсы ұстаным иманның парасатымен сақ болып, орынсыз жерге ғайбат және талас-тартыстардан аулақ болу.

Мұндай табысқа қол жеткізу үшін Құран және Сүннетпен қатар берік бір тірегіміз бар, ол – әһлү бәйт сүйіспеншілігі. Пайғамбарымыздың өзі әмір еткен осы сүйіспеншілік әрбір мұсылманның бойынан табылуы қажет болған көңіл көкжиегі.

Сол себепті түркі халықтары, әсіресе Османлықтар әһлү бәйтті үнемі дәріптеген, құрметтерінде кемшілік жібермеген, сонымен қатар оларға құрмет пен сүйіспеншіліктің қандай болуы керек екендігіне қатысты үмметке үлгі боларлық іс-шаралар көрсеткен. Әһлү бәйтке қызмет етуді абыройлы міндет санап, олардың абыройы мен үстемдігін сақтап қалу үшін **«Нақибүл-Әшрафтық»** деп аталатын мемлекеттік мекеме құрған.

Біз де сол мүбәрак аталарымыздың ұрпақтары ретінде Пайғамбарымызға лайық үммет болу үшін, Оның бізге қалдырған ең үлкен аманаты Құран мен әһлү бәйт сүйіспеншілігін жүрегімізде жаңғыртуымыз қажет. Көркем ахлақ және қарым-қатынастарымызда Оны үлгі тұтуымыз керек. Сол үшін ең алдымен ардақты Пайғамбарымыздың, Оның әулеті мен сахабаларының ахуалы мен өз ахуалымызды салыстыруымыз керек.

О, Раббым! Жүрегімізді ардақты Пайғамбарымыздың, әһлү бәйтінің, теңдессіз сахабаларының және солардың ізін басқан Хақ достарының руханиятынан құр қалдырма!

Әмин!

Рашид халифтардың өмірлік дәстүрлері - 1

Хазіреті Әбу Бәкір

радияллаһу анһу - (632 - 634)

Ол өмір бойы Аллаһқа деген ынтызарлық пен махаббат отына күйіп, өз «менінен» кешті. Тек Аллаһ Расулының болмысымен, Оның махаббатымен біте қайнасып, жанданды. Сондықтан, Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Мырзамызбен жо лығып, сұхбаттасқан сайын басқаша бір шабыт пен шаттыққа бөленіп, ерекше нұрға қарық болатын. Тіпті, Оның құзырында болғанның өзінде махаббаты мен қасіреті басылмай, керісінше ынтызарлығы одан ары арта түсетін.

Рашид халифтардың өмірлік дәстүрлері – 1
ХАЗІРЕТІ ӘБУ БӘКІР
радияллаһу анһу - (632 - 634)

Адамзат тарихында парасаттылық, әділдік, қайырымдылық және жақсы мінез-құлық тұрғысынан дара кезең, Пайғамбар ғасыры (асрұ саадат) екенінде дау жоқ. Өйткені ол киелі кезеңде әлемнің жаратылуына себеп болған Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу аләйһи уә сәлләм өмір сүрген. Ол кезең – Оның фәйз және руханилығымен түрленген кезең. Тағы да, ол дәуір – терең тәфәккур (ақиқатқа ой жүгірту) аясы мен арнасында және ақиқатқа көз жеткізу тұрғысынан Аллаһты және Расулын жақыннан тану кезеңі болып табылады.

Міне, сол мүбәрак кезеңдегі қоғам ең түнек жәһилдіктің қараңғылығынан, ең жоғары парасаттылық пен адамгершілік мәдениетіне көтеріліп, мағрифатұллаһ, яғни Аллаһты жүрекпен тану дәрежесіне жеткен. Ол қоғамның мүшелері де **«сахаба кирам»** яғни «Хазіреті Пайғамбарға барлық жағынан жан дүниесімен тәуелді, адал, өте қадірлі, мүбәрак достар» - деген атқа ие болған.

Сол себепті Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің сөздерін, іс-әрекеттерін және көңіл-күйлерін тамаша түрде түсініп, Одан бізге нұрлы өнегелер қалдырған бірден-бір ұрпақ сол қадірменді сахабалар болған.

Рашид халифтар

Қадірменді сахабалардың ішінде де Аллаһ Расулының жан-дүниесімен, нәзік сезімдерімен және ерекше қасиеттерімен біте қайнасып, тұлғалықтарын қалыптастырғандардың ең алғашқылары Рашид халифтар, яғни төрт үлкен халиф болып табылады. Өйткені олар Аллаһ пен Расулына теңдессіз сүйіспеншілікпен, жан дүниесімен мойынсұнып, дарияға сіңген тамшы сияқты Хазіреті Пайғамбардың дара болмысы мен ахлағын бойларына дарытқан. Солайша олардың жан дүниелері Аллаһ Расулына деген махаббаттары арқылы иләһи махабатпен жалындаған ерекше көңіл әлеміне әрі мағрифатұллаһ (Аллаһты шын тану) қазынасының тамаша сарайына айналған. Тағы олардың сөздері мен ғибратқа толы ахуалдары хикмет пен сырлардың дастанына айналып, бүкіл үмметке тамаша насихат және үлгі болған.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Рашид халифтар дәуірінің құндылығын баяндау бабында:

«(Менен кейін) пайғамбарлық халифаты отыз жыл (жалғасады)»[20] - деген. Осылайша, өзінен кейін басқаруға қатысты істердің кеде оң бағытта жүзеге асатындығын, кейде әлсірейтіндігін меңзеген.

Бұл отыз жылдық кезеңнің алғашқы жылдары асрұ саадаттағы (бақыттылық ғасыры) тыныштық пен үйлесімдік жалғасқан кезең болып табылатыны сонша – мұның ең күшті ықпалы Әбу Бәкір радияллаһу анһудың парасаттылығы мен басқарудағы шеберлігі еді.

20. Әбу Дәуіт, Сүннет, 8; Ахмед, V, 50,220,221.

Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһү анһү

Алғашқы халиф болып сайланған **Хазіреті Әбу Бәкір** Пайғамбар дәуірінде жоғары деңгейдегі адалдық, мойынсұнушылық, сүйіспеншілік және махаббатпен Аллаһ Расулына жан-тәнімен берілген еді. Онымен жүрек байланысын ең жоғары деңгейде сезінген еді. Бейне бір Онымен бірігіп кеткендей еді. Сондай-ақ Пайғамбарымыз аләйһиссаләту уәссәләм Мырзамыз:

«Жүрегімдегінің барлығын Әбу Бәкірге ақтардым»[21] - деген. Шынында да ол қиын жағдайларға төзіп, көптеген жанқиярлықтар істегеннен кейін сүйікті Пайғамбарының халімен соншалық халденіп, өз болмысын Сүйікті Пайғамбарының махаббатында жоғалтқан еді. Өйткені, адам ең үлкен төлемін махаббаты үшін өтейді. Бұл фәниде төленетін ең үлкен төлем болса, иләһи махаббаттың төлемі.

Хазіреті Әбу Бәкір Аллаһ пен Расулына достықтың ерекше ләззатына бөлену үшін өмір бойы осы достық пен махаббаттың бағасын өтеу жолында, соның тебіренісінде болған. Һижрат кезінде Аллаһ Расулына жолдас болу абыройына бөленді. Көптеген иләһи сырлар көрініс тапқан бұл қасиетті сапарда Сәур үңгірінде үш күн бойы Пайғамбарымыздың көкейінен сыр мен хикметтер қотарды. Құнды жақындық пен достықтың абыройына, ерекшелігіне қол жеткізді. Иләһи сырларға қарық болу, сөйтіп жүректің көрегенділігін арттыру дәрісханасына айналған бұл үңгірде үшіншісі Аллаһ болған **«екеудің екіншісі»** болу мәртебесіне ие болды. Сол кезде Жаратылыс Нұры бұл әзиз досына: **«Қамықпа! Аллаһ бізбен бірге!..»** (Тәубе сүресі, 40) - деп **«майиет сырын»**, яғни Аллаһпен бірге болудың мәнін түсіндіріп жатқан еді.

21. Қараңыз. Ажлуни. Кәшфул-Хафа, т.2., 419 б.

Үңгірде болып жатқан бұл жағдайды (Аллаһты шын білген) арифтер (хафи) жасырын, үнсіз зікір тәлімінің бастамасы және жан дүниенің Аллаһпен жайғасуының алғашқы көрінісі деп түсіндіреді. Яғни тасаввуфта жүректен-жүрекке сыр шертудің Ислам тарихындағы алғашқы көрініс орны Сәур үңгірі және сол бақытқа алғаш арна болған жүрек Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһу анһу болған. Сол себепті Хазіреті Әбу Бәкір соңы қияметке дейін жалғасатын **«Алтын Сілсіләнің** (тасаввуф шесіресі)**»** Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнан кейінгі алғашқы буыны деп саналған.

Демек, барлық қасиетті де рухани сапарларда алға қойылған мақсат Аллаһ пен Расулына деген махаббаттың дәрежесіне қарай көрініс табады. Өйткені, сүйіспеншіліктің шарты және махаббаттың белгісі – өзі сүйген адамының сүйген нәрселерін де сүю. Бұл сүйіктінің халін өз бойына дарытып, оның болмысымен бірігуде маңызды қадам болып табылатыны сонша – Хазіреті Әбу Бәкірдің өмірі де осындай көріністерге толы.

Әбу Бәкір Менен, Мен де оданмын

Ол өмір бойы Аллаһқа деген ынтызарлық пен махаббат отына күйіп, өз «менінен» кешті. Тек Аллаһ Расулының болмысымен, Оның махаббатымен біте қайнасып, жанданды. Сондықтан Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Мырзамызбен жолығып, сұхбаттасқан сайын басқаша бір уәжд (шабыт) пен шаттыққа бөленіп, ерекше нұрға қарық болатын. Тіпті, Оның құзырында болғанның өзінде махаббаты мен қасіреті басылмай, керісінше ынтызарлығы одан ары арта түсетін.

Бір күні Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Әбу Бәкірдің мал-мүлкінен пайдаланғанымдай басқа ешкімнің мал-мүлкінен пайдаланбадым...» - деген еді.

Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһү анһү осы iлтипатқа толы сөздерді естіп, көзіне жас алып:

«Мен де, мал-мүлкім де тек сен үшін емеспіз бе, О, Расулаллаһ?!» (Ибн Мәжа, Фадайлул Асхабин-Нәби, 11) - деп өзін барлық болмысымен Расулұллаһ Мырзамызға атап-арнағандығын және Оның болмысымен біте қайнасқандығын білдірген еді.

Ол, саллаллаһү аләйһи уә сәлләм да осы ұқсастыққа:

«Әбу Бәкір менен, мен де оданмын. Әбу Бәкір дүниеде де, һәм ахіретте де менің бауырым»[22] - деп, рухани әлемде бірге болғандықтарын және жүректен-жүрекке сыр шерткендіктерін баяндаған еді.

Пайғамбардың ең жақын сырласы

Әбу Бәкір радияллаһү анһү өз жүрегін Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің жан-дүниесін шағылыстыратын таза айнаға айналдырған еді. Сондықтан ол Пайғамбарымыздың нұрлы болмысында өз болмысын жойып, Оның махаббатында фәни болудың ең көрнекті үлгісі болды. Бұл фәни болудың арқасында Әлемнің Мақтанышы Мырзамызға тиесілі барлық нәрсе оның жан-дүниесінде өте терең мағынаға ие болғаны сонша – Әбу Бәкір радияллаһү анһү Аллаһтың аяттарын, Расулұллаһ Мырзамыздың сөздерін және сол хадистерде айтылмақ болған мәселені жүрегінің төрінен сезіну мен түсіну турасында сахабалардың ішінде маңдай алдысы болды. Кез-келген адамдар аңғара алмаған көптеген пайғамбари сырларды асқан парасаттылық әрі көрегенділікпен сезді. Сөйтіп Қоштасу қажылығында:

22. Термези, Мәнәқиб, 20.

«...Бүгін діндеріңді кемелдендірдім, сендерге арнаған нығметімді тәмамдадым да, сендерге дін (өмірлік жол) **ретінде Исламды таңдап, құптадым** (бекіттім)**»** (Мәидә сүресі, 3) - деген аят түскен еді. Барлығы діннің тәмамдалғандығына қуанды. Бірақ Хазіреті Әбу Бәкір парасаттылығымен бұл аяттан Аллаһ Тағаланың таяуда ғазиз Расулын мәңгілік әлеміне шақыратындығын сезді. Көңіліне түскен жырақтау шоғының қайғысымен қасіретке шомылды.[23]

Әбу Бәкір радияллаһү анһүның бұл сезімталдығы мен көрегенділігін көрсететін мысалдардың тағы бірі мынадай:

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм соңғы күндерінде науқасының меңдеуіне байланысты мешітке бара алмаған еді. Жамағатқа намаз оқыту үшін Әбу Бәкір радияллаһү анһүды имам етіп тағайындаған болатын. Бірақ бірде өзін жақсы сезініп, мешітке барды. Қадірменді сахабаларға насихат айтқаннан кейін:

«Даңқы ұлық Аллаһ бір құлына дүние мен Өзінің қасындағы нығметтердің бірін таңдауға ерік берді. Ол құл болса, Аллаһтың қасындағысын таңдады!..» - деді.

Осы сөздерден кейін Хазіреті Әбу Бәкірдің нәзік әрі сезімтал жүрегі мұңайып, ол көзінің жасына ие бола алмады. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің өздерімен астарлы түрде қоштасып тұрғанын сезген еді. Өйткені ол пайғамбари сырларды ең жақсы білетін жан еді. Жырақтықтан еңіреген сыбызғыдай айғайға басты. Өксіп отырып:

«Ата-анам Саған құрбан болсын, уа, Расулаллаһ! Саған әкелерімізді, аналарымызды, жанымызды, малымызды және балаларымызды құрбан етеміз!» - деді. (Ахмет, III, 91)

23. Қараңыз. Елмалылы, III, 1569.

Жамағаттың ішінде одан басқа ешкім Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің жан дүниесіндегі терең сезімін және Оның дүниемен қоштасып тұрғанын аңғармаған еді. Тіпті сахабалар Хазіреті Әбу Бәкірдің неге жылағанын түсінбей, танданып, өз ара:

«Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Раббысына қауышуды таңдаған салих адам туралы айтып тұрса, мына қарт адамның жылағаны таңданарлық жәйт!» - десті. (Бұхари, Намаз, 80)

Өйткені дүние мен Аллаһтың қасындағылардың арасында ерік берілген салих құлдың Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм екендігі ойларына да келмеген, Хазіреті Әбу Бәкірдің сезгендерін сезе алмаған еді. Осы кезде Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Хазіреті Әбу Бәкірдің қайғылы көңілін жұбату үшін, һәм сахабаларға оның қадірін білдіру үшін сөзін ары қарай жалғап:

«Бізге жақсылық жасағандардың барлығына оның бағасын сол мөлшерде немесе артығымен өтегенбіз. Бірақ Әбу Бәкір бөлек! Оның жасаған жақсылықтары соншалық – құнын қиямет күні Аллаһ Тағала береді.

Сұхбатымен де, мал-мүлкімен де маған ең көп қамқорлық жасаған Әбу Бәкір. Егер мен Раббымнан басқа біреуін дос тұтатын болсам, Әбу Бәкірді дос тұтар едім. Бірақ Ислам бауырластығы одан да жоғары» - деді.

Содан кейін Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм ақтық демі таяп келе жатқандықтан:

«Мешітке кіретін барлық (жеке) есіктер жабылсын! Тек Әбу Бәкірдікі ғана ашық қалсын! Мен Әбу Бәкірдің

есігінің үстінде бір нұр көріп тұрмын»[24]- деп бұйырды.

Осылайша сол қасіретке толы қоштасу сәтінде барлық есіктер жабылды, тек Әбу Бәкір радияллаһү анһүдың есігі ғана ашық күйінде қалды.

Демек, Аллаһ Расулына арнайы түрде жақын болудың есігі Хазіреті Әбу Бәкір Сыддық сияқты Оған жан-тәнімен бойсұну, адалдық, жанқиярлық, достық пен махаббат арқылы ашылады екен.

Еш құламайтын иман қамалы

Сахабалардың ішіндегі ең ауқаттыларының бірі болған Әбу Бәкір радияллаһү анһү Аллаһ Расулының махаббатымен өз болмысын жойғаннан кейін мал-жанын аямай, жомарттықпен Оның жолында пида еткен еді. Бар байлығын бірнеше рет толықтай Аллаһ Расулына алып келіп, Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм сияқты кедейлікке ұшыраудан қорықпастан жақсылыққа жұмсаған еді. Тіпті одан:

«Ей, Әбу Бәкір! Бала-шағаңа не қалдырдың?» - деп сұраған Пайғамбарымыз аләйһиссаләтү уәссәләмға еш қынжылмастан:

«Аллаһты және Расулын қалдырдым...» - деген еді.[25]

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм сахабаларының ешбіріне мал-мүлкін толықтай атауына рұқсат бермей, тек Әбу Бәкірге ғана рұқсат еткен. Өйткені барлық мал-мүлкін атағаннан кейін басына түсетін кедейлік пен мұқтаждық кезінде нәпсі мен малғұн шайтанның азғыруымен

24. Қараңыз, Бұхари, Асхабүн-Нәби 3. Мәнәкибүл Ансар 45, Намаз, 80; Мүслим, Фадайлус-Сахаба 2; Термези, Мәнәкиб 15; Ибн Са,д II, 227.
25. Әбу Дәуіт, Зекет, 40.

көңілінде өкініштің пайда болуы ықтимал еді. Мұндай өкініш болса, жасалған жақсылықтың қадірін жойып, сауабын шайып жіберер еді. Ал Хазіреті Әбу Бәкір Сыддықтың жандүниесі болса, Аллаһ пен Расулына деген махаббатпен біте қайнасқан, ешқашан құламайтын бір иман қамалы сияқты еді.

Сондай-ақ Хазіреті Әбу Бәкірдің Миғраж оқиғасында көрсеткен көңіл тұрақтылығы және күмәнсіз Аллаһ Расулын құптағандығын да, тек оның жүрегіндегі иманның күшімен ғана түсіндіруге болады. Оның осы рухани жан дүниесінің мықтылығын түсіндіру үшін Хазіреті Әли радияллаһу анһу:

«Хазіреті Әбу Бәкір ешқандай жел, дауыл ықпал ете алмайтын тау сияқты» - деген болатын.

Расында да Әбу Бәкір радияллаһу анһу бірнеше рет бар байлығын Аллаһ жолына жомарттықпен жұмсағандығынан кедейшілікте қалған кездері болды. Бірақ Аллаһ пен Расулының ризашылығы оның барлық дүниелік қиыншылықтарын ләззатқа айналдырып, көңілі жабырқамай, ризашылықпен өмір сүруін қамтамасыз еткен еді.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм да оның осы жоғары деңгейдегі адалдығы мен абзалдығы үшін:

«Жәһәннәмнан азат болған біреуді көргісі келген адам Әбу Бәкірге қарасын!» - деп сүйіншілеп, ілтипат еткен. (Әли әл-Мүттақи, №: 32617)

Кішіпейілділік пен «ештік сезім» аясы

Міне, өз болмысы мен мендігінен арылып бейне бір Аллаһ Расулымен біте қайнаған Әбу Бәкір радияллаһу анһу осылайша Мұхаммеди ахлақтың өмірлік үлгісі болған еді.

Ол да Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм сияқты өз жеке басының қамын ойлаудан бас тартып, мейірімділіктің шыңына көтеріліп, үмметтің дертін өз дерті деп қабылдаған ерекше жан болған. **«Нәпсім! нәпсім!»** - деген менмендіктен өтіп, **«үмметім! үмметім!»** - деген қамқорлыққа жеткен еді. Осың осы жағдайы дұғасында:

«Уа, Раббым! Менің денемді жәһәннәмда басқа құлдарыңа орын қалмайтындай етіп үлкейт!» - деп көрініс тапқан.

Әрине, оның бұл сөзі жанашырлығы мен мархаматының шексіздігін һәм Аллаһтан қорқынышы себепті кішіпейілділік пен «ештік сезімі» аясында өз нәпсісін қаншалықты қор әрі төмен санайтындығын білдіреді.

Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһү анһү үмметтің ең абзалы болып, халиф сайланғанда мінбәрға шығып қарапайым ғана:

«Ей, адамдар! Ең хайырлыларың болмағаныммен, сендердің бастарыңа халиф болып сайландым. Егер міндетімді лайықты орындасам, маған көмектесіңдер. Қателік жасайтын болсам, маған тура жолды көрсетіңдер...» - деді. (Ибн Са'д, III, 182-183; Суюти, Тарихул-Хұләфа, 69, 71-72 б.)

Ол үлкен сахаба **«ескертуді қабыл алу»** ерекшелігін де асқан қарапайымдылықпен, кемелдікпен ұстанды. Халық оған сенім білдіріп, басшылығын мойындап жатқан кезде де:

«Мен, ешқашан халиф болуды қаламадым. Оған қызыққаным да жоқ. Жасырын-әшкере ешқашан мұны Аллаһтан тілемедім. Өйткені (жауапкершіліктен қорыққаным үшін) **халифтықта маған рахат жоқ**» - деді.

Әбу Бәкір радияллаһү анһү халиф болған соң бұрынғысынан да қарапайым, дүниеге қызықпай, қанағат көрсетіп күн кешкен еді. Халиф болмас бұрын айналасындағы жетім

қыздардың қойларын сауып, қажеттіліктерін қамтамасыз ететін. Халиф болған соң көршілері оның жұмыстарының көбейіп, өмір шарттарының өзгеріп, жетімдердің қойларын саумайтын шығар деп ойлаған еді. Бірақ ештеңе өзгермеді. Ол сол қарапайымдықпен жетімдердің қойларын сауып, қажеттіліктерін қамтамасыз етіп жүре берді. (Сүюти, Тарихүл Хүләфа, 80 б.; Сарычам, Хазіреті Әбу Бәкір, 82 б.)

Халиф болмай тұрып та, халиф болғаннан кейін де ешқашан дүниеге қызықпады. Тура Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм сияқты барлық қалауы Аллаһқа қауышу құштарлығымен, дүниенің ауыртпашылығынан азат күйдегі көңіл тыныштығымен ахірет сапарын аяқтау еді. Сондықтан қайтыс боларының алдында асқан көңіл тоқтығымен өзіне тиесілі бір жер телімінің сатылып, халиф болған кезде зәрулікпен алған жалақысының мемлекет қазынасына қайтарылуын өсиет етті. (Ибн Әсир, *әл-Камил*, II, 428-429)

Тұрақтылық пен тепе-теңдік үлгісі

Өмірі керемет иләһи тепе-теңдікке негізделген еді. Әрқашанда қарапайымдылық пен кішіпейілділік танытқанымен, ешқашан әлсіз, не сорлы болған емес. Үнемі салмақтылығы мен айбынын сақтап отырды. Тәккаппарлық пен менмендікке де салынбады. Өте кешірімді, көңілшек, мінезі жұмсақ, бірақ қажет болған кезде қатал да батыл бола білді. Ол барлық іс-қимылымен тепе-теңдіктің тамаша үлгісі еді.

Ол Хазіреті Пайғамбардың бұйрықтарына қарсы келуге әсте жол бермейтін, ондайға шыдай да алмайтын. Исламның табанды жанашыры болды. Діни үкімдерге ешқандай салғырттық танытқан жоқ. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләй-

һи уә сәлләм қайтыс болғаннан кейін туындаған иртидат (діннен қайту) және зекет міндетінен бас тарту әрекеттеріне қарсы үлкен табандылықпен күресіп:

«Егер зекет малдарынан кішкене ғана жіптің өзін менен жасырып, бермей қалса, оларға соғыс жариялаймын!..» - деді. Осылайша бүліктің ұлғаюына тосқауыл болып, дінді бұрмалауға себеп болатын барлық жолдарды жапты. Оның осы нақты әрі батыл қадамына әділдік пен айбындылықта аты аңызға айналған Хазіреті Омар радияллаһу анһудың өзі тәнті болып, қайран қалған.[26]

Қорыта айтқанда, ол ұлық сахаба үнемі шыншылдық пен турашылдық қасиетке жүгініп күн кешті. Өзгелерді де соған бағыттады. Оның біздерге жасаған ескертулері мен насихаттары сол ұлық қасиетке жетелейтіндей құнды әрі бағалы. Ол адалдықтың теңдессіз үлгісіне айналған өмірімен де, сол өмірінің сырларын баяндайтын інжудей насихаттарымен де мүмин көңілдерге өмірлік өнеге болды. Міне, оның әрбіреуі хикмет пен ақиқаттың қазынасы болған сөздерінің кейбіреулері:

Хазіреті Әбу Бәкірдің хикметті сөздері:

«Аллаһ пен жаратқандырының арасында ешқандай тектік жақындық жоқ. Аллаһқа жақын болу тек Оған мойынсұну және бұйрықтарын орындау арқылы ғана жүзеге аспақ».

«Аллаһ құлының амалсыз (ғибадатсыз құр) сөзіне разы болмайды».

«Көп сөйлеу адамды ұмытшақ етеді».

26. Әли әл-Қари, Мирқат, X, 381-383/6034.

«Не айтқаныңды, қашан айтқаныңды және кімге айтқаныңды жақсылап ойлан!»

«Хақты таныған арифтердің құлы бол!»

«Саған жол көрсеткісі келген адамға жағдайыңды жасырма! Әйтпесе өзіңді алдайсың».

«Өзіңді жағымсыз қылықтардан құтқарсаң, адамдар да саған жақсы қарайтын болады».

«Төрт түрлі адам Аллаһтың ізгі құлдары:

1. Тәубе етуші адамды көрген кезде қуанған.

2. Күнәһарлардың кешірілуі үшін Аллаһқа жалбарынған.

3. Дін бауырының артынан оған дұға еткен.

4. Өзінен мұқтаж адамға жәрдем беріп, қызмет еткен адам».

«Менің назарымда сендердің ең күштілерін – хақысын алғанға дейін әлсіз болғандарың. Ал ең әлсіздерің болса, одан басқаның хақысын алғанға дейін күшті болғандарың».

«Иман тек қана мешіттерде, мал-мүлік сараңдарда, қару қорқақтарда, билік әлсіздерде болса дүрбелең (ланкестік) етек жаяды».

«Ақылды адам – тақуа, ақылсыз адам – залым».

«Аллаһ Тағала Құран Кәрімде беретін сыйын азаппен бірге айтқаны, осы арқылы құл құлшылыққа ынталансын және азаптан қорықсын дегені».

«Бір жақсылықтан айырылып қалсаң, оны ұстап алуға тырыс. Оған қол жеткізетін болсаң, одан да асып түсуді ойла. Одан да жақсысын істеуге талпын!»

«Адамдарға ізгілік жасау адамды апаттар мен бәлекеттерден сақтайды».

«Атақтан қашсаң, абырой артыңнан ереді. Өлімге әзір болсаң, саған өмір беріледі».

«Әрбір бәлекеттің одан да бетері бар».

«Сабырда зиян жоқ, қайғы мен асығыстықта пайда жоқ. Сабыр иманның жартысы. Яқин (жақын, нақты сенім) болса толығы».

«Аллаһтан денсаулық сұраңдар. Ешкімге яқиннан (нақты иманнан) кейін денсаулықтан артық ештеңе берілмеген».

«Меніңше, рахат өмір сүріп шүкіршілік ету сынаққа түсіп, сабыр етуден әлде қайда артық».

«Дүние мүміндердің базары, күн мен түн қоры, жақсы амалдар сауда тауарлары, жәннәт табыстары, жәһәннам болса зияны».

«Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға салауат айту күнәларды судың отты сөндіргенінен де тез жоқ қылады. Оған (махаббат және ықыласпен) сәлем жіберу көптеген құлды азат етуден де абзал. Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмды сүю нәпсімен күресуден де, Аллаһ жолында қылыш сермеуден де жоғары» (Бағдади, Тариху Бағдад, VII, 161).

«Аллаһ достары (мінездеріне қарай) үш топқа бөлінеді. Әрбір топтың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Олар:

Бірінші топ (Хақ достары) ***хауф*** *(қорқыныш) халінде болатындар. Олар:*

1. Үнемі қарапайым болады.

2. Жақсылықтары қанша көп болса да, аз санайды.

3. Кішкентай қателіктерінің өзін үлкен көреді. (Өйткені кімнің алдында күнә жасағандарын жақсы түсінеді).

Екінші топ (Хақ достары) ***рәжә*** *(үміт) иесі адамдар. Бұлар да:*

1. Әрбір іс-әрекеттерінде адамдарға ізгілік пен жақсылық көрсетіп, оларға үлгі болады.

2. Мал-мүліктерін Аллаһ жолында сарып қылып, жомарт адамдардан болады.

3. Аллаһтың құлдары жайлы үнемі жақсы ой ойлайды.

Үшінші топ (Хақ достары) болса, ***ғашықтық пен махаббаттың*** *шабытымен Раббысына құлшылық етуші ариф (парасатты) құлдар. Бұлар:*

1. Сүйген нәрселерін Аллаһ жолында жұмсайды.

2. Әрбір іс-әрекеттерінде Аллаһтың ризашылығын көздейді, сол себепті надандардың таққан айыптарына мойымайды. Олардың дөрекі, ұсқынсыз әрекеттерінен мазасызданбайды.

3. Нәпсілеріне ауыр тиген нәрселерді нәпсілері қарсылық білдірсе де орындауға тырысады. Барлық әрекеттерінде Аллаһтың әмірлері мен тиымдарына мойынсұнады». (Ибн Хажар әл-Асқалани, Мүнәббиһат, 94-95)

Міне, Хазірет Әбу Бәкірдің өзі осы үш топтағы Хақ достарының барлық халдері мен сипаттарын өз бойына жинақтаған мүбәрак Ислам тұлғасы еді. Раббымыз оның осы хикметті үгіттерінен лайықты түрде пайдалануды және

тамаша халдерінен фәйз (рухани нәр) алуды барлығымызға нәсіп қылғай! Бізді оның достық алқасына енгендердің қатарына қосқай! Өйткені достықтың көзін Аллаһ пен Расулынан тапқан рашид халифтар, сахабалар, Хақ достары және олардың ізін басқандар Раббымыздың ілтипатымен мәңгілік бақыттылық керуенінің бахтияр жолаушылары.

Сөзімізді Әбу Бәкір радияллаһу анһудың мына бір шынайы мінәжатына көңілден «әмин» дей отырып аяқтайық:

«Аллаһым! Өмірімнің ең қайырлы кезеңі соңы, амалдарымның ең қайырлы бөлігі нәтижесі, күндерімнің ең қайырлысы Саған қауышқан күнім болсын». (Суюти, Тари-хул-Хұләфа, 103 б)

«Аллаһым! Маған ізгіліктен ең соңғы сыйға тартқаның ризашылығың және Найм жәннәтіндегі жоғары мәртебелері болсын!» (Суюти, Тарихул-Хуләфа, 103 б)

Әмин!

Рашид халифтардың өмірлік дәстүрлері - 2

Хазіреті Омар

радияллаһу анһу - (634 - 644)

Хазіреті Омар иманға келмес бұрын мейірімсіз, әділеттіліктен жұрдай надандық дәуірі адамдарының нағыз мысалы болатын. Иманға келген соң нәзік, қамқор, ойы терең, әділдік пен парасаттылықтың үлгісіне айналды. Исламнан бұрынғы қатал әрі мейірімсіз Омар жойылып кетті. Оның орнына көзі жасқа толы, көңілі жанашырлық пен мәрхаматқа толы, құмырсқаға да зиян келтіруден сақтанатын, үнемі үмметтің бақыттылығын көздейтін жоғары деңгейдегі жауапкершілік түсінігіне ие «Хазіреті Омар» келді.

Рашид Халифтардың Өмірлік дәстүрлері – 2
ХАЗІРЕТІ ОМАР
радияллаһү анһү - (634 - 644)

Екінші халиф Хазіреті Омар радияллаһү анһү да Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің нұрлы жолымен жүрген, Оның жолын адалдықпен жалғастырған, барлық іс-әрекеттерімен бейне ескерткішке айналған үлгі тұтарлық Ислам тұлғасы.

Хазіреті Омар иманға келмес бұрын мейірімсіз, әділеттіліктен жұрдай надандық дәуірі адамдарының нағыз мысалы болатын. Иманға келгеннен соң, нәзік, қамқор, ойы терең, әділдік пен парасаттылықтың үлгісіне айналды. Исламнан бұрынғы қатал әрі мейірімсіз Омар жойылып кетті. Оның орнына көзі жасқа толы, көңілі жанашырлық пен мәрхаматқа толы, құмырсқаға да зиян келтіруден сақтанатын, үнемі үмметтің бақыттылығын көздейтін жоғары деңгейдегі жауапкершілік түсінігіне ие **«Хазіреті Омар»** келді.

«Ефрат өзенінің жағасында бір қозы жоғалса, Аллаһ оның есебін менен сұрайды ғой деп қорқамын»[27] - деп өзін үнемі сынға салатын. Түнде азық салған қапты арқалап,

27. Ибн Әби Шәйба, Мұсаннәф, VIII, 153.

қаланың көшелерін аралап, әлсіздердің, мұқтаждардың қасынан табылып, жетімдер мен жесірлерге қамқор бола бастады. Жабырқау көңілдерді жұбатпай, көз жастарын сүртпей, олардың көңілін жадыратпай тыным таппайтын болды. Ол аманат пен жауапкершілік түсінігін ұғынғаны соншалық – халифтық дәуірі біткенше үмметтің қызметі үшін күндіз-түні тыным таппады. Осыған қарамастан, қызметін ешқашан жет-кілікті деп көрген жоқ. Аллаһ Расулын өнеге тұтқандықтан жоғары деңгейдегі әділдік, қабілет және лайықтылығына қарамастан, қызметінің ауыртпалығынан жаншылған көңілін ешқашан жұбата алмады.

Қастандыққа ұшырап, ауыр жараланған кезде оған:

«Орныңызға біреуді тағайындаңыз!» десті. Сонда ол хақ пен әділдікте қара қылды қақ жарған әділдігіне қарамастан:

«Сендердің жауапкершіліктеріңді деним сау кезде арқалағаным сияқты қайтыс болғаннан кейін де арқалайын ба? Мен халифтықтан ешқандай сый күтпеймін. Осы қызметтегі сауаптарым мен обалымның (зиянымның) бір-біріне тең болғанын қалар едім! Пайдасы да, зияны да тең. Тек (иләһи сотта, Аллаһ алдында) жауапқа тартылмасам болғаны!»[28] - деп жауап берді

Орнына ұлы Абдұллаһты қалдыруын ұсынған кезде де:

«Бір үйден бір құрбан жеткілікті!» - деді.

Міне, ол мүбәрак сахаба үмметтің жауапкершілігін арқалап, ауыртпалықтарын көтеріп, өзінің қасіретін ұмытып кеткен еді. Оның бір қайғысы мен мақсаты адамдардың тыныштығы мен амандығы болатын. Бұл жолда үлгі

28. Мүслим, Имарат, 11.

тұтқан Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм еді. Оның Аллаһ жолында арқалаған қиыншылығы мен ауыртпашылықтарын ешқашан есінен шығармай, бейне бір қарда жүрген адамның ізін басқандай, Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің ізімен жүріп жатқан еді.

Зүһді (дүниеге қызықпаушылыңы) және истиғнасы (көңіл тоқтығы)

Хазіреті Омар раияллаһү анһү Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің мүбәрак денесінен құрма жапырақтары мен бұтақтарынан жасалған төсеніш қалдырған ізді көріп еңіреп, қатты қайғырған еді. Әлемнің мақтанышы Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уәсәлләм одан не үшін жылағанын сұрағанда, ол:

«О, Расулаллаһ! Сасаниттер мен Римнің патшалары қалай өмір сүретіндігі, бәрімізге мәлім! Алайда Сен Аллаһтың Расулысың!» - деп, өз ойын білдірген еді. Сонда Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Ей, Омар! Дүниенің олардікі, ахіреттің біздікі болуын қаламайсың ба?» - деп, оны жұбатқан еді. (Мүслим, Талақ, 31)

Хазіреті Омар радияллаһү анһү халиф болған кезінде Сирия, Ирак, Палестина, Мысыр сияқты өлкелер алынып, Иран жері толықтай Ислам мемлекетіне қараған еді. Византия мен Иранның бай қазыналары Мәдинаға ағыла бастады. Қоғамның әлеуметтік деңгейі көтерілген, бірақ мүминдердің халифасы Хазіреті Омар радияллаһү анһү барлық байлық пен молшылықтан тыс қалған еді. Мемлекеттің айбынды салтанаты мен көркеюіне, қазынасының молдығына қарамастан ол жамау киіммен жүретін. Ол нәпсісінің Ислам елінің басшысы деген атақ-мансаптан жеңіліп қалмауы үшін өте қарапайым өмір сүретін. Құлымен бірге Шамға бара жатқанда:

«Кезек сенікі, қане, түйеге сен мін!» - деген еді. Құлы:

«Ей, Халифа! Мені халифа деп ойлап қалар» - деп, өз ойын жеткізсе де, құлын түйеге мінгізіп, өзі жаяу Шамға кіреді. Осылайша Ислам бауырмалдық үлгісімен естелігі ғасырдан-ғасырға жеткен теңдессіз өнеге қалдырды.

Халиф Хазіреті Омар кейде қарызданып, қиыншылықта өмір сүрген. Қазынадан тек жететіндей мөлшерде ғана ақы алуға келісіп, сонымен әрең күн көретін. Тіпті, оны танымайтын адамдар оның осы қарапайымдылығынан оның мұсылмандардың халифасы екендігін аңғара бермейтін еді.

Алдыңғы қатардағы сахабалар халифаның бұл жағдайына шыдай алмады. Айлығын көбейткісі келді. Бірақ мұны өзіне айтудан тартынып, Пайғамбарымыздың жұбайы әрі Хазіреті Омардың қызы Хафса анамызға айтты. Әкесіне осы ұсынысты жеткізуін сұрады. Хазіреті Хафса сахабалардың ұсынысын әкесіне жеткізді. Пайғамбарымыздың күні бойы аштықтан бұратылып аузына салатын бір құрма да таппаған кездеріне куә болған[29] Хазіреті Омар радияллаһу анһү қызы Хафсаға:

«Қызым! Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм не жеп, не киюші еді?» - деп сұрады.

«Тек жететіндей мөлшерде ғана болатын» - деген жауап алған соң, сөзін былай сабақтады:

«Екі дос (Хазіреті Пайғамбар мен Әбу Бәкір) және мен бір жолдағы үш жолаушы сияқтымыз. Алғашқымыз (Хазіреті Пайғамбар) өз орнына жетті. Екіншісі (Әбу Бәкір) сол жолмен жүріп алғашқыға қауышты. Үшінші болып мен де

29. Қараңыз, Мүслим, Зүһд, 36.

достарыма қауышқым келеді. Егер артық жүк арқалайтын болсам, оларға жете алмаймын! Әлде сен солардың үшіншісі болғанымды қаламайсың ба?» - деді.[30]

Омар радияллаһү анһүдың бір мақсаты Аллаһтың ризашылығы ғана еді. Бұл мақсатқа бел буғаны соншалық, соған жету жолындағы барлық пәлекеттер мен қиыншылықтардың оның назарында ешбір мәні жоқ еді. Сол үшін қиыншылықтар мен азаптың барлық түрін сабыр, ризашылық және мойынсұнушылықпен қабылдайтын. Аллаһ Расулының бірнеше рет оған жәннәтты сүйіншілегендігіне қарамастан, барлық өмірінде дүниеге мойын бұрмады.

Аллаһ Расулына деген махаббаты

Бір күні Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм ұмра жасау үшін өзінен рұқсат сұраған Хазіреті Омарға сүйіспеншілікпен:

«Бауырым! Дұғаңда бізді ұмытпағайсың!» - деген еді. Осы ілтипатқа бола қатты тебіренген Хазіреті Омар:

«Қуанғаным соншалық, бейне бір барлық дүие менікі болғандай болдым» деген еді. Өйткені Аллаһ Расулы көрсеткен аз ғана ілтипаттың өзі күллі дүниеден артық еді. Хазіреті Омардың Пайғамбар махаббатын бейнелейтін мына бір мысал да аса назар аударарлық еді:

Пайғамбарымызды қатты сүйетін Фирас атты сахаба бар еді. Пайғамбарымызға деген махаббаты себепті Оның бір затын тәбәрік ретінде алғысы келетін-ді. Бір күні Пайғамбарымыздың тамақ жеп отырғанын көріп, тамақ салған ыдысын өзіне беруін сұрады. Ешкімнің қалауын қайтармаған Аллаһ Расулы ыдысты оған сыйлады.

30. Шәһбәндәрзада Ахмед Һилми, Тарих-и Ислам, I т. 367 б.

Хазіреті Омар радияллаһү анһү ауық-ауық Фирастың үйіне барып:

«Қане, әлгі қасиетті ыдысты әкелші!» - дейтін. Сонда Аллаһ Расулының мүбәрак қолы тиген сол ыдысты зәмзәмға толтырып, қанғанша ішіп, қалған суды жүзіне, көзіне шашатын-ды. (Ибн Хажар, әл-Исәбә, III, 202)

Омар әл-Фаруқ радияллаһү анһү

Хазіреті Омардың бір сипаты **«Фаруқ»** болатын. Аллаһ Тағала:

«Ей, Иман келтіргендер! Егер Аллаһтан қорықсаңдар, Ол сендерге фұрқан (жақсы мен жаманды ажыратқыш қабілет) **береді!..»** (Әнфәл сүресі, 29) - деп бұйырады. Аллаһтан қорқуда да теңдесі жоқ тұлғалыққа ие болған Хазіреті Омар мәселелерді шешуде, ақиқатты ақиқат деп біліп оған мойынсұну, жалғанды жалған деп біліп одан сақтану турасында Аллаһтың сыйы ретінде өте орынды үкім беретін. Сондай-ақ Омар радияллаһү анһүдың көптеген мәселелер туралы айтқан пікірлерінің кейін түскен аяттармен саймасай келгендігі баршаға мәлім. Оның осы қасиеті бір хадис шәрифте былай баяндалған:

«Аллаһ Тағала ақиқатты Омардың тілі мен діліне салған». (Термези, Мәнәқиб, 17/3682)

Тағы бір хадис шәрифте Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Сендерден бұрынғы үмметтердің арасында өздеріне аян берілген адамдар бар еді. Егер үмметімнің ішінде солардың бірі бар болса, шүбәсіз, ол – Омар» - деп айтқан. (Бұхари, Асхабун-Нәби, 6)

Хазіреті Омар радияллаһү анһүдың осы қасиетінің көптеген көріністері байқалған еді. Бірақ осылардың ішінде ерекше назар аударарлық бір оқиға бар, ол оның нақты бір кереметі:

Омар радияллаһү анһү мінбәрде халыққа хұтба айтып тұрған кезде:

«Ей, Сария! Тауға, тауға!» - деп, дауыстаған еді. Хазіреті Омар хұтбаның тақырыбына қатысы жоқ осы сөзді айтқан кезде, қолбасшы Сария Мәдинадан бір айлық ұзақ қашықтықта Аллаһ дұшпандарымен соғысып жатқан болатын. Бірақ Аллаһ жәллә жәләлүһу Омар радияллаһү анһүдың дауысын Сарияға жеткізіп, естірткен еді. (Ибн Хажар, әл-Исәбә, II, 3)

Аллаһтың ілтипаты мен сыйының арқасында көптеген рухани көріністерге ие болған Хазіреті Омар радияллаһү анһү туралық пен әділдіктің ескерткішіне айналғаны сонша-лық, ол жүрген жерде адамдарды күнә мен жамандықтарға жетелейтін ібіліс жүре алмайтын. Сондықтан зұлымдық пен әділетсіздік болмайтын. Содан болар, Пайғамбарымыз аләйһиссаләтү уәссәләм Хазіреті Омарға:

«Нәпсім құдірет қолында болған Аллаһқа ант етемін, шайтан саған жолда жолықса, ол, сөзсіз, жолын өзгертеді» - деген. (Мүслим, Фадайлус-Сахаба, 22)

Адамның айнасы – ісі

Хазіреті Омар радияллаһү анһүдың парасаттылық пен сырға толы мына сөздері қандай керемет насихат десеңізші:

«Бір адамның оқыған намазына, ұстаған оразасына қарамаңдар. Сөйлеген кезде шындықты айта ма, өзіне аманат етілгенге қиянат жасай ма, дүниемен араласқан

кезде халал мен харамға назар аудара ма, соған қараңдар». (Бәйхаки, Сүнәнул-Күбра, VI, 288; Шұаб, IV, 230, 326)

Өйткені шынайы мағынада және лайықты түрде оқылған намаздар мен ұсталған оразалардың әртүрлі жаманшылықтарға кедергі болатындығы иләһи шындық әрі сүйінші. Алайда нәпсісін тәрбиелеуге, әрекеттері мен мінез-құлқын жақсартуға тырыспаған мүминнің жасаған құлшылықтарында фәйз бен руханилық болмайтындықтан, оны жаманшылықтар мен қателіктерден қорғай алмайды.

Сондай-ақ еңбектенбей жалқаулыққа салынып, «Біз тәуекел етушіміз» - дейтін адамдарға Хазіреті Омар радияллаһу анһу:

«Сендер Аллаһқа емес, басқалардың мал-мүлкіне сенетін адамсыңдар. Шынайы тәуекел етуші адам – жерге дәнді еккеннен кейін Аллаһқа тапсыратындар» - деп ескерту жасаған. (Ибн Рәжәб, Жамиүл-Ұлум, I, 441)

Тағы бірде бір адам Хазіреті Омардың қасында өзге бір адамды мақтаған еді. Омар радияллаһу анһу:

«Онымен сапарға бірге шығып, не көрші болып, яки сауда жасап көрдің бе?» - деп сұрақ қояды. Әлгі адам барлық сұрағына «жоқ» деп жауап берген соң, Хазіреті Омар:

«Аллаһқа ант етемін, сен оны танымайсың» - дейді. (Ғазали, Ихия, III, 312)

Мінеки адамдарды танып, баға беруде көбірек назарда болатын нәрсе осы. Сондықтан бабаларымыздың:

Адамның айнасы – ісі. Сөзіне қарама,
Тұлғаның ақылы ісімен белгілі... -

деген шумақтармен жеткізген ақиқат Хазіреті Омардың

ең көп көңіл бөлген өмірлік қағидаларының бірі болатын. Осыған қарағанда адамның мықты қасиеттерге ие болуы, немесе ие болмауы және рухани деңгейі оның күнделікті қарым-қатынастарында, іс-қимылдарында.

Осы жайында Хазіреті Омар былай деген:

«Көрмейінше маған ең сүйкімділерің, есімі ең көркем болғандарың. Ал көргеннен кейінгі маған ең сүйкімділерің, мінез-құлықтарың ең тамаша болғандарың. Сендерді сынағандағы маған ең сүйкімділерің – шындықты айтатындарың». (Ибн Жәузи, Мәнәқиб, 219 б)

Құранмен кемелденген өмір

Хазіреті Омар радияллаһу анһудың Құран Кәрімге бағыну сезімі де ерекше болатын. Оның мұсылман болуына қарындасы Фатиманың үйінен естіген Құран Кәрім себеп болған еді.

Хазіреті Омар Құран Кәрімнің мағынасына бойлап, шарттарына сай өмір сүру үшін көп еңбектенетін. Бұл оған шексіз ләззәт беретін.

Риуаят бойынша, Бақара сүресін жан-тәнімен он екі жылда жүзеге асырып, тәмамдаған соң шүкіршілік ниетімен бір түйені құрбандыққа шалған. (Құртуби, әл-Жами, I, 40)

Қорыта айтқанда, Хазіреті Омар Құран мен Сүннетке бағынудағы мызғымас табандылығы, Аллаһ жолындағы ықыласы мен еңбегіндегі үлгілі әрекеттерімен, хикмет және ғибратқа толы өмірімен теңдесі жоқ парасаттылық пен туралықтың қайнар көзі болған.

Хазіреті Омар қайтыс болғанда Абдұллаһ бин Мәсуд радияллаһу анһу қатты қайғырып:

«Білімнің оннан тоғызы кетті» - деген екен.

Мұны естіген сахабалар оған:

«Әлі арамызда ғалымдар бар ғой!» - деген кезде, ол:

«Мен мағрифат ілімі туралы айтамын» - деп жауап берген.

Міне, сол мағрифат қайнарынан лайықты түрде пайдалану қажеттілігі жайында Хазіреті Айша радияллаһү анһә анамыз былай деген еді:

«Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға салауат айтып, Омар бин Хаттаб жайлы сөйлесу арқылы мәжілістеріңді безендіріңдер». (Ибнүл-Жәузи, Мәнәқиб, 276 б.)

Мінеки, Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің көркем мінезін, білімі мен парасатын үлкен көрегенділікпен үйреніп, сол нәрмен Аллаһ жолында қызмет еткен Хазіреті Омардың жан дүниесін көрсететін хикметке толы сөздері:

Хазіреті Омардың хикметті сөздері

«Күнә жасаудан бас тарту тәубемен айналысқаннан жеңіл».

«Ең жақсы көретін аадамдарым маған кемшіліктерім мен қателіктерімді айтқан адам» (Сүюти, *Тарихұл-Хұләфа*, 130 б.).

«Көп сөйлеген көп қателеседі. Көп қателескен адамның ұят сезімі азаяды. Ұят сезімі азайған адамның, күнә мен харамға бату қорқынышы мен күмәнді нәрселерден сақтану қасиеті жоғалады. Күмәнді нәрселерден сақтану қасиетінен айырылған адамның жүрегі өледі».

«Мына айтқаным, ғайыптан хабар беру болып саналмағанда, бес адамның жәннәттық екендіктеріне куәгерлік жасар едім:

1. Көп балалы (болып шүкіршіл әрі сабырлы) кедей.

2. Күйеуі өзіне риза болған (ізгі) әйел.

3. Мәһрін (яғни неке кезінде екі жақтың келісімімен тағайындалған мәһрін) күйеуіне сыйлаған әйел.

4. Әкесі мен шешесін разы еткен адам.

5. Күнәсынан (жиіркеніп шынайылықпен) тәубе еткен адам...»

«Барлық достарды аралап көрдім. Тілге ие болудан артық дос таппадым.

Барлық киімдерді көрдім. Арлылық пен сақсынудан артық киім таппадым.

Барлық мал-мүлікті көрдім. Қанағаттан артық байлық көрмедім.

Барлық ізгіліктерді көрдім. Насихаттан артығын көрмедім.

Барлық тамақтан дәм таттым. Сабырлылықтан тәттісін көрмедім».

«Адамдармен жақсы дос болу – ақылдың жартысы. Орынды сұрақ қою – білімнің жартысы. Орынды сақтану – өмір сүрудің жартысы».

«Ахиреттің қасында дүние дегенің не! Қоянның секіргені сияқты нәрсе». (Ибн Әби Шәйба, Мұсаннәф, YIII, 152)

«Артық даурықпаған адамға хикмет беріледі.

Артық (кемшілік іздеп) қарамаған адамның жүрегіне қарапайымдылық беріледі.

Артық тамақ жемеген адамға құлшылықтың ләззаты беріледі.

Артық күлмеген адамға айбын беріледі.

Қалжыңды тастаған адамға ізет беріледі.

Дүние сүйіспеншілігін тәркі еткен адамға ахірет махаббаты беріледі.

Басқаның айыбымен айналысуды тастаған адамға нәпсісінің кемшіліктерін түзету мүмкіншілігі беріледі.

(Мүтәал, яғни санадан тыс) Аллаһтың болмысы жайлы қарастыруды тәрік еткен адамға адасушылықтан құтылу (мүмкіншілігі) беріледі».

«Он нәрсе он нәрсесіз түзелмейді:

Ақыл – ар-ұятсыз; парасаттылық – білімсіз; табыс – қорқынышсыз; сұлтан – әділетсіз; тектілік пен абырой – әдепсіз;бейбітшілік–қауіпсіздіксіз;байлық–жомарттықсыз; пақырлық – қанағатсыз; ұлылық – қарапайымдылықсыз; жиһад – тәуфиқсыз жақсарып, түзелмейді».

«Мархамат етпеген адамға мархамат жасалмайды, кемшіліктерді кешірмеген кешірілмейді, күнәдан сақтануға тырыспаған адам қорғанып тақуалыққа жетпейді». (Бұхари, әл-Әдәбүл-Мүфрәд, 415 б, №371)

«Дұға аспан мен жердің арасында тұрады. Расулұллаһқа салауат айтпайынша, Аллаһқа жетпейді». (Термези, Уитр, 21)

«Біздің базарымызда дінді (діннің сауда шарттарын) білетін адам сауда жасасын». (Термези, Уитр, 21/487)

«Бетіне мақтау бауыздағанмен тең». (Ибн Құтайба, әл-Мәсәйл, 145 б.)

Хазіреті Омар әкімдерге былай деп жазған:

«Менің алдымда ең маңызды істерің – намаз. Кімде-кім оны қорғап уақытына мұқият болса, дінін сақтағаны. Кімде-кім оны орындамай жоғалтатын болса, дінін де аз уақыт ішінде жоғалтады». (Муатта, Вұқутүс-Салат, 6)

Қазы Шурайх Хазіреті Омарға хат жазып, қалай үкім шығаратындығын сұрайды. Хазіреті Омар радияллаһү анһү жауап ретінде:

«Аллаһтың Кітабындағылармен үкім шығар. Егер одан таба алмасаң, Аллаһ Расулының Сүннетімен үкім шығар. Аллаһтың Кітабы мен Расулының Сүннетінен таба алмасаң, ізгілердің берген үкімдерімен үкім шығар. Салих адамдардың берген үкімдерінің арасынан да таба алмасаң, қаласаң өзің үкім шығар. Шегініп, үкім шығармағаның, сен үшін дұрыс болар деп ойлаймын. Уәссәләм...» - деп жауап жазады». (Нәсәй, Қудат, 11/3)

«Байлық та, кедейлік те бірдей көлік. Қайсысына мінсем де қынжылмаймын».

«Ең ақылды адам адамдардың әрекеттерін ең жақсы бағалай білетін адам».

«Біреудің қойған сұрағынан оның ақыл деңгейін түсінемін».

«Бүгіннің ісін ертеңге қалдырма».

«Іс бір рет кейінге қалса, ешқашан алға жылжымайды».

«Жаманшылықты білмеген адам оның тұзағына түседі».

«Дүниеге аз көңіл бөлсең еркін өмір сүресің. (Нәпсінің тұтқыны болмайсың)».

«Өз сенімің бойынша өмір сүрмесең, өмір сүргеніңе сене бастайсың».

«Адамдарды түзету үшін алдымен өзіңізді түзетуіңіз керек».

«Адамдардың ең наданы (және ақымағы) өз ахіретін басқаның дүниесіне сатқан адам».

«Жақсылықтың абыройы кешікпей істелуінде».

«Жаман істің ең жасырын куәсі – өз ұжданымыз». Сондай-ақ Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм жақсылықтың не екендігін сұрау үшін келген адамға *«Жүрегіңмен ақылдас! Жақсылық – жүрегің рахат табатын және орындалуын мақұлдаған іс. Күнә болса, ішіңді тырнаған және басқалар саған "істе" деп пәтуә берсе де, ішіңде күмән тудыратын нәрселер»* - деген. (Ибн Ханбәл, IV, 227/228)

«Сырын жасырған адам өзін-өзі билейді».

«Қаталдық көрсетпей күшті, әлсіздік көрсетпей жұмсақ бол».

Міне, осылайша жоғары деңгейдегі рухани күйге және тақуа өмірге ие болған Хазіреті Омар радияллаһү анһү үнемі:

«Ей, Аллаһым! Мені кенеттен ұстауыңнан, ғапылдық ішінде қалдыруыңнан және ғапылдардың қатарына қосуыңнан бір Өзіңе сыйынамын» - деп дұға жасайтын.[31] Күн батқанда қамшысымен аяғын ұрып, **«Ей, Омар! Бүгін не істедің?»** - деп, өзін жауапқа тартатын.[32] Ол нәпсісін жауапқа тарту ісін күнделікті әдетіне айналдырған еді.

Оның осы қасиеттердің барлығы бізге мұраға қалған ең тамаша насихат үлгілері екендігінде дау жоқ. Біз де сол мү-бәрак сахабаның осы тамаша өнегелерін, естеліктерін көңілімізге тоқып, жиі-жиі **«Бүгін Аллаһ үшін не істедім?» -** деп, өзімізді сын тезіне салуымыз керек. Материалдық һәм рухани міндеттерімізде ғапылдық, немқұрайдылық, жалқаулық танытудан мұқияттылықпен сақтануымыз керек.

31. Ибн Әби Шәйба, Мұсаннаф, VII, 82.
32. Ихия, IV т. 728 б.

Раббымыздың алдында жауапқа тартылмас бұрын өзімізді жауапқа тартуымыз қажет.

Раббымыз ахиреттегі есебімізді жеңілдетсін. Иман және көркем ахлақ шеңберінде ізгі амалдарға толы өмір сүріп, мәңгілік өмірдің бақытылығымен көңілімізді қуантсын. Хазіреті Омар радияллаһу анһудың «Фаруқ» сипатынан біздің көңілімізге де нәсіп қылсын!

Әмин!

Рашид халифтардың өмірлік дәстүрлері - 3

Хазіреті Осман

радияллаһу анһу - (644 - 656)

Ғалым, ариф, сыпайы, жомарт, жүрегі жұмсақ, мінезі көркем, асқан арлы, рухани бай, қарапайым және өзгелердің сүйіктісі болған Хазіреті Осман радияллаһу анһу Аллаһ Расулының сөзімен айтқанда «сахабалардың ішінде мінезі өзіне ең көп ұқсайтын сахаба» еді.

Құран оқып отырғанда қаскөйлердің қолынан зұлымдықпен шәһит болған. Ғазиз шәһиттің мұбәрак қаны оқып отырған Құранындағы:

***«...Оларға қарсы Аллаһ саған жетеді. Ол барлық нәрсені естуші әрі білуші»** - деген аятқа тамған. (Бақара сүресі, 137)*

Рашид Халифтардың өмірлік дәстүрлері – 3
ХАЗІРЕТІ ОСМАН
радияллаһу анһу - (644 - 656)

Төрт үлкен халифтың үшіншісі Хазіреті Осман радияллаһу анһу Пайғамбар Мырзамызға жан-тәнімен, мал-мүлкімен қызмет етіп, Оған күйеу бала болу бақытына бөленген таңдаулы сахабалардың бірі. Ол Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің дәуірінде һәм Хазіреті Әбу Бәкір мен Хазіреті Омардың кездерінде және өзінің халиф болған кезінде өте үлкен қызметтер атқарған.

Зин-Нұрайн

Пайғамбар Мырзамыздың қадірлі де аяулы қызы Хазіреті Рұқийяға үйлену бақытына ие болған Хазіреті Осман мүбәрак жұбайы қайтыс болғаннан кейін қайғыға батады. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм одан осыншама қайғыруының себебін сұраған кезде ол қайғысының себебін:

«Уа, Расулаллаһ! Менің басыма келген ешкімнің басына келген жоқ. Қызыңыз Рұқийя қайтыс болған соң Сізбен арамыздағы туысқандық байланыс үзілді!» - деп түсіндірген еді.

Хазіреті Осман жақындарының қайта отбасын құру ұсыныстарына «Мен Аллаһ Расулынан соң кімді «қайын ата» деп көре аламын?! Оның қызына үйленгеннен кейін кімді некеме ала аламын?!» - деп ойлап, сол мүбәрак отбасымен байланысының үзілгендігіне қатты қайғырып жүрді.

Хазіреті Османның осы халін көрген Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм оның ерекше махаббаты мен тәуелділігіне өте риза болды. Содан кейін кіші қызы Үммү Гүлсімді оған ұзартып, некеледі. Біраз уақыттан кейін Үммү Гүлсім анамыз да қайтыс болды. Сонан соң, Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Егер үшінші қызым болғанда оны да саған берер едім»[33-] - деп, Хазіреті Османға деген ерекше көңілін білдіріп, ілтипат еткен.

Өйткені ғалым, ариф, сыпайы, жомарт, жүрегі сезімтал, мінезі көркем, асқан арлы, рухани бай, қарапайым әрі өзгелердің сүйіктісі болған Хазіреті Осман радияллаһу анһү Аллаһ Расулының сөзімен айтқанда *«сахабалардың ішіндегі мінезі өзіне ең көп ұқсайтын сахаба»*[34] еді. Шынында да, сахабалардың ішінде Хазірет Османнан артық тамаша сөйлейтін адам жоқ еді. Өйткені қысқа да нұсқа сөйлейтін.

Арлылықтың ескерткіші

Хазіреті Осман арлылығымен де өнегелі тұлға болатын. Періштелердің өзі одан ұялатын.[35]

Бір күні Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Айша анамызбен бірге отырған кезде Хазіреті Әбу Бәкір

33. Қараңыз, Хазіреті Осман Зиннұрайн, Рамазаноғлұ Махмуд Сами, 12 б.
34. Қараңыз, Хазіреті Осман Зиннұрайн, Рамазаноғлұ Махмуд Сами, 13 б.
35. Ахмед, І, 71; ҮІ, 155.

рұқсат сұрап үйге кірді. Артынан Хазіреті Омар, содан кейін Сад ибн Мәлік кірді. Хазіреті Осман да кіру үшін рұқсат сұраған кезде Пайғамбарымыз дереу жинақталып, дұрысталып отырды да Хазіреті Айшаға:

«Сен кері шегін!» - деді.

Хазіреті Осман кірді. Біраз сөйлескеннен кейін рұқсат сұрап шығып кетті.

Хазіреті Айша:

«Әкем Әбу Бәкір мен басқа сахабалар кірген кезде отырысыңызды өзгертпедіңіз және маған кейін шегін демеген едіңіз. Осман келген кезде неге өзгеше істедіңіз?» - деп, сұрағанында, Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Періштелердің өзі одан ұялады. Мен ондай адамнан қалайша ұялмаймын?! Аллаһқа ант етемін, періштелер Аллаһ пен Расулынан ұялғанындай, Османнан да ұялады. Егер сен қасымда отырғаныңда ол кіргенде, шыққанша басын да көтермес еді, сөйлемес те еді» - деді.[36]

Арлылық пен әдептіліктің үлгісіне айналған Хазіреті Осман:

«Көзді харамнан сақтау шәһуәтке қандай тамаша перде» деп, бұл мәселеде адамдарды дұрыс жолға бағыттайтын.

Әнәс радияллаһү анһү бір күні Хазіреті Османға бара жатып, жолда бір әйелді көреді. Әйелдің сұлулығы есінен шықпайды. Осы оймен Хазіреті Османның қасына барады. Оны көрген Хазіреті Осман:

«Әй, Әнәс! Көзіңде зинаның ізі бола тұра, осында келдің ғой!» - дейді.

36. Қараңыз. Хз. Осман Зин-нұрайн, Рамазаноғлу Махмуд Сами, 12 б.

Мұны естіген Әнәс радияллаһу анһу сасқалақтап әрі таңданып, әрі ұялып:

«Аллаһтың Расулынан кейін де уахи келе ме?» - деп сұрайды. Хазіреті Осман радияллаһу анһу болса:

«Жоқ, бұл көрегенділік әрі парасаттылық»[37] - дейді.

Бұл ғазиз сахабадағы көркем ахлақтың Хақ Тағаланың алдындағы құны мына бір хадис шәрифтен анық байқалады.

Бір күні Хазіреті Әли радияллаһу анһу сүйікті Пайғамбарымызға дәрет алу үшін су алып келеді:

– Ей, Аллаһтың Расулы! Қиямет күні есеп беруге ең алдымен кім шақырылады? - деп сұрайды. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– Мен. Мен Аллаһтың құзырында қалағанымша тұрамын. Содан кейін сол жерден барлық күнәларым кешірілген күйімде шығамын, - дейді. Хазіреті Әли:

– Сізден кейін кім? - деп сұрайды. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– Менен кейін Әбу Бәкір. (Ол да) Аллаһтың құзырында қалағанынша тұрады және ол жерден барлық күнәлары кешіріліп шығады, - дейді. Хазіреті Әли:

–Содан кейін кім? - деп сұраған кезде, Пайғамбарымыз:

– Содан кейін Омар бин Хаттаб. (Ол да) Аллаһтың құзырында тұрып, сол жерден барлық күнәлары кешіріліп шығады, - дейді. Хазіреті Әли тағы да:

– Содан кейін кім? - деп сұрағанда, Пайғамбарымыз:

37. Құшайри, Рисала, Бәйрут, 1990, 238 б.

– *Содан кейін сен,* - дейді. Хазіреті Әли:

– Осман бин Афуан қайда? - дейді. Сүйікті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Осман (тым) арлы. (Сондықтан) Раббымнан оны есеп беруге тұрғызбауын сұрадым. Раббым тілегімді қабыл алды,* - деп. жауап берді. (Мұхаммед әр-Рафии әл-Казвини, әт-Тәдвин фи Ахбари Казвин, 1/114)

Аллаһ Расулы қабылданбаған жерде мен де жоқпын!

Хазіреті Осман радияллаһү анһү сүйікті Пайғамбарымызды өз жанынан да жақсы көріп, Оның ишарасының өзін бұйрық санап, осы жолда ешбір жанқиярлықтан тартынбайтын. Хұдайбияда сүйікті Пайғамбарымыздың елшісі ретінде Меккеге барған еді. Мүшріктерге ұмра жасап қайту ниетінде екендіктерін жеткізді. Мүшріктер рұқсат етпеді. Хазіреті Османға қаласа тек өзі ғана Қағбаны тауаф ете алатындығын айтты. Осман радияллаһү анһү болса, Аллаһ Расулына деген адалдығын дәлелдейтін мына керемет жауапты берді:

«Хазіреті Пайғамбар Қағбаны тауаф етпейінше, мен де тауаф ете алмаймын! Мен Бәйтұллаһты (Аллаһтың үйін) тек Оның артында жүріп қана зиярат қыламын. Аллаһ Расулы қабылданбаған жерде мен де жоқпын!» (Ахмед, IV, 324)

Хұдайбияда күткен мұсылмандар Хазіреті Османның шәһид болғандығы туралы қауесет сөз естіген кезде Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм мүшріктермен соғысуға сахабаларының (бәй'ат) келісімін алды. Содан кейін, бір қолын екінші қолының үстіне қойып:

«Аллаһым, бұл келісім (бәй'ат) Осман үшін. Шүбәсіз ол Сенің және Расулыңның қызметінде»[38] деп, оған деген сенімі мен махаббатын білдірді. Сол арада мүшріктер келісім жасау үшін елші жіберді. Олардан кейін Хазіреті Осман да аман-есен оралды.

Жомарттықтың Күні

Міне, осылайша адалдықтың үлгісі болған Осман радияллаһу анһу **жомарттықта** да дара тұлға болғаны соншалық, *«Байлықтың салтанаты – шүкіршілік. Шүкіршілік болса, молынан Аллаһ жолында жұмсау»* деп, бұл турасында өзі өнеге болған. Сондай-ақ жүздеген құлды Аллаһ ризалығы үшін азат еткен және ондай істерге дәнекер де болған еді.[39]

Ауыртпалыққа толы жорық болған Тәбук ғазауатында Хазіреті Османның бір өзі 300 түйені толық жабдықтарымен әзірлеп, әскерге берді. Қосымша тағы мың динар берді. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм ол жайында: *«Османға (осы садақасы үшін) осыдан кейін істейтін ешбір нәрсесі оған зиянын тигізбейді»*[40] деп сүйіншілеп, ілтипат көрсетті.

❀

Осман радияллаһу анһу Мәдинаға һижрат еткен соң мұсылмандардың ауыз суы мәселесінде қиналғандарын көрген еді. Мәдинадағы барлық құдықтардың суы ащы болатын. Тек бір еврейге тиесілі Румә құдығының суы тұщы болатын. Еврей осы құдықтың суын сатып өмір сүретін.

38. Бұхари, Асхабүн-Нәби, 7.
39. Қараңыз, Хазіреті Осман Зиннүрайн, Рамазаноғлұ Махмуд Сами, 163 б.
40. Термези, Мәнәқиб, 18/3700; Ахмед, V, 63.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Румә құдығын жәннәтта одан да жақсысына қол жеткізу үшін кім сатып алып, өз қауғасын мұсылмандардың қауғасымен тең қылғысы келеді?» дейді. Яғни құдықты сатып алған адам мұсылмандармен тең дәрежеде одан пайдалана алатынын айтқан еді.

Хазіреті Осман дереу осы құдықты сатып алмақ болды. Бірақ еврей келіспеді. Ақыры бір күн еврей, бір күн мұсылмандар қолданатындай шартпен құдықтың жарты пайызын сатып алуға қол жеткізді. Кейін құдықты толық сатып алды. Сүйікті Пайғамбарымыз аләйһиссаләту уәссәләм Хазіреті Османға:

«Адамдардың су ішуі үшін (құдықты) қорға бересің бе?» - деп сұрады. Ол бұл қалауды жан дүниесімен қабылдап, құдықты қорға берді. Осылайша Хазіреті Османның осы қамқорлығымен мәдиналық мұсылмандар су тапшылығынан құтылды.

Риуаят бойынша Осман радияллаһу анһу асқан адамгершілік үлгісін таныта отырып, өзі сатып алып көпшіліктің игілігіне берген осы құдықтан өзі де су алу үшін халықпен бірге кезекке тұрып күтетін. Тағы бір риуаятқа қарағанда, Хазіреті Османның бұл теңдессіз ісіне қатысты мына бір аяттар түсті:

«Ей, жай тапқан жан! Сен Раббыңнан разы-хош болған, Ол да саған разы-хош болған жағдайда Раббыңа қайт! (Салих) құлдарымның қатарына қосыл, жәннәтыма кір». (Фәжр сүресі, 27-30)

Ислам жылдам таралып, Мәдинаға қоныс аударғандар көбейген соң Нәбәуи мешіті (пайғамбар мешіті) тар болып, мешітке сыймаған халық мешіттің айналасына шатырлар құрған еді. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Мешітімізді бір шынтақ бойы болса да кеңейткен адам жәннәтқа кіреді» - деді. Хазіреті Осман радияллаһу анһу:

«О, Расулалаһ! Мал-мүлкім Сенің жолыңа пида болсын. Мешітті кеңейту ісін мен мойныма аламын» - деді. Сол кезде:

«Аллаһтың мешіттерін тек Аллаһқа және ахірет күніне иман еткен, намазды дұп-дұрыс оқыған, зекетті берген және Аллаһтан басқасынан қорықпаған адамдар салады. Міне, тура жолға түсуінен үміт етілгендер осылар» - деген аят түсті. (Тәубе сүресі, 18)[41]

Хазіреті Әли радияллаһу анһу Хазіреті Фатимаға үйленетін кезде өзінің сауытын сату үшін базарға жіберген еді. Сауыттың ақшасын тойдың шығындарына қолданбақ еді. Хазіреті Осман радияллаһу анһу базарда Хазіреті Әлидің сауытын танып қойды. Дереу сатушы адамды шақырып:

«Бұл сауыттың иесі мына сауытқа қанша сұрайды?» - деп сұрады. Төрт жүз дирһәм екендігін білген ол, сауытты сатып алып, ақшасын берді. Содан соң ол сауыттың үстіне тағы төрт жүз дирһәм қосып Хазіреті Әлиге жіберді:

«Бұл сауыт өзіңнен басқаға лайық емес. Мына төрт жүз дирһәмды да тойыңа жұмса және айыпқа бұйырма» - деді.[42]

Ол «жомарттық күнінің» жоғары ахлағын көрсететін мына бір оқиға да өте ғибратты:

41. Қараңыз, Хазіреті Осман Зиннұрайн, Рамазаноғлу Махмуд Сами, 145 б.
42. Қараңыз, Хазіреті Осман Зиннұрайн, Рамазаноғлу Махмуд Сами, 139 б.

Хазіреті Әбу Бәкірдің Халифтік кезеңінде бір жолы Мәдинада ашаршылық болған еді. Сол кезде Хазіреті Османның Шамнан (Дамаск) жүз түйеге тиелген бидай керуені келді. Керуенді көргендер бидай сатып алуға жүгірді. Тіпті бір дирһәм тұратын бидайға жеті дирһәм ұсынды. Хазіреті Осман болса:

– Жоқ! Сендерден де артық беретін бар, соған сатамын - деді. Сахабалар жабырқаған күйінде халифа Хазіреті Әбу Бәкірдің қасына барып шағымданды. Хазіреті Әбу Бәкір бұл оқиғаның мәнін түсініп:

– Осман жайында бірден жаман ойламаңдар!.. Ол Расулұллаһтың күйеу баласы және Мә'уә жәннәтындағы жолдасы. Бәлкім, сендер оның сөзін дұрыс түсінбеген боларсыңдар, - деді. Содан кейін барлығы Хазіреті Османға барды. Хазіреті Әбу Бәкір:

– Ей, Осман! Сахабалар сенің сөзіңе ренжіпті - дегенде, Хазіреті Осман:

– Иә, ей, Расулұллаһтың халифасы! Бұлар жеті есе артық береді, алайда олардан әлдеқайда қайырлы да артық болған жеті жүз есе береді. Біз бидайды жеті жүз есе берген алушыға бердік - деді.

Сөйтіп, жүз түйе бидайды Аллаһ ризалығы үшін Мәдинаның пақырларына таратты. Жүз түйені де құрбандыққа шалды. Бұған қатты қуанған Әбу Бәкір радияллаһү анһү Хазіреті Османның маңдайынан сүйіп:

– Сахабалардың сенің сөзіңнің астарын түсіне алмағандығын басынан-ақ сезген едім - деді.[43]

43. Қараңыз, Хазіреті Осман Зиннұрайн, Рамазаноғлұ Махмуд Сами, 140 б.

Құран ғашығы

Хазіреті Османның бұл теңдессіз ахлағының өзегінде шүбәсіз Аллаһтың Расулынан және Ол әкелген Құран Кәрімнен алған фәйз (рухани нәр) жатқан еді. Расында да, Хазіреті Осман дара **Құран ғашығы** еді.

«Маған дүниеде үш нәрсе ғана сүйкімді: Аш адамдарды тойдыру, жалаңаш адамдарды киіндіру және Құран оқу», - деген Хазіреті Осман Хазіреті Әбу Бәкірдің дәуірінде жинақталған Құранды өз халифалығы кезінде лайықты сахабалардан құралған кеңес тарапынан сүрелердің реті бойынша реттеп, көбейту қызметін үлкен мұқият орындады. Һижраның 30 жылы маңызды орталықтарға Құранның осы нұсқаларын жіберді. Осылайша мұсылмандардың Құран Кәрім туралы талас-тартысқа түсуі сияқты келеңсіз жағдайлардың алдын алды.

Хазіреті Осман радияллаһү анһү күнде таңертең тұрған кезінде Құран Кәрімді құрметпен сүйіп, оқуды әдетіне айналдырған болатын.

«Аллаһтың кітабын оқымаған бір күн немесе бір түн өткізгім келмейді» (Кәнз, I, 225) - деген Хазіреті Осман көп оқығандықтан екі Құран кітабын тоздырған еді.

Абдұррахман бин Осман әт-Тәйми:«Хазірет Осман бір күні түнде бір рәкәатта Құранды хатым ете отырып, намазын аяқтаған еді»[44] - дейді.

44. Қараңыз, Хазіреті Осман Зиннұрайн, Рамазаноғлұ Махмуд Сами, 144 б.

Зүһд және қарапайымдылық

Мүбәрак сахабаларды руханият көгінің жұлдыздарына айналдырған олардың теңдессіз өмірлік ұстанымдары еді. Қолдарындағы материалдық мүмкіншіліктердің молдығына қарамастан, Аллаһ Расулына ұқсауға талпынып, өте қарапайым әрі риязат халінде өмір сүрген.

Хазіреті Осман радияллаһү анһү арзан әрі қалың, қатты матадан тігілген өте қарапайым және таза киімдерді киетін, мешітте түскі ұйқысын топырақтың үстінде ұйықтағандықтан тұрған кезде денесіне батқан қиыршық тастардың ізі байқалатын. Адамдарға ең бағалы, дәмді тамақтарды бергенімен, өз үйінде сірке суы мен зәйтүн майына ғана қанағат ететін. Күндізді оразамен, түнді намазбен өткізетін Хазіреті Осман қызметшілерін түнде мазаламайын деп, дәрет суын өзі әзірлейтін.

Құл хақы турасында өте мұқият болған Хазірет Османның бұл қасиетін көрсететін бір оқиғаны Әбу Фұрат былай деп баяндайды:

Хазірет Осман құлына:

«Кезінде сенің құлағыңды бұраған едім. Қане, қысас жаса! (есеңді қайтарып ал!)» - деді.

Құл оның құлағын ұстады. Хазіреті Осман құлына былай деді:

«Қане, қатты тарт, балақайым! Қысас осы дүниеде ғана болады. Ахіретте қысас жоқ!»[45]

45. Қараңыз. Хз. Осман Зиннұрайн, Рамазаноғлұ Махмуд Сами, 141 б.

Зұлымдыққа ұшыраған шәһид

Міне, осыншама қарапайым және әділ болған Хазіреті Османның халифтық кезеңі жеңіс тұрғысынан да аса берекелі өткен. Кипр, Ливия, Иранның Таберстан аумағы және Армения алынып, теңіз жолы саудасы басталып, Родос, Мальта аралдарына және Ыстамбұлға жорықтар жасалған еді. Византияның ең үлкен теңіз флоты Жерорта теңізінде ойсырата жеңіліске ұшыратылған еді. Бұл және бұндай жетістіктердің нәтижесінде халық пен мемлекеттің қазынасы нығая түскен еді.

Байлықтың артуымен қатар кейбіреулердің көңілінде дүниеге деген құлшыныс пайда болды. Абдұллаһ бин Сәбә сияқты еврей тексті мұнәфиқтардың үрлеген араздық шоғы Ислам әлемін шайқалтып, Хазіреті Осман жан-жақтан келген бас көтерушілер тарапынан Мәдинадағы үйінде қоршауға алынған болатын. Тіпті, өз мүлкімен сатып алып мұсылмандардың игілігіне ұсынған ауыз (құдықтың) суынан да қағылған еді. Мүминдердің халифасы басына түскен ауырпалықты және еліндегі бас көтерушілердің алдындағы шарасыз халін:

«Мен өмір бойы әкесінің тілін алмаған, өлген соң да оған дерт болған бұзық балалардың әкесі сияқтымын!» - деп баяндап, өзінен кейін шығатын фитнәларды көрегенділігімен ишаралаған еді.

Хазіреті Осман бас көтерушілерді күшпен басуды ұсынған сахабаларға қантөгіске өзі себепші болғысы келмей, рұқсат бермеген еді. Оларға:

«Мен үшін қан төгілгеннен кейін өлгенше, қан төгілмей тұрып (қаналған күйімде) өлуді таңдаймын» - деді.

Бірақ әлгі бас көтерушілерге насихат айтуға тырысқанымен олар құлақ аспады. Ораза ұстаған күні, үйінде Құран оқып отырғанында бас көтерушілер қолынан зұлымдықпен шәһид болды. Ол кезде жасы сексеннен асқан ғазиз шәһидтің мүбәрак қаны оқып отырған Құрандағы:

«...Оларға қарсы Аллаһ саған жеткілікті. Ол – бәрін де естуші, бәрін де білуші» - деген аяттың үстіне тамды. (Бақара сүресі, 137)

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Аллаһқа ант етемін, әлбетте, Осман үмметімнен барлығы жәһәннәмдық болған жетпіс мың адамға шапағат етеді және оларды жәннәтқа кіргізеді» деген. (Дәйләми, Фирдәус, 4/360)

Міне, осыншалық қадірменді болған ардақты сахаба Хазіреті Осман радияллаһу анһудың білім, хикмет және мағрифат нұрларына толы көңіл әлемінен нәр алу үмітімен оның мына бір мәнді де хикметті сөздеріне көңіл аударайық, ағайын:

Хазірет Османның хикметті сөздері:

«Ең ақылды адам нәпсісін жауапқа тартқан, оны жақсы басқарған, өлімнен кейінгісі үшін амал еткен және қабір қараңғылығы үшін Аллаһ нұрынан пайдаланған адам».

«Құл көздері көретін болғанымен, Аллаһтың өзін соқыр етіп тірілтуінен қорықсын! Хикметті түсінетін адамға мағыналы бір сөздің өзі жеткілікті. Рухани саңырау адамдар онсыз да ақиқатты естімейді...»

«Бес нәрсе тақуалықтың (салихтардың) белгісі:

1. *Дін жолында қажырын жұмсағандармен бірге болу.*
2. *Нәпсісін тәрбиелеп, тіліне ие болу.*

3. (Аллаһ сүйіспеншілігін ұмыттыратын) дүниеуи нәрселерден нәпсісіне ұнайтын нәрсеге қол жеткізген кезде оның пайда-зиянын ажырата алу, діннен өзіне аз бір нәрсе нәсіп болған кезде оны олжа деп білу.

4. Харам араласып кетеді деп қорқып асқазанын халалдан (болса да) толтырмау (риязатпен өмір сүріп, аз тамақтану).

5. Барлық адамдардың Аллаһтың кәрінен құтылып, тек өзінің ғана құрдымға кеткенін ойлау».

«Шынайы мұминде алты түрлі қорқыныш болады:

1. Иманынан айырылып қалу қорқынышы.

Өйткені аятта былай делінеді:

«Раббымыз! Біздерге һидаят бергеннен кейін жүректерімізді адастырма!» (Әлү Имран сүресі, 8)

«Ей, иман етушілер! Аллаһтан Оған жарасатындай қорқыңдар және тек мұсылман күйлеріңде ғана жан тапсырыңдар». (Әлү Имран сүресі, 102)

2. Қиямет күні өзін масқара қылатын нәрселердің періштелер тарапынан жазылуы қорқынышы.

Аятта былай делінеді:

«Міне, сол күні (жер) **Раббы оған білдіруімен барлық хабарларды жеткізеді».** (Зілзала сүресі, 4-5)

3. Амалдары шайтанның (оған лағынет жаусын) ықпалында қалып, заяға кете ме деген қорқынышы.

Аятта былай делінеді:

«(Ібіліс) **айтты: Раббым! Мені азғындатқаның үшін мен де жер бетіндегілерге** (күнәларды) **безендірем және**

олардың барлығын қалайда адастырам! Тек ықыласты құлдарың бұдан тыс» (Хижр сүресі, 39-40).

4. Өлім періштесі Әзрейіл әләйһиссәләмға ғапылдықпен және күтпеген жерден ұсталып қалу қорқынышы.

Аятта былай делінеді:

«Сондай-ақ, саған яқин (өлім) **келгенше Раббыңа құлшылық ет!»** (Хижр сүресі, 99)

Хадис шәрифте былай делінеді:

«Адам қалай өмір сүрсе сол қалпы өледі және сол күйі хашр етіледі (қайта тірілтіледі)». (Мүслим, Жәннәт, 83; Мүнәуи, V, 663)

Сондай-ақ Хазіреті Осман радияллаһу анһу Құранмен өмір сүрді. Құранды жан-жаққа жеткізді және Құран оқып отырғанда шәһид болып Рахманның рахметімен қауышты.

5. Дүниемен мақтанып, ахиреттен бейхабар (*ғапыл*) *қалу қорқынышы.*

Аятта былай делінеді:

«...Бұл дүние тіршілігі құр алданыштан басқа нәрсе емес». (Әлү Имран сүресі, 185)

6. Бала-шағасына көбірек көңіл бөліп, Аллаһ Тағаланы зікір етумен жеткілікті түрде айналыс алмау қорқынышы.

Аятта былай делінеді:

«Біліп қойыңдар, мал-мүліктерің мен балаларың сендер үшін бір сынақ, ал, үлкен сыйлық Аллаһтың жанында». (Әнфәл сүресі, 28)

«Әлбетте, дүние фәни, ахірет болса мәңгілік. Фәни

нәрселер сендерді өркөкіректендіріп азғындатпасын, мәңгілік нәрселерге кедергі болмасын. Сендер мәңгілік нәрселерді таңдаңдар. Дүние шектеулі. Біз бәріміз Аллаһтың алдына қайтамыз. Аллаһтан қорқыңдар». (Ибн Әбид-Дүня, Мәусұа, I, 77)

«Ажал келмей тұрып, қолдарыңнан келетін ізгіліктерді дереу жасап үлгеріңдер».

Аллаһ Тағала осы хикметті насихаттарға сай амал етуді және сол дара сахабаның шапағатына бөленуді нәсіп етсін. Оның сүйіспеншілігін көңілімізге орнықтырып, ахіретте дос әрі көрші болуға жазсын!

Әмин!

Рашид халифтардың өмірлік дәстүрлері - 4

Хазіреті Әли

радияллаһу анһу - (656 - 661)

Ол, Әһлү Бәйт Имамы Қағбаның ішінде дүниеге келіп, Куфә мешітінде таң намазын оқытып тұрғанда шәһид болды. Ол хикмет пен парасаттылықтың дара шыңы еді. Оның шексіз хикметті насихаттарының бірі мынадай:

«Төрт нәрсе жалғасқан сайын дін мен дүние де тыныштықпен, сәлеметтілікпен жалғасып тұра бермек:

1. Байлар мал-мүліктерінде сараңдық көрсетпесе.

2. Ғалымдар білген нәрселерін іске асырса.

3. Надандар тәкаппарланбайынша.

4. Пақырлар о дүниедегі бақытарын бұ дүниеге бола ауыстырмайынша».

Рашид халифтардың өмірлік дәстүрлері – 4
ХАЗІРЕТІ ӘЛИ
радияллаһү анһү - (656 - 661)

Хазіреті Әли радияллаһү анһү қасиетті Қағбаның ішінде дүниеге келіп, ешкімге нәсіп болмаған атақ-абыройға бөленді.[46] Отбасы үлкен болғандықтан, Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм оны өз қамқорлығына алды. Бес жасынан бастап Пайғамбарымыздың тәрбиесінде болды. Сондықтан да жәһилият (надандық) дәуірінің жаман әдеттері оған жұққан жоқ. Балалардың ішінде алғаш мұсылман болған жан.

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм пайғамбарлық міндеті келгеннен кейін, жыл сайын қажылық жасау үшін Меккенің маңайындағы жәрмеңкелерде жиналған халыққа Исламды уағыздауға барғанда, Хазіреті Әлиді немесе Хазіреті Әбу Бәкірді қасына ертіп баратын. Хазіреті Әлиді тастап кеткенде ол оңаша қалған Қағбаға барып, сол жердегі пұттардың бірнешеуін сындырып қайтатын.

Хазіреті Әли радияллаһү анһү сүйікті Пайғамбарымыз һижрат еткен кездінде де өте маңызды қызметтерді атқарды. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм мүшріктер тарапынан қоршауға алынған үйінде қаскөйлердің жоспарын бұзу үшін Пайғамбарымыздың жасыл шекпенін жамылып, қорықпай Оның төсегінде жатты.

---

46. Хаким, Мүстәдрәк, III, 549.

Хазіреті Әли радияллаһу анһу Меккеліктердің Пайғамбарымызға тапсырған аманаттарын иелеріне қайтарған соң, сағынышпен Мәдинаға қарай жол тартты. Түнде жүріп, күндіз демалып, машақатқа толы сапардан кейін жүргеннен ісіп кеткен аяқтарынан қан аққан күйінде Мәдинадағы Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға қауышты.

Һижраттың екінші жылы Аллаһтың әмірі бойынша Фатима анамызбен үйлену абыройына бөленді. Осылайша Пайғамбарымыздың құрметті күйеу баласы және Оның «Әһлу бәйтінен» болу бақытына қол жеткізді. Құрметті жұбайы Фатима анамызбен бірге сүрген өнегелі өмірі, қанағатшылдығы мен жанқиярлығы аңызға айналарлықтай ең жоғарғы деңгейде болды. Сондай-ақ Әһлу бәйт Ислам тасаввуфында дара тұлғаларға айналды. Өйткені тасаввуф жолының алтын тізбегіндегі он бір ұстаз осы әулеттен тараған.

Жомарттардың сұлтаны

Хазіреті Әли радияллаһу анһу Пайғамбар тәрбиесінің нәтижесінде ешқашан дүниеқұмарлыққа бейімделмеді. Өмірі Ислам бауырластығы мен қамқорлығының теңдессіз көріністеріне сахна болды. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Аллаһ бір құлына жақсылық қаласа, оны адамдардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету жолында қызмет еттіреді» - деген еді. (Суюти, II, 4/3924)

Хазіреті Әли радияллаһу анһу да бұл Пайғамбар сүйіншісіне бөлене білу тебіренісімен былай деген еді:

«Екі түрлі нығмет бар: мені қайсысы көбірек қуантады,

білмеймін. Біріншісі – бір адамның қажеттіліктерін орындайды деп сеніп, маған келіп, барлық шынайы көңілімен менен көмек сұрауы.

Екіншісі болса, сол адамның қалауын Аллаһтың мен арқылы жүзеге асыруы немесе жеңілдетуі. Бір мұсылманның ісін атқаруды дүниедей алтын мен күміске ие болудан артық санаймын». (Әли әл-Мұттақи, Кәнзұл-Үммәл, VI, 598/17049)

Мұндай жоғары ахлақтың іс жүзіндегі мысалдарынан бірнешеуі мыналар:

Бір күні Хазіреті Әли құрметті жұбайы Фатиматүз-Зәһрадан:

«Қарным қатты ашып тұр, үйде жейтін ештеңе жоқ па?» - деп сұрайды. Хазірет Фатима үйде жейтін ештеңе жоқ екендігін, тек алты теңге ғана бар екендігін айтады. Хазіреті Әли осы ақшаға тамақ сатып алу үшін базарды бетке алады. Жолда кетіп бара жатып, біреудің бір мұсылманның жағасына жармасып:

«Не ақымды бер немесе жүр, қазыға барайық!» - дегенін естиді. Қарыз алған адам біраз мұрсат сұрағанымен, алашақты адам мүмкіндік бермеді. Адамдардың араздығын көрген Хазіреті Әли:

«Қанша ақша үшін таласып жатырсыңдар?» - деп сұрайды.

«Алты теңге үшін» - деген жауапты естіген соң, өздері де мұқтаж болған әлгі алты теңгені беріп, қарыздар мұсылманды құтқарады. Содан кейін Хазіреті Фатимаға не деп айтатынын ойланып, ақыры «Қалай дегенмен де, Фатима әйелдердің бибісі, Расулұллаһтың қызы ғой! Түсінетін шығар!» - деп, үйіне оралады. Хазіреті Әли радияллаһу анһу жасаған көмегін Фатима анамызға айтып еді, ол:

«Өте дұрыс істегенсің, әлхамдулиллаһ! Бір мұсылманды абақтыдан құтқарыпсың. Хақ Тағаланың өзі бізге жеткілікті» - деді. Бірақ біраз кейіді. Хазіреті Әли оның ренішін сезіп, екі ұлының аштықтан жылағанын көрген кезде көңілі жабырқау күйде сыртқа қайта шықты. «Ең болмаса, Расулұллаһқа барайын. Оның мүбәрак жүзін көріп, шерімді тарқатайын» - деп ойлады. Осы оймен кетіп бара жатқанда, түйе жетектеген бір адамға жолықты. Әлгі адам Хазіреті Әлиден:

«Мына түйені сатамын, аласың ба?» - деп сұрады. Хазіреті Әли ақшасының жоқ екендігін айтқанымен, әлгі адам түйені қарызға жүз теңгеге сатты. Хазіреті Әли түйені жетектеп ұзап бара жатқанда, жолдан басқа бір адам жолығып:

«Бұл түйені маған үш жүз теңгеге сатасың ба?» - деп сұрады. Хазіреті Әли келісіп түйені сол адамға сатты. Ақшаны қолма-қол алған соң, базардан жейтін нәрселер алып, үйіне апарды. Хазіреті Фатимаға болған жағдайды түсіндірді. Барлығы тамақтарын жеп, Аллаһқа шүкіршілік айтты. Содан кейін Хазіреті Әли үйінен шығып, Пайғамбарымыздың қасына барды. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Ей, Әли! Түйені кімнен алып, кімге сатқаныңды білесің бе?» - деп сұрағанда:

«Аллаһ пен Расулы біледі» - деді. Пайғамбар Мырзамыз:

«Саған түйені сатқан Жәбірейіл аләйһиссәләм, сатып алған Исрафил аләйһиссәләм болатын. Түйе жәннәт түйесі еді. Әлгі мұсылманды қиыншылықтан құтқарғаның үшін Хақ Тағала дүниеде елу есе артық берді. Ахіретте беретінінің есебін Өзінен басқа ешкім білмейді» деді.[47]

47. Қараңыз. Рамазаноғлу Махмуд Сами, Хазіреті Әли әл-Мұртаза, 119-122 б.

Ибн Аббас радиаллаһү анһүмәдан риуаят етіп, Ата рахимәһұллаһ (Аллаһ оған рахым қылсын) былай дейді:

«Хазіреті Әли радияллаһү анһү бір түні бір құрма бағын суарып, ақысына біраз арпа алып, таң атқан соң үйіне келді. Әкелген арпасының үштен бірін үгітіп, «хазира» деп аталатын бір тамақ жасады. Тамақ піскен кезде бір пақыр келіп тамақ сұрады. Олар піскен тамақты сол қалпында пақырға берді. Содан кейін қалған арпаның жартысын үгітіп, тағы тамақ жасады. Тамақ піскен кезде, бұл жолы бір жетім келіп сұрады. Ол тамақты әлгі жетімге беріп, арпаның қалған бөлігін үгітіп, қайта тамақ жасады. Тамақ піскен кезде тағы бір мүшрік тұтқыны келіп бір нәрселер сұрады. Соңғы тамақтарын оған беріп, сол күні аш жатты.

Басқа бір риуаятқа қарағанда, үш күн қатарынан ауыз ашар тамақтарын пақырға, жетімге және тұтқынға беріп, өздері сумен ауыз ашқан еді. Осыған байланысты мына бір аятар түсті:

«(Олар) **өздері мұқтаж бола тұра, тек Аллаһтың разылығына қол жеткізу үшін жоқ-жітіктерді, жетімдерді, тұтқындарды тамақтандырады да, "Біз сендерді, шындығында, тек Аллаһтың разылығы үшін тамақтандырамыз. Сендерден** (бұған) **сый-сияпат, немесе алғыс талап етпейміз. Біз сұсты, аса ауыр күнде Раббымыздан** (оның азабына ұшыраудан) **қорқамыз"** (дейді)**. Аллаһ та оларды сол ауыр күннің апатынан сақтап, жүздеріне нұр, көңілдеріне шаттық бағыштайды».**

(Инсан сүресі, 8-11) (Уахиди, *Әсбабун-Нүзул*, 470 б; Зәмахшари, *әл-Кәшшаф*, VI, 191-192 б; Рази, XXX, 244)

Міне, Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Хазіреті Әлиді осы көркем ахлағына байланысты **«Сұлтанүл-Әсхия»** яғни «Жомарттардың сұлтаны» деп атаған.

Хазіреті Әли қадірменді сахабалардың ішінде жанқиярлығы мен асқан жомарттығы, тұңғиық білімі мен парасаты, бағдарлы шешімдері сияқты батылдығымен, ерлігімен танылған.

Аллаһтың жеңімпаз арыстаны

Хазіреті Әли радияллаһү анһү барлық ғазауаттарға қатысты және үлкен ерліктер көрсетті. Тек Тәбук соғысына қатыса алмады. Өйткені Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм оны Мәдинадағы мұсылмандарға әрі Әһлү бәйтқа қарасын деп Мәдинада қалдырып кеткен еді. Тіпті батырлығы мен батылдығын барлығы білетін қаһарман сахаба:

«О, Расулаллаһ! Мені әйелдер мен балалардың қасына қалдырып барасыз ба?» дегенде, Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Ей, Әли! Мұса үшін Һарун кім болса, сен де маған сондайсың! Тек менен кейін пайғамбар келмейді», - деп, оғанілтипат көрсетіп, жұбатқан болатын.[48]

Араб салты бойынша соғыстарда әскердің ең батыры ортаға шығып, батырлар мен асылзадаларды жекпе-жекке шақыратын. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм көбінесе Хазіреті Әлиді ортаға шығаратын. Хазірет Әли алдына шыққан барлық батырларды Аллаһтың ғинаятымен жеңіп шығатын. Сол себепті оның қол жеткізген осы сипатын білдіру үшін оған **«Әсәдүллаһил-Ғалиб»** (Аллаһтың жеңімпаз арыстаны) деген атақ берілген.

Шындығында оның осы қаһармандығының негізінде

48. Қараңыз. Рамазаноғлұ Махмуд Сами, Хазіреті Әли әл-Мұртаза, 54 б.

Аллаһ Расулының жеке тәбиесі арқылы ие болған жоғары рухани құндылықтары жатқан еді. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм былай деген:

«Нағыз батыр күресте қарсыласын жеңген адам емес, ашуланған кезде нәпсісіне ие болған адам» . (Мүслим, Бирр, 107)

Міне, нағыз батырлық пен балуандықтың нәпсіге қарсы жиһадтағы жеңіске қатысты екендігін түсінген Хазіреті Әли радияллаһу анһу осы хадис шәрифтің нағыз үлгісі болды.

Бір соғыста Хазіреті Әли бір дұшпан сарбазын астына алып, оны өлтірмек болды. Өлім тырнағына ілінген әлгі адам шамасыздықтан жиіркенішті әрекетке барып, Хазіреті Әлидің мүбәрак жүзіне түкірді.

Аллаһтың жеңімпаз арыстаны Хазіреті Әли сол сәтте нәпсісінің араласуынан қорқып, кенет тоқтап, қолындағы қылышты жерге қойып, дұшпанын өлтіруден бас тартты.

Бұл жағдай тура өлетін кезінде босаған кәпірдің көңілінде таңданысқа, үлкен жұмбаққа айналды. Сол сәтте соғысты, ұрысты ұмытып Хазіреті Әлиден неге өзін босатқандығын сұрады. Хазіреті Әли:

«Біздің соғысымыз екі түрлі: Бірі сен сияқты кәпірлермен Аллаһ разылығы үшін соғысамыз. Екіншісі нәпсімізбен соғыс, нәпсінің қалауларын жеңумен жүзеге асады. Сенімен Аллаһ разылығы үшін соғысқан едім. Бірақ сен менің бетіме түкірген кезде сені өлтірсем, нәпсімнің ашуын басу үшін өлтіретін болғандығымнан нәпсімнен жеңіліп қалар едім. Сол себепті сені босаттым. Өйткені бір мүминнің нәпсісінің қалауына тұтқын болуы сен сияқты бір кәпірдің тигізетін зиянынан орасан»[49] деді.

49. Қараңыз. Рамазаноғлұ Махмуд Сами, Хазіреті Әли әл-Мұртаза, 117 б

Ол руханият ерінің осы көреген жауабынан кәпірдің көзіндегі надандық перделері ашылып, көкірегіне иман нұры құйылды. Содан кейін Хазіреті Әлимен бірге көптеген соғыстарға қатысты. Хақ жолындағы ашу мен нәпсісінен келген ашуды бір-бірімен шатастырмай, алдымен нәпсісіне, содан соң дұшпанға қарсы қаһармандықпен соғысты.

Хазіреті Әли радияллаһу анһу соғыс майданында үлкен батырлық жасаса, екінші жағынан құлшылығын да ерекше шабыт және ынтамен орындайтын. Бір соғыста аяғына оқ тиген еді. Аяғы қатты ауырғандықтан оқты шығара алмады. Хазіреті Әли радияллаһу анһу:

«Мен намазға тұрайыншы, сол кезде шығарыңдар!» - деді.

Оның айтқанын істеп, оқты алушылар ешқандай қиналмастан, жеңіл шығарды. Хазіреті Әли сәлем беріп «Не істедіңдер?» - деп, сұраған кезде, сол жердегілер «Шығардық!» - десті. Өйткені Хазіреті Әли радиаллаһу анһу намаздағы хұшуғ (Аллаһ қорқынышы) мен рухани ләззат халінде бейне бір еш нәрсені сезінбейтіндей, дүниеден алыстап кеткен еді...

Қағбадан Куфә мешітіне...

Хазіреті Әли радиаллаһу анһу Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм дүние салғаннан кейін орнын басқан халифтарға қолынан келгенінше көмектесті. Олардың кеңестеріне қатысты, парасатты және көреген көзқарастарымен дұрыс шешімдер қабылдауға ат салысты.

Хазіреті Осман радияллаһу анһу Мәдинада бас көтерушілер тарапынан шәһид етілгеннен кейін сахабалардың табанды ұсыныстары нәтижесінде халиф болуды қабылдады.

Хазіреті Әли радияллаһу анһудың алғашқы істерінің бірі үкімет орталығын Мәдинадан Куфәға көшіру болды. Өйткені Аллаһ Расулының ғазиз естеліктеріне толы мүбәрак қаланың саяси күрестердің орталығына айналуы барлық мұсылмандардың жүректерін жаралаған еді. Сондықтан сол жерді тыныш, білім мен парасаттылықтың орталығы ретінде сақтап қалу үшін осы шешімді қабылдады. Сондай-ақ Куфәда өмірінің қалған бөлігін фитнә, бұзақылық және қайшылықтармен күресумен өткізді.

Бір жолы Хазіреті Әлиге:

«Ей, мүминдердің әміршісі! (Рұқсат етсең) сізді қорғап, күзетейік?» - дегенінде, ол:

«Адамның күзетшісі – ажалы» - деді.

Шәһид болуына бірнеше күн қалғанда дүниеден озатындығын сезгендей, ішіп-жеуді тоқтатты. Неге тамақ жемегендігін сұрағандарға:

«Аллаһтың бұйрығының мен аш кезімде жүзеге асқанын қалаймын» - дейтін. Көп уақыт өтпей Куфә мешітінде таң намазын оқытып жатқанда Ибн Мүлжәмнің қолынан шәһид болды. Сол кезде 63 жаста болатын.

Хазіреті Әли ауыр жараланып жатқан кезінде Жүндәб бин Абдұллаһ оған:

«Ей, Мүминдердің әміршісі! Аллаһ бізге сенің жоқтығыңды көрсетпесін. Бірақ, егер бірдеңе бола қалса, біз ұлың Хасанға бәй'ат етіп, келісім береміз», - деді. Хазіреті Әли радияллаһу анһу болса, өз кезінде Хазіреті Омар көрсеткен парасаттылықпен:

«Бұл турасында сендерге бұйырмаймын да, тыйым да салмаймын. Оны өздерің де жақсы білесіңдер», - деп, сөзін

тоқтатты. Содан кейін Хасан мен Хүсайнға мынадай өсиет айтты:

«Сендерге тақуалықты өсиет етемін. Дүниеге қызықпаңдар. Айырылып қалғандарыңа жыламаңдар. Әрдайым шындықты айтыңдар. Аллаһтың кітабымен амал етіңдер. Залымның дұшпаны, зұлымдыққа ұшырағандардың көмекшісі болыңдар. Діннің үкімдері турасында айыптаушылардың айыптағанына мойымаңдар».[50]

Хазіреті Әли радияллаһу анһу содан кейін иман айтты. Ақтық демімен өмір кітабын аяқтады. Өмірге қасиетті Қағбада ашқан көздерін, енді бір мешітте жұму абыройымен ұлық мәртебесіне қауышты.

Хазіреті Әлиге қарсы шыққанына қатты өкінген Муавияның өмірінің ақырында айтқан мына сөздері оның бұл турасындағы өкінішін көрсетеді:

«Әттең, Құрайштан Зи-Тува ойпатында (өз бетімен өмір сүрген) бір адам болып, бұл істерге (басшылыққа) еш араласпағанымда ғой (қандай жақсы болар еді)!» (Ибн Әсир, әл-Бидая, VIII, 135)

Хақ Тағаланың ұлық досы Жүнәйд Бағдади былай дейді:

«Егер Хазіреті Әли соғыстардан қолы босап, мүмкіндік тапқанда, бізге Құран ілімінен көптеген нәрселер үйретер еді. Өйткені ол арифтердің көшбасшысы. Ол ешкім айтпаған және ешкім айта алмайтын сөздерді айтқан».[51]

Хазіреті Әли радияллаһу анһудың білім, парасаттылық және хикмет қазынасы болған көңіл әлемінен, әрбірі өмірлік дәстүр құнындағы сөздерінен мысалдар:

50. Қараңыз, Рамазаноғлу Махмуд Сами, Хазіреті Әли әл-Мұртаза, 74 б.
51. Қараңыз, Рамазаноғлу Махмуд Сами, Хазіреті Әли әл-Мұртаза, 113 б.

Хазіреті Әлидің хикметті сөздері

«Адамды ойға салатын хикметті сөздермен рухтарыңа дем алдырыңдар. Өйткені дененің шаршап, арықтағаны сияқты рухтар да шаршайды».

«Ықылассыз оқылған намазда, тіл апатынан және бос нәрселерден сақтанбай ұсталған оразада, Құранды тәфәккурсіз (ой жүгіртпей) оқуда, жүрекке жазылмаған ілімде, қайырға жұмсалмаған малда, қиын кездерде көрсетілмеген бауырластықта, шүкіршілігі жасалмаған нығметте, көңілден жасалмаған ықылассыз дұғада хайыр жоқ (жақсылыққа апармайды)».

«Адамдар білмеген нәрсесіне дұшпан».

«Жәннәт жомарттардың, жәһәннәм надандардың мекені».

«Ғалымдарға «Неге үйретпедіңдер?» деген сұрақ қойылмай, надандардан «Неге үйренбедіңдер?» деп сұралмайды».

«Жәннәтті қалаған адам ізгілікке жүгіреді. Оттан қорыққан адам шәһуәт-құмарлықтардан сақтанады. Өлетіндігіне сенген адамның нәпсілік және шәһуәттық ләззаттары құриды. Дүниені танығандарға қиыншылықтар аян болады».

«Намыс сұлулықтың садақасы».

«Діни істердегі әдептілік пен адамгершілік дұрыс ақылдың жемісі».

«Ақылы толық адамның сөзі аз болады».

«Айтқан сөздеріне сауап-күнә жазылатындығын білетін адам аз сөйлейді және тек өзіне қатысы бар нәрселерді айтады».

«Сұралғанша үндемеген аузы жабылғанша сөйлегеннен жақсы».

«Жаман сөздерге жауап қайтарамын деме. Өйткені ол сөздің иесінде сонша жаман сөздер бар. Сенің жауабыңа тағы солармен жауап қайтарады».

«Надан адаммен әзілдеспе. Тілі ащы болғандықтан көңіліңді жаралайды».

«Адамдар түсінетіндей етіп сөйлеңдер».

«Қисықтың көлеңкесі де қисық болады».

«Аллаһтың құлдары жайлы жақсы ойла! Ондай болсаң көптеген әурешіліктен құтыласың».

«Қасында Аллаһтың, Расулуллаһтың және әулиенің сүннеті болмаған адамның қолында ештеңе жоқ дегені. Аллаһтың сүннеті – сыр сақтау. Расулуллаһтың сүннеті – адамдар арасында көркем ахлақпен басқару жолын табу. Әулиенің сүннеті болса – адамдар көрсеткен қиыншылықтарға шыдау».

«Бір адаммен дос болғың келсе (алдымен) белгілі бір қашықтықта бол. Осы қашықтықта сенімен дұрыс қатынасатын болса, достығыңды жалғастыр, әйтпесе бас тарт!»

«Жүрегін кек жаулаған адам пайдалы істер істей алмайды. Өйткені жүрек екі қарама-қайшы әрекетті бір жерде жинақтайтындай кең емес».

«Мүминнің күлімсірегені жүзінде, қайғысы жүрегінде».

«Мұсылман күйінде жан тапсыру – нығметке толық қол жеткізу дегені».

«Мақтану адам баласына не керек?! Бастамасы бір

тамшы су, соңы болса жемтік! Ол өз рызығын жарата алмағандай, өзін жоғалтудан да құтқара алмайды».

«Өмір екі күннен тұрады. Бір күн сенің пайдаңа (яғни саған күлімсірейді), екінші күн сенің зияныңа (яғни қасірет). Сенің пайдаңа болған күнге масаттанба. Сенің зияныңа болған күнге қиналып, ойбайлама!»

«Бүгін амал ету күні, есеп беру жоқ. Ертең болса есеп бар, амал ету мүмкіншілігі жоқ».

«Адамның алып-шығарған демі ажалға қарай басқан қадамы».

«Мына төрт нәрсе жалғасқан сайын дін мен дүние де тыныштықпен, сәлеметтілікпен жалғасып тұра бермек:

1. Байлар өздеріне берілген мал-мүлікте сараңдық көрсетпейінше.

2. Ғалымдар үйренген және білген нәрселерін іске асырған сайын.

3. Надандар білмейтін мәселелер хақында білетін кісі секілді кейіп танытып, тәкаппарланбайынша.

4. Пақырлар ахіреттерін дүниеге бола ауыстырмайынша».

«Байлардың Аллаһ алдындағы сыйлықты қалап, қарапайым болғаны қандай тамаша. Бұдан да жақсысы пақырлардың Аллаһқа тәуекел етіп, байларға кіріптар болмағаны».

«Бір нәрседен құр қалу қарыздар болғаннан әлдеқайда артық».

«Ар – пақырлықтың, шүкіршілік – байлықтың көркі».

«Сараңдық барлық жаман қылықтарды өзінде жинақтайды».

(Осы ақиқатқа керісінше ойласақ, мейірім жомарттықпен; жомарттық қарапайымдылықпен; қарапайымдылық болса өзгелерге қызмет, жақсылық көрсетумен қатар жүреді).

«Пақыр болған кезіңде садақа беріп, Аллаһпен сауда жаса. Қолыңа нығмет тиген кезде көп шүкіршілік ет! Шүкіршілікті аз жасап, қолыңдағы нығметтен айырылып қалудан сақтан!»

«Дүниедегі нығметтерден Ислам деген нығмет саған жеткілікті. Дүниедегі іс-шаруадан итағат (Аллаһқа мойынсұну) деген шаруа саған жетеді. Дүниедегі ғибраттардан өлім ғибраты саған жеткілікті».

«Білім – ең пайдалы мұра. Әдеп – ең қайырлы өнер. Тақуалық – ең пайдалы азық. Құлшылық – ең пайдалы қор. Ізгі амал – ең пайдалы жол сілтеуші. Көркем мінез – ең жақын дос. Жұмсақтық – ең пайдалы көмекші. Қанағат – ең үлкен байлық. Өлімді ойлау – ең күшті тәрбиеші».

«Ізгі амал сияқты сауда, сауап сияқты табыс, Аллаһтың тәуфиқы сияқты пайда, қарапайымдылық сияқты асылдық, ғылым сияқты абырой, шүбәлардан аулақ болу сияқты тақуалық, көркем мінез сияқты Аллаһқа жақындық, парыздарды орындау сияқты құлшылық, сақтық сияқты ақыл, бірлік пен тұтастық сияқты адамды өзімшілдіктен аулақ ұстайтын басқа қасиет жоқ».

«Амалдардың ең қиыны мына төртеуі:

1. Ашулы кезде кешіре білу.

2. Мұқтаж бола тұра, жомарттық жасай білу.

3. Жабық және оңаша жерлерде нәпсінің жаманшылықтарынан сақтана білу.

4. Қорыққан немесе пайда күткен адамына қарсы шындықты (әділдікті) айта білу».

«Кішкене қиыншылықтарды үлкен санаған адамды Аллаһ үлкен қиыншылықтарға ұшыратады».

«Мал-мүлік нәпсі қалауларының шикізаты. (Нәпсілік және дүниелік) қалаулар қиыншылықтардың кілті. Ал қызғаныш – бос шаршаудың көлігі».

«Дүниеқорлық пен армандар көреген адамның өзін соқыр қылады».

«Адамның құны қалаулары мен тілектерінің құнындай ғана».

«Кімде-кім нәпсінің таусылмайтын қалаулары мен тілектеріне тәуелді болса, амалдары да жаман болады».

«Нәсіп деген нәрсе оны күтпегендерге де бұйырады».

«Жан үшін жәннәттан басқа құндылық жоқ. Олай болса жандарыңды тек жәннәт үшін сатыңдар!»

«Адамдар дүниенің сыртқы көріністеріне қарап тұрғанда, оның ішкі бейнесін көре алатын адам – Аллаһтың досы».

«Бір құл Аллаһ қасындағыларға өз қолындағысынан артық сенбейінше, иманы толық болмайды».

Раббымыз осы хикметті сөздерді дұрыс түсініп, қажетінше амал етуді нәсіп етсін. Пайғамбарымыз саллаллаһу

аләйһи уә сәлләмнің ең жақын достары болған төрт үлкен халифтың сүйіспеншілігін көңілімізге орнықтырсын. Ахіретте біздерге солармен бірге болуды жазсын!

Күмән жоқ, мүбәрак сахабалармен ахіретте бірге болу осы дүниеде-ақ басталады. Олармен бүгін дос бола алсақ және осы достықтың хақын орындай алсақ, иншааллаһ, ертең қияметте оларға дос болып тұрамыз.

Раббымыз Рашид (адал) **Халифтардың көркем мінезіне ие болуды барлығымызға нәсіп қылғай. Олардың шапағаттарына бөлесін!**

Әмин!

Қоғам және басқарушылар

Басшылар мен олар басқарған халық бейне бір өзара көріністерді шағылыстырған айналар сияқты. Бұл бойынша ең кішкентай отбасы мен жамағаттан бастап үлкен ұлттарға дейін барлық қоғам басшыларының рухани-материалдық деңгейлеріне қарай қалыптасады. Ал басшылар да қоғамның рухани-материалдық қабілеті мен несібесіне қарай қалыптасады. Бұл жағдай бір-бірін тепе-теңдікте ұстап тұратын таразының екі басы сияқты.

ҚОҒАМ және БАСҚАРУШЫЛАР

Аллаһ Тағала жаратқан жаратылыстарының ерекшеліктеріне қарай, оларға ерекше бір өмір тәртібі мен қоғамдық ерекшелік берген. Раббымыз сыртқы пішіні мен рухын ең жоғары деңгейдегі көркемдікпен, қабілеттермен жабдықтап, жаратқан адам баласының әлемдегі иләһи ұлылықтың көріністері мен құдірет ағысының үйлесімдігіне таң-тамаша болып, соған сай рухани кейіпте өмір сүруін қалайды. Бұл жайлы аятта былай делінеді:

«Аспанды Аллаһ көтерді және мизанды (мөлшер, тәртіп пен тепе-теңдікті) **Ол қойды. Тепе-теңдікті бұзудан сақтаныңдар».** (Рахман сүресі, 7-8)

Сонымен қатар, Раббымыз адамды басқа жаратылыстардан бөлек түрде, өзара бір-біріне мұқтаж болып өмір сүруге мәжбүр қылған. Сондықтын адамдар тарих бойынша жеке басына емес, кішкене бір тайпадан мемлекет қалыптасқанға дейін үнемі қауымдастықпен өмір сүруге бейімделген. Бұл бейімділіктің үйлесімді тәртіп шеңберінде жүзеге асуы үшін қоғамды басқаратын басшылардың болуы және солар мен қоғамның арасындағы тепе-теңдіктің қамтамасыз етілуі шарт.

Хикмет көзімен қарайтын болсақ, басқарушылар мен басқарылғандардың бейне бір көріністерді шағылыстырған айналар сияқты екендігін байқаймыз. Онда ең кішкене

бір отбасы мен көпшіліктен бастап үлкен ұлттарға дейін барлық қоғам басшыларының рухани-материалдық дәрежелеріне қарай, ал басшылар қоғамның рухани-материалдық қабілеттері мен деңгейіне қарай қалыптасады. Басшылардың қабілеті мен әділдігі қоғамның бейбітшілігі мен тыныштығына, ал қабілетсіз әрі лайықсыз болуы, керісінше, қоғамның нашарлауына әкеп соғады.

Екінші жағынан қоғам да өз халін дұрыстайтын болса, салиқалы да адал басшыларға ие болады. Ал әдемі жаратылыс ерекшеліктерінен безіп, ізгіліктен алшақтап, азғындайтын болса, осыған сай пайдақор басшылар тарапынан басқарылады. Өйткені басшылар да халықтың жемісі, яғни қоғамның ішінен шығады.

Сондықтан қоғамдық тыныштық пен бақыттылық үшін әрі басшылардың, әрі қоғамның кемшілікті алдымен өздерінен іздеуі және өздерінің жағдайын дұрыстауға тырысуы шарт. Яғни тасаввуфтағы **«сынды өзіне, кешірімді басқаға бағыттау»** мінез-құлық қағидасы тек рухани өмірдің емес, қоғамдық өмірдің де бейбітшілігі мен тыныштығы үшін қажет. Сондай-ақ аят кәримәларда былай делінеді:

«...Бір қауым өздерінің ерекшеліктерін өзгертпейінше, Аллаһ олардың жағдайын өзгертпейді!» (Ра'д сүресі, 11)

«Бұл да бір қауым өздеріндегіні (көркем мінез бен ахлақты) **өзгертпейінше, Аллаһтың оларға берген нығметін өзгертпейтіндігінен еді...»** (Әнфал сүресі, 53)

Аят кәримәларда баяндалғанындай, Аллаһ Тағаланың бір қауымға беретін нығметі, сыйы және рахымшылық көріністері олардың жақсы қылықтарын сақтап қалуына тәуелді. Ал Раббымыздың разы болатын ізгіліктерінен

алшақтаса, сол кезде Аллаһтың рахметі мен нығметі үзіліп, сол қауымда лаңкестік етек жая бастайды. Хадис шәрифте баяндалғаны бойынша, **«жердің асты үстінен де жақсы»** болатын жағдай туады.

Сондықтан бастағы басшылардың ізгі адам болуын тілейтін және тыныштықта өмір сүргісі келетін қауым алдымен өздерінің жағдайлары мен бағытын Аллаһтың ризалығына сай келуіне назар аударуы қажет. Бұл жайлы Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бір хадисінде қоғамға ескерту жасау бабында:

«Сендер қандай болсаңдар, солай басқарыласыңдар» - деген. (Сүюти, Жамиүс-Сағир, II, 82)

Осы ақиқатты көрсететін мына бір оқиғаның да мәні зор:

Ибн Мүлжәм Хазіреті Әли радияллаһу анһуға қастандық жасап, оны ауыр жаралаған кезде адамдар Әлидің қасына жиналып, оған:

– Ей, мүминдердің әмірі! Бізге басшы тағайында! - деген еді.

Хазіреті Әли оларға былай деп жауап берді:

– Мен сендерді Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің бізді тастап кеткені сияқты қалдырамын. Кезінде біз де:

– Уа, Расулаллаһ! Бізге бір басшы тағайындасаңыз! - деген кезде Пайғамбарымыз:

– Аллаһ Тағала сендерден жақсылық көретін болса, сендерге ізгілеріңді басшы қылады, - деген болатын.

Сол кездері Аллаһ Тағала бізден ізгілікті көрген шығар, басымызға Хазіреті Әбу Бәкірді қойды». (Хаким, III, 156/4698)

Тағы Хазіреті Әли радияллаһү анһүдың халифтығы кезінде көптеген талас-тартыстар мен фитна-бүліктер шыққан еді. Бір күні одан:

– Сенен бұрынғы халифтар кезінде мұндай талас-тартыстар болмаған еді, неге осылардың барлығы сенің кезіңде болды?» - деп сұрағанда, білім мен хикмет шаһарының қақпасы болған үлкен кісі:

– Олар мен сияқтыларға, мен болсам, сендер сияқтыларға басшы болдым, - деп, басшылардың басқаруының қол астындағы адамдардың рухани лайықтылығы мен деңгейлеріне қарай жүзеге асатындығын айтқан. Бұл ақиқатқа басшылар тарапынан қарасақ, дәл сондай нәтиже шығады.

Хазіреті Омар радияллаһү анһү бұл мәселе туралы:

«أَلنَّاسُ عَلَى سُلُوكِ مُلُوكِهِمْ : Адамдар басшыларының ұстанған жолымен жүреді» - деген.

«Басшылар дұрыс бағыттан адаспайынша, адамдар тура жолда жүреді». (Ибнүл Жәузи, Мәнәқиб, 223 б)

Расында да, халық көбінесе басшыларға еліктеп, олардың ізімен жүреді. Мына бір тарихи шындық қауымдардың басшылардың рухани деңгейіне қарай бейімделетіндігін тамаша көрсетеді:

«Әмәуи халифі Уәлид бин Әбдүлмәлік тамаша ғимараттарға қызығатын. Адамдар да соған еріп ғимаратқа қызықты. Жиындарда үнемі ғимарат тақырыбы айтылатын болды. Сүлеймен бин Әбдүлмәлік болса, шегінен шыққан тамаққұмар патша болатын. Оның кезіндегі адамдар да уақыттарын тамақ туралы әңгімелермен өткізетін.

Омар бин Абдүлазиз болса, тақуа адам болды. Оның кезінде халық құлшылық пен тақуалық жолына түсті. Өзара бір-біріне кеңес ретінде «Бүгін түнде қандай дұға оқыдың, Құран Кәрімнен қанша аят жаттадың, осы айда неше күн ораза ұстадың, қанша пақырдың, науқастың, жетімнің көңілін қуанттың?» - деген сияқты жүрекке нәр беретін сөздерді айтатын болды».[52]

Расында да, басшылардың ұстанымдары мен хал-жағдайы ертелі-кеш қоғамға ықпал етеді. Осыған байланысты басшылардың жасаған қайырлы әрі ізгі істері қоғам үшін жалпылама бір ізгілік атмосферасының қалыптасуына, және де, істеген қателіктері мен олақтығы қоғамда бүлік пен бұзақылықтың таралуына себеп болады.

Сондай-ақ халқымыз «Балық басынан шіриді» деген. Сондықтан, отағасынан бастып қорлар мен қозғалыстардың, ұйымдардың басшысына дейін, жамағат жетекшілерінен бастап халықты басқарушыларға дейін барлық басшылардың өте сақ, сергек болулары аса зәру іс. Олар жауапкершіліктерінің үлкендігін ойлаулары керек. Хазіреті Шәйх Әдәбалидің Осман Газиға:

«Жоғарыдан орын алғандар төмендегілер сияқты әрқашан амандықта бола бермейді» - деген кеңесі осы мәселенің маңыздылығын көрсетеді.

Хазіреті Омар радияллаһү анһү адамдарға бір нәрсені бұйырып немесе тыйым салған кезінде алдымен өз отбасынан бастайтын. Отбасы мүшелерін жинап оларға:

«Мына нәрселерге тыйым салдым. Адамдар сендерді

---

52. Қараңыз, Ахмед Жәудет Паша, *Қисас Әнбия уә Тауарихы* Хұләфа, Ыстамбұл, 1976, I т. 717 б; Табари, *Тарихұл Үмәм уәл Мулк*, Кайр, 1939, Y, 266-267 б.

жырткыш құстардың етті қадағалағаны сияқты қадағалайды. Сендер бұл тыйымды бұзсаңдар олар да бұзады, сендер қорқып шегінсеңдер, олар да солай істейді. Аллаһқа ант етемін, егер біреулерің осы тиымға бағынбасаңдар, маған жақын болғандықтарың үшін сендерге олардан артық жаза беремін. Енді осыны қалағандарың шектен шықсын, қалағандар қалсын!» - дейтін. (Ибнүл Жәузи, Мәнәқиб, 226 б)

Қоғамның дамыған кездеріне қарайтын болсақ, басшылық орында болғандардың міндеттерін өте мұқияттықпен және қабілеттілікпен атқарғандығы көзге түседі. Осман мемлекетінің сұлтаны Кануни Сұлтан Сүлейменнің Ғази Бали Бекке жіберген нұсқауындағы мына бір сөздер осы мұқияттылықты көрсетеді:

«Халқыңа дұрыс қарайлас, өйткені бектер мен әкімдер ізгі адам болса, қоғамның жағдайы жақсарады. Халық басшылардың хал-жағдайын шағылыстыратын айна іспетті.

Кейбір адамдар күндіз ораза ұстап, түнде намаз оқиды. Бірақ бұлардың кейбірі дүние-мүлікке шектен тыс сүйіспеншілікпен қарайды. Осылайша малдарын пұтқа айналдырады. Қоғамды мал-мүлік сүйіспеншілігінен артық азғындататын нәрсе жоқ. Сен де фәни нәрселерге мойын бұрма. Қолыңдағы нығметтерді Аллаһтың құлдарына жомарттықпен жұмса, қамқорлығыңды молайт, барынша қызғаныштан сақтан!»

Мысалы, Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің ұстанымдары басшылар үшін қандай тамаша өнеге болған. Ол сахабалардың барлық қиыншылықтарына өзі қарайласып, ең қиын кездерде де сахабаларының алдында тұратын. Хазіреті Әли радияллаһу анһу сияқты ең батыр сахабалардың өзі қиын әрі қауіпті сәттерде:

«Біз Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің артын паналайтынбыз» - деген еді.

Сондықтан адамдарды басқарғандар үнемі нәпсілерін ауыздықтап, ең алдыңғы сапта болуы керек. Алыстан басқару арқылы орынды қызмет болмайтындығын білуі қажет.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм сапарда артта қалған әлсіздерге көмек беру үшін солардың қасында жүретін. Өйткені мейірімді шопан мерттіккен қойды тастап кетпейді. Керісінше оны құшағына тығып, отардан айырмайды.

Екіншіден, қоғамның алдыңғы қатарында болғандар мансаптарымен масаттанбауы керек. Аллаһтың мүлкін бір қызметкер сияқты қолданатындығын, тек міндет атқарушы екендіктерін және бір күні қалайда Аллаһтың алдында жауапқа тартылатындығын ұмытпаулары тиіс. Имам Мәлік кезінде халифқа жазған бір хатында мынадай насихаттарды айтқан екен:

«Хазіреті Омар радияллаһу анһу он рет қажылық жасады. Менің білуімше, бір қажылығында тек он екі динар ғана жұмсайтын. Шатырда емес, ағаштың көлеңкесінде жататын. Сүт торсығын мойнына іліп жүретін. Базарды аралап, сол жердегі көмекке мұқтаж адамдардың халін сұрап, олардың қажеттіліктерін қамтамасыз ететін. Сондай-ақ, жараланған кезінде сахабалар қасына келіп, оны мадақтады. Сонда Омар радияллаһу анһу оларға:

«Мұндай фәни ілтипаттарға сенген адам алданды. Егер дүниедей алтыным болса, махшар күнінің қорқынышынан құтылу үшін олардың барлығын пида қылар едім» - деді.

Хазіреті Имам Мәлік насихатын былай деп жалғастырады:

«Хазіреті Омар барлық ісін дұрыс әрі әділ атқарған. Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм оны жәннәтпен сүйіншілеген еді. Осыған қарамастан ол үлкен қорқынышпен, мойнына арқалаған мұсылмандардың ісін ең жоғары деңгейде орындауға тырысатын. Ол осылай ойласа басқалардың халі қандай болмақ?!»

Испанияны жеңіп алған Тарық бин Зиядтың иман сезімі мен қарапайымдылығы бұл турасында тамаша үлгі:

Тарық бин Зиядтың бес мың адамдық әскері, тоқсан мың адамнан тұратын Испания әскерін талқандаған еді. Тарық корольдің қазынасын аяғымен басып тұрып, өзіне-өзі:

«Ей, Тарық! Кеше мойнына ажырғы киген құл едің. Уақыт келіп, Аллаһ сені азаттыққа қауыштырды. Содан кейін қолбасшы болдың. Бүгін Испанияны алып, патша сарайында тұрсың. **Ертең де Аллаһтың құзырында болатындығыңды жақсы біл, есіңнен шығарма!**» - деді.

Қоғамды басқару мансабына ие болғандар өздерін, халықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін міндет арқалаған қызметкер ретінде санауы керек. Марқұм әкеміз Мұса мырза құддисә сирруһ қоғамның басындағы адамдардың өздерін халықтың қызметкері ретінде санаулары керектігін және қолдарындағы мансабы үшін тәкәппарлыққа салынбай, адамдарға үнемі мейірім, мархамат, әсіресе, қарапайымдылық пен шүкіршілік сезімінде қызмет етулері керектігін былай жеткізген:

«Еліне қызмет еткен адам қызмет ету мүмкіндігінің Раббымыздың сыйы, әрі бұл сый әркімге бұйырмайтын сый екендігін түсінуі керек. Көп адамдар барлық салада қызметке лайықты болғанымен, уақыт пен мекен тұрғысынан қолайсыз

болғандығынан қызмет етуі нәсіп болмайды. Қызметкерлер қызметті нығмет деп санап, қарапайымдылығын арттыруы керек, тіпті бұл нығметке дәнекер болғандары үшін өзі қызмет етіп жүрген жандарға алғыс айтар сезімде жүруі керек».

Міне, басшылар осындай рухани ерекшелікке ие болған кезеңдерде қоғам да рухани-материалдық тұрғыдан көркейіп, дамып отырған. Бірақ мұндай кезеңдердің басшыларының ең маңызды қызметтерінің бірі халықтың арасындағы ғалымдар мен зиялылардың ескертулеріне, жол сілтеуіне әдептілікпен мойынсұнып, айналасына лайықты кеңес мүшелерін қалыптастырғандығы болған.

Осыған байланысты басшылар айналасына жағымпаздарды жолатпай, халықтың шынайы қажеттілігін өзіне туралықпен жеткізіп, шарасын көрсететін білімді әрі парасатты адамдармен кеңесуі керек. Өйткені лайықты адамдармен өткізілген кеңес маңызды сүннет. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Аллаһтың қолдауына ие бола тұра, бізге үлгі болу үшін әрбір ісін ақылдасып істейтін.

Екіншіден, халық қоғамның бейбітшілігі мен тыныштығы үшін басқарушылары әділдіктен таймаса, оларға құрметпен қарап мойынсұнулары керек. Сонымен қатар, басшыларын үнемі бақылап, дұрыс бағытта болуы үшін қажетті ескертулерді қарапайым түрде сыпайылықпен жеткізіп отырулары қажет.

Хазіреті Омар радияллаһү анһү халиф кезінде:

«Ей, адамдар! Мен хақтан, әділдіктен таятын болсам не істейсіңдер?» деп сұрайды. Тұрғындардың бірі:

«Ей, Омар! Сен адалсып, туралықтан таятын болсаң,

сені қылышымызбен түзетеміз!» - деп жауап бергенде, Хазіреті Омар радияллаһү анһү:

«Әлхамдүлиллаһ! Адасатын болсам, мені қылыштарымен түзететін достарым бар екен!» - деп, ризашылығын білдірді.

Хазіреті Омар радияллаһү анһү:

«Ең жақсы көретін адамым – маған қателіктерім мен кемшіліктерімді айтып беретін адам», - деген. (Сүюти, Тарихүл-Хүләфа, 130 б)

Сондықтан басшылар халықтың ескертуі мен айтқан сындарын қабыл алып, қателіктері мен кемшіліктерін айтқаны үшін ренжімей, ризашылығын білдіріп, өздерін дұрыс ұстауға тырысуы қажет.

Қоғам да басшыларына Аллаһ ризашылығы үшін шынайылықпен ескерту жасап, қажет болған жағдайда бұл мәселедегі фәни пайдаларынан бас тарта алатындай пидашыл болуы тиіс. Өйткені қоғамның бақыты мен бейбітшілікке жауапкершілігі тек басшыларға ғана емес, сонымен бірге жеке адамдардан тұратын барлық ұлтқа да жүктелген.

Дүниелік пайда үшін басшылардың қателіктеріне көз жұмып, оларға ескерту жасамау, тіпті олардың зұлымдық және әділетсіздік жасаулары үшін қолдау көрсету ахіретте орны толмас қасірет. Бұ дүниеде жаман басшылардың артынан ергендер ахіретте де солардың артынан отқа түседі. Бұл тұрғыдан барлық адам кімнің артынан ергендігіне назар аударуы қажет.

Аят кәримәларда былай делінеді:

«Сол бір күні бүкіл адам баласын өз бастықтарымен

қоса шақырамыз. Сонда кімдердің амал дәптерлері оң қолына берілетін болса, олар ешқандай әділетсіздікке ұшырамай, амал дәптерлерін оқитын болады». (Исра сүресі, 71)

«(Перғауын қауымын дүниеде теңізге жетелеп тұншықтырғаны сияқты) **қиямет күні де қауымын бастап, оларды** (суға апарғаны сияқты) **отқа жетелейді. Олар баратын жерлер қандай жаман жер!»** (Һуд сүресі, 98).

Сол себепті қоғамды басқарған басшылардың да хаққа, жақсылыққа бағытталуы мүминдердің ең маңызды міндеттерінің бірі. Имам Әбу Юсуф Халиф Һарун Рашидқа жазған Китабүл-Хараж кітабында мынадай кеңес береді:

«Аллаһтың саған берген патшалық уақытында қас қағым сәт болса да әділеттіліктен алшақтама! Өйткені қиямет күні Аллаһтың құзырында ең бақытты шопан (басшы) отарының (халқының) өзіне риза болған адам. Сен тұралықтан адаспа. Әйтпесе, халқың да адасады. Әуестікпен бұйрық беруден және ашумен үкім шығаурдан сақтан. Бірі ахіреттік, екіншісі дүниелік екі мүмкіндікке жолықсаң, сен ахірет ісін таңда. Өйткені ахірет мәңгілік, дүние болса фәни».[53]

Қорыта айтқанда адамдардың ұстанымдары мен іс-әрекеттері басшыларының ұстанымдары мен іс-әрекеттеріне тәуелді. Сонымен қатар қоғамды басқарушылардың ұстанымдары мен іс-әрекеттері де халықтың ұстанымы мен іс-әректтеріне тікелей байланысты. Осы айтылғандардың барлығынан шығатын қортынды біреу: Алдымен басшылардың, одан кейін халықтың ұстанымдарын түзетуі. Сол себепті басшы да, қол астындағылар да рухани-материалдық

53. Әбу Юсуф, Китабүл-Хараж, Бұлақ 1302, 3-4 б.

бағытын жақсылыққа қарай бұрғысы келсе, алдымен өзінің бағытын дұрыстауы қажет.

Ұстаның шеберлігі істеген ісінен байқалады. Дұрыс істей алмаған ісі оның олақтығын көрсетеді. Сол сияқты алдыңғы саптағылар айналасындағы адамдардың қателіктеріне өздерін жауапты санауы керек. Олардың қателіктері мен кемшіліктерінің өздеріне қатысты жақтарына да назар аударғаны жөн.

Қазіргі таңда өз жағдайына шағымданбайтын адам жоқтың қасы. Бірақ барлық адамдар кемшілік пен қателікті өзінен емес, өзгелерден іздейді. Алайда басшылар болсын, қол астындағылар болсын, алдымен өздерінің әлсіздігіне шағымдануы керек. Осыны назарда ұстап, бағытымызды дұрыстауға тырысып, қоғамда ізгі адамдардың санын көбейтетін болсақ, халқымыздың рухани-материалдық деңгейі жақсы бағыт алатындығы және Аллаһтың сыйының арқасында мықты басшылар шығатындығы шүбәсіз. Басшылар да қоғамнан шағымданатын болса, тура солай өзінің кемшіліктерін түзеуге тырысқаны дұрыс.

Осман сұлтаны Косовода шәһид болған І Мұраттың бір оқиға болғанда, алдымен өзін сын тезіне ұшыратуы туралы мына халі тамаша мысал бола алады:

І Мұрат Хан әскерімен бірге Косово жазығына жеткен кезде ортаны шаң-тозаң еткен бір дауылға жолығады. Тіпті, көз алдындағы нәрсе көрінбестей болды. Дүниелік салтанат пен руханият сұлтандығын өз рухында біріктірген Мұрат Хан екі рәкәат намаз оқығаннан кейін, көзінен жас ағып, Раббысына былай деп дұға етті:

«Уа, Раббым! Мына дауыл әлсіз Мұрат құлыңның

күнәлары кесірінен болса, менің кесірімнен мына бейкүнә әскерлерімді жазалама! Уа, Аллаһым! Осыншама бейкүнә әскердің жойылуына мені себепші қылма!»

Мұрат Ханның осы дұғасынан кейін дауыл басылды. Жүргізілген соғыста дұшпан жағы үлкен шығынға ұшырады. Мұрат Хан соғыстан кейін соғыс алаңын аралап жүргенде бір Серб әскері қолынан қанжар салынып шәһидтік шәрбәтін ішті.

Міне, біз де өзімізді сын тезіне салып, жауапқа тартып, халімізді дұрыстауға тырысатын болсақ, рухани болмысымыздың өзгеруімен қоғамдық өмірде де осыған сай бір жетістікке қауышуымыз ықтимал. Содан үміттенуге болады.

Бірақ адамзат тарихында осы көзқарасқа сай келмейтін оқиғалар да жоқ емес. Мәселен, қауымның барынша азғындыққа салынған кездерінде Аллаһ Тағала қауымдарға жол сілтейтін пайғамбарлар жіберіп, ол жағдайды ізгілікке алмастырады. Сондай-ақ Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм адамдар пұтқа табынып, қыздарын тірідей көметіндей ұжданнан айырылған кезеңде, жартылай жабайы қауымды зұлымдық пен надандықтың балшығынан парасаттылықтың шыңына шығаруы осының айқын мысалы. Бұл иләһи сыйды қауымның рухани деңгейімен байланысты жетістік деп түсіндіру мүмкін болмағанымен, мұның да сүйенген бір иләһи заңдылығы бар. Ол Аллаһтың **«Ләтиф»** сипатының көрінісі.

Біз үшін осындай бір көрініс күту мүмкін емес. Өйткені бұл есік ақырзаман Пайғамбарының жіберілуімен мәңгілікке жабылған. Олай болса біздің міндетіміз енді тек рухани лайықтылығымызды көтеру мақсатында халімізді дұрыстау ғана.

Халімізді дұрыстау және рухани лайықтылығымызды көтеру үшін мүмкіндіктер шексіз. Бірақ қазіргі кезде осы орайда істелетін ең басты істердің бірі жол сілтейтін адамдар тәрбиелейтін құрылымдарды жандандыру болып табылады. Өйткені бір ойшылдың айтқанындай:

«Үстем халықтар мен әлсіз халықтардың арасындағы ең маңызды айырмашылық – бір топ жақсы жетілген адамдар!»

Міне, қоғамның рухани-материалдық шөлінің басылуы, лаңкестіктің жойылуы және хақ пен құқықтың орнауы осы бір топ адамға тәуелді.

Әрбір идея соны ұстанушылардың ұстанымдары мен болмысына қарай кемелденіп, қалыптасады. Топтарды артынан ертетіндер – кемел тұлғалар. Қоғамның дамуында оларға үлгі болатын тұлғалардың орны ерекше. Бұл тұрғыдан алғанда осы бір топ адамды жетілдіруге талпыну – ең маңызды міндетіміз.

Марқұм Нәжіб Фазылдың «Бүршік атпаған ағаш отын болады» - деген сөзі барлығымызға осы мәселедегі жауапкершілігімізді ескертеді.

Осы мәселе турасындағы қажырлылықтың қажеттілігін жеткізу тақырыбында тағы бір Хақ досы **«Өзің мұқтаж болған адамыңды өзің өмірге әкелесің»** - деген.

Яғни діни сенімдері берік, тарихты түсінетін, халқы үшін жанқиярлықпен қызмет ететін, отансүйгіш ұрпақ өсіруге мәжбүрміз. Олай болмаған жағдайда, Аллаһ Тағаланың берген нығметтерін қайтарып алуы, сүннәтұллаһ, яғни иләһи заңдылық. Тарих парақтары да осы иләһи заңдылықтың көріністеріне толы.

Сондықтан Аллаһын және Пайғамбарын сүйген,

халқы үшін өз мүддесінен бас тарта білген, елге көшбасшы бола алатын адамдардың жетілуін қалайтын болсақ, алдымен Аллаһ пен Пайғамбар сүйіспеншілігін өз жүрегіміздің түкпіріне сіңіріп, Құран мен Сүннет аясында парасаттылыққа толы мүмин тұлғалығын көрсетуіміз керек. Қоғам біз арқылы шынайы мұсылман тұлғалардың қандай болу керектігін көруі тиіс.

Раббымыз ең төменгі дәрежеден ең жоғарғы дәрежеге дейін басшылық міндетін арқалаған мүминдерге жауапкершілік түсінігін берсін! Жеке басымыз бен қоғамымызды өз кеңшілігімен түзетсін. Рухани-материалдық лайықтылығымыздың көтерілуіне дәнекер болатын шынайы қажырлық танытып, отанымыздың, халқымыздың және барлық Мұхаммед үмметінің болашағына қайырлы қызметтер атқаратын иманды ұрпақ өсіруді барлығымызға нәсіп қылғай!

Әмин!

Хақ және әділет
-1-

Құлдарына хақ пен әділеттілікті бұйырған Аллаһ Тағала қашан да зұлымдыққа ұшырағандардың жанында екендігін ұмытпау керек. Дүниеде хақ, құқық және әділеттілікті таптап, өзін «құтылдым» деп ойлайтындар бір күні «أَحْكَمُ الْحَاكِمِينَ Қазылардың қазысы» Аллаһ Тағаланың құзырында бас иіп, есеп беретін болады.

ХАҚ және ӘДІЛЕТ – 1

Барлық адами әдемілік пен кемелдікті қамтитын және адамды адамгершіліктің шыңына көтеретін Ислам ахлағы хақ пен әділеттілікте де ерекше өзекке, әсте шайқалмайтын негізге сүйенеді. Өйткені адамзаттың тыныштығы тек хақ пен әділеттілікті орнатумен ғана қамтамасыз етіледі.

Олай болса хақ және әділеттілік дегеніміз не?

Ең белгілі анықтамасы:

Барлық адамдарға және барлық нәрселерге лайықты түрде мәміле жасау, дұрыс үкім шығару, өз мөлшерінде және тепе-тең ұстанымда болу.

Олай болса, адамға лайық болғанынан да артығын беру басқалардың хақын аяққа басу болып саналатыны сияқты кем беру де хақысын жеу, яғни әділеттіліктен таю болып табылады. Нағыз мүминдер мұндай қылмыстан барынша сақтанады. Яғни мүмин әрбір хақ иесіне лайықты, тиесілі ақысын беруге мәжбүр.

Өйткені Ислам өмірдің барлық сатысында және барлық жағдайларда әділ болуды бұйырады. Тіпті, Аллаһ разы болатындай өмір сүру тек хақ пен әділеттілікке бағыну дәрежесіне қарай жүзеге аспақ. Яғни әділет деген ұғым иләһи әмірлер мен тыйымдарға негізделген. Сондықтан бұл

да мүминнің алдымен Жаратушысына, содан кейін барлық жаратылысқа, сонан соң өз нәпсісіне әділ болуын қажет етеді.

Олай болса әрбір мүмин әрбір мәселені өлшеп тартқан кезде, адамдар арасында үкім шығарған кезде, сөйлегенде, жазғанда, куәгер болғанда әділ болуға мәжбүр. Сонымен қатар, иләһи ақиқаттар мен құлшылыққа қажетті көңіл бөліп, олардың хақысын беруге де мәжбүр. Өйткені бұл Аллаһ Тағаланың хақы, ал құлдың әрі борышы, әрі міндеті.

Егер бір мүмин осы түсінікпен хақ және әділеттілік шеңберінде өмір сүретін болса, **«ахсәну тақуимге»**, яғни **«ең тамаша жаратылыс деңгейіне»** жетеді. Өйткені хақ пен әділеттілік Аллаһтың сипаттарынан. Аллаһ Тағаланың **«әл-Адл»** деген есімі Оның хақ пен әділдіктің абсолютті иесі және Өзі деген мағынаны білдіреді.

Аллаһ Тағаланың бұл ұлық есімі әр уақыт көрініс тауып тұрады. Әсіресе иләһи сот құрылатын ахиретте барлық айбындылығымен және кемелдігімен көрініс табады. Аят кәримәда бұл жайлы:

«Біз қиямет күні үшін әділдік таразыларын орнатамыз. Онда ешкімге ешқандай әділетсіздік жасалмайды. (Жасалған іс) **тарыдай да болса, оны** (әділдік таразысына) **әкелеміз. Есеп алушы ретінде Біз** (барлығына) **жетеміз»** - делінген. (Әнбия сүресі, 47)

Құлдарына хақ пен әділеттілікті бұйырған Аллаһ Тағала қашан да зұлымдыққа ұшырағандардың жанында екендігін ұмытпау керек. Дүниеде хақ, құқық және әділеттілікті таптап, өзін «құтылдым» деп ойлайтындар бір күні «أَحْكَمُ الْحَاكِمِينَ Қазылардың қазысы» – Аллаһ Тағаланың құзырына бас иіп есеп беретін болады.

Хақ пен әділдік турасында ең ауыр есепті адам баласы береді. Өйткені адам жаратылғандардың ең абыройлысы ретінде барлық жаратылыстың өзіне бағынуы себепті олардың хақы мен құқықтарының жауапкершіліктерін де арқалаған. Сол себепті адам тек өзіне тиесілі хақты емес, барлық жаратылыстың хақысын қорғауға міндетті. Яғни өсімдіктердің де, жануарлардың да, заттардың да хақысын қорғау жауапкершілігі адамға жүктелген.

Осы тұрғыдан алып қарағанда, Хақ достары басқа жаратылыстардың хақын беру турасында да өте мұқияттылық танытып, бізге өнеге болған. Мына мысалдың мағынасы өте зор:

Хақ досы Баязид Бистами бір жерге сапарға бара жатып, бір ағаштың астына отырып тамақтанады. Содан кейін сапарын жалғастырады. Біраз жол жүргеннен кейін, дорбасының үстіндегі құмырысқаны көріп:

«Аллаһтың мына мақұлығын илеуінен айырған екенмін!» - деп, кері қайтады. Сөйтіп құмырсқаны қайтадан әлгі ағаштың астына әкеліп қалдырады да, сапарын жалғастырады.

Шайыр Фирдауси «Шахнама» деген кітабында:

«Бір дәнек тасыған құмырсқаға да зиян келтірме! Өйткені оның да жаны бар. Жан болса, тәтті әрі қымбат» - деп қандай тамаша айтқан.

Қиямет күні адам баласымен бірге басқа тіршілік атаулысы да тіріліп, дүниеде тапталған хақыларын алатын болады. Сол себепті, бір хайуанды жәбірлеуге, оны қатты шаршатуға, тіпті орынсыз жас бұтақты сындыруға дінде тыйым салынған. Тіпті, зиянды мақлұқты зәрушіліктен

өлтірген кезде де зұлымдық жасауға рұқсат берілмеген. Мәселен, жыланды өлтірген кезде де оны қинамай, бірден өлтіруді бұйырады.

Қорыта айтқанда, әрбір мүмин хақ пен құқықтың терең мағынасын лайықты түрде түсініп, өмір бойы әділдік таразысын дұрыс қолдануы тиіс. Мүмин үшін хақ пен әділдікті өмір бойы ұстанып, орнату – ең үлкен жетістік. Кемелдік жолында алға басқан қас құлдар үшін бұдан да жоғары тағы бір қасиет бар, ол:

Әділдікте кешірім қасиеті...

Иман мен ахлақтың шексіз көкжиегіне жеткен кәміл мүминдер өздеріне жасалған қателіктерге әділдіктің орнына, кешіріммен, мейіріммен қарауды таңдайды. Өйткені ахіреттегі иләһи таразыда Аллаһ Тағаланың өздеріне әділдікпен емес, кешірім және мейіріммен, ілтипатпен, сыйлап қарауын үміт етеді. Бұл тамаша ахлақ Аллаһ Тағала тарапынан былай деп бағаланады:

«Егер жазалайтын болсаңдар, сендерге жасалған жәбірдің мөлшеріндей жаза беріңдер. Бірақ сабырлық етсеңдер, әрине, ол сабыр етушілер үшін тіптен қайырлы». (Нахл сүресі, 126)

Барлық мәселе ахіретте Хақ Тағаланың сыйы мен марапатына бөлену емес пе?

Сол үшін, салих құлдар мен ариф құлдар өздеріне жасалған жәбір мен жапаға қарсылық көрсетпейді. Жазалауға тырыспайды. Аллаһ үшін сабыр етіп ашуларын жеңеді. Әрдайым кешірім мен кішіпейілділікті ұстанады. Осылайша Аллаһтың құлдарын кешіре-кешіре, иләһи кешірімге лайық болуға тырысады.

Осы қағида бойынша Әбу Бәкір радияллаһү анһү қызы Айша анамызға жала жапқан адамды кешіріп, оған садақа беруін жалғастыра берген.[54] Осы тамаша ахлақты қуаттайтын мына бір аят кәримә қаншалықты мәнді:

«Іштеріңдегі шарапат, бақ-дәулет дарығандар жақындарына, жоқ-жітіктерге, Аллаһ жолында қоныс аударғандарға (мал-мүлкінен бір нәрсе) **бермеуге ант ішпесін,** (олардың қателігін) **ғапу етіп кешірсін. Аллаһтың өздеріңді жарылқауын қаламайсыңдар ма?».** (Нұр сүресі, 22)

Сондықтан көкірек көзі ашық, Аллаһты шынайы танитын ариф құлдар:

«Жақсылық пен жамандық тең болмайды. Сен (жамандыққа) **ең тамаша түрде бөгет бол** (ісіңмен жақсылыққа сал)**. Сонда сенімен дұшпандығы бар адам бейне бір сырлас досыңдай болып кетеді» -** деген аят бойынша әрекет етеді. (Фұссиләт сүресі, 34)

Бұл ахлақтың Құран Кәрімдегі ең тамаша мысалдарының тағы бірі – ағаларының ауыр зұлымдығына ұшыраған Юсуф аләйһиссәләм еді. Ол ұлық пайғамбар өзінен көмек сұрауға келген ағайындарына өзін танытпай-ақ көптеген сый жасады. Олар да осы жомарт сыйларынан кейін оның Юсуф екендігін түсінген кезде оның осы жоғары қасиетінің алдында бас иіп:

«"Аллаһқа ант етеміз, расында да Аллаһ сені бізден үстем еткен. Расында біз қателескенбіз" - десті». (Юсуф сүресі, 91)

Хазіреті Юсуф үлкен кешірімділік үлгісін көрсетіп:

«Бүгін сендерді айыптамаймын, сендерді Аллаһ кешірсін!

54. Оқиға жайлы ауқымды мәлімет алу үшін қараңыз, 69 б.

Ол мейірімділердің ең мейірімдісі», - деп, абзалдығын одан әрі арттыра түсті. (Юсуф сүресі, 92)

Сонымен қатар:

«...Ортамызды шайтан бұзды!» - деп, кінәны ағаларына емес, ібіліске артты (Юсуф сүресі, 100). Содан соң:

«Мен құл ретінде сатылдым. Сендердің арқаларыңда Мысырда пайғамбар ұрпағы екендігім белгілі болды» - деп, ағаларына ілтипат көрсетті, абзалдық үстіне абзалдық танытты. Осылайша ағаларының кезінде өзіне жасаған зұлымдықтары мен әділетсіздіктерінің үстіне кешірім пердесін жауып, оларды кешірді. Нәтижесінде осы көрсеткен абзалдығы мен ахлағының арқасында оларды өзіне тәнті етті.

Осы жоғары ахлақты негізге ала отырып, қылмыскерлер хақында әділдікті мейірімлідікке айналдырып, оларды кешіру тым өзгеше тәрбие және хақты үйрету тәсілі болып табылады. Әрине, қылмыскер өкінген жағдайда...

Мына жайтты ұмытпау керек. Қылмыскер адам endігәрі сол қылмысты істемеу туралы шынайы өкінінген жағдайда оны кешіру жазалағаннан әлдеқайда қайырлы. Бірақ қылмыскер мұндай өкініш білдірмеген жағдайда кешіру абзалдық пен адамгершілікке жатпайды. Яғни мейірім мен кешірім қылмыскер адамның халі мен іс-әрекетіне қарай іске аспақ.

Мәселен, қылмысын тоқтатпаған пасық немесе залым адамды кешіру оны зұлымдығы мен әділетсіздігіне сенімін арттыру, тіпті қолдау болып табылады. Олай болса, адамға қарсы жасалған қателіктерді кешіру – адамның дұрыс жолға түсуіне ынтасы байқалмаса, қылмыскердің жазалануын қалау жәбірленуші адамның ең табиғи хақы.

Екіншіден жеке адамға қатысты мәселелерде қателік жасаған адамның түзелуі үшін оны кешіру абзалдық пен тақуалыққа сай келуімен қатар, басқаларға немесе жалпыға қатысты мәселелерде әділеттіліктің толық орындалуы тиіс. Әйтпесе, жазасы кесілмеген жағдайда қылмыскердің азғындауына себеп болады. Сөйтіп барлық қоғам зардап шегеді, барлық адамдарға зұлымдық жасалады.

Өмірлік көш басшымыз Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм өзіне жасалған қателіктерді кешіретін. Бірақ басқаларға қарсы жасалған әділетсіздіктерге шыдай алмай, хақ иелерінің хақысын алғанға дейін тынышталмайтын. Осылайша әділеттілікті толық орнататын. Хақ пен әділеттілік иесі болудың бір үлгісі де осы.

Міне, әділ бола білген адамдарға өзгелері де тура сондай әділ мәміле жасайды. Яғни адамдармен қарым-қатынастарымызда алдымен өзіміз әділ болсақ, басқалардан да әділдік күтуге құқылы бола аламыз. Өйткені адамзат өмірінің тыныштығы мен бақыты хақ пен әділдік таразысының екі жақты тепе-теңдікте болуына байланысты.

Қорыта айтқанда, осы айтылған ақиқаттар шеңберінде әділдік түсінігі қоғамдық тәртіп, жүйе және тыныштық үшін маңызды әрі міндетті қажеттілік.

Алайда адам баласының Раббысының алдындағы әділет ұғымы туралы санасы мен сезімдері басқаша мәнге ие болуы керек.

Қазіргі таңда адамдардың көбі Аллаһтың әділеті туралы қате түсінеді. Өйткені дүниеде барлық адамдардың мүмкіншіліктері тең емес. Кейбір адамдар бай, кейбірі пақыр, кейбірі туғаннан мүгедек, кейбірінің дені сау, кейбірінің өмірі ұзақ, кейбірінің өмірі қысқа. Мұны бекіткен

де Аллаһ Тағаланың өзі. Ал бұған атүсті қарағанда, бұл жағдай иләһи әділдікке қайшы сияқты болып көрінеді. Сырттай шындық болып көрінетін мұндай пікірлерді иман және хикмет терезесінен қарайтын болсақ, мәселенің мәнін толық түсінуге болады. Өйткені:

Әділет – еңбек етумен ғана орнайды!

Ешбір адам белгілі бір хақысы болғаны үшін жаратылған емес. Адамның жоқтықтан барлық әлеміне келуі ол шүкірлігін толық орындай алмайтындай Аллаһтың орасан сыйы. Жоқтан барлық әлеміне шығу, жаратылыстың ішінде де жылан-шаян, тас-топырақ немесе шөп-шалаң емес, жаратылыстың ең абыройлысы **«адам»** болып жаратылуы қандай үлкен, айбынды иләһи нығмет десеңізші!

Бұл және бұған ұқсас қаншама қасиеттердің барлығы да иләһи сый ретінде тегін берілген жоқ па? Біз осы нығметке ие болу үшін қандай ақы төледік?

Олай болса, басына түскен өткінші кемшіліктердің себебінен Аллаһ Тағаладан есеп сұрағандай, ғапылдықпен әділдік сұрағандар жоқ болуды қалағаны емес пе?! Құлдың Аллаһтан әділдік сұрауға хақы барындай, оның бар болуға хақы, не ол үшін жинап қойған қоры жоқ қой. Өйткені әділеттілік ол үшін еңбек етумен, тырысып-тырбанумен, сондай-ақ ол үшін тиесілі ақыны төлеумен ғана орнайды.

Біз адам болып жаратылуымыз үшін қандай ақы төледік? Қандай еңбек және табыстың арқасында адам болдық? Мұны дұрыс ойлануымыз керек қой, ағайын!

Барлық адамдардың бұл сұраққа беретін жауабы белгілі:

«Еш, ештеңе!»

Олай болса мына нәрсені жақсы түсінуіміз қажет:

Өмірді дүние және ахірет түрінде екі сатыдан жарат-қан Аллаһ Тағала алғашқысында **«Ләтиф** (ілтипат етуші, сый тартушы)», екіншісінде **«Әділ»** сипатын анығырақ көрсетеді. Яғни әлем мен адамды жаратқан Аллаһтың **«Әділ»** сипаты емес, **«Ләтиф»** сипаты. Жаратылған нәрселердің жаратылысынан берілген қандай қасиеті мен жемісі бар болса, олардың барлығы Аллаһтың сыйы.

Олай болса, Аллаһ Тағала нығметтерін әркімге теңдей етіп беруге міндетті емес. Онсыз да жаратылыс ішінде тек қана екі жаратылыс абсолютті түрде тең жаратылған болса, олардың біреуінің жаратылысы әбес, яғни хикметсіз болар еді. Әбеспен айналысу болса, әлемді барынша тепе-тең, мұқият өлшемдермен жаратып, жүйелеген Аллаһ Тағаланың **«Мүтәал»,** яғни ақыл да, қиял да жете алмайтын кәмілдік сипатына нұқсандық келтірер еді. Аллаһ болса кемшіліктерден пәк.

Сондықтан ешбір адам «Менің не кінәм бар, бойым қысқа? Неге ғалымның емес, наданның баласы болдым?» немесе «Неге байдың емес, кедей әкенің баласы болып дүниеге келдім?» - дей алмайды. Өйткені бұлардың барлығы иләһи сыйдың таратылуындағы әртүрлі көріністер ғана.

Пайғамбарымыздың кезінде болған мына бір оқиға осы ақиқатты бейнелейді:

Бай болу үшін өзінен дұға сұраған Салəбаға Аллаһ Расулы:

«Салəба! Сен шүкіршілігін орындай алатын аз ғана мүлік, шүкіршілігін орындай алмайтын көп байлықтан қайырлы», - деді.

Содан кейін оны көндіру үшін:

«Ей, Саләба! Менің халім саған тамаша бір үлгі емес пе?» - деп сұрады.

Саләба болса, Пайғамбарымыздың бұл нұсқауларына кереӊ һәм соқыр іспетті пиғыл танытты. Алған бетінен қайтпай бай болғысы келді. Ақыры Аллаһ Расулы ол бай болсын деп дұға етті. Пайғамбарымыздың ескертулерін түсіне алмайтындай әуесқойлыққа салынған Саләба соңында бай болғанымен, Қарун түскен опасыздықтың шұңқырына домалап құлап, өзін құтқара алмады. Өмірінің соңында Пайғамбарымыздың насихаттарын орындамағаны үшін үлкен қасіретке ұшырады. Өлім үстінде жатқан кезінде де:

«Әттең, Пайғамбарымыздың насихаттарына құлақ асқанымда қандай жақсы болар еді!» - деп, мәңгілік өмірін зынданға айналдырған қанағатсыздығының өкінішімен өлді.[55]

Сондықтан:

«Ақыры сол күні (дүниеде пайдаланған**) нығметтерден, әлбетте, есепке тартыласыңдар»** - деген аятын ешқашан естен шығармау қажет. (Тәкәсур сүресі, 8)

Аллаһтың бергеніне разы болу құл үшін әрі жауапкершілік әрі кемелдіктің шарты.

Сондықтан берілген нығметтердің теңсіздігі әділетсіздік емес. Аллаһ Тағала бір құлдың денін сау, бірін мүгедек қылып жарата алады. Біреуін өте ақылды, екіншісінің ақылын аз етіп жаратуы мүмкін. Бір жаратқанын жылан қылып жорғалатады, біреуін құс қылып ұшырады. Сол

55. Қараңыз, Табәри, Жамиұл-Баян, XIV, 370-372.

себепті қандай да бір жаратылыстың қарсылық білдіруіне хақысы жоқ.

Негізінде жануарларда да тек өмір сүруге жарайтын деңгейде ақыл, түсінік және сезімдер болғандықтан, барлығы өздерінің халдеріне риза. Қарындарын тойдырып жаратылыстарындағы табиғи қалауларын орындаудан басқа мақсаты жоқ. Сондықтан олар неге адам болып жаратылмадым деп ойламайды немесе мұның ауыртпашылығын тартпайды.

Бір хайуанның немесе өсімдіктің «неге мен адам болып жаратылмадым?» - деуге хақысы болмайтыны сияқты, мүгедектік, науқастық, пақырлық, құр қалу сияқты кейбір қиыншылықтарға душар болғандардың да Аллаһты әділетсіз деп кінәлауы ақылға, қисынға, түсінік пен ұжданға қайшы келетін нәрсе.

Қала берді құл хақындағы иләһи сый мен берілген нығметтердің аз болсын, көп болсын, қайырлы деген мәселе тек ахіреттегі таразыда белгілі болмақ. Өйткені аз нығметтен туындаған қарыз аз, ал көп нығметтің қарызы көп болады.

Тағдырдың хикметі мен сырларын дұрыс түсіне алмайтын адамға Аллаһтың тағдырына бағынудан дұрыс жол жоқ.

Бұл турасында сахаба Әбу Талха мен оның жұбайының ризалышық халі қандай тамаша үлгі. Оқиға былай болған:

Әбу Талханың науқасқа шалдыққан баласы қайтыс болады. Әбу Талха сол кезде үйде жоқ болатын. Жұбайы Үммү Сүләйм баласын жуындырып, кебіндеді. Әбу Талха келген соң ұлының жағдайын сұрады. Үммү Сүләйм:

«Баланың ауруы жеңілдеді, рахаттанып қалғандай болды», - деді.

Таңертеңінде Әбу Талха үйден шықпақ болғанда, зерек әрі тақуа Үммү Сүләйм:

«Ей, Әбу Талха! Мына көршіміздің ісіне қарашы! Қолдану үшін алған аманатты сұрағанымда бергісі келмеді» - деді. Әбу Талха:

«Олай етуге бола ма екен, дұрыс істемеген ғой!» - деді. Сол кезде Үммү Сүләйм:

«Ей, Әбу Талха! Ұлың сенің қасыңда Аллаһтың бір аманаты болатын. Оны қайтарып алды» дей салды. Әбу Талха басында абдырап қалды да, біраз үнсіздіктен соң:

إِنَّا لِلَّهِ وَ إِنَّا إِلَيْهِ رَاجِعُونَ

«Біз Аллаһ үшінбіз, әлбетте Оған қайтамыз»[56] - деді. (Қараңыз, Бұхари, Жәнәиз 42, Ақиқа, 1; Мүслим, Әдеп, 23, Фәдайлүс-Сахаба 107)

Міне, сынақ әлемі болып саналатын бұл дүниеде Аллаһтың нығметтері жайындағы аманат түсінігі...

Міне, Аллаһ нығмет бергенде де, бергенін қайтарып алғанда да көрсетілуі қажет болған ризашылық пен мойынсұнушылық халі...

Өйткені Аллаһ Тағалаға жақын құлы болудың ең маңызды шарттарының бірі тура Ибраһим аләйһиссәләмның халі сияқты өзгермелі сынақ шарттарына қарамастан, үнемі:

56. Қараңыз, Бақара, 156.

أَسْلَمْتُ لِرَبِّ الْعَالَمِينَ

«Әлемдердің Раббына мойынсұндым»[57] - дей білу керек.

О, Раббым! Осыншама ұлық, мағыналы әрі мәнді ризашылық пен мойынсұнушылықпен өмір сүруді біздерге нәсіп қылғайсың! Бізді хақ пен әділдіктен айырма! Хақ және әділдікпен қатар барлығымызға кешірім және мейірім тәжін кидіріп махшар күні кешіріммен қарағайсың!

Әмин!

57. Қараңыз, Бақара, 131.

Хақ және әділет
-2-

Сынақ орны болған бұл әлемге бекер келмегеніміз сияқты, басы бос жіберілген де емеспіз. Дүние нәпсіқұмарлықтарды жүзеге асыратын орын емес. Адам нәпсінің қалауына ерсе, залым болғанының парқына да бара алмайды. Осылайша өзінің мәңгілік өміріне зиян келтіреді.

ХАҚ және ӘДІЛЕТ – 2

Өзіміз өмір сүріп жатқан мына орасан әлем кездейсоқ пайда болмаған. Нәпсіқұмарлықтарды іске асыратын орын ретінде де жаратылмаған. Тек жоғары мақсат үшін жаратылып, осыған сай адам баласы үшін сынақ орны болған. Сондықтан жаһанның да, адамның да жаратылуы босқа емес, яғни себепсіз, мақсатсыз, хикметсіз, бекер емес.

Өйткені ұлы Раббымыздың қасиетті есімдерінің бірі **«әл-Хақ».** Ол әртүрлі әбестіктен, себепсіздіктен, мақсатсыздықтан, хикметсіздіктен пәк, аулақ. Оның барлық нәрсесі хақ. Аят кәримәда бұл жайлы:

«Күллі аспан әлемі мен жерді хақпен (және хикметпен**) жаратқан – Ол (**Аллаһ**)»** - деген. (Әнʼам сүресі, 73)

Міне, әрқайсысы орасан, керемет өнер туындысы болған әлем де, адам да, басқа да жаратылыстар! Барлығы сансыз хикметтер, ғибраттар, керемет мұқият өлшемдер мен тепе-теңдікте жаратылған. Дұрыс ақыл иесі болған әрбір адам осы иләһи құдірет пен ұлылықтың көріністерін терең ойлануы тиіс.

Хақ Тағала Құран Кәрімде осы ақиқатқа назар аудартып, бізге, құлдарына былай деп ескертеді:

«Көкті Аллаһ көтерді және мизанды (тепе-теңдікті) **сол**

орнатты. Тепе-теңдікті бұзушы болмаңдар!» (Рахман сүресі, 7-8)

«Біз көктерді, жерді және олардың арасындағыларды (өзімізге) **ойын-сауық болсын деп жаратқан жоқпыз. Оларды тек шынайы мақсатпен жараттық. Бірақ олардың** (яғни адамдардың) **көбі** (ғапылдықтары себепті) **оны білмейді».** (Дұхан, 38-39)

«Адам өзін басы бос қаламын деп ойлай ма!» (Қиямет, 36)

«Сендерді босқа жаратты және сендер, шынында, құзырымызға қайтарылмаймыз деп ойладыңдар ма?» (Мүминун, 15)

Аяттарда ашық айтылғандай сынақ орны болған бұл дүниеге мақсатсыз келмегеніміздей, бұл жерге басы бос жіберілген жоқпыз. Раббымыз жақсылыққа да жаманшылыққа да, қолдана алатын еркімізді кейбір тыйымдармен, шектеулермен шектеген және осы шектен шықпауды бұйырған. Бұған немқұрайды қарап, дүниеде иләһи шектеулерге қажетінше назар аудармаған адам нәпсінің аздыруына еріп, залым болуы оңай. Осылайша өзінің мәңгілік өміріне зиян келтіреді.

Иләһи шектеулерден шықпау болып саналатын құлдық болса, негізінде адамның өз нәпсісін иләһи азаптан қорғауы деген сөз. Олай болмаған жағдайда өзінің азабына өзі себеп болатындықтан, өзінің нәпсісіне зұлымдық жасаған болып саналады.

Әділеттің кереғары зұлымдық...

Аллаһ Тағала аят кәримәда адам баласының мына бір сипатына назар аудартады:

«Шындығында, ол (адам) **өткен залым әрі тым надан».** (Ахзаб сүресі, 72)

Надандық адамды зұлымдық пен әділетсіздікке жетелейтін белгілі себептердің бірі. Аят кәрімәда баяндалған **надандық**тың антонимі **білім**.

Шынайы білім – адамды мағрифатұллаһқа, яғни Аллаһ Тағаланы жүрекпен тануға апаратын білім. Сондықтан надандық адамды зұлымдыққа душар еткеніндей, білім де адамды жақсылыққа, хаққа, әділеттілікке жетелейді.

Хақ пен ақиқаттың орталығы әрі қайнар көзі – Аллаһ Тағала. Әлемнің жаратушысы және Иесі бізге хақ пен ақиқат ретінде не білдірген болса, ол – хақ пен ақиқат. Аят кәрімәда былай делінеді:

«...**Айт: «Шынында тура жол – Аллаһтың жолы** (Ислам) **және біз күллі әлемнің Раббысына бойсұнуға** (тәсілім болуға) **бұйырылдық».** (Әнʼам сүресі, 71)

Олай болса, Аллаһ пен Расулының мәңгілік бақыттылыққа жетелейтін әмірлері мен тыйымдарына немқұрайды қарау сол ұлық ақиқаттарға әділетсіздік жасап, адамның өз нәпсісіне зұлымдық жасауы болып табылады. Ең ауыр зұлымдық, иләһи ақиқаттарды көрмеу. Әрбір зұлымдықтың белгілі бір салмақтағы жазасы бар. Бірақ иләһи ақиқаттарға қарсы жасалған әділетсіздіктің жазасы – **«мәңгілік азап»**. Бұл да адамның өзін мәңгілік жәһәннәмдық ететін имансыздықтың ең үлкен зұлымдық пен әділетсіздік екендігін көрсетеді.

Зұлымдық сырттай қарағанда қаншалықты басқаларға зиян тигізетіндей болып көрінгенімен, ақыры айналып келіп, сол зұлымдықты жасаған адамды азапқа жетелейді. Яғни

залымның ең үлкен зияны өзіне қайтып тиеді. Сондықтан, Құран Кәрімде жиі-жиі **«нәпсілеріне** (өздеріне) **зұлымдық жасағандар»** деген сөз қолданылады.

Мәуләнә құддисә сирруһ әділдік пен зұлымдықты мына бір мәнді теңеумен түсіндіреді:

«Әділет дегеніміз не? Ол – жеміс ағаштарын суару. Зұлымдық дегеніміз не? Тікендерді суару».

«Әділдікті білмеген адам қасқырдың күшігін емізген ешкі сияқты».

Яғни асырап, өсірген зұлымдығы оны өзінің өліміне апарады, күні толса оны талап, парша-парша етіп жоқ қылады.

Фәни пайдалары үшін хақ пен хұқықты таптағандар тек өздеріне ор қазады. Ақыры зұлымдықтың иірімінде тұншығады. Бұған тарих куә.

Олай болса, нәпсіге қаншалықты ауыр тисе де, әрдайым әділеттілікті сақтап, хақ пен хұқықты жалау етіп ұстану керек.

Қорыта айтқанда, зұлымдық дегеніміз – орынсыз жерге азап шектіру.

Жаратылыстың ішінде ең абыройлы мәртебеде жаратылған адам баласының фәни ләззат, нәпсінің қалаулары мен өткінші құмарлықтары себебінен өзегіндегі ұлық құндылық пен қасиетке зиян келтіріп, күнә балшығына батуының мәңгілік азабы кімге тиеді?

Олай болса, адамның басқаларға әділ болуы алдымен өз нәпсісіне әділ әрі мейірімді болуынан туындайды. Осыны жүзеге асыру үшін ең басты үлгіміз – Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм.

Әділдіктегі ең тамаша үлгі

Раббымыз Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмды барлық адамзатқа өнеге етіп жіберген. Барлық әмірлері мен тыйымдарын Пайғамбарымыздың тамаша өмірінде көрсетіп, Оны үмметке **іс жүзіндегі таразы** етіп сыйлаған. Сондықтан ұлық дініміз Ислам – адамдар ең тамаша түрде ұстана алатын өмірлік дін. Яғни Исламның жоғары қағидалары өмірде қолданылмайтын және тек көзқарастардан ғана тұратын адами көзқарастар сияқты емес. Өйткені Аллаһ Тағала Исламның барлық үкімдерін іс жүзіндегі мысалдармен адамзатқа ұсынған.

Мәселен, Пайғамбарымыз үмметіне бір нәрсені әмір ететін болса, оны алдымен өзі және жақындары ұстанатын. Бір нәрсеге тыйым салатын болса, алдымен өзін және жақындарын содан сақтандыратын. Әділет таразысы алдында өзін ешқашан белгілі орындар мен хұқықтардың иесі деп қабылдамағанындай, қоғамдағы байлар мен басшылардың басқа адамдардан өзгеше мәміле көруіне әсте рұқсат етпеген.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің өнегелі тұлғасы барлық жағдайда болып, хақ пен әділет турасында да таң қаларлық деңгейде жоғары адамгершілік үлгілеріне толы. Осылардың бірнешеуіне тоқталатын болсақ:

«Қызым Фатима болса да...»

Бақыттылық ғасырында бір күні Бәни Махзум тайпасынан құрметті бір отбасынан шыққан әйел ұрлық жасаған еді. Әйелдің жақындары «кімді араға салсақ екен,

соның арқасында Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм оны кешірсін!» - деп ойлайды. Ақыры Пайғамбар Мырзамыз қатты жақсы көретін сахабасы Үсәмә бин Зәйтті жіберуге шешім қабылдайды.

Үсәмә Пайғамбарымызға барып, әлгі әйелдің кешірілуін сұрайды. Бұл талапқа Пайғамбар Мырзамыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның өңі бұзылып кетті. Қатты жақсы көретін Үсәмәға ренішпен қарап:

«Аллаһ белгілеген жазаларының біреуінің қолданылмауы үшін дәнекерлік жасап отырсың ба?!» - деп сұрады.

Үсәмә радияллаһү анһү Пайғамбарымыздың қатты ренжігенін көріп, өз ісіне қатты өкініп, дереу кешірім сұрады:

«Ей, Аллаһтың Расулы! Менің кешірілуім үшін дұға ет!» - деді. (Бұхари, Мәғази, 53; Нәсәй, Қат'ұс-Сариқ, 6, VIII, 72-74)

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм орнынан тұрып, халыққа былай дейді:

«Сендерден бұрыңғы халықтар осындай істері үшін жойылып кетті: Араларында текті, мәртебесі мен дәрежесі жоғары біреу ұрлық жасаса, оны босатып жіберетін де әлсіз және ешкімі жоқ біреу ұрлық жасаса, оны дереу жазалайтын.

Аллаһқа ант етемін, Мұхаммедтің қызы Фатима ұрлық жасаса, әлбетте, оның да қолын кесер едім!» (Бұхари, Әнбия, 54; Мүслим, Хұдуд, 8,9)

Бұл жайлы аят кәримәда былай делінеді:

«**Ей, Иман келтіргендер! Өз бастарыңның немесе ата-аналарыңның, не жақын туғандарыңның зиянына тура келсе де, әділдікті берік орнататын және Аллаһ үшін куәлік етуші**

(адамдар) **болыңдар.** (Куәлік алушы) **бай болса да, кедей болса да... Өйткені Аллаһ** (сендерден гөрі) **оларға жақынырақ** (олардың күй-жайын жақсы біледі)**. Енді әділдіктен бет бұрып, әуесқойлыққа бой алдырмаңдар. Егер** (куәлік етерде) **тілдеріңді бұраландатып, қиыс кетсеңдер немесе** (куәліктен) **бас тартсаңдар,** (біліп қойыңдар) **Аллаһ істегендеріңнен хабардар».** (Ниса сүресі, 135)

Міне, өнегелі өмірі бейне бір тірі Құран тәфсірі іспеттес болған Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм құқық қорғау орындарында өз отбасының да артықшылығының жоқ екендігін айдан анық түрде баяндап, қоғамдағы күшті адамдарға айрықша мәміле жасалуына қатал түрде қарсы болған.

Хақты орнату

Пайғамбарымыз әлі пайғамбарлық міндетін алмай тұрғанда қатысқан **«Хилфүл-Фүдул»** атты ұйым сауда-саттық және қоғамдық өмірде әділетті орнату мақсатында қызмет еткен. Бұл ұйым хақы желінген және хақысын сұрай алмаған әлсіз және бөгде адамдарға көмектесіп, әлсіздің ақысын күштілерден алып беретін.

Хақ пен әділеттілікке деген ерекше сезім мен ұстаным Мырзамыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің барлық өмірінен байқалатын. Әрі Оның бұл халі хадис шәрифтерінде былай шағылысқан еді:

«... Қоғамның әлсіздері ренжітілмей-ақ хақысын ала алмаса, ол қоғам рахат пен тыныштыққа жете алмайды (құриды)...». (Ибн Мәжә, Садақат, 17)

«...Әлсіздердің ақысы күштілерден алынбаған қоғамды Аллаһ қалайша ақтайды?!» (Ибн Мәжә, Фитән, 20)

«Қиямет күні адамдардың Аллаһ Тағалаға ең сүйкімдісі және Оған ең жақын болғаны әділ басшы. Қиямет күні адамдардың Аллаһ Тағалаға ең сүйкімсізі және Одан ең алыс болатыны – залым басшы». (Термези, Ахкам, 4/1329; Нәсәи, Зекет, 77)

Тағы да Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм дүниемен қоштасу кезінде аузынан шыққан соңғы хадис шәрифінде былай деп бұйырады:

«Намазға, әсіресе намазға мұқият болыңдар. Қолдарыңның астында болғандар хақында Аллаһтан қорқыңдар». (Әбу Дәуіт, Әдеп, 123-124/5156; Ибн Мәжә, Уәсая, 1)

Әділет органдарын жаңылту – Жәһәннәмнан бір үлес

Сүйікті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм былай дейді:

«Мен де бір адам баласымын. Сендер маған (араларыңдағы түсініспеушіліктеріңнен) қазылық сұрап келесіңдер. Бәлкім, біреулерің дәлелдеу үшін екіншісінен шебер болуы мүмкін және мәселесін жақсырақ түсіндіруі мүмкін. Мен де естігеніме қарай сол адамның пайдасына үкім шығарамын. Кімнің пайдасына бауырының хақысын алып, үкім шығарған болсам, оған жәһәннәмнан бір үлес бөлгенім дегені». (Бұхари, Шәһәдәт, 27; Мүслим, Ақдия, 4)

Расында, кейбір адам жақсы сөйлей алатыны және жоғары зеректігінің арқасында істеген зұлымдығын дүниеде жасыруы мүмкін, хақсыз болса да, өздерін хақылы көрсетеді. Бірақ олар ешқашан құтылдық деп ойламасын. Бұл дүниеде адамдар басқаратын әділет органдарын жаңылтып, өздерін

құтқардық деп ойлағанымен, ахіреттегі иләһи сотта барлық нәрсе бір-бірден жарыққа шығып, хақ жеген адамнан барлығы қайтарылып алынады. Ахіреттегі бұл масқара жағдай дүниедегі масқаралықтан әлдеқайда ауыр болмақ.

Сондықтан қазының алдында басқа біреуден хақысын талап еткен адамның расында да хақылы ма, емес пе екендігін өз ұжданында есептеуі керек.

Әділеттілік мәселесі өмірдің тек белгілі бір сатыларында ғана емес, өмір бойы маңызды. Сауда-саттықтан білімге, қоршаған ортадан отбасына дейін... Отбасында да:

Балалардың арасында әділ болу

Жыныстық ерекшеліктеріне байланысты балаларды алалау Аллаһ Тағаланың тағдырына құрметсіздік, ризашылық пен мойынсұнудың әлсіздігі болып табылады.

Тек жыныстық ерекшелігіне байланысты қыз балаларының көптеген хақыларынан айырылып, зұлымдыққа ұшырағаны әркімге белгілі. Аллаһ Тағала бір ғана үстемдіктің **«тақуалық»** екендігін айтып тұрғанда, **«жыныстық»** мәселесін үстемдік себебі ету иләһи ақиқаттарға хақсыздықтың әрі зұлымдықтың нақ өзі болып табылады.

Сахабалардың бірі Пайғамбарымыздың қасында отырғанда, қасына кішкене ұлы келеді. Дереу оны құшақтап сүйіп, тізесіне отырғызады. Біраздан соң кішкене қызы келеді. Әлгі адам оны тізесіне емес, қасына отырғызады. Мұны көрген Пайғамбарымыз:

«Балаларға әділ болуың керек емес пе еді?» - деді.

Осылайша қыз бала мен ер балаға тек жыныстық

айырмаларына бола көңіл бөлмеу және бірін екіншісінен артық көрмеу қажет екендігін білдірді.[58]

Нұғман бин Бәшір радияллаһү анһү былай дейді:

Әкем мені Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға алып барып:

«Мен өз қолымдағы бір құлды осы ұлыма бердім» - деді.

Сол кезде Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Бұған бергеніңді басқа балаларыңа да бердің бе?» - деп сұрады.

Әкем:

«Жоқ, берген жоқпын», - деді.

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Олай болса, бұл бергеніңнен бас тарт!» - деді. (Бұхари, Хибә, 12; Шәһәдат, 9; Мүслим, Хибат 9-18)

Хақты мұқияттылықпен орнату

Хайбар жеңісінен кейін Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Абдұллаһ бин Рәуаханы салық жинауға сол жерге жібереді. Абдұллаһ бин Рәуаха радияллаһү анһү алынатын құрма мөлшерін үлкен мұқияттылықпен мөлшерлеп жинайтын.

Хайбар бақтарын іcтеткен еврейлер Абдұллаһтың мөлшерлеуіндегі мұқияттылыққа мазасызданды. Тіпті бір жолы

58. Тахауи, Шәрху Мәанил-Асқар, Бәйрут, 1987, IV, 89; Бәйхақи, Шұаб, VII,468; Хәйсәми, VIII, 156.

әйелдерінің әшекейлерінен біраз бағалы бұйымдар жинап:

«Бұлар сенікі, зекет есебін бөлгенде өз пайдамыз үшін біраз көз жұмып қара!» - деді.

Абдұллаһ болса оларға:

«**Уаллаһи, көптеген жағымсыз істерің үшін сендерге деген ызамның өзі сендерге әділ болуыма кедергі бола алмайды.** Сендердің маған жасаған ұсыныстарыңды пара дейді. Пара алу болса, ол харам. Біз оны жемейміз!» - деді.

Еврейлер Абдұллаһ радияллаһү анһүді көндіре алмайтындарын түсініп, оны жоғары бағалап:

«Міне, бұл әділдік пен туралықтың арқасында көктер мен жерде тәртіп жалғаса береді» - десті. (Муатта, Мұсақат, 2)

Аят кәримәда былай делінеді:

«**Ей, мүминдер! Аллаһ үшін хақты орнатқан** (адамдар болып) **әділдікпен куәлік берген** (адамдардан) **болыңдар. Бір елге деген өшпендіктерің сендерді әділетсіздікке итермелемесін. Әділ болыңдар. Мұның өзі тақуалыққа жақынрақ. Аллаһтан қорқыңдар, Аллаһ расында істеген істеріңнен толық хабардар».** (Мәидә сүресі, 8)

Өз дұшпандарының өзіне де осыншалық қатты мұқияттылықпен әділдікті бұйыратын дініміз қандай ұлық дін десеңізші! Мұсылман кәпірге жасалған зұлымдықтан да жауапқа тартылатындығын ойлап, әрдайым хаққа бағынады. Әділдікпен іс жасайды. Бұл жайлы хадис шәрифте:

«Зұлымдыққа ұшыраған адамның қарғысынан қатты сақтаныңдар. Өйткені оның қарғысы мен Аллаһтың арасында перде жоқ» - делінген. (Бұхари, Зекет, 41, 63, Мәғази, 60, Тәухид, 1; Мүслим, Иман, 29,31)

Исламда мұсылман еместердің өздеріне де хақпен, әділетпен мәміле жасалғандығын тарих беттерінен оқи аламыз. Мұның белгілі мысалдарының бірі мынадай:

Мұсылмандар Византия әскерінің басқыншылық жасап келе жатқанын естіген кезде өздерінің қол астындағы Хұмыс тұрғындарынан алған салықтарын қайтарып беріп:

«Біз қазір үлкен шабуылға ұшырағанымыз үшін сендерді қорғауға мүмкіндігіміз жоқ (бұл салықты сендерді қорғау үшін алып едік). Енді боссыңдар, қалағандарыңды істей аласыңдар» - деді.

Хұмыс тұрғындары:

«Уаллаһи, сендердің басшылықтарың мен әділдіктерің біз үшін бұрын ішінде болған зұлымдық пен жәбірден әлдеқайда жақсы. Сендермен, сендердің әкімдеріңмен бірге қаланы Византия қарсылығынан қорғаймыз» - деді.

Мұсылмандармен араларында бейбітшілік келісімі жасалған басқа қалалардың христиан және еврей тұрғындары да осылай істеді. Ислам әскері жеңіске жеткен соң, қалаларын мұсылмандарға тағы ашты. Бейбітшілікте өмір сүріп, салықтарын төлей берді.[59]

Ислам әскері осы әділдікті тек Хұмыста ғана емес, алдымен жеңіп алып кейін шегінуге мәжбүр болған барлық өлкелерде қолданған. Мәселен, Плевен қаласы қолдан кеткен кезде Ғази Осман Паша христиан тұрғындарынан алған салықты оларды қорғай алмағаны үшін кері қайтарып берген болатын.

Хақ пен әділет тақырыбындағы осы және осыған ұқсас

59. Бәлазури, Фүтүхұл-Бұлдан, Бәйрут, 1987, 187 б.

керемет үлгілерін тарихта қаншама ынсапты мұылман емес ойшылдар Ислам дәстүрінің ұлылығын мойындауға мәжбүр болған.

1789 жылы Франция реформистері «адам құқықтары баяндамасын» әзірлемек болған. Осы мақсатқа орай, әлемдегі барлық құқық жүйелерін зерттеу үшін құрылған кеңестің мүшесі Лафайет Ислам құқығының артықшылығын байқап Пайғамбар Мырзамызды меңзеп:

«Ей, даңқы ұлы Араб! Сен әділеттің нағыз өзін тапқан екенсің!» - деген болатын.

Әділет мемлекеттерді мемлекет етіп тұратын негізгі тірек. Тіпті, бұл туралы **«Күпірлікпен тұрақты бола аласың, бірақ зұлымдықпен әсте тұрақты бола алмайсың!»** - деген сөз кең тараған. Барлық басқармалардың (мемлеткеттердің) әділеттіліктің арқасында құламай, үздіксіз жалғасатындығын баяндау үшін де **«Әділдік – мүліктің** (басқарманың) **іргетасы»** - делінген.

Расында да халық пен мемлекеттер күш пен билікті қолда ұстап тұрған басшылардың арақасында күн кешеді. Бірақ бұл күш пен биліктің құпталуы мен құпталмауы оның хақ пен әділдік өлшемдерін ұстануына байланысты. Хақ пен әділдіктен мақрұм күш тек зұлымдық пен жәбірлікті ғана тудырады. Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһү анһү бұл туралы:

«Күшке сүйенбеген әділдік – әлсіз. Әділдікке сүйенбеген күш болса – залым» - деген.

Яғни хақ пен әділдік өлшемдері арқылы тізгінделмеген күш-қуат тек зұлымдыққа себеп болады. Ал әділдік тек оны орната алатын қабілетті әрі әділ қолда барлық

айбындылығымен көрініс табады. Егер әлсіз және лайықсыз адамдардың қолында болса, онда оның әлсіздікке, құруға бет алуы мүмкін.

Юсуф Хас Хажиб Баласағұн Құтатғу Білік атты кітабында қандай жақсы айтқан:

«Зұлымдық – жанып тұрған от, жақындағанды күйдіреді. Әділдік болса – су. Ағатын болса ныгмет өседі».

Яғни қоғамда зұлымдық пен хақсыздық өрті жанып тұрғанда, әділдік суы көмекке келмесе, ол су мөлдірлігінен, ағысы мен өз қасиетінен айырылғаны деген сөз. Зұлымдыққа ұшырағандардың үнін естімеген әділдік жүйесі болса, тұрып иістеніп кеткен сасық суға ұқсайды.

Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһү анһү халиф болып сайланған кезде мінбәрге шығып, асқан қарапайымдылықпен халыққа:

«Ей, адамдар! Ең хайырлыларың болмасам да, сендердің бастарыңа халиф болып сайланып отырмын. Егер міндетімді лайықты орындасам, маған көмектесіңдер. Қателік жасасам, маған тура жолды көрсетіңдер» - деді. (Ибн Са'д, III, 182-183; Суюти, Тарихұл-Хұләфа 69, 71-72 б; Хамидұллаһ, Ислам Пайғамбары, II, 1181)

Сондықтан әділ адамдардың қасында болу, қателік жасаған кезде тартынбай оларға ескерту жасау мүминдердің ең маңызды міндеттеріне жатады.

Зұлымдық пен хақсыздыққа қарсы тұру

Хадис шәрифте былай делінеді:

«Ең абзал жиһад залым патшаның алдында хақ пен әділдікті айту». (Әбу Дәуіт, Мәләһим, 17; Термези, Фитән, 13)

Өйткені хақ айтылмаған, үнсіз қалған жерде зұлымдық билік құрады. Шындықты қорғау үшін үндемеу – тілсіз шайтанға айналу деген сөз. Залымның алдында үндемеу оны пұтқа айналдыру. Перғауынға **«Мен сендердің ұлы Раббыларыңмын!»** - деп айтқызған айналасындағы Хаман және сол сиқяты адам бейнесіндегі шайтандар болатын. Олар Перғауынның зұлымдығына ортақ болғаны үшін бірдей жазаға ұшырап, мәңгілік қасіретке тап болды. Өйткені дүниелік пайда үшін зұлымдыққа жалтақтау мәңгілік тұңғиық пен қасіретке себеп болады.

Шындыққа көңіл бөлгендер ақиқаттың қуатынан нәр алады. Шындыққа сүйенудің айбынымен үнемі шындықтың қасында залымның қарсыласы болады.

Сол себепті, зұлымдығымен аты шыққан Хажжаж Залыммен қарсыласқан Хазіреті Хасан Басри үндемей қалған жоқ, қандай салмақта болса да шындық пен әділдікті уағыздап, орнатты. Халиф Жағфар Мансурдың әділетсіз істеріне дәнекер болғысы келмеген Хазіреті Имам Ағзам зынданда дүре соғылса да Бағдатқа қазы болудан бас тартты.

Өйткені хақ сөз иманның үні, шындықты айту және орнату кәміл мүминдердің ең белгілі қасиеті. Шындықты айтқан және шындыққа қызмет еткендер бар болған сайын зұлымдыққа баратын жолдар жабылмақ.

Сондықтан нәпсіге еріп, зұлымдық жасағандар немесе залымға қолдау көрсеткендер теріс жүйе мен зұлымдықтың жеңісінің уақытша екендігін, мәңгілік жеңіске жете алмайтындығын жақсы білуі керек. Өйткені зұлымдықтың соңы жоқтық. Қайткенде де зауалын табады. Шындықты танымау, хақ пен әділдік қағидаларын таптау Аллаһ

жәллә жәләлүһуға қарсылық мағынасын білдіретіндіктен, залымдардың ертелі-кеш иләһи құдіреттің ауыр азабына жолығатындығы хақ.

Зұлымдық пен әділетсіздіктің тарихы иләһи қаһарға ұшыраудың қорқынышты көріністеріне толы. Аятта:

«...Негізінде Біз тек халқы залым елдерді жойып жіберген едік» - делінеді. (Қасас сүресі, 59)

Қорыта айтқанда, жалаң күшке жүгінгендер назарында зұлымның бастамасы қаншалықты жарқын болып көрінгенімен, оның ақыры түнек қараңғылық екендігін тарих беттері көрсетіп отыр. Екінші жағынан әділдік қаншалықты қиын болып көрінгенімен, ақыры нұрлы әрі рахат. Сол себепті әр уақыт, әр жерде және әркімнің алдында адал болған мұсылман Аллаһтың және құлдарының сүйіспеншілігіне ие болады. Екі дүниеде де азіз әрі бақытты болады.

Нәпсілеріне еріп әділеттен тайғандардың бір нәрсеге қол жеткізуі мүмкін емес. Алдамшы және өткінші пайда тигізгенімен ақыры бұл зарар, өкініш пен қасіреттен басқа ештеңе бермейді.

Раббымыз бізді, жүрегімізді фәни мүдделерге бола қисық басудан сақтасын! Барлығымызды шындық пен әділдік негізінде өмір сүріп, ұждан тыныштығымен Өзінің құзырына бара білген бақтияр құлдарының қатарына қоссын!

Әмин!

Жауапкершілік

Иман бауырластығынан туындаған жауапкершілік түсініг і өте маңызды. Мүминдер денелері бөлек болғанымен, бір жүректі, бір дененің мүшелері секілді болуға мәжбүр. Бір мүшенің ауруын барлық дене сезінгені тәрізді, дін бауырларының қиыншылықтарын сезіну де барлық мүминдер үшін ар сынағы.

ЖАУАПКЕРШІЛІК

Адам – жаратылғандардың ішіндегі ең абыройлысы және әлемнің ерекше көркі. Аллаһ Тағала адам баласына басқа жаратылыстарға бермеген сансыз нығмет пен қабілет берген. Осы ерекше сый-сыяпатымен қоса оны жауапкершілікті сезінетін жаратылыс етіп жаратқан.

Аллаһ Тағала біз, құлдарын, сынау үшін нәпсімізге **«фүжур** (бұзақылық)**»** пен **«тақуалық»** қасиеттерін сыйлап, бізге сол екеуінің арасында ерік-бостандығын берген. Осылайша еркімізді жақсылыққа да, жамандыққа да бағыттау турасында бостандық берген.

Дүние сынағының қажеттілігі ретінде әрбір құлына бөлек-бөлек өмір шарттарын белгілеген. Яғни адам баласы қоғамдық өмірдің тәртіп, жүйе және тыныштық бойынша жалғасуы хикметіне байланысты рухани-материалдық тұрғыдан әртүрлі деңгейлерде жаратылған.

Барлық адамдарға бірдей қабілет, бірдей мамандық, бірдей рухани-материалдық ерекшелік берілетін болса, қоғамдық тәртіп қалыптаспай, сол себепті тыныш өмір тәртібі де болмас еді. Сондықтан адамдар қоғамдық өмірді бірін-бірі жуатын екі қол сияқты біріне-бірі мұқтаж болып, бір бүтіннің бөлшектері сияқты бірін-бірі толықтырып тұратын ерекшеліктерімен өмір сүруге міндеттелген. Соған

байланысты сынақ әлемі болған осы дүниеде адамдардың әртүрлі мүмкіндіктерге ие болуы хикметсіз емес.

Бұл жағдай мүминдер арасында имани және ұждани кейбір хақ пен жауапкершіліктерді тудырады. Аллаһ Тағала адамдар арасындағы әлсіз, шамасыз әрі құр алақан құлдарына сабырлық сақтап, осы сынақтың сауабына қол жеткізулерін, екінші жағынан күшті, қабілетті, ауқатты құлдарына масаттанбай шүкіршілік етулерін бұйырады.

Шүкіршілік тек тілмен ғана орындалмайды. Нағыз шүкіршілік нығметтен құр қалғандарға да беру арқылы жүзеге асады. Аллаһ ризалығы үшін әлсіздердің қасынан табылу, олардың кемшіліктерін толтыруға тырысу және олардың ізгі дұғаларын алу шүкіршіліктің ең тамаша анықтамасы.

Расында да кейде «Менің денім сау, мықтымын, пәленше адам неге науқас немесе мүгедек? Мен ауқаттымын, пәленше адам неге пақыр?» - деп өзімізден сұрауымыз керек. Осы сұрақтың жауабы ретінде өзімізге «Аллаһ Тағала оны маған аманат етті және мен ол үшін жауаптымын. Олай болса, қолымдағы мүмкіншіліктерді осы мүмкіншіліктерден мақрұм болғандарға беруге тырысуым қажет!» - деп жауап беруіміз керек.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Мумин бауырының қиыншылығын бөліспеген бізден емес» - деген. (Хаким, IV, 352; Һәйсәми, I, 87).

Иман бауырластығынан туындаған жауапкершілік түсінігі өте маңызды. Мүминдер денелері бөлек болғанымен, бір жүректі, бір дененің мүшелеріндей болуға мәжбүр. Бір мүшенің ауруын барлық дене сезінгені тәрізді, дін бауырларының қиыншылықтарын сезіну де барлық мүминдер үшін ар сынағы.

Тарихтағы мына бір мысал мүмин адамның көңілінің қаншалықты сезімтал болуы керек екендігін көрсетеді:

Осман қағанатының сұлтаны I Абдұлхамид Хан Өзи Қамалы дұшпанның қолына түсіп, бейкүнә тұрғындарының бастары шабылған кезде:

«Қап! Әскер балаларым мен бейкүнә халқым қырылдыау!» - деп, қайғысынан сал ауруына шалдығып, осы қасіретке шыдай алмай, қайтыс болған еді. Бұл жағдай жауапкершілік сезімінің қаншалықты терең көрінісі десеңізші! Бір алып мемлекеттің сұлтанына өмірін тауысқызатындай «ах!» деп айтқызған және жүрегін қайғыға толтырған иманның қасиеті қандай керемет.

Міне, осы иман қасиеті жоғалғанда иман бауырластығының құқығы да аяқ асты етіліп, жауапкершіліктер орындалмайтын болады.

Мүминдер осы түсінікпен өзара сүйіспеншілікті қалыптастыруды, біріне-бірі қызмет етуді, бірін-бірі қолдап, қамқор болуды Аллаһтың разылығына қол жеткізу жолындағы аса маңызды міндет деп санауы керек.

Сонымен қатар, мүминдер ізгілік пен дұғада әрдайым біріне-бірі мұқтаж. Әлсіз әрі қиналған мұсылмандар күшті де ауқатты мүминдердің жақсылығына мұқтаж. Мүмкіндігі мол мүминдер болса, олар әлсіз әрі құр алақан адамдардың жақсы батасына мұқтаж.

Хазіреті Мәуләнә бұл ақиқатты тамаша жеткізеді:

«Сұлулар мөлдір әрі тұнық айна іздейтініндей, жомарттық та пақыр, әлсіз адамдарды қажет етеді. Сұлулардың жүзі айнада сұлу көрінеді. Жомарттық пен сыйсияпаттың әдемілігі де пақырлармен, ғаріптермен жарыққа шығады».

Екіншіден, өмірінде әртүрлі қиыншылықтарға тап болған адамдар да бастарына келген ауыртпалықтар мен қиыншылықтарды өздеріне кесілген «иләһи жаза» деп ойламауы керек. Бұлардың иләһи сынақтың шарты екендігін білуі тиіс. Барлық жағдайда сабырлық танытып, мұның сауабын күтуі қажет.

Сондықтан **«шүкіршілік еткен байлар мен сабыр еткен пақырлар»** Аллаһтың разылығына қол жеткізу тұрғысынан тең болып табылады. Араларындағы бір ғана айырмашылық бірінің байлықпен, екіншісінің кедейлікпен сыналуы.

Аллаһ Тағала Хазіреті Сүлеймен мен Хазіреті Әйюбтің жағдайларын осыған мысал ретінде келтіреді.

Шексіз байлыққа ие болған Сүлеймен аләйһиссәләм ешқашан мақтанбаған, дүниенің нығметтері жүрегінен орын теппеген, нығметтердің негізгі иесі Аллаһқа үнемі шүкіршілік етумен болған. Осы тамаша халі үшін Аллаһ Тағаланың **«نِعْمَ الْعَبْدُ – тамаша құл»**[60] деген ілтипатына бөленген.

Ал пақырлықпен, науқастықпен сыналған Әйюб аләйһиссәләм болса осы сынақты жазған Аллаһ Тағала екендігін сезіп, әрдайым ризашылықта болған. Ешқашан шағымданбаған. Әйюб аләйһиссәләм да осы ризашылығы және мойынсұнушылығымен Раббымыздың Сүлеймен аләйһиссәләм жайлы айтқанындай **«тамаша құл»**[61] деген ілтипатына бөленді. Сондықтан құлдың қалай сыналғаны емес, сынаққа қалай жауап бергендігі маңызды.

Сол себепті шынайы мүмин ең алдымен өз еркін Аллаһтың разылығы үшін қолдануы тиіс. Осы түсінікті

60. Қараңыз, Сад сүресі, 30.
61. Қараңыз, Сад сүресі, 44.

орнықтыру үшін рухани мәселелерде өзінен жоғарғыларға қарап, соларды өздеріне үлгі етуі керек. Ал, материалдық жағдайда өзінен төменгілерге қарап, шүкірлік етуі қажет. Аллаһ Тағала тарапынан белгіленген кемшіліктерге шағымданбай, дүние мен ахіретті бір бүтін ретінде сезініп, мұның мәңгілік әлемдегі жауапкершілігін азайтатындығын ойлап, жұбаныш табуы керек.

Өйткені Аллаһ Тағала құлдарынан көп нығметке бөлегендерін көп, аз нығмет бергендерін аз жауапқа тартады. Яғни бұл дүниеде қол жеткізген нығметтерге қарай ахіретте жауапқа тартылады. Иләһи әділет осылай көрініс табады.

Мәселен, Африкада дүниеге келген және түк нәрседен хабары жоқ қауым өкілі болған адам немесе бейқам, надан қоғамда өмір сүрген адамның діни ақиқаттарды қабылдау тұрғысындағы жауапкершілігі шарттары жеңіл басқа бір діндар әрі мәдени өлкедегі адаммен бірдей, тең болмайды. Сондықтан құлға берілген нығметтер оның жауапкершілік ауқымын белгілеп, міндеттілік мөлшерін анықтайды.

Бұл жайлы аят кәримәда:

«Аллаһ ешкімге шамасы жетпейтін істі жүктемейді!» - дейді. (Бақара сүресі, 286).

Аллаһ қаншалықты күш пен мүмкіншілік беретін болса, соншалықты жауапқа тартады. Демек, құл шамасы жеткен нәрселерді орындамайтын болса, бұған жауапты болады. Яғни шамамыз келе тұра орындамаған жақсылықтар, хақ пен ізгілікті үгіттеп, зұлымдық пен жаманшылықтан сақтандыру сияқты қызметтер үшін де ахіретте жауапқа тартылатындығымызды ойымыздан шығармауымыз қажет.

Бұл тұрғыда біз, мүминдер, үшін өте маңызды

мәселе бар. Ол зекет сияқты материалдық бір міндеттің нисабын, яғни қаншалықты мөлшерде берген жағдайда жауапкершіліктен құтылатындығымызды анықтау оп-оңай. Бірақ Аллаһтың құлына берген рухани-материалдық барлық нығметтер сол құлда белгілі бір мөлшерде жауапкершілік тудырады. Ал, мұның мөлшерін анықтау өте қиын. Мәселен, Аллаһ жолында қажыр-қайрат көрсету – барлық адамдарға Аллаһтың жүктеген міндеті. Бірақ зекеттегіден гөрі мұның нисабы да, мөлшері де белгісіз.

Кейбір адамдар аз нығметке қол жеткізгендіктен, оның жауапкершілігінің мөлшері, мысалы, бір «кесе» сиымдылығындай. Алайда кейбір адамдардың жауапкершілік мөлшері бір «қазан» сияқты кең мөлшерде болады. Яғни мойнымыздағы Аллаһтың тағдырымен берілген нәсіптер бізді әртүрлі мөлшерде міндетті қылады. Қолында қазаны бар адам оның түбінде бір ғана кесе су апаратын болса, қазаны бос деген сөз. Мәселен, жүз миллиард зекет қарызы бар адам он миллиард өтеп бұл міндеттен құтыла алмайтын болса, басқа нығметтерден туындаған жауапкершіліктер де тура сондай.

Сондықтан мойнымыздағы нығметтен туындаған жауапкершілік мөлшерін толық білу мүмкін болмағандықтан, жасаған құлшылықтарымыз бен жақсылықтарымызға ешқашан сенбеуіміз керек. Өйткені жауапкершілік ыдысымыздың сиымдылығы өте үлкен болып, істеген ізгі амалдарымыз сол ыдысқа жұғын да болмай қалуы мүмкін

Пайғамбарымыздың дәуірінде осыған қатысты көптеген мысалдар болған. Бір бәдәуи келіп, тек парыз-дарды ғана орындайтындығын айтқан еді. Пайғамбарымыз ол жайында:

«Егер сөзінде тұратын болса құтылды»[62] - деген. Өйткені ол адамның ыдысы бір кеседей ғана болған.

Ал Аллаһ Расулы парасатты, таңдаулы сахаба Мұаз радияллаһу анһұға әр жолы: *«Бұл да жеткілікті емес!»* -деп үсті-үстіне көптеген кеңес беріп, ең соңында:

«Саған осылардың барлығының оңтайлы болуына қатысты бір нәрсені (жанды жерін) айтайын ба?» - дейді.

Мұаз радияллаһу анһү:

«Уа, Расулаллаһ! Айтыңыз!» - дейді. Сонда Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм тілін ұстап:

«Тіліңе ие бол!» - дейді.

Мұаз радияллаһу анһү:

«Біз сөйлегендеріміз үшін де жауапқа тартыламыз ба?» - деп сұрағанда, Пайғамбарымыз аләйһиссаләтү уәссәләм:

«Аллаһ жақсылығыңды берсін, ей, Мұаз! Адамдарды етпетінен (дырылтата) жәһәннәмға сүйрейтін тек тілімен айтқандары ғана!»[63] - деген.

Қорыта айтқанда, жауапкершілік ауқымы тұрғысынан қолымызда бір кесе ме, әлде үлкен бір қазан ба, нақты білуіміз керек. Ал, нәпсіміз мұны білгенімізді қаламайды. Бәлкім, қазан болып, «Менікі кесе, осыншалық су маған жетеді, яғни осыншалықты жақсылық, не ізгі амал мені құтқарады!» - деп, өзімізді алдап жүрген шығармыз. Қаншама қазаны бар адамдар өздерін кесесі бар адамдармен салыстырып, «Мен ыдысымды толтырдым!» - деп ойлайды.

62. Оқиға жайлы қараңыз, Бұхари, Иман 34, Саум1 , Шәһәдәт 26; Мүслим, Иман 8,9
63. Оқиға жайлы қараңыз, Термези, Иман, 8; Ибн Мәжә, Фитән, 12.

Көптеген адамдар Жерорта теңізі мен Мәрмәр теңізін салыстырғандай ғапылдықпен өзін қоғамның жағдайымен салыстырып, ар-ұжданын жұбатады.

Алайда Аллаһтың қоғамға берген нығметтерімен жеке адамдарға берген нығметтері бөлек. Сол себепті ешқашан Аллаһ жолында жасаған қызметтерімізді жеткілікті деп санамай, қолымыздан келетін қызметтердің түбіне жеттік деп ойламауымыз керек. Қолымыз жектен нығметтерден туындаған жауапкершіліктің шартын орындау үшін ақтық демімізге дейін бар шамамызбен тырысуымыз қажет.

Сонымен бірге түрлі деңгейдегі мақрұмдықтарымыз себепті өзімізді Аллаһ жолында қызмет атқарудан тыс қалдырмай, бәрінде сақ болуымыз керек. Бұл жайында жанқияр сахабалардың халі керемет өнеге:

Сахаба Абдұллаһ ибн Үмми Мәктум радияллаһү анһү соқыр болғаны себепті жорықтан рұқсат берілгеніне қарамастан, «Мен туды алып жүремін», - деп, Қадисия жорығына қатысқан еді. Тәбук сапары кезінде бір пақыр сахаба мінетін көлік таба алмағаны үшін жорықтан босатылғанына қарамастан, соғыста өздері жеңсе, алған олжасын бермек болып, бір әскердің көлігіне мінгесіп, сол жорыққа қатысқан болатын. Өйткені ол мүбәрак сахабалар бір ізгілікті істеу үшін тартқан азаптар мен жасалған жанқиярлықтардың өз сауабының еселеніп көбеюіне себеп болатындығын жақсы білетін.

Аллаһ разылығына қол жеткізу үшін барлық шынайы қызметтер рухани кемелдіктің көрінісі. Раббымызға жақын болуға дәнекер.

Ендеше науқас, мүгедектік, пақырлық және басқа да

қиыншылықтар болса да, «Қалайда менің себебім бар...» - деп шетке шығудың орнына, Аллаһ жолындағы фәни кедергілерді жойып, Аллаһтың дініне қызмет ету үшін қолымыздан келген бір ізгілікті сөзсіз орындауға тырысуымыз керек.

Бұл жайлы аят кәримәда:

«Ей, Иман келтіргендер! Егер сендер Аллаһқа (дініне) **жәрдемдесетін болсаңдар, Ол да сендерге көмектеседі, табандарыңды тайдырмайды» -** деген (Мұхаммед сүресі, 7).

Өздеріңді қауіпке итермеңдер!..

Әмәуилер кезеңінде Аллаһ Расулының жеңіс сүйіншісіне ие болғысы келген Ислам әскері Ыстамбұлдың алдына дейін келеді. Оның ішінде Хазіреті Әбу Әйюб әл-Әнсари де бар еді. Римдіктер қаланың қорғанына сүйеніп соғысқанда, Әнсарлық бір адам атымен Византиялықтардың ортасына дейін барады. Мұны көрген Ислам әскері таңданып және **«Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермелемеңдер!»** - деген аят кәримәда айтылғандай:

«Лә иләһә иллаллаһ! Мынаны қараңдар! Өзін біле тұра қауіпке итеріп жатыр!» деді. Сонда Хазіреті Әбу Әйюб әл-Әнсари:

«Ей, Мүминдер! Бұл аят кәримә біз Әнсарлар хақында түсті. Аллаһ Пайғамбарына жәрдем етіп, дінін үстем қылған кезде біз “Енді малдарымыздың басында тұрып соларды дамытып, өсірумен шұғылданайық” деген едік. Сол кезде **“Мал-мүліктеріңді Аллаһ жолында сарып қылыңдар. Өздеріңді өз қолдарыңмен қатерге итермелемеңдер.** (Әр-

қашан) **жақсылық істеңдер.** (Өйткені) **Аллаһ** (істеген ісін **ең көркем түрде істеген және мұны Аллаһ көріп тұрғандай** сезіммен істеген) **жақсылық істеушілерді, әрине, жақсы көреді”**, - (Бақара сүресі, 195) деген аят түсті. Аят кәримәда баяндалған **«адамның өз қолымен өзін қатерге итермелеуі»** дегені бау-бақша сияқты дүниеліктермен айналысып жүріп, Хақ жолында қажыр-қайрат жұмсауға немқұрайды қарап, тәрік етуіміз» деді.

Осы иләһи ескертуге шынайы мойынсұнған Хазіреті Әбу Әйюб әл-Әнсари құлдық жауапкершілігін толық та лайықты түрде орындауға тырысып, ешқашан амалдарын жеткілікті деп санамаған. Аллаһ жолында қызмет етуден шет қалмаған. Иман шабытымен сексеннен асқан жасында қатысқан осы жорық кезінде қайтыс болып, шәһид болу мәртебесіне қол жеткізген. (Әбу Дәуіт, Жиһад, 22/2512; Термези, Тәфсир, 2972)

Екі жарым жылдық халифтығымен Ислам тарихына өшпес із қалдырған Омар бин Абдулазиз де әрдайым өзін сын тезіне салып, ар-ұжданының алдында есеп беріп отыратын. Жұбайы оны жұбату мақсатында сөздер айтса да, ол:

«Ей, Фатима! Ертең есеп күні Раббым мені қарамағымдағы адамдарым үшін сұраққа тартатын болса, Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм маған өкпелеп реніш білдірсе, мен не деп жауап беремін?!» - деп, бейне бір суға түскен жаралы құстың кейпін кешетін...

Аят кәримәларда бұл жайлы былай бұйырылған:

«Ей, Иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы (Оның тәңірлік абырой-даңқына лайық боларлықтай) **қорқыңдар және мұсылман болған халдеріңде ғана өліңдер»** (Әлу Имран сүресі, 102).

«Саған яқин (өлім) **келгенше, Раббыңа құлшылық қыл!»** (Хижр сүресі, 99)

«Қолың босаса, дереу (басқа бір) **іс істе және тек Раббыңа бет бұр!»** - да делінген. (Инширах, 7-8)

Аяттарда айтылғаны бойынша өміріміздің соңына дейін әрдайым арта түскен қызмет құштарлығында болуға тырысуымыз керек. Бұл турасында Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмды үлгі тұтуымыз керек. Ол барлық күнәлары кешірілгенімен, түнде таң атқанша жылап намаз оқып, истиғфар ететін.

Мешіт салынған кезде арқасында тас таситын.

Бақшаға барса тамақ пісіретін отын жинайтын.

Бәдір соғысына барған кезде үш сахабамен түйеге кезектесіп мінген. Сахабалар өз кезектерін табандылықпен Оған бергісі келсе де, Ол мұны қабылдамай:

«Сендер жаяу жүруге менен шыдамды емессіңдер. Сонымен қатар сауап алу турасында мен сендерден қалысқым келмейді» - дейтін. (Ибн Са'д, II, 21; Ахмед, I, 422).

Қорыта айтқанда, Аллаһ Тағаланың құлдарына берген қабілеті мен мүмкіншіліктерінің мөлшерін анықтау мүмкіншілігі болмағандықтан, ақтық демімізге дейін шашамыз жеткенше өзімізді Хақ жолындағы қызметке арнауымыз қажет.

Екіншіден, иман нығметінен туындаған шүкіршілік борышымызды тамаша орындаудың жолы – иманнан құр қалғандарға немесе күнәһар адамдарға жұмсақ тілмен және

Исламның жылы жүзімен жасалатын дін уағызы мен тура жол көрсету. Бірақ мұнда күнәһар адамдардың жаралы құс сияқты екендігіне назар аударғанымыз да жөн болмақ. Оларға пайда беретіні ашу емес, мейірімділік. Яғни күнә істің өзіне деген жек көрушілікті күнәһар адамға бағыттамау керек. Осындай ерекше һәм терең сезімге болса тасаввуф жолының ережелерін өз бойларына дарытқан ортаның кешірімге толы аясында қол жеткізуге болады.

Қазіргі таңдағы адамдардың көпшілігі діни тұрғыдан ерік әлсіздігін бастарынан кешіп жатқандықтан қоғамда аурухананың ішін аралаған дәрігер сияқты сезімде болуымыз керек. Дәрігердің науқасқа емдеу шараларын ұсынуы оның адами және ұждани жауапкершілігі болса, біздер де рухани науқасқа шалдыққан адамдарға жол көрсету жауапкершілігін арқалауға тиіспіз.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Дін – насихат» - деген. Әрі насихаттың аса маңызды іс екендігін көрсету үшін осы сөзін үш рет қайталаған. (Бұхари, Иман, 42)

Амалыңа сенбе!

Құлдың ешбір амалы оған берілген нығметтердің шүкіршілік борышын өтеуге жеткілікті емес. Сол себепті салих және ариф құлдар тіпті пайғамбарлар да өз амалдарына сенбей, Аллаһтың кешірімі мен мархаматына бөлене отырып, жауапқа тартылғанды қалайды.

Бір күні Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм сахабаларын шектен шығушылықтан аулақ болып, тұрақты құлдық өмір сүруге шақырып:

– *Орта жолды ұстаныңдар. (Кітап пен Сүннет бағытында) тура болыңдар. Ешбірің амалдарың арқылы құтыла алмайтындықтарыңды біліңдер,* - деген.

Сахабалар:

– Сіз де құтыла алмайсыз ба, ей, Аллаһтың Расулы? - деп таңданып сұрағанында:

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– (Иә), мен де құтыла алмаймын. Бірақ Аллаһ рахымы мен мейірімі арқылы мені кешірсе, ол басқа! - деп жауап берді. (Мүслим, Мүнәфиқун, 76,78)

Тағы бір хадис шәрифте:

«Бір адам дүниеге келген күнінен қартайып ақтық деміне дейін Аллаһ ризашылығы үшін және құлшылық ниетімен маңдайын жерден көтермей тырысса, сол адам қиямет күні амалдарының жеткіліксіз екендігінің байыбына бармақ» - деген. (Ахмед, IV, 185 б).

Яғни соншалық құлшылық еткен мүминнің өзі амалдарының құтылуға жетпейтіндігін түсінеді.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм түн ішінде ұзақ намаз оқығаны сонша, онысынан аяқтары ісіп кететін. Соның өзінде:

«Аллаһым! Сені Өзіңе лайық боларлықтай мадақтай алмаймын! Сен Өзіңді қалай мадақтасаң сондайсың!» - деп мінәжат етіп, адам баласының әлсіздігін білдірген. (Мүслим, Салат, 222)

Сондықтан біздің міндетіміз – әрқашан қажырлы бола

отырып, амалдарымызға сеніп қалмай, Аллаһтан кешірім және мейірім сұрау.

Қорыта айтқанда, адамдардың фәни ләззаттар мен нәпсіқұмарлықтарының қармағында және рухани күйзелістердің толқынында тұншығып жатқан қазіргі таңда мойнымыздағы иләһи жауапкершіліктің салмағы барған сайын артып отырғаны анық.

О, Раббымыз мойнымыздағы жауапкершілікке қажетті мөлшерде қажыр танытуымызды нәсіп қылғайсың! Кемшіліктеріміз бен қателіктерімізді кешіріп, барлығымызды жәннәтің мен көркем дидарыңа бөлегейсің!

Әмин...

Аманат түсінігі

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм мүминдердің бір-бірінің алдында үлкен жауапкершіліктерінің бар екендігін, олардың бір қабырғаның кірпіштері сияқты бір-біріне байланған болуы керектігін, бір дененің мүшелері сияқты бірінің басына келген ауыртпалық пен қиыншылықты барлығының сезінуі қажеттігін, көршісі аш бола тұра тоқ болып ұйықтаудың Ислам ахлағына сай келмейтіндігін, қысқасы мүминдердің бір-біріне аманат екендігін айтқан.

АМАНАТ ТҮСІНІГІ

Аллаһқа иман келтіргендердің жалпылама атауы болған «мүмин» сөзі Аллаһтың көркем есімдерінің бірі болып, Оның сенімділіктің қайнар көзі екендігін, құлдарының Оған сенім артуын, оларды аман қылуын білдіреді. Пайғамбарларын «аманат» сипатымен безендірген, оларды сенімді қылған да Аллаһ. Сол себепті «мүмин адам» – иман келтірген, қауіпсіздіктің қайнар көзі, сенімді адам деген сөз.

Аманатты орындау сезімі мүминдердің иман қорғанын күшейтетін іс. Осы шындықты баяндайтын мына бір хадис шәриф адамға қорқыныш ұялататын бір ескерту:

«Шүбәсіз, Әзіз де Жәліл (ұлы) Аллаһ бір құлды құртқысы келсе, одан ар-ұят сезімін алып тастайды. Ар-ұятты алған соң, ол құл қаһарға ұшырайды. Қаһарға ұшыраған соң, одан сенімділік алынады (сенім болмайды). Сенім кеткен соң, ол тек қиянатшыл болады. Қиянатшыл болған соң, одан мейірімділік алынады. Рахымшылық болмаған соң, ол тек лағынетке ұшырайды, малғұн болады. Лағынетке ұшырап, малғұн болған соң, оның Исламмен байланысы үзіледі!» (Ибн Мәжә, Фитән, 27)

Хадис шәрифте баяндалғанындай аманат сезімі иманның сахих (дұрыс) болуының шарттарының бірі. Сол себепті оны мұқият сақтауымыз үшін Раббымыз көптеген

ескертулер жасайды. Оларда былай делінеді:

«Егер біріңе-бірің сеніп, аманат қойсаңдар, аманат қойылған адам Раббы болған Аллаһтан қорқып, аманатты (қарызын) **толық тапсырсын** (орындасын)**!»** (Бақара сүресі, 283).

«...Кімде-кім қиянат қылса (ғанибетке, не қоғамға тән мүліктен бір нәрсені жасырса)**, қиямет күні қиянат еткен нәрсесімен** (мойнына ілінген халде) **келеді!..»** (Әлү Имран сүресі, 161).

«Ей, Иман келтіргендер! Аллаһқа және Пайғамбарға қиянат жасамаңдар! (Әйтпесе) **біле тұра өз аманаттарыңа қиянат қылған боласыңдар!..»** (Әнфәл сүресі, 27).

«Аллаһ сендерге аманатты иесіне (лайықтысына, хақы болған адамына) **тапсыруларыңды, адамдар арасында билік айтар болсаңдар, әділдікпен үкім берулеріңді бұйырады»** (Ниса сүресі, 58).

«Аманат» пайғамбарлардың ерекшебес сипатының бірі. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм жәһилдік дәуіріндегі арабтардың сеніміне кіргені соншалық – Оны **«әл-Әмин»** және **«әс-Садық»** деп атайтын. Тіпті Аллаһ Расулының қатыгез дұшпаны болған Әбу Жәһилдің өзі Оған бір күні:

«Ей, Мұхаммед! Мен саған Сен өтірікшісің демеймін. Бірақ мына дініңді қаламаймын...» - деп, Пайғамбарымыздың дұрыстығын ұждани тұрғыдан қабылдайтындығын, бірақ дінге кіруде өз нәпсісіне жеңілгендігін мойындаған.

Бұл жәйт аятта былай баяндалады:

«(Ей, Расулым!) **Олардың** (Сені және ахірет әлемін жоққа шығару туралы) **айтып келе жатқан сөздері сені**

қайткенде де қамықтыратынын Біз жақсы білеміз. Шынында, олар сені өтірікке санамайды. Бірақ анау залымдар Аллаһтың аяттарын біле тұра жоққа шығарады» (Ән'ам, 33).

Аманатқа қиянат жасамау және уәдеде тұру турасында ешкімнің Пайғамбарымыздың деңгейіне жетуі мүмкін емес. Абдұллаһ бин Әбил-Хамса радияллаһү анһү жеткізген мына бір оқиға Оның осы халіне тамаша мысал:

«Пайғамбар болып жіберілмей тұрғанда Аллаһ Расулымен сауда-саттық жасаған едім. Оған қарыздандым. Біраз уақыт күтсе, дереу әкелетіндігімді уәде етіп кеткенмін. Бірақ берген уәдемді ұмытып кеткен едім. Үш күн өткеннен кейін есіме түсіп, сөйлескен жерге келгенімде Оның сол жерде күтіп тұрғанын көрдім. Аллаһ Расулы осы істегенім үшін маған өкпелемей, тек қана:

"Ей, жігітім! Мені қинадың, үш күннен бері осы жерде күтіп тұрмын" - деді» (Әбу Дәуіт, Әдеп, 82/4996).

Пайғамбар Мырзамыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм барлық адамдар тарапынан дұрыстығы, әділдігі және сенімділікті орнықтыратын мықты мінезімен танылған болатын. Меккенің текті әрі абыройлы ханымы Хадиша анамыз Оның осы ерекшелігіне қайран қалып, Оған үйленуге ұсыныс жасаған еді.

Ислам дұшпаны болған еврейлердің өзі өзара түсініспей қалған кезде, әділдігі мен туралығына сенгені үшін Оған жүгінетін. Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм да оларға әділ шешім беретін.

Византия королі Гераклға Исламға шақыру хаты келгенде Әбу Суфиян Шамда болатын. Геракл Әбу Сүфияннан Пайғамбарымыз хақында көптеген сұрақтар сұрайды.

Әсіресе Оның бұрын өтірік айтып-айыптағаны, сөзін орындамағаны сияқты жағдайының болған-болмағандығын білгісі келді. Әбу Суфиян сол кезде Ислам дұшпаны бола тұра, Оның ешқашан өтірік айтпағандығын және берген сөзіне адал екендігін айтуға мәжбүр болған.

Бұл жайт Пайғамбарымыздың пайғамбарлығын мойындамағандардың өзі Оның туралығы мен адалдығын қабылдайтындығын көрсетеді. Ол һижрат еткен кезде, Оның қолында мүшріктердің кейбір аманаттары бар болатын. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Хазіреті Әлиді осы аманаттарды иелеріне табыстау үшін Меккеде өкіл етіп қалдырған.

Қысқасы, мұсылман болсын, мұсылман еместер болсын барлығы Оған сенетін. Аллаһ Расулының адалдық түсінігінің жетілгені соншалық, бір әйел баласын шақырған кезде:

«Бері кел, қарашы, саған не беремін!» - деген соң, дереу әйелден оған не беретіндігін сұрайды, сонда әйел бірнеше құрма беретіндігін айтады. Сонда Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Егер сен оған ештеңе бермейтін болсаң, саған бір өтірік күнәсі жазылар еді» - дейді. (Әбу Дәуіт, Әдеп, 80/4991; Ахмед, III, 447).

Пайғамбарымыздың бұл ерекшелігі тек адамдарды емес, хайуандарды да қамтыған. Бір сахаба атын қасына шақыру үшін қолында атқа беретін бір нәрсесі бары сияқты әрекет етуі Оны мазалағаны соншалық, ол сахабаны шақырып алып, ескерту жасаған-ды. (қараңыз, Бұхари, Иман, 24).

Тағы бір жолы жорықтан қайтып келе жатады. Екі сахаба бір құстың балапанын ұясынан алып, сүйіп жатады.

Сөйтіп жатқанда балапанның анасы келді. Балапандарын ұядан көрмеген құс шырылдай бастады. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм жағдайды ести сала дереу балапанды орнына қоюды және құс ананы жәбірлемеу керектігін бұйырды. (қараңыз, Әбу Дәуіт, Жиһад, 112).

Ибн Аббас радияллаһу анһу былай дейді:

«Бір адам сою үшін бір қойды жығып, жануардың көзінше пышағын қайрады. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм әлгі адамға:

«Оны қанша рет өлтіргің келеді?! Пышағыңды оны жықпай тұрып қайрап алсаң болмас па еді?!» - деді. (Хаким, IV, 257).

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм жаратылысқа Жаратушының мейірімділік көзімен қарағандықтан, жас бұтақтың да кесілуіне тыйым салып, мысығын аш қалдырған көп құлшылық жасайтын әйелдің де жәһәннәмға кеткендігін, шөлден өлгелі жатқан итке су берген күнәһар әйелдің керісінше Аллаһтың мейіріміне бөленгендігін айтқан. Өйткені Ол барлық жаратылысты **Аллаһтың аманаты** деп біліп, мүминдердің де жер бетінде қауіпсіздік пен тыныштықтың өкілдері болуын қалайтын.

Осы тұрғыдан алғанда әрбір мүмин **«әл-Әмин»** және **«әс-Садық»** сипаттарына ие болған Пайғамбардың үмметі екендігін ұғынып, өзі де, сөзі де адал, қолынан және тілінен адамдардың тіпті басқа жаратылыстар да зиян шекпейтін адам болу керек. Айналасына Исламның жақсы қасиеттерін көрсетуі қажет. Өйткені адамдар жақсы қасиетке ие, айбынды, үлгілі тұлғаларға тәнті болып, солардың соңынан ереді.

Аманат сезімінің мүмин тұлғаның ең белгілі ерекшелігі болуын қалаған Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бір хадис шәрифінде:

«Саған аманат еткен адамның аманатын (уақытында) қайтар. Саған қиянат жасаған адамға (да) қиянат жасама!» - деген. (Әбу Дәуіт, Бүю, 79/3534).

Тағы Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм аманатқа қиянат жасауды дүниені қияметке айналдыратындай үлкен бүлік пен бұзақылықтың көзі деп білген. Бір күні сахабаларымен сөйлесіп отырғанда бір адамның:

– Қиямет қашан болады? - деген сұрағына:

– *Аманатқа қиянат жасалған кезде қиямметті күт!* -деп жауап берген.

– Аманатқа қиянат қалай жасалады? - деп сұраған кезде:

– *Іс лайықсыз адамдарға берілген кезде қиямметті күт!* - деген. (Бұхари, Білім, 2).

Адам баласына берілген нығметтердің барлығы аманат. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Уәдә (қоштасу) хұтбасында:

«...Сендерге сондай бір аманат қалдырып барамын, оған мықтап жабыссаңдар, адаспайсыңдар. Ол аманат – Аллаһтың Кітабы мен Пайғамбарының Сүннеті...» - деген. (Хаким, I, 171/318)

Осы тұрғыдан алғанда Құран Кәрім мен Пайғамбар Сүннеті – Аллаһ пен Расулының бізге тапсырған ең қасиетті аманаттары.

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм мүмин-

дердің бір-бірінің алдында үлкен жауапкершіліктерінің бар екендігін, олардың бір қабырғаның керпіштері сияқты бір-біріне байланған болуы керектігін, бір дененің мүшелері сияқты бірінің басына келген ауыртпалық пен қиыншылықты барлығының сезінуі қажеттігін, көршісі аш бола тұра тоқ болып ұйықтаудың Ислам ахлағына сай келмейтіндігін, қысқасы, мүминдердің бір-біріне аманат екендігін айтқан.

Ұлағатты ата-бабаларымыз сол кездегі қиын шарттарда барлық мүмкіншіліктерін жұмсап, дүниенің арғы шетіндегі Индонозия-Ачедегі мүминдерге көмек қолын созғандығын Ислам ахлағының аманат түсінігінен басқа немен түсіндіруге болады? Солардың Жаратушы үшін жаратылғандарға мейірімділік көрсету қағидасы арқылы жиырма алты мыңнан астам қайырымдылық қорларын құрып, адамнан хайуанатқа, тіпті өсімдіктерге дейін, жеткен жерлерінің барлығына қызмет етуі барлық жаратылысты Аллаһтың аманаты деп түсінудің нәтижесі болатын.

Косовода шәһид болған Мұрат Ханның аманаты болған Балқан түбегіндегі діндас бауырларымыз Фатих Сұлтан Мехметтің Ыстамбұлдан он жылдан соң жеңіп алған Боснияда қоныстанған Ислам әскерінің ұрпақтары Палестиналық, Орта Азиялық, Кавказдық, қысқасы Ислам шекарасындағы барлық бауырларымыз бізге аталарымыздан қалған аманат. Өйткені I - Дүниежүзілік соғыста біздің аталарымыз бен сол өлкелерден келген аталарымыз иық тіресе соғысып, барлығы бірдей мақсат жолында жандарын құрбан еткен еді.

Екіншіден, Аллаһтың нығметтеріне бөленіп отырған ғазиз Отанымыз да бізге тапсырылған аса қасиетті аманат. Дінді ұстану, ар-намыс пен мемлекеттік, не жеке меншіктік

мүлік пен құқықты қорғау және байрақтың желбіреп тұра беруі тек Отанды қорғаумен ғана жүзеге аспақ.

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің Мәдинаға көшуінің көптеген хикметтері бар. Солардың бірі дінді ұстану үшін отан құру.

Исламның көрнекті тарихында Аллаһтың сөзін асқақтату аманатын шартарапқа жеткізу талпынысымен, қазір өмір сүріп отырған жеріміз ғасырлар бойы шәһидтердің қандарымен боялып, ғазиз Отанға айналған.

Ислам әскерінің Римдіктер атқан оқтарға және үстеріне қызған май төгілгендігіне қарамастан қамалға тырбанған кезде бір-біріне «Бүгін шәһид болу кезегі менікі!» - дегені, олардың дін, иман және отан аманатын сақтау, болашақ ұрпаққа жеткізу ниетінің теңдессіз үлгісі.

Кануни Сұлтан Сүлейменнің Жер орта теңізін Түрік көліне айналдырған жеңімпаз жасақтарын тамашалаған кезінде «Қазір мақтанатын және менменситін уақыт емес, осы нығметті бізге берген Аллаһқа шүкіршілік ететін уақыт!» - дегені және жорыққа шыққан Осман әскерінің ішінен өткен бау-бақшалардан жеген жемістерінің бағасын ағаштардың бұтақтарына ілгені, отан аманатының қандай рухани сезімдермен қазірге дейін жалғасқандығының басқаша бір үлгісі.

Плевненің батыры Осман Паша тұтқындалғаннан кейін мұсылман емес тұрғындарға оларды енді қорғай алмайтындығы үшін олардан алған салықтарын қайтарып бергені аманат пен әділдік түсінігінің ерекше бір үлгісі.

I - Дүниежүзілік соғыс Ислам өлкесін қорғау бағытындағы рухани шабыт, дін, иман, ар-намыс, отан және байрақ аманатын сақтау түсінігінің көріністеріне толы.

Бабаларымыздың отан қорғау кезінде бастарынан өткізген рухани халдері және бойындағы иман сезімдерін көрсететін мына бір ғибратты оқиғаның мәні орасан:

I - Дүниежүзілік соғысы Чанаккала (Дарданел) шебінде жалғасып жатқан кез. Рамазан айтының арапасы болатын. Майдан қолбасшысы Уәһіп Паша, 9 - түменнің жас имамын шақырып, қайғылы кейіпте былай деді:

«Қари! Ертең Рамазан айт. Әскерлердің барлығы айт намазын оқымақ. Бірақ бұл өте қауіпті, яғни дұшпанға тиімді болатын жаппай қыру мүмкіндігі. Мен не десем де бас тартқыза алмадым. Осыны жұмсақ сөздермен сен түсіндіріп көр!..»

Имам мырза Пашаның қасынан шыға бергенде алдынан бір нұр жүзді адам шығып:

«Ұлым! Әскерге бірдеңе айтушы болма! Уақыты келгенде барлығы дұрыс болады. Аллаһ не қаласа, сол болады» - деді.

Ертеңінде таңертең барлығын таң қалтырған иләһи бір көрініс болды. Аспаннан бұлттар (тұман) түсіп, көңілдері Аллаһқа құлшылық етуге құштар болған мүмин әскерлердің үстін жауып қалды. Оларды дүрбімен бақылап отырған дұшпан әскерлері ақ бұлттан басқа ештеңе көре алмады. Сол күні таңертең басқаша бір рухани шабытпен оқылған айт намазында алынған зор тәкбірлер жаңғырығы көкке көтерілді. Әлгі нұр жүзді қарт адам Фәтих сүресінен кейбір аяттарды оқыған кезде әскерлердің көңілдерінен шыққан тәухид сөздері, иманның жаңғырығы ретінде дұшпандарға да естіліп тұрды.

Осы кезде Ағылшын күштерінің арасында үлкен айқай-

шу шығады. Өйткені әртүрлі Ағылшын бодандығынан алдап әкелінген кейбір мұсылман әскерлер өздері сияқты мұсылман қауыммен соғысып жатқандарын тәкбір дауысын естігеннен кейін түсініп, Ағылшындарға қарсы шыққан болатын. Не істерін білмеген Ағылшындар олардың жартысын атып тастап, қалғанын кейінгі шепке алуға мәжбүр болды.

Міне, отан деген аманат иманды жүректердің арқасында осындай иләһи көмек көріністерімен қазірге дейін жетті. Көңілдеріне Аллаһ пен Расулының сүйіспеншілігі орныққан, өздерін Хақ Тағалаға құрбандыққа атаған әскерлер сол қорқынышты соғыс сәттерінде де Құраннан, дұғалардан және құлшылықтан ажырамай, Раббысына қауышу сәттерінің шәһидтік мәртебесімен жүзеге асар деген үмітпен алғы шепке жүгіретін. Өйткені олар Құран бағытынан ажырамай дінде табандылық танытқан, тәухидті байрақ қылған халықтардың бақытқа бөленгендігін, керісінше Құранға теріс қараған соқыр ғапылдық қараңғылығына батқандардың ақырының аянышты болғандығын жақсы білетін. Бұл мәселе хадис шәрифте былай баяндалады:

«Шүбәсіз, Аллаһ Тағала бұл Кітап (Құран Кәрім) негізінде (яғни оған тәуелділіктің арқасында) кейбір халықтарды асқақтатады. (Бұл бағыттан аулақ болған) халықтарды құлдыратады» (Мүслим, Мүсәфирин, 269).

Міне, өз кезінде төрт жүз шатырдан құралған тайпа Құран Кәрімге деген ерекше де шексіз құрмет ұстанымдарымен негізі қаланған Осман елінің құрлықтарды қамтыған мемлекет халіне айналуының және сол аймақтарға **«жарқыраған мешіт күмбездерін орнатқан әскерлер»** қалыптастыруының хикметін осы иләһи көріністен іздеу керек.

Екіншіден, Явуз Сұлтан Сәлім Хан кезінде Пайғамбарымыздан және сахабалардан қалған қасиетті аманаттарды Ыстамбұлға әкеліп, оларды Топқапы сарайында арнайы бөлмелерге қойып, сондай-ақ осы аманаттардың басында ғасырлар бойы жалғасатын Құран Кәрім оқу дәстүрінің басталуы және алғашқы Құранды Явуз Сұлтан Сәлімнің өзі оқығаны аңызға айналған осы ерекше құрметтің басты мысалдарының бірі болып табылады. Осман мемлекеті дара бір иләһи сыйға қол жеткізіп, алты ғасыр бойы абырой мен даңққа бөлене отырып, әлемде билік жүргізген.

Халықтың материалдық және сыртқы саладағы айбынының негізінде жатқан сырдың руханият әлеміндегі хикметтерге мойынсұну екендігін ескеру керек. Осман мемлекетінің ешбір Ислам мемлекетіне нәсіп болмаған алты жүз жылдан астам билік жүргізуі негізінде оның руханиятқа ерекше көңіл бөлгендігінен туындаған.

Бұл тұрғыдан алғанда біздің міндетіміз – иманды, рухани құндылықтарға тәуелді, отансүйгіш ұрпақ тәрбиелеу. Өйткені иманды, арды, мал-жанды сақтау Отанды сақтау арқылы жүзеге асады. Бізден бұрын осы жерде өмір сүрген аталарымыз қалай жандарын беріп, қандарын төгіп, бізге оны қалдырған болса, біз де осы мүбәрак Отанымызды Құран дауысы мен азан сайрап тұрған халде және тәуелсіз байрағымен бізден кейінгі ұрпақтарға бұдан да әдемі етіп жеткізуге міндеттіміз. Өйткені Аллаһ Тағала:

«Ақыры сол күні (дүниеде пайдаланған) **нығметтерден, әлбетте, есепке тартыласыңдар» -** деп бұйырады. (Тәкәсур сүресі, 8)

Ең үлкен нығмет дінімізді, иманымызды тәуелсіз отанда ұстану. Осы аманат түсінігіне назар аудармайтын болсақ,

мұның ақырына, қазір зұлымдық пен бодандықтың астында еңіреген Палестина мен Ақса мешітінің аянышты жағдайы мысал бола алады. Марқұм Акиф бұл ақиқатты ғасырлар мен ұрпақтарға былай ескертеді:

Иесіз мемлекеттің күйреуі хақ,
Ие болсаң, бұл отан сақталып қалмақ.

Екіншіден, халықтар тарих сахнасында өміршеңдігін өз ішіндегі **«мәдениет»** құндылықтарымен жалғастыра алады. Осы тұрғыдан алғанда мәдениет те маңызды бір аманат. Бұл аманаттың негізін **дін**, **тіл**, **тарих** құрайды.

Дін – жаратылыс мақсаты, құндақ пен кебіннің арасындағы өмірді реттейтін, осылайша құлды ахірет бақытына әзірлейтін иләһи заңдар жиынтығы. Тіл – дін ортаға қойған ақиқаттарды жеткізу құралы. Тарих – осы екі негіздің айналасында жүзеге асқан оқиғалардың себеп-салдарын талдап, халықтардың болашағына жарық түсіретін шырақ. Сол себепті осы үш негіз бір-бірінен бөлек қарастырылмайды.

Аталарымыздың қасиетті аманаты болып табылатын дін, тіл және тарих мұрасына, яғни мәдениет аманатына лайықты түрде ие болу тек қираған материалдық мұраларды қалпына келтіру ғана емес. Негізгі мәселе ол рух, ұстаным мен мәдениеттің жандануы және келешек ұрпаққа жетуі. Халқымызды ұлттық мәдениетіміздің іргетасын қалаған Ислам мәдениетінен алшақтату үшін қиратылған тіліміз бейне бір ойлауға мүмкіншілік бермейтіндей дәрежеде кенжелеп қалған.

Қазіргі таңда қолданыстағы тілімізде қаншалықты сөз бар дейсіз? Алайда бұл сөздердің санының қаншалықты

қысқарғанын болжау қиын емес. Бұл тілдің құлдырауының кейбір тілбұзарлардың қолымен қаншалықты орасан жұмыстар атқарылып жатқандығын көрсетеді. Алайда тілімізді құтқармайтын болсақ, басымызға түскен мыңдаған қиыншылықтардан құтылуымыз мүмкін емес. Өйткені адамдар сөзбен ойлайды. Түсініктері мен сөздік қорлары азайған және бұрмаланған «тілмен» терең Ислами ойлаудың көкжиегіне көтерілу мүмкін емес. Бұл жүзеге аспаса, әрекеттеріміздің негізін құрайтын ойлау нақтылы бір деңгейге жетпейді. Орынды пікір тудыра алмайтын шала әрі шектеулі ойлау деңгейімен ұлттық әрі рухани құрылымымызға бағытталған пікір ағымдарына қарсы жеткілікті деңгейде қарсылық көрсете алмаймыз. Сол үшін ұлттық мәдениетімізге және ұлттық түсінігімізге қайшы әрі мағынасын, сөзін бұрмалап қалыптастырмақ болған тілге ешқашан сенбеу керек.

Сонымен бірге тарихымызды да лайықты деңгейде біліп, үйретуіміз шарт. Олай болмаған жағдайда арнаулы тарихшылар мен Ислам және Түркі халықтарының дұшпаны болған кейбір шетелдіктер жазған тарихпен әлемдік мәдениетті дұрыс түсіндіру мүмкін емес! Сондықтан бабаларымыздың біздерге қалдырып кеткен тарих мұрасының ұлтымыздың түсінігі мен санасына дұрыс сіңірілуі діни және ұлттық міндет болып табылады.

Ұлттар мен жеке адамдар өмірлерін өз бастарынан өткізген тәжірибелердің негізінде қалыптастыратындығына тарих куә. Тарих бейне бір ұлттардың жады іспеттес. Сол себепті ұлттар тарихи оқиғалардың ескертулеріне әрдайым мұқтаж. Бір ұлт шынайы тарихын және рухани-материалдық көшбасшыларын танып, оларды орынды бағалайтын болса, онда ол алдыңғы қатарлы, ұлы халық деген сөз. Өсіп

келе жатқан жас ұрпақ өз тарихын бөгделерден жақсы біліп, өткеннен қажетті ғибрат алатын болса, болашақтан қауіптенбейді! Өткенге арқа сүйей алмағандардың әрқашан болашағы күңгірт болмақ. Сондықтан тамырымыз өткенге, бұтақтарымыз болашаққа жайылуы қажет.

Тарих білімін тек қана бос оқиғалардың жиынтығы деп санау – үлкен қателік. Нағыз тарих білімі халықтардың әртүрлі оқиғаларға толы өткенінде дұрыс пен бұрыстың, шындық пен өтіріктің негізгі орнын көрсететін хикметті білім. Халықтардың келешегін кәміл түрде реттеу үшін оның орнын дұрыс танып, одан қажетті сабақ, ғибрат алу шарт. Марқұм Акиф тамаша айтқан:

Тарихқа қайталау деп анықтама береді,
Ғибрат алынған болса қайталар ма еді!..

Өткеніміз бізге арыстанның қапасқа қамалмайтындығын үйретеді. Бұл халық ұлттық және рухани құндылықтарына ие болып, қорғаған сайын ешқашан тұтқындыққа душар болмайды.

Бабаларымыз имандылық арнасында бой көтерген ізгі жандар еді. Олар рухани-материалдық сезімдерін жанын беріп сақтады, ешқашан бас иген жоқ.

Біз бабаларымыздың ұлттық және рухани құндылықтарымен біте қайнасатын болсақ, олардың бізге қалдырған қасиетті аманатын алып жүре алатындығымыз. Олай болмағанда, ұлттық және рухани құндылықтарымыз талан-таражға түсіп жатқанын үнсіз бақылаудың ақыры аманаттан айырылуға апармақ. Бұл тым қауіпті жағдай. Сол үшін қаншама жан беріп, қол жеткізілген аманаттарды сақтау үшін лайықты түрде қажыр көрсетсек, ертең сол құнды

қайта төлеуге мәжбүр болмаймыз. Сақталмаған аманаттар қолдан шығатындығы және оған лайықты болғанға дейін қол жетпейтіндігі тарихи шындық.

Раббымыз қасиетті аманаттарымызды сақтау тұрғысында біздерді және ұрпақтарымызды табысты етсін! Бұл турасында ғапыл мұрагерлікпен немқұрайдылық балшығына батудан бізді сақтасын! Мойнымыздағы аманаттардан туындаған міндеттерді лайықты түрде атқарып ра-хат жүрекпен өз құзырына баруды барлығымызға нәсіп қылсын!

Әмин...

Тәфәккур
(ойлау)

Өмір мен әлемді ғибратпен тамашаласақ, жауаптары көңіліміздің түңғиығында жасырылған көптеген сұрақтарға тап боламыз:

Бұл әлемге қайдан келдік? Не үшін жаратылдық? Бұл әлем дегеніміз не? Кімнің мүлкінде өмір сүріп жатырмыз? Қалай өмір сүруіміз тиіс? Қалай ойлауымыз керек? Қайда барамыз? Фәни өмірдің ақиқаты не? Өлім шындығының сыры қалай шешіледі? Оған қалай әзірлену керек?..

❀

Тәфәккурмен ашылған рухтың түсінетіні:

«Құлшылықта дененің қыбыласы – Қағба, рухтың қыбыласы – Аллаһ Тағала».

ТӘФӘККУР

Тәфәккур тек адамға ғана емес, барлық мақлұқтарға берілген өмірлік қабілет. Бұл қабілетті әрбір жаратылыс өзінің шеңберінде және өзінің жаратылысына сай қолданады. Көбінесе тән мен нәпсінің қалаулары ауыр басады. Ішіп-жеп, жақсы, рахат өмір сүру және ұрпақ жалғастыру сияқты жақтар алдыңғы қатарда тұрады. Сол себепті жыртқыш жануардың ойы олжасын өлтіріп, қарнын тойдыруға бағытталған. Бұдан басқа оның өмір, әлем және болашаққа қатысты қандай да бір ойы, уайымы жоқ. Оған берілген ойлау қабілеті соған ғана жетеді.

Ал адамға келер болсақ... Оның жағдайы басқаша...

Нәпсілік ой мен рухани тәфәккур

Адам баласы жаратылыстың ең абыройлысы және әлемнің қарашығы ретінде жаратылғандықтан, оның жауапкершілігі мен міндеттері үлкен. Бұл оған терең ойлау қабілеті берілген деген сөз.

Өйткені адам жеп-ішу, өмір сүру және ұрпақ жалғастыру тұрғысынан басқа жаратылысқа ұқсас ерекшеліктерге қатысты **нәпсіге тиесілі ой**мен емес, тек өзін жетілдіретін, сол

арқылы жәннәт пен Аллаһтың дидарына жеткізетін **рухани тәфәккур**мен адами қасиет пен абыройды қамтиды.

Бірақ адам рухани болмысын кемелдендіре алмаса, өкінішке қарай, тәфәккур (ойлау) қабілетін нәпсілік қалаулардың шеңберінде жойып жібереді. Осылай ғапылдықпен өмір сүру балалықта ойын, жастық шағында құмарлық, есейгенде ғапылдық, қартайған кезінде айырылып қалғандарына қайғырып, өкінішпен өтеді. Ішіп-жеу, мал-мүлік жию сияқты нәпсіқұмарлықтардың толқынында Аллаһтың берген тәфәккур нығметін зая етеді.

Рухани тереңдікке жеткен бір ойшыл осы ақиқатты қорытындылап былай дейді:

«Бұл дүние ақылды адамдар үшін иләһи өнерді тамашалап ойлану. Ақымақтар үшін тамақ пен құмарлық!».

Сондықтан адамды адам ететін ерекшелік оны саналы ететін рухани тәфәккур тереңдігі. Аллаһ Тағала да құлдарының иманды һәм құлшылықты жоғары санамен, түсінікпен іске асыруын қалайды. Бұл болса, тек иләһи ұлылық пен құдірет ағыстарын тәфәккур ету арқылы жүзеге асады.

Рухты жетілдіру

Тәфәккурде тереңдеп, рухты жетілдіру – құлдың ең маңызды жауапкершіліктерінің бірі. Өйткені құлшылықта ықыласқа, жүректің сезімталдығына, қарым-қатынаста сыпайылыққа, ахлақта кемелдікке жету тек рухты жетілдіретін тәфәккур арқылы мүмкін болмақ.

Расында құдіреттің жаратқандарына ғибратты көзбен қарайтын болсақ, сансыз хикмет көріністеріне куә боламыз. Мәселен, тонналаған салмағы бар пілді он жастағы бір

бала жетелейді... Арқасы жер иіскемеген палуанды ет көзге көрінбейтіндей кішкене микроб өлім төсегіне жатқызады... Олай болса кім күшті, кім әлсіз? Күш пен әлсіздіктің барлық пен жоқтықтың өлшемі қандай?

Өмір мен әлемді ғибратпен тамашаласақ, жауаптары көңіліміздің тұңғиығында жасырылған көптеген сұрақтарға тап боламыз:

Бұл әлемге қайдан келдік? Не үшін жаратылдық? Бұл әлем дегеніміз не? Кімнің мүлкінде өмір сүріп жатырмыз? Қалай өмір сүруіміз тиіс? Қалай ойлауымыз керек? Қайда барамыз? Фәни өмірдің ақиқаты не? Өлім шындығының сыры қалай шешіледі? Оған қалай әзірлену керек?..

Міне, мұндай тәфәккурлер Құран мен Сүннеттің жол көрсетуімен иләһи құдірет пен ұлылықтың көріністерінің қасында құлдың әлсіздігі мен түкке тұрмайтындығын түсінуге итермелейді. Жоқтан бар болған адамға «өзінің құнды» екендігін ойлап, «мен» деген сезімге салынуының қандай қателік екендігін ескертеді.

Расында, адам баласы әрдайым Раббысына мұқтаж. Барлық жәндіктер бар болып, өмір сүру үшін қандай үлкен құдіретке мұқтаж болса, адам да сол құдіретке мұқтаж. Бірақ мұның байыбына бара алмау қандай аянышты ғапылдық.

Тәфәккур арқылы жоғары рух деңгейіне жеткен мүмин болса құлшылығында және құлдық өмірінде жоғары фәйз бен руханилыққа қол жеткізеді.

Тәфәккурмен жетілген рұх:

«Құлшылықта дененің құбыласы – Қағба, рухтың қыбыласы – Аллаһ Тағала» - екендігін жақсы түсінеді.

Сондықтан Хазіреті Әли радияллаһу анһу:

«Білімсіз құлшылықта және тәфәккурсіз Құран оқуда пайда мен фәйз аз болады», - деген. Өйткені Хақтан ғапыл көңілмен жасалған құлшылықтар ақырындап мәнін жояды, тіпті кейде тек бос шаршау ғана болады.

Сол себепті Хақ достары намаздарын соңғы намазым деп ойлап оқуды, оразаны нығметтің қадірін, мұқтаждардың ауыртпашылығын ойлай отырып ұстауды, яғни барлық құлшылықтардың тәфәккур тарапына да міндетті түрде көңіл бөле отырып орындауды насихат етеді.

Әбу Дәрда радияллаһү анһү:

«Бір сағаттық тәфәккур қырық түн нәпіл құлшылықтан абзал» - деген. (Дәйләми, II, 70-71, №2397, 2400)

Тәфәккур адамның сана-сезімін жетілдіріп, құлшылықты жеңілдетеді. Ықылас пен шүкіршілікті арттырады.

Дінде сенімнің толық болуы шарт болғанындай, құлшылық ету де зәру. Алайда құлшылықты қабыл болуға лайық қылатыны оның көңілге қонатын тәфәккур аясында рухани мұқияттылық, сыпайылық және сезімталдықпен орындалуы. Сол арқылы құл Раббысына жақындайды. Сахабалардың және ықыласпен солардың ізін басқан салих мүминдердің ең маңызды ерекшелігі осы рухани халге қол жеткізгендігі болатын.

Абдұллаһ бин Мәсуд радияллаһү анһү құлшылыққа берілген достарына былай дейтін:

«Сендер сахабалардан көп намаз оқып, жиһад етесіңдер. Бірақ олар дүниеге қарсы сендерден де зәһид, ахірет үшін сендерден де құштар еді».

Раббымыз құлдарынан, иләһи құдіреті мен ұлылығын,

әлемдегі барлық жүйенің сыры мен хикметін, құлдарына деген шексіз сыйларын тәфәккур етіп, осы тәфәккурдің нәтижесінде дүниенің фәнилігін, шынайы өмірдің ахірет болғандығын түсініп, қарапайым және түкке татымайтындығымызды сезініп, тақуасы күшті тамаша құл болғанымызды қалайды.

Аллаһ Расулының тәфәккур өмірі

Пайғамбар Мырзамыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің өнегелі өмірі Раббымыздың құлдарынан көргісі келген рухани кемелдік үшін тәфәккурдің қаншалықты маңызды екендігін көрсетеді. Өйткені Ол түнде жылап құлшылық еткен, көзі ұйықтаса да жүрегі ұйықтамаған, Аллаһты зікір етуден, тәфәккур және мұрақабадан (Аллаһтың өзін көріп тұрғандай сезіммен) бір сәтте болса алыстамағаны сонша – түнгі құлшылығынан аяғы ісіп кететін.

Айша радияллаһү анһә анамыз Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің жан дүниесінің тыңғылықтығына және Оның тәфәккур көкжиегіне қатысты бір мысалды былай жеткізеді:

«Бір күні түнде Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм маған:

– *Ей, Айша! Рұқсат етсең, түнді Раббыма құлшылық етіп өткізейін*, - деді. Мен де:

–Уаллаһи, сенімен бірге болуды жақсы көремін, бірақ сені қуантатын нәрсені одан да жақсы көремін, - дедім.

Сонан соң тұрып, жақсылап дәрет алып, намазға тұрды. Жылады... Жылағаны соншалық, мүбәрак сақалы, киімі, тіпті сәжде жасаған жерінің өзі су болды.

Азан шақырғалы келген Біләл радияллаһү анһү Аллаһ Расулының бұл халіне куә болған. Әлемдердің Мырзасының жылағанын көргенде, Оны осыншалық қайғыға батырған, қасіретке душар еткен нәрсенің не екендігін білгісі келіп:

– О, Расулаллаһ! Аллаһ Тағала сіздің күнәларыңыздың өткенін де, келешектегісін де кешірсе, жылағаныңыз не? - деп сұрады.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Аллаһқа көбірек шүкіршілік еткен құл болмайын ба? Уаллаһи, маған осы түні сондай бір аяттар түсті. Оны оқып, сол жайлы ойланбаған адамдарға қандай өкінішті!* - деп, мына аяттарды оқыды:

«Расында, көк пен жердің жаратылысында, күн мен түннің кезекпен алмасуында дұрыс ақыл иелері үшін айқын дәлелдер бар.

Олар (дұрыс ақыл иелері сондай жандар) **отырса да, тұрса да, жантайып жатса да Аллаһты еске алады. Көк пен жердің жаратылысына толық ой жүгіртеді де,** (былай дейді): **«Раббымыз! Сен бұларды бекер жаратпадың, Сен** (ондайдан) **пәксің. Бізді оттың** (тозақ) **азабынан сақтағайсың!»** (Әлү Имран сүресі, 190-191; Ибн Хиббан, II, 386; Алуси, Рух9л-Мәани, IV, 157).

Міне, бұл аяттар түскен түні Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм гүл үстіндегі шықтарды емірентетін көз жасымен таң атқанша жылаған еді. Мүминдердің иләһи құдірет пен ұлылықтың көріністерін тәфәккур етіп төгетін көз жасы Аллаһтың көмегімен, фәни түндердің көркі, қабір қараңғылығының жарығы, жәннәт бақтарының шығына айналады.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм тәфәккур турасындағы иләһи пәрменге пайғамбарлық міндеті бастамас бұрын-ақ, Хира үңгірінде оңаша қалып, тәфәккур етуімен мойынсұнған еді. Оның Хирадағы құлшылығы тәфәккүр ету атасы Ибраһим аләйһиссәләм сияқты көк пен жердің ішкі сырынан ғибрат алу және Қағбаны тамашалау түрінде болатын.[65] Сол күндердегідей Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм кейінгі өмірінде де әрдайым қайғылы әрі тәфәккур жағдайында болған. Оның сөйлегені зікір, үнсіздігі тәфәккур (ойлану) болатын. Хадис шәрифте былай бұйырылады:

«Раббым маған үнсіздігімнің тәфәккур болуын әмір етті, (мен сендерге де кеңес беремін)».[66]

«Аллаһтың жаратқандары жәйлі тәфәккур етіңдер!» - (Дәйләми, II, 56; Хәйсәми, I, 81).

«Тәфәккурдей құлшылық жоқ» - (Әли әл-Мұттақи, XYI, 121).

Ахмед әр-Рифай құддисә сирруһ былай дейді:

«Тәфәккур Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің алғашқы амалы. Сондай-ақ барлық парыздардан бұрын Оның құлшылығы Аллаһтың жаратқандарын және ныгметтерін тәфәккур ету болатын. Олай болса, сендер де тәфәккурді жақсы ұстанып, құлшылыққа дәнекер етіңдер».

Қысқасы, үмметі болғанымыз үшін біздер мақтан тұтқан Пайғамбарымызға лайық үммет болу үшін өмірде және әлемде көрініс тапқан терең хикметтерге көңіл бөліп, тәфәккур аясында өмір сүруіміз қажет.

---

65. Айни, Үмдәтул-Қари, Шәрху Сахихи Бұхари, Бәйрут, Идаратул-Тибаатил - мұнирия, I, 61; XXIY, 128.
66. Хадистің толық нұсқасы үшін қар. Ибраһим Жанан, Хадис Енциклопедиясы, XVI, 252, хадис №5838.

Көзі көрмейтін бір сахабаның тәфәккур тереңдігі

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің рухани тәрбиесінде өскен сахабалардың өмірге және оқиғаларға назар салуындағы тәфәккур тереңдігі де керемет еді. Солардың бірі мынадай:

Қадисия жорығына шығатын кезде көзі көрмейтін Абдұллаһ ибн Үмми Мәктум радияллаһу анһу үлкен иман шабытымен әскер қатарына қосылғысы келеді. Бірақ оған жорықтан босатылғандығы айтылған кезде, ол мүбәрак сахаба қайғыға батты. Жоғары иман ұстанымы және құлдық санасымен жағдайын ойлаған соң, оның соғыстан босатылғандығын айтқандарға мынадай керемет жауап берген еді:

«Менің бұл халіммен де сендерге үлкен пайдам тиюі мүмкін. Өйткені мен соқыр болғандықтан, дұшпанның қылышын көре алмаймын. Сондықтан батыл болып, ең алғы шепте байрақты алып жүремін. Менің қорықпай дұшпанға қарай жүргенімді көрген Ислам әскерінің батылдығы, қаһармандығы және шабыты арта түседі».

Соқыр сахаба Ибн Үмми Мәктумның бұл халі көзі көретін, күші бар адамдар үшін қандай керемет ісжүзіндегі насихат десеңізші!

Өмір мен Әлемді тәфәккурмен оқу

Әлемде ешбір нәрсе босқа жаратылмаған. Жаратылыстың хикметі мен мақсатын әрбір зәррә хал тілі деп аталатын, өздеріне тән тілімен баяндап, көңілдерді иманға және Аллаһтың сүйіспеншілігіне тартады. Міне, шынайы тәфәккур бұл айтылған сөздерді лайықты түрде оқи алады.

Әлемдегі жаратылыстарды, өмірді және оқиғаларға тек бастағы ет көзбен қарау кәміл түсінік үшін жеткілікті емес. Тамашалауды сана мен көңілдің қосылған ортақ ісі болып табылатын тәфәккурмен жетілдіріп, ғибрат көзімен тамашалаумен жүзеге асыру қажет. Бірақ осының арқасында әлемдегі иләһи құдірет көріністері рухқа басқаша бір сергектік, қуат пен кемелдік береді.

Негізінде ешбір нәрсе Әлемнің Жаратушысының барлығын түсіну және Оған сүйіспеншілікпен қарағандай адамның тәфәккур құштарлығын қанағаттандырмайды. Өйткені мына аятта баяндалғанындай:

«Жүректер тек Аллаһты зікір етумен ғана жай табады (шынайы тыныштыққа бөленеді)» (Ра'д сүресі, 28).

Раббымыз бұл әлемдегі барлық нәрсені және барлық оқиғаны, белгілі бір себептер шеңберінде жаратуда. Білім де осы себептерді қарастырумен айналысады. Бірақ себептердің Себепшісі – Аллаһ Тағала. Сондықтан адам түсінігін себептерді жаратқан Хақ Тағалаға жеткізбейтін, Оның бар және біреу-ақ ғана екендігін ұғындырмайтын қандай білім және пікір болмасын, барлығы кемшіл. Ондай білім мен ой-пікірлер тығырыққа тірелуден басқа нәрсе емес.

Бос шаршау мен тығырықтан құтылу үшін алдымен Раббымыздың **«оқы»** бұйрығын көреген тәфәккур арқылы түсіну керек. Содан кейін осы бұйрықты өмірдің барлық сатыларындағы құбылыстарға қолдану қажет. Өйткені бұл іс адамды себептердің себебіне жеткізіп, **«хикметтің»** қайнар көзіне апарады. Түсінік пен санада кемелдену басталады. Ақыл мен көңіл Аллаһ Тағаланың әрбір оқиғада не қалайтындығын түсінетіндей халге келеді.

Сондықтан бұл әлемде болып жатқан барлық нәрсеге

иман терезесінен ғибрат көзімен қарап, рухты тәфәккурмен жетілдіру қажет. Нәтижесінде құбылыстардың негізінде жатқан иләһи мақсатқа қатысты хикмет сәулелері Аллаһтың рұқсатымен біртіндеп жүрекке шағылыса бастайды.

Хикмет арқылы тереңдеу жолы – Тасаввуф

Қаншама дара тұлғалар өсірген тасаввуфтың негізі де шындығында осындай фәйз бен руханият үйренуден тұрады. Осы тұрғыдан алғанда **тасаввуф хикмет арқылы тереңдеп, Хаққа қарай жүру жолы**. Ол ешқашан дүниеден аулақ болу да емес. Юнустың айтқаны сияқты тек қана тәжі мен шекпенге оранып, тек белгілі бір дұғалар мен зікірмен шектелу де емес.

Яғни **тасаввуф – ең алдымен жауапкершілігімізді тәфәккур ету** (ойлау)**, өзімізді есепке тартып отыру, түсінігімізді жетілдіру, санамызды дамыту.**

Қысқасы, барлық нәпсілік ойлардан құтылып, тек рухани тәфәккурде тереңдеу және осы тәфәккур арқылы сатылап өсу. Ақыры мәңгілік миғражға жету.

Имам Ғазали құддисә сирруһ:

«Ариф болғың келсе, үнсіздігің – тәфәккур, қарағаның – ғибрат, қалағаның – мойынсұну (құлшылық) болсын. Өйткені осы үш қасиет арифтердің белгісі», - деген.

Тасаввуфтағы рухи кемелдіктің жүзеге асуында да тәфәккурдің орны ерекше. Өйткені мәселе бостан-босқа амал ету емес, оны сезімтал көңіл, яғни таза да барынша сезімтал жүрек деңгейімен Хаққа ұсына білу. Бұл да әлбетте саналы тәфәккур иесі болумен жүзеге аспақ.

Өлімді тәфәккур ету

Жүректің жандануы, руханилықтың жетілуі тек нәпсіқұмарлықтан бас тартумен мүмкін болады. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бейне осының әдістәсілін жеткізу үшін:

«Барлық ләззаттарды тамырымен құртатын өлімді көп еске алыңдар!» - деп бұйырады. (Термези, Қиямет, 26)

Расында, фәни дүние тіршілігі мәңгілік ахиреттік өмірмен салыстырғанда қас қағымдық сәт іспеттес. Бір сәтті мәңгілікке айырбастау, яғни бір сәттік ләззат үшін мәңгілік бақыттылықты жоғалту қандай ақылдылыққа жатады?

Үстінде басып жүрген жер бүгінге дейін өмір сүрген миллиардтаған адамның мәйітіне толы. Бейне бір қабатталған сансыз көлеңкелер сияқты... Олар да екі есікті үй сияқты осы әлемге бір есіктен кіріп, содан кейін не нәпсілік, не рухани істер және сезімдерге толы тар дәліз болып табылатын дүниеде өмір сүрді. Ақыры мазар есігінен өтіп, мәңгілік әлемге барды. Ертең біз де сол жағдайды бастан кешіреміз. Ертеңі жоқ бір күн келеді! Сол күн бәрімізге беймәлім күн!

Міне, өлімді ойлау сол беймәлім күн келмес бұрын өлімді көбірек еске алу деген сөз. Сондай-ақ нәпсіқұмарлықтардан алыстап, Раббымыздың құзырына әзірленудің тұрақты санаға айналуы. Мұндағы мақсат өлімнің жағымсыз көріністерінен өзімізді қорғап, өлімді әрлендіре білу.

Раббымыздың сөзі өте анық әрі нақты:

«Әрбір жан иесі өлімнің дәмін бір татады. Соңында Бізге қайтарыласыңдар» (Анкәбут сүресі, 57).

Қысқасы, әлем мен өмір иләһи бір ғибрат дәрісханасы. Біздің міндетіміз осы дәрісхананың ықыласты және талантты бір шәкірті болу... Фәни қонақжай болып табылатын дүниеде тұрақты тұратындай ғапылдыққа салынбау...

Адам өлімді ойлаудың нәтижесінде нәпсі кедергісінен құтылып, ахірет азығын жақсылап қамтамасыз ететін болса, өлім қиял жетпестей керемет әрі кәміл Аллаһ Тағалаға қауышудың міндетті шарты болып саналады. Осылайша көбіне адамдарда суық үрейлерге себеп болатын өлім сезімі қауышу шаттығына айналады. Осылайша өлім тасаввуф жолының ұлықтарының бірі Мәуләнә Жәләләддин Румидің сөзімен айтқанда бейне бір «Шәб-и Арус», яғни сүйіктіге қауышу сәті...

Қысқасы, тәфәккур – біздің ең көп мұқтаж болған қасиеттеріміздің бірі. Рухымыздың жетілуі, иманымыздың күшеюі, құлшылықтарымыздың ықыласпен орындалуы, қарым-қатынастарымыздың дұрысталуы және көңіл көкжиегіміздің тек дүниелік деңгейде қысылып қалмауы тәфәккур түсінігін лайықты түрде жүзеге асыруымызға тәуелді.

Раббымыз санамыз бен түсінігімізге кәмілдік берсін! Аллаһ Расулының, сахабалардың және Аллаһтың әулиелерінің тәфәккур түсініктерінен көңілімізге үлес берсін! Дүниелік және нәпсілік ойлардың қармағында болған көңіл мен сананы пәк сезім мен ойлардың тыныштығы мен шаттығына жеткізсін! Өмір мен құбылыстарды иман нұрымен және ғибрат назарымен қарап, «Оқы» деген иләһи әмірін көреген бір тәфәккурмен өмірімізде қолдануымызды нәсіп етсін!

Әмин!

Хазіреті Мәуләнәнің көңіл көкжиегінен

Хикмет сәулесі

Хақ достары фәни денелері жерге кіргеннен кейін де өткенге айналмайды. Өйткені кәміл мүминдердің көңілдері топырақтың астында шіріп жоғалмайды. Олардың көңілінен шыққан туындылары да мәңгілікке айналады. Дүниедегі қызметтерін барзах әлемінде де жалғастырған қаншама Хақ достары қазір де ортамызда өмір сүріп, бізге жол көрсетіп жүр. Біз өлгеннен кейін де олар көрсеткен жолдарымен көңілдерде өмір сүре беретін болады.

XЗ. МӘУЛӘНӘНІҢ КӨҢІЛ КӨКЖИЕГІНЕН ХИКМЕТ СӘУЛЕСІ

(Әлемдік Мәуләнә жылы болуына байланысты)

Хақ достары – иманды құштарлықпен ұстанған Пайғамбардың мұрагерлері. Олар – Құран мен Сүннеттен фәйз ала отырып, көңілдерін көркем ахлақпен безендірген, іс-әрекеттерін кемелдендірген бақытты жандар. Олар – Хазіреті Пайғамбар мен Оның қадірменді сахабаларын көрмегендер еліктейтін өнегелі тұлғалар.

Хақ достары фәни денелері жерге кіргеннен кейін де өткенге айналмайды. Өйткені кәміл мүминдердің көңілдері топырақтың астында шіріп жоғалмайды. Олардың көңілінен шыққан туындылары да мәңгілікке айналады. Дүниедегі қызметтерін барзах әлемінде де жалғастырған қаншама Хақ достары қазір де ортамызда өмір сүріп, бізге жол көрсетіп жүр. Біз өлгеннен кейін де олар көрсеткен жолдарымен көңілдерде өмір сүре беретін болады. Олардың тура жолды көрсететін өмірлері Хаққа жақындығына қарай кезеңдер мен өлкелерді қамтиды. Олардың ықыласпен айтқан хикметті сөздері және жазған рухани туындылары бейне бір болашаққа жіберілген кімге екендігі беймәлім хаттар іспеттес. Бұл хаттар өздерінен бірнеше ғасырдан кейін ашылған жерлерге дейін жетеді.

Сондай-ақ қазіргі кезде Америка құрлығында адам рухына қатысты ең көп сұранысқа ие болған кітаптардың арасында Хазіреті Мәуләнәның Мәснәуиі де бар екендігі мәлім. Хазіреті Мәуләнәның дүниеге келуінің 800 жылдығына байланысты 2007 жылды ЮНЕСКО тарапынан Мәуләнәны еске алу жылы болып жариялануы да бұл турасындағы атап айтарлықтай жетістіктердің бірі.

Демек, сол ұлық Хақ досының сан ғасырлар бұрын адамдарға ықыласпен жазған тура жол сілтейтін хаты қазір барлық дүниеге таралып, шабыт оятуда. Өйткені Мәснәуи адамның жан дүниесіне айна болып, өзін тануына және рухани мәселелерін шешуіне көмектеседі. Қазіргі кездегі материалист сананың ықпалынан зардап шеккен жан дүниесін тыныштық пен шаттыққа қауыштырады, һидаятқа жетуіне дәнекер болады.

Аллаһ Тағала әулие құлдарына әртүрлі қабілет нәсіп еткен. Хақ достары рухани әлемде қол жеткізген Хаққа сүйіспеншілік, Хаққа тағзым және Хақты жан дүниесінде тану қабілеттеріне қарай әртүрлі деңгей мен халде адамзатқа тура жол көрсететін шырақ болады.

Кейбір Хақ достары Аллаһтың ұлылығының алдында таңданысқа тап болып, үнсіз, сөзсіз және тілсіз түрде жеке-дара өмір сүрген. Фәни өмірлерін рухани үнсіздік түсінігімен өткізген. Мұндай адамдар хақында Ибн Аббас радияллаһу анһу былай дейді:

«Аллаһ Тағаланың сондай шешен құлдары бар, оларды Хаққа сүйіспеншілік пен тағзым үнсіздікке бөлеген!»

Аллаһтың әулиелерінің кейбірі өте аз сөйлегенді ұнатады. Хазіреті Баһауддин Нақшибәнд сияқты, ондайлар

ариф түсінік иелеріне көбінесе хал тілімен жол көрсетуге міндеттелген. Сондай-ақ Нақшибәнд Хазіретінің рухани тәрбиеде хал тілін теңеу түрінде топшылаған мына шумақтары өте мәнді:

Әлем – бидай мен сабан,
Әлем – жақсы мен жаман!

Шүбәсіз, Нақшибәнд Хазіретінің ең тамаша туындысы оның сұхбаттарында хал көрінісі арқылы тәрбиелеген рухани жетілген тұлғалар. Ол тұлғалар ғасырлар бойы оның жүрегінің жолдарындағы хикметтерді оқып, оларды жүректен жүрекке сұхбат жолымен жеткізіп, қазір де жалғастырып отыр.

Нақшибәнд Хазіретінің сөйлегеннен гөрі үнсіз қалуды таңдауының негізінде руханиятынан пайдаланған Хазіреті Әбу Бәкір радиyаллаһу анһудың халі және мына тәлімі жатыр:

«Не айтқаныңды, қашан айтқаныңды және кімге айтқаныңды жақсы ойлан!»

Сонымен қатар қосымша көрініс ретінде Аллаһ Тағала Юнус Әмрә сияқты кейбір әулие құлдарын иләһи махаббаттың бұлбұлы қылған.

Кейбірін **Хазіреті Мәуләнә** сияқты көңілі мен тілінен хикмет аққан руханият көзі қылған.

Әсіресе Хазіреті Мәуләнә хал тіліне қосымша сөзбен баяндауға да міндеттелген. Сол себепті сол Хақ ғашығы қаламымен, сөзімен, көңіл туындыларымен және фәйзді сұхбаттарымен ақиқатты іздеген, Хаққа ғашық көңілдерді қанағаттандыру қызметін ғасырлар бойы жалғастырып келе жатыр.

Раббымыздың кәлам сипатының нақты көріністеріне бөленген Хазіреті Мәуләнә осы ерекшелігімен бейне бір Хақ достарының өкілі іспеттес. Яғни Аллаһ Тағаланың сыйы болған білім мен парасаттылықты, сырлар мен хикметтерді өзіне берілген ерекше тілі және түсіндіру қабілетімен, сөздер арқылы баяндап көрсеткен. Бірақ бұл сөздер тек оған берілген мүмкіншіліктің шеңберінде ғана іске асқан. Бұл тұрғыдан алғанда Хазіреті Мәуләнә ие болған иләһи сыр мен хикметтер тек сөз түрінде көрінгендері ғана деп түсінуге болмайды. Ол ұлық Хақ ғашығының дариядай көңіл әлемінің тұңғиық тереңінде, көзден таса қалған қаншама қымбат руханият інжу-маржаны бар екенін кім білсін!

Барлық Хақ достары сияқты Мәуләнәның фәйз көзі де Құран мен Сүннет. Мұнда еш дау жоқ. Ол осы ақиқатты барлық әлемге былайша паш еткен:

«Бойымда жаным барында мен Құранның құлымын. Мен Хазіреті Мұхаммед Мұхтар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмның жолының топырағымын. Егер бір адам менің сөзімнен бұдан басқа (бұл бағыттан тыс) ең кішкене бір нәрсе жеткізетін болса, сол адамнан да, оның сөзінен де аулақпын».

Бұл сөзімен Хазіреті Мәуләнә өзін анық түрде **«Құранның құлы, Хазіреті Пайғамбардың нұрлы жолының топырағымын»** деп таныстырады. Сол себепті ол Құран мен Сүннеттен алған фәйз және аян арқылы адамдарға тура жолды көрсететін, хикмет көзі болған ғалым, сырларды жеткізетін ариф болған.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бір хадисінде Хазіреті Лұқман аләйһиссәләмның ұлына мынадай өсиет айтқанын келтіреді:

«Балам! Ғалым адамдармен бірге бол және олардан бөлінбеуге тырыс. Хикмет иелерінің сөздерін тыңда! Өйткені Аллаһ Тағала мол жаңбырмен топыраққа жан бергені сияқты, хикмет нұрымен жүректерге өмір береді» (Хәйсами, I, 125).

Міне, оқыңыз! Арифтердің сұлтаны Хазіреті Мәуләнәдан Ислам ахлағына қатысты, Құран мен Сүннеттің өлшемдерінің түсіндірмесі бабындағы хикметті сөздер:

Сабыр және шыдамдылықтың әдебі

Аят кәримәда былай делінеді:

«Рахманның (қас) **құлдары жер бетінде қарапайым болып жүреді, өздерін білмейтін адамдар оларға тіл тигізген кезде** (ренжітпей) **«Сәлем!» деп** (кете барады)» (Фұрқан сүресі, 63).

Осы аяттың фәйзімен Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ былай дейді:

«Надан адамның қасында кітап сияқты үнсіз бол!»

«Қарға қарқылдай бастағанда бұлбұл сайрамайды».

«Әдептілік – әрбір әдепсіздің әдепсіздігіне сабыр және шыдамдылық таныту екенін біл!»

Қиыншылықтарға шыдамдылық жүректі кемелдендіреді. Өйткені шыдамдылық қиыншылықтар әлемінде үлкен сынақтың әдебі. Тіпті бұл қасиет иманның да көрсеткіші. Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

“Ақылым жүрегімнен дін деген не деп сұрады? Жүрегім де ақылымның құлағына еңкейіп: «Дін дегеніміз әдеп!» - деп сыбырлады”

Әдептің көзі – Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм. Сахабалар Оның пәк қыздан да артық ұялшақ екендігін жеткізген.

«Гүлдің хош иісті болуы оның тікендерге шыдағандығынан. Өйткені гүлдің досы тікен».

Хақ ғашығы көңілдер үшін әлем мыңдаған түрлі үнсіз, сөзсіз мысалдармен көмкерілген. Тікенге шыдаған раушан гүлдердің патшасы болған. Өйткені бақыттылық – қиыншылықтарға шыдаудың нәтижесі. Нәпсінің азғын қалауларына және өмірдің ауыр сынақтарына шыдау екі дүниенің бақыттылығының есігі.

Бәлекеттер, қиыншылықтар, шарасыздықтар құлды Раббысына бет бұрғызады. Әрдайым «Медет! О, Раббым!» - дегізеді. Керісінше, әрбір қиыншылығына шара тапқан немесе қиыншылық көрмеген адамдардың нәпсісі асау болады. Өмірде шарасыздықтың дәмін татпаған адамның нәпсісі бейне бір «асау айғырға» айналады.

Адамдар кедергілерден өткеніне қарай рухани шыдамдылыққа ие болады. Қиыншылықтар мен ауыртпалықтар рухани тәрбиеде ең маңызды кемелдіктің дәнекері. Хақ Тағала сол себепті ең көп пайғамбарларын қиыншылықтардан өткізген. Адам баласы берілген нығметтер мөлшерінде сынаққа ұшырайды. Аллаһ Тағала бұл дүниеде құлына не берсе соны сынайды және ахіретте жауапқа тартады.

Хазіреті Мәуләнә тыныштықты іздеген адамға өмірдің тепе-теңдігін жақсы түсінуі керектігіне ишарат ете отырып былай дейді:

«Соқырлардың базарында айна сатпа, саңыраулардың базарында өлең айтпа!»

Бір мүминнің ерекшелігі – парасатты және көреген болуы. Алдындағы адамды түрі мен халінен танып, оның деңгейіне қарай сөз айтуы. Хазіреті Әли радияллаһү анһү:

«Адамдарға түсінетіндей етіп (яғни ақылы мен түсінік деңгейіне қарай) сөйлеңдер», - деген. (Бұхари, Білім, 49)

Бұл адамдарға өз ақылымыз жеткенінше емес, олардың ақылдары жететіндей деңгейде сөз айтыңдар деген сөз. Адамдардың түсінік деңгейін білу үшін Мәуләнәның мына сөздері жеткілікті қағида:

«Бір адамның қалай күлгенінен тәрбиесін, неге күлгенінен ақыл мен зеректігінің деңгейін түсін!»

Аллаһқа жақындау үшін уәсилә (дәнекер) іздеңдер!

Аят кәрімәларда былай делінеді:

«Ей, Иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және турашылдармен бірге болыңдар!» (Тәубе сүресі, 119).

«Ей, Иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар! Оған жақындауға уәсилә (дәнекер, жол) **іздеңдер және жолында жиһад етіңдер, мүмкін, сонда ғана құтыларсыңдар!»** - (Мәидә сүресі, 35).

Көңіл нәрін Құран Кәрімнен алған Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ былай дейді:

«Адамға айналысқан және іздеген нәрсесіне қарап баға беріледі».

«Бір нәрсені жоқ жерден іздеу оны іздемеу деген сөз».

«Жол көрсетушің қозғалымайынша қозғалма. Бассыз әрекет жасаған адам құйрық болады».

«Хақ досы болған адамға пенде (қызметкер) ***болу, патшалардың басына тәж болғаннан да жақсы».***

Әлем Патшасы деп аталған Явуз Сұлтан Сәлім Хан үлкен жеңіспен Ыстамбұлға оралып келе жатып, фәнилердің ілтипаты мен қошеметінен нәпсісіне үлес тиюінен қорқып, нәпсі тәрбиесінің қажеттілігі тұрғысында мына шумақтарды айтқан:

Әлемнің патшасы болу – бос талас екен,
Бір әулиеге пенде болу – бәрінен артық екен...

Хазіреті Мәуләнә айтады:

«Көңіл жоғалтып алған хикмет матасы көңілшек руханилардың қасынан табылады».

«Тас болсаң да, мәрмәр болсаң да, бір көңіл иесінің *(рухани бай адамның)* ***алдында інжу-маржан боласың».***

«Құс тек өз түріне жататын құстармен бірге ұшады».

«Аллаһпен бірге болғысы келген адам әулиелердің қасында отырсын. Әулиелердің құзырынан алшақтасаң, құрығаның деген сөз».

«*(Салих)* ***адамдармен дос бол*** *(турашылдардың керуені көбейсін)****. Өйткені бұл керуен қаншалықты көп және жамағаты мол болса, қарақшылардың белі*** *(қарсы шығатындардың)* ***соншалықты сынады».***

Арабша «инсан» сөзі бір дерек бойынша «үнс» сөзімен, яғни бауырбасу, үйрену мағынасына келеді. Бұл оның достық, жақындық орнатуға бейім жаратылғандығын көрсетеді. Бұл бейімділікті Раббымыздың әмірін орындап, салих әрі адал адамдар үшін қолдану қажет. Өйткені адам шайтан мен нәпсі деген екі оттың ортасында және солардың

шабуылына тап болған. Әрі солай өмірлей бермек. Имам Шафий рахматұллаһи аләйһ бұл жайлы:

«Ізгілікпен шұғылданбасаң, жаманшылық сені жаулап алады» - деген.

Сол себепті адамның Хаққа құлдық ету, ізгі істер істеу мен абыройын сақтап қалуы үшін, өздерінен рухани нәр алатын салих мүминдермен бірге болуы қажет. Адам әрқашан жол көрсетушіге мұқтаж. Осы қажеттілікке байланысты Аллаһ Тағала алғашқы адамды алғашқы пайғамбар етіп жіберген.

Шәйх Сади Ширази жақын дос болған адамдардың рухани халінің адамға ықпалын мына бір мысалмен тамаша түсіндіреді:

«Кәһф иелерінің иті адал адамдармен бірге болғаны үшін үлкен абыройға ие болды. Аты Құран Кәрімге және тарихқа жазылды. Нұх пен Лут Пайғамбарлардың жұбайлары болса, пасықтармен бірге болғаны үшін күпірлікке ұшырады».

Бұдан байқағанымыздай ғапыл және пасық адамдармен бірге болу уақыт өте келе солардың ойлау жүйесіне жақындауға себеп болады. Бұл **«саналық жақындық»** біраз уақыттан соң **«жүрек жақындығына»** айналады. Ол болса құлдың рухани жойылуына және қасіретіне итермелейді.

Нәпсі тәрбиесі

Аят кәримәларда былай делінеді:

«Раббысының атын тазарып, еске алып, Оған құлдық ұрған адам, шүбәсіз, табысқа қол жеткізеді» (А'ла сүресі, 14-15).

«Нәпсіге және оған кейбір қабілеттерді беріп бұзықтығы мен тақуалығын аян етушімен серт: Нәпсісін жаманшылықтардан арылтқан құтылды, оны жаманшылықтарға батырған да зиянға ұшырады» (Шәмс сүресі, 7-10).

Осы аят кәримәлардың фәйзімен Хазіреті Мәуләнә қуддисә сирруһ былай дейді:

«Ей, Хақ жолының жолаушысы! Шындықты білгің келсе Мұса да, Перғауын да өлген жоқ. Қазір сендердің араларыңда өмір сүріп жүр. Сенің болмысыңда жасырынған. Сенің жүрегіңде соғысын жалғастырып жатыр! Сол себепті бір-біріне дұшпан болған бұл екі адамды өзіңнен іздеуің керек!»

«Адамдар орман сияқты. Қалайша орманда мыңдаған доңыз, қасқыр, адал әрі арам мінезді жануарлар бар болса, адамдарда да әртүрлі** (рухани) **жақсылық пен** (нәпсілік) **жамандықтар бар».

«Тәнді шектен тыс асырап жетілдірме! Өйткені ол ақырында топыраққа берілетін құрбандық. Сен негізінен көңіліңді асыра! Жоғарыға баратын, абыройға бөленетін сол».

«Рухыңа рухани қорек бер. Кәміл ой, жоғары түсінік және рухани қорек берсең, баратын жеріне күшті, қуатты болып барады».

«Ешбір айна қайтадан темір болған жоқ. Ешбір нан, қайтадан бидай болған жоқ. Ешбір мейіз қайта жүзім болған жоқ. Ешбір піскен жеміс қайтадан шикі күйге енген жоқ. Пісіп кемелден, шіруден сақтан!»

«Күн сияқты жарық шашқың келсе, түнге ұқсаған нәпсіңді өртеуің керек».

Аллаһ Тағала өмір нығметін бір ретке ғана берген, қайталанбайды. Сол себепті өмір қорымызды мұқият қолданып, Хаққа жақындауға себеп болатын рухани кемелдікке жетуіміз қажет. Өйткені дүниелік өмірде тек рухани кемелденген адамдардың шығыны аз болады. Рухани кемелдіктен мақрұм түрде нәпсінің қалауларына тәуелді болу ғапылдығы адамды екі дүниеде бақытсыз етеді. Өйткені рухани тәрбие және тазарумен тізгінделген нәпсі асау ат сияқты. Асау ат иесін қалаған жеріне жеткізудің орнына, жарға жығып, оның өлуіне себеп болады. Бірақ бір мініс атты жақсылап тәрбиелеп, жақсы үйрететін болса, иесін ең қауіпті жолдарда да аманшылықпен жеткізеді.

Жүректің қатерлі ісігі – Тойымсыздық

Аят кәримәларда былай делінеді:

«...Алтын мен күмісті жиып, оларды Аллаһ жолында жұмсамайтындар бар ғой, міне соларға ауыр азапты сүйіншіле! (Бұл ақшалар) **жәһәннәм отында қыздырылып, онымен олардың маңдайы, жаны және арқасы қарылатын күні** (оларға былай делінеді)**: «Міне, бұл өздерің үшін жинаған байлықтарың. Енді жинаған нәрселеріңді** (оның азабын) **татыңдар!»** (Тәубе сүресі, 34-35)

Бұл аят кәримәлардан негіз ала отырып, Хазіреті Мәуләнә қуддисә сирруһ былай дейді:

«Қаншалықты бай болсаң да, тек қарның тойғанша жерсің. Теңізге ыдыс батырсаң тек көлеміндей ғана су сияды».

«Балық су ішінде қаншалықты қауіпсіз бола тұра, құлқыны үшін қармаққа ілінеді».

«Дүние деген не? Дүние – Хақтан ғапыл болу».

«(Сынақ орны болған) дүние (жағымсыз әуестіктердің) магниті сияқты, барлық сабандарды тартып алады. Тек нәрлі бидай (яғни ішкі дүниесі сыр мен хикметке толы ариф мүмин) оның магнитінен құтылады».

«Нәпсінің тұзағы – дүние мүлкі. Дүние-мүлік кейбіреуді мас қылады, алдайды. Дүниеге көңіл бөлгендердің жүрек көзі соқыр. Өйткені олар балшықтағы ащы әрі тұзды суды ішеді. (Рухани әлемнің бақытын татпағандықтан азғындықтарын бақыттылық деп санайды)».

«Ашкөздік пен дүние нығметіне қол жеткізу құштарлығы, адамды хақысы жоқ нәрселерге қол созуға мәжбүрлейді».

Дүние тойымсыздығы ең үлкен ғапылдық себептерінің бірі. Тойымсыздық жүректі хақ пен жалған, халал мен харам, дұрыс пен бұрыс сияқты мәселелерде бейне бір соқыр халге душар етеді. Хазіреті Мәуләнә дүниеқұмарлықтың жүрек көзін қалай соқыр қылатындығын нақты бір мысалмен былай жеткізеді:

«Ит те өзіне тасталған сүйекті не нанды иіскемей жемейді».

Яғни көзін тойымсыздық жаулаған адамның дүние нығметтерінің алдындағы ұстанымында иттей де мұқияттылық, ерекшелік және сақтану байқалмайды. Дүниеқұмарлық соншалықты қауіпті рухани пәлекет.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бізге ескерту ретінде адам баласының дүниенің алдында қаншалықты әлсіз екендігін баяндайды:

«Адам баласының екі сай толы малы болса да үшіншісін қалайды. Адам баласының ішін (қарнын) топырақтан басқа еш нәрсе толтыра алмайды» (Бұхари, Рикак, 10; Мүслим, Зекет, 116)

Егер мысал келтіру керек болса, дүниеқұмарлығына жеңілгендерге барлық дүние берілсе де, «Айдан, Марстан бірнеше жер телімін ала аламын ба?» - деп ойлайды. Өкіністісі қазіргі кезде, материалист түсінікке тәуелді болған ширік рухтардың құмарлығы қаншама қоғамдардың жойылып кетуіне қарамастан бітер емес. Қазіргі әлемнің аянышты көрінісі, міне, осындай.

Сахаба Әбу Зәр радияллаһу анһуға тиесілі мына бір хикметті сөздер оның дүние нығметтеріне қарау тәрізін мынадай тамаша көрсетеді:

«Бір малда үш ортақ бар. Біріншісі – мал иесі, яғни сен. Екіншісі – тағдыр. Ол жақсылық па, әлде пәлекет немесе өлім сияқты жаманшылық па, ол жағын сенен сұрамайды. Үшіншісі – мұрагер. Ол да тезірек жер жастанғаныңды (яғни өлгеніңді) күтеді. Өлген соң малыңды алып кетеді. Сен есеп бересің. Егер шамаң жетсе, сен осы үш ортақтың ең әлсізі болма.

*Аллаһ Тағала: **«Сүйген нәрселеріңнен ізгілікке жұмсамайынша жақсылықтың** (кемелдігіне) **жете алмайсыңдар!» -** деп ескертеді. Міне, менің ең сүйікті малым мына түйем, (ахиретте алдымнан шығуы үшін) оны өзімнен бұрын жіберіп (садақа етіп беремін)».* (Әбу Нұайм, Хилия, I, 163)

Қысқасы, дүние нығметтері иләһи аманат. Қанша уақытқа дейін құлдың қолданысында қалатындығы белгісіз. Кез келген уақытта жоғалуы ықтимал. Тағдыр дегеніміз күтпеген нәтижелерге ашық, белгісіз жағдай. Оның не

әкелетіні де беймәлім. Ең шынайы ақиқат болған өлім де тағдыр күнтізбесінде беймәлім бір уақытқа белгіленген. Олай болса, мәңгілік бақыттылық пен амандық үшін қолдағы нығметтерді Аллаһ жолында жұмсау және қашан да өлімге әзір болу қажет.

Жүректің дауасы, екі дүниенің бақыты – Инфәқ

Аят кәримәда:

«Қайсы біріңе өлім келіп: "Раббым! Мені аз уақытқа кешіктірсең, садақа беріп ізгі құлдарыңның қатарына қосылсам!" демей тұрғанда, сендерге берілген рызықтан (Аллаһ жолында**) жұмсаңдар!»** - делінген (Мұнәфиқун сүресі, 10).

Осы аяттан бастау ала отырып Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ былай дейді:

«Пақырлық пен мұқтаждықта тұншыққан көңілдер түтінге толы үй сияқты. Сен олардың дертін тыңдап, сол дертке дауа ретінде сол түтінді үйден терезе ашсаң, оның түтіні сейіледі, сенің жүрегің де сезімтал болып, рухың жетіледі!..»

«Сенде не бар, сен неге қол жеткіздің? Теңіз түбінен қандай інжу шығардың? Өлген күні ол жарыққа шығып, нақтыланады».

«Достардың зияратына құр қол бару – диірменге бидайсыз бару деген сөз».

«Ажал берілген нәрсені алмас бұрын берілуі керек нәрселерді берген дұрыс».

Бұл турасында марқұм Нәжіп Фазылдың мына жолдары өте тура айтылған:

Ей, сараң зергер! Өзіңе басқа бір (ақша) дорба тіктір!
Мазарда өтетін ақша қандай болса, соны біріктір
(жина)!..

Қысқасы, осы хикметті насихаттар руханиятымызды жандандыру үшін өмір нәрі іспеттес. Осы хикмет қазыналарының құнын лайықты түрде бағалағандар оларды өмірлерінде қолданып, өздеріне мәңгілік бақыттылық қорына айналдырған кәміл мүминдер.

Раббымыз хикметке толы көңіл қалыбында өмір сүруді, ақиқат пен сырларға құштар болуды, «Оқы» тәлімі бойынша Құран, әлем және адамды лайықты түрде оқуды барлығымызға нәсіп қылсын!

Әмин!

Рухани өмір тәрбиесі –
Қасиетті Рамазан

Мұсылмандық тек Рамазанға тән және белгілі бір күндерге тиесілі шаралар емес, ол – өмірлік тақуалық.

Рамазан – тақуалық мектебі. Айт – оның рухани куәлігі. Айт мүминдердің тақуалық сынағынан табыспен өтіп, иләһи құзырға шыққан сол бақытты қауышу күнінен үзінді бір көріністі осы дүниенің өзінде-ақ бастан кешіретін күн. Нағыз мереке Хақтың бізге разы болғаны. Сондықтан сол қуанышты күндерде жетім, жесір, пақыр және мұқтаж адамдарды қуантсақ, иләһи нығмет пен мархамат көріністерінен нәсіп аламыз.

Рухани өмір тәрбиесі –
ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН

Раббымыз құлдарының мәңгілік бақыттылығы үшін өмір күнтізбесінде, иләһи мархамат пен кешірімнің бейне бір толып тасатын кейбір рухани табыс мезгілдерін белгілеп қойған. Бұл мезгілдердің ең берекеттісі, шүбәсіз, қасиетті Рамазан айы. Өйткені:

Жол сілтеушіміз Құран Кәрім осы қасиетті айда түскен.

Ерекше бір рухи кемелдік дәнекері ретінде ораза құлшылығы осы айға тән парыз болған.

Мың айдан қайырлы болған Қадір түні Рамазан түндерінің арасында берілген.

Бұл айдың түндері ауыз ашар, тарауық және сәресімен берекеттендірілген.

Әртүрлі қажеттіліктер мен қиыншылықтарда қиналған көңілдер көбіне осы айдың келуімен үміт пен қуанышқа қарық болады. Өйткені зекет, садақа және жақсылыққа жұмсау сияқты құлшылықтар күлімдеуді ұмытқан қаншама жүздерді әсіресе осы айда қуанышқа кенелтеді.

Бұл айда жақсы істер мен жәннәттың есіктері ашылады.

Күнәлардан сақтанып, жаманшылықтан бас тарту арқылы жәһәннәм есіктері жабылады.

Жаманшылықтар мен шайтандар да кәміл мүминдердің тақуалық шынжырына байланады.

Осылайша мүминдерге мәңгілік бақыттылық есігін ашқан Рамазан барлық үмметтің бетбұрыс есігіне саңылау түсіреді.

Құран және Рамазан

Аллаһ Тағала былай бұйырады:

«Рамазан айы сондай (керемет) **бір ай. Адамдарға һидаяттың** (нақ өзі) **болып, тура жолды және дұрыс пен бұрысты айыратын үкімдерді баяндайтын Құран сол айда түсірілді. Олай болса, сендерден кім осы айға жетсе, ораза ұстасын!»** (Бақара сүресі, 185).

Аят кәримәда Құранның Рамазанда түсірілгендігі және оның дұрыс пен бұрысты, жақсылық пен жамандықты бір-бірінен ажырататын хикмет пен ақиқат нұрларына толы Кітап екендігі айтылғаннан кейін бұл мүбәрак айға жеткендердің Құран тәрбиесімен ораза ұстауға міндетті екендігі баяндалады.

Осы тұрғыдан Құран мен Рамазанның арасындағы терең жақындық пен нәзік байланыстың жақсы түсінілуі қажет.

Абдұллаһ бин Аббас радияллаһу анһұмә былай дейді:

«Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм адамдардың ең жомарты болатын. Оның ең жомарт болатын кездері де Рамазанда Жәбірейіл аләйһиссәләм онымен кездесетін

кездері болатын. Жәбірейіл аләйһиссәләм (уахи әкелу міндетінен тыс та) әрбір Рамазан түні Пайғамбарымызбен жолығып, (екеуі кезектесіп) Құран оқитын. Сол себепті Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Жәбірейілмен кездескен кезде ешбір кедергісіз соққан рахымшылық самалынан да жомарт болатын» (Бұхари, Бәд'ул-Уахи 5,6, Саум, 7; Мүслим, Фазайл 48, 50).

Осы ақиқаттың бізге ұсынған рухани тәлімін жақсылап түсінуіміз керек. Бұл бойынша қасиетті Рамазанның фәйз бен берекетінен лайықты түрде пайдалану үшін әсіресе осы айда Құран Кәрімді көп оқуымыз керек.

Негізінде мүминнің жиырма төрт сағатында қалайда орын алуы керек болған Құран оқуды осы мүбәрак күндерде арттыра түсуге тырысуымыз керек. Оның руханият аясының табалдырығынан аттап, қажетінше амал етуге, халдеріміз бен істерімізді осы иләһи тәлімдер бойынша өлшеп, кемшіліктерімізді толықтыруға тырысуымыз керек.

Өйткені жеке адамдар мен қоғамның тыныштығы Құранның рухани өміріне кірумен жүзеге асады. Құран мүминнің ішкі және сыртқы әлеміне жарық шашатын иләһи нұр. Адамға ғибраттар, хикметтер мен қиссалар арқылы жол сілтеп, Хаққа қауыштыратын мәңгілік бақыттылық нұсқауы.

Өмір мен болашақтың беймәлімдерінің ішінде тарайып, әртүрлі философияның қараңғылығы мен қиыншылығынан шайқалған **«мәңгілік жолаушысын»** тыныштық пен шаттыққа бөлейтін ең кәміл, тура жол көрсетуші үндеу – Құран Кәрім.

Фәни өмірдің арпалысынан қиналғандарды жұбатқан, өмірдің мазарда аяқталатындығын ойлап қалған түсі-

ніктерге мәңгілік бақыттылық тыныштығын сыйлаған Құранның терең мағынасынан басқа еш нәрсе емес.

Өмір нығметіндегі Рамазан мүмкіншілігі

Раббымыз Құран Кәрімде уақытқа ант етеді. Өмір – өзеніміздің қатты ағуда екендігін, фәни өміріміздің үлкен жылдамдықпен таусылып бара жатқанын есімізге салады. Дүниелік өмірдің қысқа екенін, негізгі өмір ахірет өмірі екенін анық баяндайды. Осылайша бізді ғапылдықтан (бейқамдықтан) оятады. Олай болса мүмин:

Аллаһтың берген уақыт нығметінің қадірін ойлап, оны ең маңызды мақсаттар үшін және берекетті қылып өткізуге тырысуы керек.

Өмірді ізгі амалдармен өткізудің қажеттілігін түсінуі қажет.

Өмір таусылмай тұрып, дұға мен тәубе етуге асығу шарт.

Санаулы күндерден тұратын мына дүние өмірінің тағы да санаулы күндерден тұратын Рамазанға қаншалықты ұқсайтындығын ойлау керек. Сол себепті, рухани тұрғыдан ерекше сый мен табыс мерзімі болып табылатын қасиетті Рамазанды да үлкен мұқияттылықпен және сақтықпен нұрландыру қажет етеді.

Хазіреті Айша радияллаһу анһә айтады:

«Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Рамазан айында құлшылық етуде басқа айлардағысынан гөрі аса көп қажыр танытатын. Рамазанның соңғы он күнінде тіпті көп құлшылық ететін. Бұл күндерде түнді құлшылықпен өткізіп,

отбасын оятып, құлшылық ету үшін әзірліктерін бітіріп, үлкен ынтамен Хаққа бет бұратын» (Бұхари, Фадлу Ләйләтил-Қадир, 5; Мүслим, Итакаф, 8).

Рамазанды лайықты түрде құлшылықпен өткізгендер сансыз нығметтерге қол жеткізеді. Оған немқұрайды қарағандар болса, үлкен зиянға душар болады. Өйткені хадис шәрифте Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Жәбірейіл аләйһиссәләм маған көрініп “Рамазанға жетіп күнәлары кешірілмеген адам рахымшылықтан аулақ болсын!” деді. Мен де “Әмин!” дедім...» - деген. (Хаким, IV, 170/7256; Термези, Дәауат, 100/3545).

Оразаны бекем ұстан...

Қасиетті Рамазанды лайықты түрде құлшылықпен өткізу жолында ең көп көңіл бөлетін жәйт, шүбәсіз, ораза құлшылығы. Ораза бізге дүниенің фәни нығметтері қолымыздан алынып, ахірет жолушысы екендігімізді ескертеді.

Құранның руханиятының астында, кейбір фәни нығметтерден құр қалумен жүзеге асатын осы нәпсі тәрбиесі мәңгілік жәннәт нығметінің сүйінші хабаршысы іспеттес.

Әбу Үмамә радияллаһу анһу бір күні:

– Уа, Расулаллаһ! Маған бір амал туралы кеңес беріңіз. Аллаһ Тағала мені соның арқасында сыйға бөлесін! - дегенде, Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм оған:

– *Саған ораза ұста деп кеңес беремін. Өйткені ол теңдесі жоқ құлшылық,* - деді. (Нәсай, Сиям, 43).

Сәресінің қасиеті мен бағасына былай ишарат еткен:

«Бір жұтым сумен болса да сәресі ішіңдер» (Абдурраззақ, Мұсаннәф, IV, 227/7599).

«Сәресі тамағын ішіңдер. Өйткені сәресіде берекет бар» (Бұхари, Саум, 20).

Рамазан оразасы халал тамақтардың өзін өлшеммен қолдануды үйретеді. Бұл бізге харам мен шүбәлі нәрселерден қаншалықты мұқият сақтануымыз керектігін білдіреді.

Абдұллаһ бин Омар радияллаһу анһү бұл жайлы:

«Намаз оқығаннан арықтап сымдай, ораза ұстағаннан арықтап шегедей болсаңдар да, харам мен шүбәлі нәрселерден қашпайынша, Аллаһ ол құлшылықты қабылдамайды».

Оразаның харам және күмәнді нәрселерден сақтандыру турасындағы тәрбиелік жағына қатысты Хазіреті Мәуләнә тамаша айтады:

«Ораза айтады: «Аллаһым! Бұл адам Сенің бұйрығыңды орындап, халал тамақтың өзін жеген жоқ. Шөлдесе де су ішкен жоқ. Бұл адам қалайша харамға қол созады?!»

Ораза ішіміздегі нәпсі жыртқышты тізгіндеп, матап, адамның болмысында жаратылысынан берілген мархамат, мейірім сезімдерінің жетілуіне орын әзірлейтін рухи жаттығу.

Расында, ораза нығметтің қадірін білетін, шүкіршілікке жетелейтін, пақырлардың халін түсінуді үйрететін, мұқтаж жандардың «бізге жандарың ашысын» деген үнсіз айқайынан көңілдің мейірімділігін оятатын, мейірім мен рахымшылықты барлық фәни құмарлықтардан құтқаратын және жетім-жесірлерге жәрдемдесу сезімін тірілтетін өте құнды құлдық сана. Сонымен қатар ораза көңілдегі

тойымсыздық, қызғаныш дауылын тоқтататын, сабыр қасиетін үйрететін тамаша тәрбие мектебі.

Нәпсіні тәрбиелейтін бұл мектептің ең маңызды жағы, шүбәсіз, адамға беретін кейбір сынақтары. Адам осы сынақтарға дұрыс жауап беретін болса, алдынан шығатын кедергілерді қаншалықты сабырмен асатын болса, оразаның ақиқатына соншалықты жақындай түседі.

Ораза кезінде сабырмен өтуді қажет ететін бұл сынақтардың бірі хадис шәрифте былай баяндалады:

«Ешбіреуің ораза болған күні жаман сөз айтпаңдар және ешкіммен тартыспаңдар. Егер біреуі сендерді балағаттап немесе тиісетін болса "мен оразамын" - деңдер!» - (Бұхари, Саум, 9).

Негізінде адамдармен талас-тартысқа түсу ешқашан да дұрыс әрекет емес. Ораза ұстаған адамның мұндай жаманшылыққа араласуы ұстаған оразасының руханиятына нұқсан келтіріп, оның фәйзін азайтады. Бұл турасында әрқашан да ұстану қажет ұстанымды Раббымыз:

«Рахманның (қас) **құлдары жер бетінде кішіпейілділікпен жүреді және өздерін білмейтін адамдар оларға тіл тигізгенде** (ренжітпей) **«Сәлем!» деп** (кете барады)» - дейді. (Фұрқан сүресі, 63).

Сол себепті ораза құлшылығы шын көңілден, бос нәрселерден бас тартып, сыпайы, нәзік және мұқияттылықпен орындалуы тиіс. Тек асқазанды ашықтырумен толық ораза ұстаған болып саналмайды. Нағыз ораза денедегі барлық мүшелердің харам және шүбәлі нәрселерден қорғалуы жөнінде нәпсінің тізгінделуін қажет етеді.

Расулұллаһ саллаллаһу aләйһи уә сәлләмнің азат еткен құлы Ұбәйд былай дейді:

Екі әйел ораза ұстаған еді. Түске таман біреуі келіп:

– Уа, Расулаллаһ! Мына жерде екі әйел бар, ораза ұстайды. Шөлден өлетін түрі бар. (Рұқсат берсеңіз оразаларын бұзсын) - деді.

Аллаһ Расулы олардан теріс айналды. Жауап бермеді. Келген адам сөзін қайталап айтты:

– Уа, Аллаһтың Пайғамбары! Уаллаһи, өлетін түрлері бар! - деді.

Сонда Пайғамбарымыз:

– *Оларды шақыр!* - деді. Әйелдер келді. Пайғамбарымыз саллаллаһу aләйһи уә сәлләм бір ыдыс сұрады. Оны әйелдердің біреуіне беріп:

– *Іштеріңдегіні құсыңдар!* - деді. Әйел ыдыстың жартысын толтыратындай мөлшерде қан, ірін және ет құсты. Екіншісіне де сондай бұйрық бергенде, ол да ыдысты толтыра қан және шикі ет құсты. Сол кезде Расулұллаһ саллаллаһу aләйһи уә сәлләм:

– *Бұлар Аллаһтың халал еткен нәрселерінен өздерін тиды, оларға ораза ұстады. Харам еткен нәрселермен оразасын ашты. Бірге отырып, адамдардың етін жей (ғайбат ете) бастады,* - деді. (Ахмет, V, 431: Һәйсами, III, 171).

Яғни ораза кезінде ауызға бір нәрсенің кіруіне мұқият болғаны сияқты, ауыздан шыққан әрбір сөзге де сақ болу керек. Тіліміз жүрекке қадалған бір тікен емес, рахымшылық тілі болуы керек. Нағыз әрі фәйзді Рамазанды өткізу үшін Құран хикметімен бірге қайнаған нәзік көңілге және Исламның жылы жүзін көрсететін жылы жүзге ие болу керек.

Ықыласпен құлшылық ету

Қасиетті Рамазан тамаша құлдық тәрбиесі. Аллаһқа шынайы көңілмен құл бола алмағандар ақырында құлға құл болу сияқты жаман нәтижеге душар болады. Бұл жағдай адамгершілік қасиет пен адамдық абыройға қастық жасау болып табылады.

Мұхаммед Иқбал Аллаһтан алыстап, құлдарға құл болудың бейшаралығын былай баяндайды:

«Мен иттің екінші иттің алдында бас игенін көрмедім».

Міне, Рамазанды лайықты түрде ұғынып, оны бағалай білу, тәухид ақиқатына тереңдеп бойлап тек «Хаққа құлдық» түсінігінде болуға байланысты. Сол үшін рухани сый мезгілі болып табылатын қасиетті Рамазанда, әсіресе, руханиятымыздың дәрежесін көтеруге тырысуымыз қажет.

Бұл турасында бір ғана өтімді ақша **«ықылас»**. Құлшылықтың деңгейін арттыратын жүрек тазалығы, ниет тазалығы және шынайылық. Нәпсінің пайдасын көздейтін ойлар араласқан, Хақтың ризашылығынан басқа мақсаттар ортақтасқан құлшылықтардан қайыр күтуге болмайды. Хадис шәрифте:

«Қаншама ораза ұстағандар бар, оразадан олар үшін құр аш қалудан басқа ештеңе тимейді! Түнде қаншама (тарауық және тәһәжжуд) намаз оқитындар бар, намаздарынан оларға тиетіні – ұйқысыз қалғаны», - делінген. (Ибн Мәжә, Сиям, 21).

Өйткені Аллаһ ризашылығына жеткізбейтін және ахіреттегі бақыттылық қорын толтыра алмаған амалдар мәңгілік болашақтың қауіпіне ұшырауы дегені. Ахірет сапарына азық-

сыз шығу ең үлкен қасіретке себепші. Ынтамен, ықыласпен орындалмаған құлшылықтар ахіретте құлдың құралақан қалуына себеп болады.

Үлкен табыс мезгілі болып саналатын Рамазан айында жасалған құлшылықтар болса, осы айға тән үйреншіктілік пен дәстүр бойынша емес, Аллаһ Тағалаға шынайы бір құлдық санамен орындалуы керек. Олай болмаған жағдайда құлшылықтардың руханилығы жоғалады. Ұсталған оразалар ашығу, жылдам оқылған тарауық намаздары ас қортуға дәнекер болудан арыға бармайды.

Алайда, дәл осы фәйзді күндер мен түндерде көбірек, ерекше құлшылық ету керек. Намазды Раббымызбен ғажап бір оңаша кездескендей күйде оқуымыз қажет. Өйткені шынайы мағынада оқылған намаз адамның кемшілік, әлсіздік пен құнсыздығын мойындаумен рухани-материалдық барлық қажеттіліктерін Хақ Тағалаға ұсынуы.

Намаздың толық әрі лайықты болуы үшін ерлер тарапынан жамағатпен оқылғаны Аллаһ Расулының маңызды кеңесі. Өйткені жамағатпен болған мүминдердің сезімталдығы арта түседі. Фатиха сүресінде үнемі қайталанатын **«Тек Саған құлшылық етіп, тек Сенен ғана жәрдем тілейміз!» -** деген мінәжат мүминдердің жамағаттық санасын көрсетеді.

Құлшылықтардың өзегі болып табылатын дұға құлдың «менінен» ажырап, Раббысын паналауы. Аллаһ пен құл арасындағы ең маңызды рухани байланыс жағдайы. Бұл байланысты үзгендер Хақ алдындағы құнын да жоғалтып алады. Аятта бұл туралы:

«(Расулым!) **Айт: Сендердің** (құлшылықтарың мен) **жалбарынуыларың болмаса, Раббым сендерді не үшін** (және қалай) **бағаласын?!»** - делінген. (Фұрқан сүресі, 77)

Сәресі – мүминдерге таңсәрі уақытының фәйзінен пайдалану тұрғысындағы рухани тәрбие кезі. Сәресі уақыты Аллаһ Тағаланың құлдарына арнайы шақыру сәті. Құлдың Раббысынан келген шақыруды нығмет санауы және шүкіршілікпен қарсы алуы қажет. Аят кәримәда мұндай жандар **«وَالْمُسْتَغْفِرِينَ بِالأَسْحَارِ : таңсәріде истиғфар еткендер»** - деп мадақталған. (Әлү Имран сүресі, 17)

Хақ достарының ғанибет деп санаған сәресі уақыты дұға мен жалбарынудың көбірек қабылданатын кездері. Мұхаммед Иқбал былай дейді:

«Дүниені жауып тұрған аспан күмбезінің сыртынан бір жол таптым, ол жерден таңсәріде «Аһ!..» ұрған адамдардың жалбарынышы ойдан да жылдам түрде Аллаһқа қарай ұшады, қауышуға қарай жол алады».

Таңсәріде құлшылықпен, мінәжатпен шұғылдану көңілде басқаша бір сыр мен хикмет көзін ашады. Бұл турасында Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Түнде оянып, Хаққа қарай жол тарт! Өйткені түн сені сырлар мекеніне апарады. Барлық адамдар ұйықтап жатқанда иләһи ғашықтық сырлары руханият көңіліңе берекетті жаңбыр сияқты жауады. Өйткені түнде көңілдің көздері ашылады. Арғы жақтан нәсіп келеді. Бірақ бұл халдер бөгде адамдардың көздеріне көрінбейді».

Осы қасиетті айда Аллаһты көбірек зікір етіп, әрбір алып-шығарған деміміздің өзін рухани тазартуымыз керек.

Міне, басы рахмет, ортасы мағфират, соңы жәһәннәмнан азат болуға дәнекер болатын қасиетті Рамазаннан лайықты түрде пайдалану үшін құлшылықтарымызды ынта-ықыласпен орындау және шамамыздың келгенінше оларды көбейтуіміз қажет. Өйткені бұл табыс мезгіліндегі амалдар ахірет сапарымыздың, бәлкім, ең құнды азығы болады. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Мұмин өлген кезде намазы басында, зекеті оңында, оразасы солында болады», - деп құлшылықтарымыздың қабірде бізге жолдас болатындығынан хабар береді. (қараңыз, Һәйсәми, III, 51)

Омар бин Абдүлазиз рахмәтұллаһи аләйһи:

«(Қабір мен ахірет) сапарыңыздың қалай болатындығын қаласаңыз, соған қарай әзірленіңіз!» - деп айтқан.

Қадір түні

Қадір түні Аллаһ Тағаланың үмметтердің ішінде тек Мұхаммед үмметіне ерекше бір сыйы ретінде берген ең бай рухани қазыналардың бірі. Оның айбыны мен ұлылығы, мәні мен маңызы, жеке сүреде және көптеген хадистерде сүйіншіленген.

Раббымыз ол түннің атағын былай көрсетеді:

«Біз оны (Құранды) **Қадір түні түсірдік. Қадір түнінің не екендігін сен білесің бе? Қадір түні мың айдан қайырлы. Ол түнде Раббысының рұқсатымен періштелер және Рух** (Жәбірейіл) **әрбір іске** (жерге) **түседі. Ол түн тыныштыққа толы. Бұл таң атқанша** (жалғасады)**»** (Қадір сүресі, 1-5).

Қадір түні Құран түсу арқылы нұрланған, алдымен Жәбірейіл аләйһиссәләм бастап, сансыз періштелер жер бетіне ағылуымен фәйзге бөленген түн. Мүмин көңілдерге көрінбейтін руханилар тарапынан сәлем берілетін, Раббысына дұға және тәубемен бет бұрғандарға амандық пен кешірім шашылатын, фәйз бен берекетке толы, мың айдан артық иләһи сый түні.

Қадір түнінің осы ерекше қасиетіне байланысты Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм ол түнді Рамазанның түндерінің ішінен іздеген және іздеу турасында үмметіне әмір еткен.

Сексен үш жылдық уақыт мезгілінен де артық болған Қадір түнінің уақытының нақты белгілі болмауының өзгеше бір хикметі бар. Хадис шәрифтерде айтылуына қарағанда Қадір түні Рамазанның соңындағы тақ түндері, әсіресе жиырма жетінші түні іздеу керек. Бірақ бұл үкім сол түннің нақты осы күндерде екендігі мағынасын білдірмейді.

Имам Ағзам мен Мүхиддин Араби Хазіреттері Қадір түнінің жыл бойында айналып жүретіндігін және Рамазанға тән еместігін айтқан.

Бұл турасында Имам Шарани Хазіретінің мынандай сөздері бар:

«Менің пікірімше, Қадір түні жыл сайын айналып отырады (уақыты өзгереді). Өйткені мен оны Шағбанда, Рәби айында және Рамазанда (әртүрлі уақыттарда) көрдім. Бірақ ең көп көрген кездерім Рамазан айы және оның соңғы күндері».[66]

66. Абдулуаххаб әш-Шарани, Кибрил Ахмәр, 110 б.

Осы хикметке байланысты Хақ достары әр жылдың әр түнін рухани сергектікпен өткізудің маңыздылығына ишарат еткен. Қадір түні нақты түрде жыл бойында жасырылғандықтан Ибн Мәсуд радияллаһү анһү:

«Кімде-кім жыл бойын құлшылықпен өткізетін болса Қадір түнін табады» - деген.

Бұл ақиқатты баяндау үшін «Әр көргеніңді Қызыр, әр түніңді Қадір біл» - деген сөз салих мүминдер үшін өмірлік қағида болған.

Айт мерекесі

Айт күндері мен түндері де нәзік рухтар түсіне алатын, терең әрі сезімтал көңілдер ғана сезетін нұрлы көріністерге толы болады.

Хадис шәрифте ол жайлы:

«Рамазан мен Құрбан айттың түндерін сауабын Аллаһтан күтіп құлшылықпен өткізгендердің жүрегі барлық жүректер өлген күні өлмейтін болады», - делінген. (Ибн Мәжә, Сиям, 68).

Рамазан – тақуалық мектебі. Айт – оның рухани куәлігі. Айт мүминдердің тақуалық сынағынан табыспен өтіп, иләһи құзырға шыққан сол бақытты қауышу күнінен үзінді бір көріністі осы дүниенің өзінде-ақ бастан кешіретін күн. Нағыз мереке Хақтың бізге разы болғаны. Сондықтан әсіресе сол қуанышты күндерде жетім, жесір, пақыр және мұқтаж адамдарды қуандырсақ, иләһи нығмет пен мархамат көріністерінен нәсіп аламыз. Өйткені:

«Сендер жер бетіндегілерге мейірімділік көрсетіңдер,

көктегілер де сонда сендерге мейірімділік етеді» - делінеді. (Әбу Дәуіт, Әдеп, 58).

Айт күндері ешқашан демалыс және сауық-сайран сияқты жеке бастың көңілді болатын күні еместігін ұмытпаған жөн. Адам жеке басына айт жасай алмайды. Яғни өзі жалғыз айт намазын оқи алмайды. Жеке өзі айтпен құттықтасу сияқты істер жүзеге аспайтындықтан, тек өз басына немесе өз отбасының қуанышымен шектелген айт айт болмайды. Керісінше, айттар туыстармен араласу, өткен адамдарды жақсылықпен еске алып, рухтарын шаттандыру, иман бауырластығын қоғамдық деңгейде орнату сияқты міндеттерді орындауға дәнекер болатын барлық қоғамды қамтитын құлшылықтың күні.

Қысқасы, Рамазан – рухани өмір тәрбиесі. Мұсылмандық тек рамазанға тән және белгілі күндермен шектелетін шаралар емес, ол – өмірлік тақуалық.

Имам Шарани Хазірет былай дейді:

«Рамазанның басқа айларда кездеспейтін бір құрметі бар. Хақ Тағаланың Рамазанды ай күнтізбесіндегі айлардың ішіне қойғаны да, Рамазандағы абырой мен берекетті жылдың барлық айларына тарату үшін болса керек» .

Сол себепті қалайша Раббымыз жылдың барлық уақытын Рамазан айымен құнды еткен болса, біздің де барлық өмірімізді Рамазанның фәйз бен берекетін күтіп, сол айдағы сыпайылық, нәзіктік және сезімталдықпен өткізуіміз қажет. Сол үшін Рамазан тәрбиесімен өткізген рухани естеліктерді ешқашан ұмытпауға тиіспіз. Өйткені өмір сырттай қарағанда қаншалықты ұзын болып көрінгенімен мәңгілік ахірет өмірінің қасында бір айлық Рамазан мерзімінен де қысқа.

Раббымыз жасаған және болашақта жасайтын құлшылықтарымыз бен салих амалдарымызды қабыл етсін. Мәніне қанық болған Рамазан айларын, ықыласты ниетпен және тақуалықпен келесі жылдың Рамазанына дейін жеткізуді және осылайша өмірімізді әрқашан Рамазан руханилығында өткізуімізді нәсіп етсін. Қасиетті Рамазанды Отанымыз, халқымыз және барлық Ислам әлемі үшін тыныштық пен бақыттылыққа дәнекер еткей!

Әмин!

Иман, сенім және құлшылықтағы

Ысырап - 1

Ысырап адам баласының шектен шыққан барлық жәйттарын қамтитын кең мағынаны білдіреді. Бұл ұғым бойынша құлдың қандай жағдайда болса да, Аллаһтың белгілеген иләһи шегінің сыртына шығуы – ысырап. Яғни нығметті босқа жұмсап, рәсуә ету.

Иман, сенім және құлшылықтағы ЫСЫРАП – 1

Раббымыздың құлдарына берген барлық нығметтері оның рахымшылық, мархамат және махаббатының нақты бір белгісі. Осы құдайы сыйлар құлдарға тегін берілген. Құлдардың еңбектеніп, ақы ретінде алғаны жоқ. Аллаһ барлығын өз кеңшілігінен берген. Аллаһ Тағала қасиетті аятта:

«Ол (Аллаһ) **көктер мен жердегілердің барлығын, өзінен** (бір сый ретінде) **сендерге тәуелді қылған. Әлбетте мұнда ойланған қауым үшін ғибраттар бар!» -** деп бұйырады. (Жасия сүресі, 13)

Бірақ бұл жәйт нығметтерді ешбір шартқа тәуелсіз, қалағаны бойынша қалай болса солай қолдануға болады деген сөз емес. Екінші бір аятта:

«Адам өзін басы бос жіберілемін деп ойлай ма!» - делінген. (Қиямет сүресі, 36)

Олай болса, Аллаһтың берген нығметтерін қолданған кезде иләһи әмірлер мен тиымдардың мөлшерін назарда ұстауға міндеттіміз. Халалдың есебі, харамның да азабы бар екендігін ұмытпауымыз керек. Харамдардан аулақ болғанымыз сияқты, халал нығметтерді қолданған кезде

«ысырап» шегінен шығып екінші бір харамға түсіп кетуден, жол ашудан сақтануымыз қажет. Өйткені нығметті қолдануда шектен шығып, Аллаһтың белгілеген мөлшеріне құрметсіздік болып саналатын ысырап Аллаһ Тағаланың сый-сияпатына қарсы үлкен опасыздық.

«Ысырап» сөзі көбінесе мал-мүлік сияқты материалдық мүмкіншіліктер мен заттар жайында қолданылғанымен, бұл оның алғаш еске түсетін шектеулі мағынасы. Алайда ысырап адам баласының шектен шыққан әрбір жәйттерін қамтитын кең мағынаға ие. Сөз бұл мағына бойынша құлдың қандай жағдайда болмасын, Аллаһтың белгілеген шегінің сыртына шығуы ысырап болып табылады. Яғни нығметті босқа жұмсап, рәсуә ету деген сөз. Ияс рахимәһұллаһ:

«Аллаһтың әмірінің сыртына шыққан нәрсенің барлығы ысырап» - деген.

Адам баласы болмысындағы менмендігі себебінен, өз қателіктеріне кешіріммен қарауға бейім. Ең ауыр қылмысты жасаған қанішерлердің өзі кейбір себептер мен сылтауларды ұстанып, өздеріне кешіріммен қарауға тырысады. Олардың өзі сондай болса, ысырапшылдар мен сараңдар өз халдеріне риза болу бақытсыздығына тіптен душар болмақ қой! Сонымен қатар ішіне түскен ысырап мастығы мен сараңдық азғындығын бақыт санайтындай ғапылдықтан да құтыла алмайды. Сол себепті ең алдымен, бос шеңбер сияқты көрінетін «ысырап» ұғымын иләһи мәлі-меттерге лайық түрде дұрыс бағалау керек.

Қалайша материалдық аманаттарда ысырап дінімізде тиым салынған болса, сонымен қатар рухани мәнге ие **сенім, құлшылық, білім, ахлақ, уақыт және ақыл** сияқты мәселелерде жасалған шектен тыс шығындар, шектен шығу

түріндегі іс-қимылдарға да тиым салынған. Тіпті осылардың өзі қауіпті шығын болып саналады. Өйткені бұл әрекеттер өткінші дүниелік ләззаттар үшін мәңгілік бақыттылықты ғапылдықпен ысырап ету деген сөз.

Раббымыз күнделікті өміріміздегі тамақтану, киіну сияқты қажеттіліктерімізден рухани өмірімізге қатысты құндылықтарымызға дейін барлық жағдайларда ысырап пен сараңдыққа тыйым салып, орташа болуды әмір етеді. Сондықтан әрбір мүмин осы екі қайшы сипаттың арасындағы тепе-теңдік үлгісінде өмір сүруге міндетті. Өйткені рухани-материалдық барлық нығметтердің қолданылуында иләһи өлшемдерге мойынсұнылмаған жағдайда адам ысырап пен сараңдық дертінің біріне душар болудан құтыла алмайды.

Дүние мен ахіреттегі ақырымызды пәлекетке жетелейтін ең маңызды ысырап түрлерін және олардан құтылудың жолдарын былайша қарастыруға болады:

а. Иман мен сенімдегі ысырап:

Бұл ысыраптардың ішіндегі ең қорқыныштысы. Бұл тұрғыдағы ысырап ақыл мен жүрек тазалығын сақтай алмай, теріс нанымдарға, әпсаналарға, бидғаттарға және жағымсыз пікірлерге еру арқылы адамның жаратылысындағы «Ислам жаратылысының» тазалығына нұқсан келтіріп, мәңгілік зиянға ұшырау деген сөз.

Иманды әлсірету көбінесе пасықтармен бірге болудан туындайтын рухани дерт. Раббымыз құлдарын осындай халге душар болудан ескерту негізінде былай дейді:

«Аяттарымыз туралы (мазақтап, дөрекілікке) **салын-**

ғандарды көргеніңде олар онан (Құраннан) **басқа бір әңгімеге көшкенше олардан бет бұр** (мұсылмандық кейіп таныт және мұсылмандықтың қажеттілігі ретінде сол жерде тұрма)! **Егер шайтан саған ұмыттырып** (бірге отырып қалсаң), **есіңе түскеннен кейін** (тұрып кет), **ендігәрі сол залым адамдармен бірге отырма!»** (Ән'ам сүресі, 68).

Өйткені пасықтармен байланыс және пікір жақындығы уақыт өте келе жүрек жақындығына, ол да иманды әлсіретіп мәңгілік өмірдің жойылуына себеп болады. Бұл иман ысырабының басты себептері аяттарда былай баяндалады:

«Жәннәттіктер күнәһарларға: "Сендерді мына күйдіруші отқа салған не?" - деп сұрайды. Күнәһарлар: "Біз намаз оқушылардан емес едік. Пақырларды тамақтандырмайтын едік, (дүниеге) **ергендермен бірге біз де еретін едік, жаза күніне де сенбейтін едік" - деп айтады»** (Мүддәссир, 40-46).

Осы жағдайға ұшырамаудың жолын Раббымыз:

«Ей, Иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және турашылдармен бірге болыңдар!» - деген аятымен баяндайды. (Тәубе сүресі, 119)

Тағы бір аят кәримәда Аллаһтың аяттарына, яғни әмірлері мен тиымдарына ғапылдық пен немқұрайдылық танытпай, тереңірек зер салудың аса зәру іс екендігін былай жеткізіледі:

«Оларға Раббысының аяттары ескертілген кезде, оларға соқыр және саңырау қарамайды (яғни оған құлақ салады, көреді)» (Фұрқан сүресі, 73).

Мәселен, рухани түсінік сезімдерін негізгі жаратылыс мақсатынан тыс пайдаланып, Аллаһтың дәлелдерін еш көрмеген адамдар сезімдерінің соқырлығына байланысты

сезімдерін ысырап қылады деген сөз. Аятта ысыраптың аянышты соңын былай баяндайды:

«...Аллаһ анығында ысырап етіп, көп өтірік айтқан адамдарды тура жолға салмайды!» (Муминун сүресі, 28).

Екіншіден, сенімде адасушылық, яғни шектен шығушылық бар. Осылардың ең маңыздыларының бірі – салих адамдарың кабірін зиярат еткен кезде қажеттіліктерін тікелей солардан сұрау. Алайда бұл мәселедегі ұстанымымыз – сол жерде жатқан адамдардың тірі кездегі салих амалдарын ойлап, олардың Аллаһ алдындағы жоғары дәрежелеріне ой жіберіп, солардың құрметі үшін Аллаһ Тағаладан сұрау болуы керек.

Сонымен қатар салих адамдардың «шапағатына» нақты сеніп, «Осы адам маған шапағат етеді» - деу де барып тұрған шектен шығушылық болып табылады. Ол мүлде қате сенім. Өйткені аят кәримәда баяндалғанындай тек **«Ол күні Рахман шапағат етуге рұқсат еткен...» -** адамдар ғана шапағат ете алады. (Таһа сүресі, 109)

Салих адамдардың барлық нәрсені білетіндігін, ойдағыны сезіп, толық білетіндігін айту да қателік. Олар тек Аллаһ Тағала білдіргенді ғана біле алады. Негізінде пайғамбарлардың өзі де барлық нәрсені біле бермейді.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм кейбір сұрақтарға *«Сұралған адам бұл мәселеде сұраған адамнан көп білмейді»*, - дейтін. Сондай-ақ Ифк оқиғасында уахи бір айдан кейін келіп, осы жерде Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм мәселенің ақиқатына қатысты ештеңе айта алмаған. Тәбук жорығында немқұрайдылық себепті артта қалған үш адам хақындағы уахи да елу күннен кейін келген.

Осман бин Мазун радияллаһү анһү Мәдинада Үммүл-Алә деген әйелдің үйінде қайтыс болған еді. Ол әйел:

«Ей, Осман! Аллаһ Тағаланың қазір саған сый тартып жатқандығына куәмін», - деді.

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм араласып:

– *Аллаһтың оны сыйға бөлегендігін қайдан білесің?* - деді.

Әйел:

– Уаллаһи, білмеймін! - деді.

Аллаһ Расулы:

– *Қараңдар, Осман қайтыс болды. Мен өзім ол үшін* ***Аллаһтан жақсылық болар деп үміттенем.*** *Бірақ мен пайғамбар болғаныммен, маған да, сендерге де не істелетіндігін (яғни басымызға қандай жағдай туатындығын) білмеймін*, - деді.

Үммүл Алә:

«Уаллаһи, осы оқиғадан кейін ешкім жайында ештеңе айтпадым, (тек Раббымнан жақсылық үміт еттім)» - дейді. (Бұхари, Табир, 27).

Аят кәримәда былай делінеді:

«Айт: Мен пайғамбарлардың алғашқысы емеспін. Маған және сендерге не істелетіндігін де біле алмаймын. Мен тек маған уахи етілгенге мойынсұнамын. Мен тек қана анық ескертушімін» (Ахкаф, 9).

Бір адам Хазіреті Яқуб аләйһиссәләмнан:

«Ей, жүрегі нұрлы, ақылды пайғамбар! Юсуфтың көй-

легінің иісін Мысырдан келе жатқанда сездің, неге қасындағы құдыққа тасталған кезде сезбедің?» - деп сұрайды.

Яқуб аләйһиссәләм оған:

«Біздің бұл турасындағы қол жеткізген иләһи несібеміз найзағай сияқты. Сол себепті, бізге кейде өте ұзақтағы нәрселер көрінеді, кейде ең жақынымыздағыны да көре алмаймыз!» - деп жауап береді.

Адамдардың бір-біріне орынсыз, ретсіз және ғапылдықпен жасаған ілтипаттары да тыйым салынған ысыраптардың қатарына жатады. Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Біреулеріңнің бауырыңды мадақтағыларың келсе және онда сол сипаттар бар болса, «Пәленшені осылай деп санаймын, Аллаһ оған жеткілікті, Аллаһқа қарсы ешкімді ақтамаймын, менің ойымша сондай» - деген сияқты сөздерді айтыңдар» - деген. (Бұхари, Шәһәдәт, 16).

Иманның кемелдігі уахимен бірлескен кәміл ақылға, ақылдың кемелдігі ішіндегі иманның нұрына, яғни жүректің кемелдігіне тәуелді. Иләһи нұрдан мақрұм, негізсіз сенімдер мен аңыздарға толы сенім мен пікірлер майсыз шырақ немесе электр қуаты жоқ шам сияқты. Уахи бақылауынан мақрұм мұндай ақыл өлшемсіз және тұрақсыз электр қуатын алған шам сияқты бір күні жанып кетеді.

ә. Құлшылықтағы ысырап:

Барлық жағдайда орташа жол ұстануды негізге алып, құлшылық пен қарым-қатынасты фәйізді әдетке айналдыру дініміздің негізгі бұйрығы. Өйткені қалай үйреншікті болса, көбіне солай жалғасатындығы шындық.

Құлшылықтарды орындау кезінде жасалған ысырапқа қатысты ең алдымен еске түсетін нәрсе – **дәрет пен ғұсылда** (бой дәретте) уәсуәсәға салынып, қажетінен артық су қолдану. Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм дәрет алып жатқан Сағд радияллаһу анһудың қасына барып:

– *Ей, Сағд! Мына ысырабың не?!* - деді.

Сағд радияллаһу анһу:

– Дәретте ысырап бола ма? - деді. Сонда Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Иә, ағын судың жағасында болсаң да!* - деді. (Ибн Мәжә, Тахарат, 48).

Мүмкіндік бола тұра **намазды** жамағатпен оқымау, намазды мәжбүрліктен оқығандай руханияттан алыс оқу сияқты халдер де құлдық өмірге қатысты ысыраптардың қатарына жатады. Намазды ынта мен шабыттан мақрұм халде оқыған адамдар үшін Аллаһ Тағала:

«Анау намаз оқығандарға қандай өкініш, олар намаздарында шынайы емес» - дейді. (Мағун сүресі, 4-5)

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм да жүректің кемшіліктерінен қасиеті жоғалған, яғни іші босатылып ысырап жасалған намаз хақында:

«Бір құл намаз оқиды, бірақ намазының жартысы, үштен бірі, төрттен бірі, бестен бірі, алтыдан бірі, жетіден бірі, сегізден бірі, тоғыздан бірі, тіпті оннан бірі оған жазылады» дейді. (Әбу Дәуіт, Салат, 123, 124)

Демек, Аллаһ Тағала бізден ақыл мен жүректің руханиятымен жасалған құлшылықты қалайды. **«Сәжде ет те жақында!»** (Аләқ сүресі, 19) - деген әмір бойынша, маңдайымыз

сәждеге барған кезде жүрегіміздің де Аллаһтың құзырында жалбарынып, мінәжәт халі мен ихсан сезімінде болғанын қалайды. Өйткені адамды шынайы мүмин болудың шыңына шығаратын ми мен жүрек әрекетінің ортақ қолданылуы.

Аят кәримәда намаздарын лайықты түрде оқығандар хақында:

«Мүминдер табысқа қол жеткізді. Олар намаздарын ынтамен оқиды» - дейді. (Мүминун сүресі, 1-2)

Исламның бес негізінің бірі болған **ораза**ны өтірік, ғайбат, өсек айту сияқты ахлақи әлсіздіктермен әлсіретіп, сауабын ең төменгі деңгейге түсіру де үлкен ысырап. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Кімде-кім өтірік айтуды және алдап-арбаумен іс істеуді тоқтатпайтын болса, Аллаһ ол адамның жегенін, ішкенін тастағанына көңіл бөлмейді» - дейді. (Бұхари, Саум, 8, Әдеп, 51)

Ораза бізге Раббымыз берген нығметтің қадірін түсіндіруі керек. Сонымен қатар, ораза күнделікті ашығумен қаншалықты әлсіз екендігімізді көрсетіп, жағдайы төмен бауырларымыздың халін түсінуді, оларға мейірімділік қолымызды созуымызды, садақамызды құлшылық шабытымен Аллаһқа бергендей қарапайымдылық және шүкіршілік ниетімен беруді қамтамасыз етуі керек. Өйткені аят кәримәда бұл жайлы:

«...Аллаһ құлдарының тәубесін қабылдайды және садақаларды алады!» - делінген. (Тәубе сүресі, 104)

Ораза ұстау парыз болған қасиетті **Рамазан айы** бастан-аяқ фәйіз, руханият, рахымшылық, кешірім және сыйларға толы құлшылық айы. Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи

уә сәлләм осы қасиетті айдың ысырап жасалмай фәйізді әрі берекетті түрде бағалануын әмір еткен.

Сонымен қатар таңсәріні сергек көңілмен орындалған тәһәжжуд, истиғфар, тәфәккур және Құран оқумен, күндіз көңілді Хаққа бұрып жасалған құлшылық, қайырымдылық және ізгі амалдармен, Аллаһтың шақыруына жауап беру сағаты болып табылатын ауыз ашар уақытын да истиғфар, дұға және бір мүминге ауыз ашқызу қуанышымен, түнде толық шарттарын орындай отырып, оқылған тарауық намаздары арқылы өткізу керек. Бұл қасиетті айды лайықты түрде бағалай алмаған жағдайда аяғымыздың астына дейін ағып келген рахымшылық дариясынан пайдаланбаған және оны аянышты ысыраптың толқынына тастаған боламыз.

Екіншіден, малдың халалдығына, адамдардың хақ пен құқықтарына назар аудармау, бос нәрселермен шұғылданып, руханият пен фәйізді бұзатын іс-әрекеттер жасау **қажылық құлшылығы**ның ысырабы деген сөз.

Сондай-ақ хадис шәрифте харам ақшаға қажылыққа барған адам «Ләббәйк» дегенде оған *«Саған ләббәйк те жоқ, сағдәйк те жоқ. Өйткені сенің табысың харам, азығың харам, көлігің харам. Ешбір сауапсыз күнәһар болып қайт! Разы болмайтын нәрсеңе тап болатындығың үшін қайғыр!»* - деген мағынада жауап берілетіндігі аятылады. (Хәйсәми, III, 209-210).

Зекет пен **садақа**лардағы ысырап болса, міндетсу түрінде мұқтаж адамды кіріптар ету, рия және мақтаншақтық сияқты жүрек науқастығына ұшырау. Аллаһ Тағала былай дейді:

«Жақсы (көркем және жағымды) **сөз бен кешірімділік артынан ауыртпалық салған** (ренжітіп, міндетсіп берген) **садақадан артық. Аллаһ** (құлдары беретін садақаға мұқтаж

емес) **ғани-дүр** (бай), **халим-дүр** (кеңпейіл, жазалауға асықпайды). **Ей, Иман келтіргендер! Мал-мүлкін тек басқаларға мақтан** (рия) **үшін ғана жұмсайтын, Аллаһқа және ахірет күніне сенбейтін адам сияқты,** (берген) **садақаларыңды міндетсіп немесе ренжітіп беру арқылы текке жібермеңдер!»** (Бақара сүресі, 263-264).

Зекетін бермек болған мүмин кісі зекетті лайықты да тиесілі адамына беру үшін мұқият қажыр көрсетуі керек. Өйткені Аллаһ Тағала мұндай құлдарын мадақтап **«Олар зекет беру үшін еңбектенеді»** - деп бұйырады. (Мүминун сүресі, 4)

Зекет пен садақаларымызды мұқтаж адамдарға беру – өте маңызды іс. Сол үшін мұқият іздестіру және мұқтаж адамдарды жүзінен тануды үйреншікті халге жеткізу – Раббымыздың ең маңызды әмірлерінің бірі.[68] Негізінде малды мұқтаж адамдарға беру оны қандай жолдармен тапқандығымызға байланысты. Басқаша айтқанда зекет, садақа және қайырларымыздың жұмсалатын орны табысымыздың халалдық деңгейін көрсететін айна іспеттес.

Құран Кәрімді лайықты түрде оқып түсінуге тырыспау, әмірлері мен тиымдарына немқұрайды қарау осындай үлкен әрі құнды қазынаны ысырап қылу мағынасына келеді. Аллаһ Тағала Құран Кәрім турасында ысырап еткендер мен оның фәйзінен пайдаланғандарды былай баяндайды:

«Содан кейін Кітапты құлдарымыздың арасынан таңдаған адамдарымызға бердік. Адамдардың кейбірі өздеріне зұлымдық жасайды, кейбірі ортада, кейбірі Аллаһтың рұқсатымен жақсылықта алға шығу үшін жарысады. Міне, үлкен артықшылық осы» (Фатыр сүресі, 32).

Адамдардың ішіндегі ең таңдаулысы Мұхаммед үмметі

68. Қараңыз, Бақара сүресі, 273.

болғандығы сияқты, олардың ең абзалы да Құран оқитын, жаттайтын, мағынасын үйренетін және үкімдері бойынша амал еткен мүминдер болмақ. Адамдардың кейбірі нәпсісіне зұлымдық жасайды, Құранды үйренгенімен керегінше оқып амал етпей ең үлкен нығметті рәсуә етеді. Кейбірі орта жолда, кейде амал етеді, кейде етпейді. Кейбірі болса Аллаһтың рұқсатымен жақсылықта алға шығады.

Құран Кәрім жер мен көктің тілі, рух үшін берекет пен руханият қазынасы. Адамға арналған мұғжиза сөз. Құранмен табысқан жүректер әлемнің Жаратушысының ерекше көрініс орнына айналады. Құранмен өмір сүрген адам мына айбынды әрі керемет әлемнің желкені сияқты жиналып ішіне сиған кішкене әлем болудың бақыттылығын татады. Көңіл адамы үшін Құран Кәрім тәфәккур әлемінің тұңғиығына ашылған айбынды есік.

Құран оқып отырғанда тәннің тазалығы сияқты жүректің де таза болуы қажет. Өйткені рухани аурулар адамның Құранмен дұрыс табысуына кедергі болады. Құранның рахымы, шипасы және һидаятымен табыса алмағандар, керісінше, қасіретке душар болады. Құран Аллаһтың қалауын білдіргені үшін оны ең жақсы, Аллаһқа жақын, тақуа, салих адамдар ғана түсінеді. Құран нығметінен пайдалану, сөйтіп, дүние мен ахіретте бақыттылыққа жету үшін тақуа болу шарт.

Назар аударарлық тағы бір жәйт – Аллаһтың ризашылығына сай кішкене бір қызметтің қаншама нәпіл құлшылықтан жоғары болатындығы. Пайғамбар дәуірінде болған мына бір мысал осы мәселені тамаша түсіндіреді:

Өте қатты ыстықта болған жорықта Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм ыңғайлы бір жерге тұрақта-

ған еді. Сахабалардың кейбіреуі нәпіл ораза ұстайтын. Ораза ұстағандар шаршап ұйықтап кетті. Ораза ұстамағандар болса, дәрет алу үшін су тасып, көлеңкесіне отыратын шатыр орнатты. Ауыз ашар уақыты болған кезде Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Бүгін ораза ұстамағандар (тым көп) сауапқа қол жеткізді» - деді. (Мүслим, Сиям, 100-101)

Сол сияқты бір адамның екінші немесе үшінші деңгейдегі бір іспен айналысып **рызық табуды назардан тыс қалдыруы** және айналасына мұқтаж болуы да ысыраптың бір түрі. Өйкені хадис шәрифте:

«Аллаһ Тағала құлының халалдың соңынан жүгіріп шаршағанын көруді ұнатады» - делінген. (Суюти, Жамиус-Сағир, I, 65).

Екіншіден, көп адамның ішінде жасалған **дұға**ларда шумақтар айтып, сөзін ұйқастырып өнер көрсету үшін жамағаттың шабытын жоғалтатын деңгейде дұғаны созу және дауысын кәдімгі қалпынан жоғары көтеру де құлшылықтың өзегін бұзып, берекетін ысырап ету болып табылады. Өйткені Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Дұғада айқайламаңдар! Өйткені сендер кереңге айғайлап тұрған жоқсыңдар» - (Бұхари, Жиһад, 131; Мүслим, зікір, 44) деп, айғайлап, дауысымызды шегінен тыс көтеріп дұға жасауымызға тиым салған. Мұндай ысыраптар құлшылықтың руханилығына нұқсан келтіріп, фәйізін азайтады.

Екінші бір хадис шәрифте:

«Бұл үмметтен бір ұрпақ келеді, тазалық пен дұға етуде шектен шығады!» - делінеді. (Әбу Дәуіт, Тахарат, 45).

Қысқасы, Аллаһ Тағала құлшылықтарымызды жылдам,

яғни фәйіз бен руханияттан алыс түрде санасыз орындалып рәсуә болғанын қаламайды. Керісінше жүрегіміздің **«ихсан»** сезімінің руханияты мен фәйзі ішінде өзіне жақындағанын, яғни **Аллаһқа қауышу**ын қалайды.

Раббымыз иман, сенім, құлшылық турасында немқұрайдылық танытып немесе шектен шығып, ысырап жасаудан біздерді сақтасын! Барлығымызға кәміл иманның шаттығы, құлшылықтың шабыты мен ләззаты ішінде өмір сүруді нәсіп етсін!

Әмин!

Уақыттағы
Ысырап – 2

Өмір – Аллаһ Тағаланың әрбір жаратылыс иесіне тек бір рет қолдану үшін ғана берген және белгілі бір уақытпен шектеген, өте құнды бір нығмет. Сондықтан уақытты оның құнына сай амалдарға жұмсау шарт. Өйткені уақытты қарызға алуға немесе беруге келмейді... Барлық нәрсені сатып алуға болады. Бірақ өтіп кеткен уақытты ешқашан...

Уақыттағы ЫСЫРАП – 2

Адам баласының тегін немесе еңбектену арқылы қол жеткізген барлық нығметтері – Аллаһ Тағаланың бір сыйы. Өйткені нығметтерді жоқтан жаратқан да, оларға қол жеткізу үшін құлға қажетті қабілеттер мен күшті берген де – Хақ Тағаланың Өзі. Осы тұрғыдан қарағанда адам баласы қолындағы нығметтердің негізінде тек Аллаһтың бір сыйы екендігін есінен шығармауы керек. Бұлардың бір күні есебі берілетін аманат екендігін түсіну қажет. Өйткені аятта:

«Біздің сендерді босқа жаратты және қайтадан біздің құзырымызға қайтарылып, есеп бермейміз деп ойладыңдар ма?» - делінеді. (Мүминун сүресі, 115)

Сондықтан да қолымыздағы рухани-материалдық нығметтерді қолданған кезде толықтай еркін еместігімізді және бұлардың Аллаһтың ризашылығына лайық түрде қолдауға міндетті екендігімізді ойлауымыз керек.

Раббымыз басқа бір аят кәримәсында:

«Ақыры сол күні (дүниеде пайдаланған) **нығметтерден, әлбетте, есеп бересіңдер»** - делініп, үлкен ахіреттік есепті еске салады және жауапкершілігімізді баса айтады. (Тәкәсур сүресі, 8)

Яғни Аллаһ Тағала берген нығметтеріне қол жеткізуде

болғаны сияқты оларды қолдануда да орындалуы тиіс кейбір мөлшерлер бекіткен. Бұларды «халал» және «харам» деп екіге бөлген. Міне, ысырап Аллаһтың рахымшылығы мен сүйіспеншілігінен ажырауға, сонымен қатар Аллаһтың ашуына ұшырауға себеп болатын харамдардың бірі. Аят кәримәда:

«Ысырап етпеңдер! Өйткені Аллаһ ысырап етушілерді сүймейді» - делінген. (Әнʼам сүресі, 141).

Уақытты ысырап ету:

Адам баласының ғапылдығы мен ұмытшақтығынан көп жасайтын қателіктерінің бірі – **уақытты ысырап ету**.

Өмір – Аллаһ Тағаланың әрбір жаратылыс иесіне тек бір рет қолдану үшін ғана берген және белгілі бір уақытпен шектеген өте құнды бір нығмет. Сондықтан уақытты оның құнына сай амалдарға жұмсау шарт. Өйткені өмірде әр сәт жасалатын бірнеше істер бар. Бірақ бұлардың ең маңыздысын сол сәтте алдыға жылжыту, басқаларын маңыздылық дәрежелеріне қарай кезекке қою, уақытты дұрыс қолдану үшін назар аударарлық маңызды бір қағида.

Мәселен, ананың баласын емізуі мархамат пен мейірінен туындаған тамаша әрекет. Бірақ үйде өрт шыққан кезде баласын емізіп отыруы үлкен қателік. Сол сәтте бір шелек су болса да, өртті сөндіруге тырысуы керек. Өйткені бұл міндет екіншісіне қарағанда өмірлік маңызы бар іс. Егер бұл турасында жалқаулыққа салынатын болса, аз уақыттан кейін өзі де, баласы да өрттің құрбаны болады.

Дәл сол сияқты, қазіргі таңда да адамдардың күрделі жағдайына байланысты басқа істерден гөрі олардың Аллаһ-

тың дініне бет бұрулары үшін қажыр-қайрат таныту – уақыт турасындағы жауапкершілігімізден туындаған қажеттілік.

Уақытты ең тиімді түрде пайдаланған қадірменді сахабалар үшін өмірдің ең тәтті әрі мағыналы тұстары адамдарға тәухид хабарын жеткізген шақтары болатын. Бір сахаба дарға асылатын сәтте оған үш минут уақыт берген бақытсызға рахмет айтып:

«Демек, саған ақиқатты жеткізу үшін осы үш минуттық уақытым бар. Бәлкім, һидаятқа келерсің», - деген болатын.

Қазіргі кезде де кейбір адамдар имансыздық пен арсыздық бұғауына түсіп жатқанда, оларға жұмсақ тілмен жақындап, Исламның әдеміліктерін, сыпайылығы мен нәзіктігін жеткізу әрбір мүмин үшін үлкен сенім мен ұждан борышы.

Өте қымбат қор іспетті болған уақытты бос әрі оғаш қылықтарға ысырап ету – ахірет өміріне қауіп төндіру деген сөз. Сол себепті ғапылдық перделерін ашқандар үшін уақыт – ешбір нәрсемен салыстыруға болмайтын деңгейде құнды нығмет. Аллаһ Тағала Аср сүресінде:

«Ғасырға (уақытқа) **ант етемін, адам расында зиянда. Бұдан тек иман етіп салих амал жасағандар, бір-біріне хақты** (хақ жайлы) **кеңес беріп, сабырға шақырғандар ғана тыс» -** дейді. (Аср сүресі, 1-3)

Уақытқа ант етумен басталған бұл сүреде иман, салих амал, хақты кеңес беріп, сабырға шақырумен өтпеген уақыттың ысырап етілгендігін және қасіретке себеп болатындығын айтады. Уақытты тиімді түрде бағалағандардың зиянсыз болатыны туралы айтылуы адамдардың бұл мәселеде көбіне алданатындығын көрсететін ащы ақиқат.

Аллаһ Тағала құлдарының уақытты қолдану турасында қасіреттен құтылып иләһи сыйға бөленуі үшін мынадай кеңес береді:

«Бір істі бітірген соң, дереу басқа іске кіріс, сонымен шұғылдан! Әрқашан Раббыңа бет бұр! Соған жақында!» - (Инширах сүресі, 7-8)

Яғни құлшылық пен ізгі істердің бірі біткен соң, дереу екіншісіне жүгіру керек. Қандай да бір уақыттың құлшылықтан немесе жақсы істерден жұрдай өтуіне жол бермеу керек. Өйткені өмір бізге ахірет бақытына қол жеткізу үшін берілген нығмет. Өлім болса, бір қарыз келісімінің орындалу уақытын көрсететін атаулы күні іспеттес.

Бір саудагер қарызын өтеуге әзірлену үшін алашақ адамға бір келісім шарт береді. Уәде бойынша сол уақыт ішінде төленетін мөлшерді әзірлеуі керек. Дүние өмірі де бізге ахіретте табысқа қол жеткізу және Аллаһтың ризашылығын алу үшін берілген мерзім. Қалай саудагер төлейтін келісімінің уақытына қарамай, өзіне берілген уақыт ішінде әзірлемейтін болса және сөйтіп қарызды төлейтін күні қатты қиналатын болса, адам баласы да сол сияқты Аллаһтың өзіне берген өмір нығметін дұрыс қолданбаған жағдайда қасіретке ұшыраудан құтыла алмақ емес. Өйткені әрбір адам дүниеге келген сәттен бастап, жүзеге асу мезгілі беймәлім өлім үкіміне тәуелді. Бұл үкімнің жүзеге асу уақыты болса, Әзірейіл әләйһиссәләммен жолығатын сәт. Тіпті, қарыз келісім шартында төлеу мерзімі белгіленген. Ал, адам өмірінің қалайда таусылатын мерзімі белгісіз. Бұл да есеп беруге әрқашан да дайын болуды қажет ететін қорқынышты шындық.

Тасаввуф тәрбиесінің ең маңызды негіздерінің бірі **«Вүқуф Замани (**өткізіп жатқан уақытына мән беру**)»** да

уақыт нығыметін өте мұқият қолданудың қажеттілігін білдіреді. Бұл қағида бойынша нәпсіні тәрбиелеп, жүректі тазартқысы келген әрбір мүмин ажалының белгісіздігіне байланысты әр сәт сайын өзін есепке тартуға мәжбүр екендігін түсініп, уақытын ізгі амалдармен өткізуі керек. Қажетсіз істерді тастап, мағынасыз әңгімелерден аулақ болу, яғни Хазіреті Мәуләнәның сөзімен айтқанда тілін «сөздің масқарасы» болудан сақтауы керек. Өйткені Аллаһ Тағала Құран тілімен **«табысқа қол жеткізген** (азаптан құтылған)**»** мүминдердің сипатын былай баяндайды:

«Олар бос әрі пайдасыз нәрселерден теріс айналады» - (Мүминун, 3).

«...Бос сөзге, не іске жолыққан кезде сыпайылықпен сол жерден өтіп кетеді» - (Фұрқан сүресі, 72).

Салих мүмин әр сәт өзінің ішкі дүниесінен хабардар болып, истиғфар, хамд-мадақ, шүкіршілік және ризашылық халінің қай деңгейде екендігін ойлауы керек. Әрбір дене мүшесіндегі сансыз нығметтерді және олардың шүкіршілігін есептеп, ғапылдықпен өткізген уақыттары үшін тәубе етуі тиіс. Ғапылдықтан сақтанып, орынсыз болашақ қорқынышынан құтылып, өз басындағы жағдайды жақсартуға тырысуы қажет. Басқаша айтқанда **«Ибнүл Уақыт»**, яғни өмірінің әсіресе ісжүзінде кешіп жатқан сәтінің қадірін біліп, сол арқылы ең тамаша түрде ахиретке әзірленген кәміл мүмин болу керек. Өйткені уақыттың босқа өтуі ең үлкен өкініш. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Жәннәт тұрғындары басқа нәрсеге емес, тек дүниеде Аллаһты зікір етпей өткізген сәттеріне өкінетін болады!» (Һәйсәми, X, 73-74), - деп, уақыттың мәңгілік өмірдің азығы болып табылатын ізгі амалдармен өткізілуі керектігін еске салады. Өйткені нығмет қолдан шыққан соң өкінудің

пайдасы жоқ. Олай болса, мүмкіндік қолда тұрғанда өмірімізді ізгі амалдармен өткізуге міндеттіміз. Әрбір мүшенің шүкіршілігін лайықты түрде орындауға тырысу қажет. Мәселен, тіл нығыметін жүрегімізге шипа болатын зікірұллаһпен бағалауға тырысуымыз керек.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Хафса анамызға мынадай кеңес берген:

«Ей, Хафса! Көп сөйлегеннен сақтан. Аллаһты зікір етуден тыс көп сөйлеу жүректі өлтіреді. Аллаһты көп зікір ет! Өйткені ол жүректі тірілтеді». (Әли әл-Мүттақи, I, 439/1896)

Аллаһ Тағала екі нәрсеге мұқият болуды:

«Қайсыбірің өлім келіп “Раббым, мені аз уақытқа кешіктірсең САДАҚА БЕРСЕМ және ІЗГІЛЕРДІҢ ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛСАМ!” демей тұрғанда, сендерге берген рызықтан жұмсаңдар!» - деп бұйырады. (Мүнәфиқун сүресі, 10)

Өмірін босқа жібергендердің өкініштері мен сылтауларының қабылданбайтындығын көрсететін мына бір аят кәримә қандай ғибратқа толы, оқыңыз:

«Олар сол жерде көмек сұрау үшін “Ей, ұлы Раббымыз, жалынамыз, бізді мына жерден шығарып, дүниеге кері қайтарсаң, бұрын істегендерімізден басқа салих амалдар жасар едік!» - деп ойбайлайды. Аллаһ Тағала оларға былай дейді: “Біз сендерге ойланып, ғибрат алатын және ақиқатты көретін адам ойлана алатындай өмір берген жоқпыз ба? Әрі сендерге пайғамбар келіп ескертті. Олай болса, азапты татыңдар! Залымдардың ешбір жәрдемшісі жоқ!» - (Фатыр сүресі, 37)

Өмірдегі барлық нығметтер сияқты уақыт нығметіндегі ысыраптың да негізгі себебі өлімді дұрыс түрде түсіне алмау немесе қорқынышты ақиқатты өзімізден алыс деп білу ғапылдығы. Хадис шәрифте:

«Барлық ләззаттарды тамырынан жоятын өлімді көп еске алыңдар!» - делінеді. (Термези, Қиямет, 26). Бұл пайғамбар ескертуіне қарамастан жалғаса беретін немқұрайдылықтардың ақыры бір күні ауыр азапқа айналары хақ.

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Өлген соң өкінбейтін ешкім жоқ!* - деген.

Сахабалар:

– Уа, Расулаллаһ! Оның өкініші не? - деп сұрайды.

Сонда Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Ізгі адам болса, осы халін одан ары арттыра алмағаны үшін, жаманшылық жасаған адам болса, сол жаманшылықтан бас тартпағаны үшін өкінетін болады,* - деп жауап береді. (Термези, Зүһд, 59).

Адам өзіндегі және әлемдегі көрініс тапқан Аллаһтың құдірет нақыштарына көңіл көзімен қарайтын болса, дүниеде қалай өмір сүру керектігі турасында ойлануға өзін мәжбүр сезінеді. Адамды өмірде ең көп ойландыруы тиіс ең үлкен ақиқат – **«өлім»** оқиғасы. Ол айбынды қоштасу сәті адам үшін қандай үлкен ғибрат көрінісі. Өлімді білген адам фәни ләззаттарға, ахірет жолаушысы екендігін білген адам болса, дүние қонақ үйіндегі ойыншықтарға алданбайды. Оларды ермек қылып уақытын жоғалтпайды. Аят кәрімәларда:

«Біз көктерді, жерді және солардың арасындағыларды (Өзімізге) **ойын және ермек болсын деп жаратқан жоқпыз. Біз оларды хақ себеппен және хикметпен жараттық. Бірақ олардың** (адамдардың) **көбі мұны білмейді» -** делінеді. (Дұхан сүресі, 38-39)

Барлық фәни нығыметтер бір адамда жиналса және ол шат-шадыман күйде мың жыл өмір сүрсе де не пайда?!..

Соңында баратын жері осы аяғымыздың астындағы қара жер емес пе?! Адам әрбір фәни жаратылыстың «уақыт» деп аталатын диірменінде өзінің жастығымен, тыңғылықтығымен қоса үнемі үгітіліп жатқандығынан ғибрат алмай ма?! Ахиреттен бейхабар халде дүниеде өмір сүріп, нәпсіқұмарлықтарын қолпаштайтын ілтипаттарды «тұрақты», дүниелік ойыншықтарды «шынайы» деп ойлау мәңгілік болашақ (о дүние) үшін қандай қорқынышты алданыш десеңізші?!.. Хазіреті Имам Шафиийдің сөзімен:

«Керуендердің сапар үстінде үй салуы ақылдылық емес?»

Ахірет түсінігінен аулақ күйде, тек қана дүниенің рахатына қол жеткізу үшін ақтық деміне дейін фәни құмарлықтардың соңынан еріп шаршағандардың жағдайы қандай аянышты өмір ысырабы және қандай ащы шығын десеңізші?!.. Еш өлмейтіндей уақыттарын жоғалтқандар бір күні сол жоғалтқан уақыттары үшін қатты өкініп, қайғыратын болады!..

Нәпсіқұмарлықтарына салынғандар сол бағытта өмір сүре беру үшін қабірді және оның арғы жағын ойлаудан үнемі қашады. Сондықтан өлімді шынайы сезінетін болса, бұл жағдай олар үшін болашақ қорқынышына және қорқынышты түске айналады. Өйткені әрбір адам ойлаған және көңіл бөлген дүниесінде өмір сүргісі келеді. Ақылды адам үлкен сарайды тастап, лашыққа барғысы келе ме? Бірақ бұл дүниесін абат қыламын деп, ахіретін харап қылған көптеген адамдар бар.

Хазіреті Мәуләнә дүние тұтқындығынан құтылып, мәңгілік бақыттылыққа қауышудың жолын былай көрсетеді:

«Мал-мүлікке көп байланба, уақыты келгенде оңай ғана тастап кете аларсың! Әрі жеңіл түрде берерсің, әрі сауап-

қа кенелерсің! Сен өзіңді мықтап ұстағанға жабыс, Әуелгі де Ол, Ақырғы да Ол (Аллаһ)»

«Адамдардың көбі денелерінің өлгенінен қорқады. Нағыз қорқатын нәрсе – жүректің өлімі».

Әрбір жанды үшін белгіленген ақтық дем бар. Мұны жою және дүние өмірін белгілі бір уақыт жалғастыру мүмкін емес. Уақыт Аллаһтың заңы бойынша белгіленген арна бойынша аға береді. Дүние өмірінде барлық нәрсені сатып алуға азды-көпті мүмкіндік бар, бірақ өткен уақытты ешқашан да... Кішкене алтын бөлшегінің де қоқысқа тасталуына ешкім немқұрайды қарай алмайтын болса, миллиондаған алтын беріп сатып ала алмайтын уақыттың бос істермен босқа өтуіне көбінесе немқұрайды қарауымыз қандай өкінішті-ақ!

Фәридуддин Аттар құддисә сирруһ былай деп насихат айтады:

«Қолдан шыққан соң төрт нәрсе қайта келмейді: Оқыстан ауыздан шыққан сөз, атылған оқ, болған қаза және босқа жұмсалған өмір».

Бір Хақ досы уақыттың қадірін жақсы түсініп, ғапылдыққа салынбау және күндерімізді жақсы өткізу турасында мынадай кеңес береді:

«Анда-санда ауруханаларға барып, науқастарды зиярат ет! Ол адамдар сияқты науқасқа шалдықпағаныңды және өзіңдегі саулық нығыметін ойлап халіңе шүкіршілік ет! Анда-санда түрмелерге барып, сол жердегі тұтқындардың қиыншылыққа толы зындан өмірін ойла! Қылмыстың бір сәттік ғапылдығы мен жындылықтың нәтижесінде істелген нәрсені, екінші жағынан нақақ түрмеге түсіп, сол

қиыншылыққа тап болғандардың да бар екендігін, өзіңнің олардың орнында болу ықтималдығыңды да ойла! Аллаһ Тағала сені осы халге түсуден сақтағаны үшін дұға қыл! Сонан соң қабірстанға бар, сол жердегі құлпытастардан, хал тілінен шыққан үнсіз өкініштерді тыңда, өмір нығметінен айырылғаннан кейін өкінудің пайда бермейтіндігін ойлап уақыттың қадірін біл! Мазарда жатқандар үшін Фатиханы оқып, осыдан кейінгі күндеріңді хамд-мадақ, шүкіршілік және зікірмен өктізуге тырыс!»

Демек, бір мүмин Аллаһ Тағаланы еш уақытта және ешбір жерде ұмытпай өмір сүруге тырысуы керек. Аллаһ Тағала былай деп бұйырады:

«Аллаһты ұмытқан және сол себепті Аллаһ та оларға өздерін ұмыттырған адамдар сияқты болмаңдар! Міне, олар пасықтар!» (Хашр сүресі, 19).

Әбу Абдұррахман әс-Сүләми уақытты зая кетерудің және дүниеден басқа уайымдары болмаған адамдармен қоян-қолтық болудың нәпсінің ең үлкен айыбы екендігін айтып, оның дауасын былай түсіндіреді:

«Уақытты өмірдегі ең құнды нәрсе деп білу және сол аса құнды уақытты сондай құнды істермен, яғни Аллаһты зікір ету, тұрақты құлшылық ету және ықыласты нәпсіге орнықтыруға тырысумен өткізу керек. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм: «Адамның өзіне қатысты емес нәрселерін тәрк етуі – нағыз мұсылмандығынан!» - деген. (Термези, Зүһд, 11).

Уақыттың қадірін түсініп, оны жүрек сергектігімен бірге бағалаудың міндеттілігін білдіретін хадис шәриф-терде былай делінеді:

«Бес нәрсе келмес бұрын, бес нәрсенің қадірін біл:

Қарттықтан бұрын жастықтың, аурудан бұрын денсаулықтың, кедейліктен бұрын байлықтың, істен бұрын бос уақыттың және өлмей тұрып өмірдің (қадірін біл)!» (Хаким, Мүстәдрәк, IY, 341; Бұхари, Риқақ, 3; Термези, Зүһд, 25).

«Қиямет күні төрт нәрседен есеп сұралмайынша, құлдың аяқтары орнынан қимылдамайды:

1. Өмірінен – оны қалай өткізді?
2. Жастығынан – оны қайда өткізді?
3. Малынан – оны қайдан тапты және қайда жұмсады?
4. Білімінен – онымен не істеді?» (Термези, Қиямет, 1).

«Екі нығымет бар, адамдардың көбі бұл нығыметтер туралы алданады:

Денсаулық және бос уақыт» (Бұхари, Риқақ, 1).

Аллаһ Тағала берген рухани-материалдық барлық нығыметтерінен ахіретте біз құлдарын жауапқа тартатындығын көптеген аяттарда баяндаған. Ислам ғалымдары Аллаһтың есепке тартатын ең маңызды нығыметтері туралы әртүрлі түсіндірген:

Ибн Мәсуд радияллаһү анһү бұлардың «қауіпсіздік, денсаулық және бос уақыт» екендігін айтқан. Мұавия бин Курра рахматұллаһи аләйһи: «Қиямет күні ең ауыр есеп – бос уақыттың есебі», - деген (Бұрсауи, X, 504).

Имам Ғазали Хазіретінің уақыт ысырабына қарсы мына ескертуі өте ғибратты:

«Ұлым! Бүгін өлдім деп ойла! Өміріңде ғапылдықпен өткізген сәттеріңе қаншалықты өкінесің. Аһ, әттең дейсің. Бірақ, өтті кетті!»

Жүнейд Бағдади Хазіреті былай дейді:

«Дүниенің бір күні ахиреттің мың жылынан қайырлы. Өйткені табыс пен шығын мәселесі осы дүниеге тиесілі. Ахиретте не табыс, не шығын жоқ».

Босқа өткен уақыт орны толмас қасірет. Өйткені өткенге тиесілі іс қағаздарының бәрі жабылған. Бірақ ысырап етілген уақыттың өкінішімен дұға, тәубе және истиғфарға бет бұрып, әр сәт Хаққа мінәжәт халінде болу арқылы рухани тұрғыдан сол шығындардың орнын толтыру үшін тырысуымыз керек.

Өмір арнасы өте жылдам ағып барады. Иләһи қалаумен шектелген фәни өміріміздің күндері бір кесені толтырған тамшылар сияқты. Күн өткен сайын шектеулі өміріміздің бітуіне қарай жылжып, дүниеден тағы бір күн алыстап, қабірге бір күн тағы жақындағандығымызды ұмыпауымыз керек. Ажал уақыты бізге беймәлім болғандықтан, сәт сайын Әзірейіл аләйһиссәләммен кездесу ықтималдығымызды есімізден шығармай, ақтық демімізге әзір болуымыз керек. Өйткені өмір күнтізбемізден қанша парақтың қалғандығы белгісіз. Ақын Нәжіп Фазылдың сөзімен айтқанда:

Сол демде перделер ашылып, перделер жабылады,
Әзірейілге «хош келдің» дей алудың өзі өнер!..

Аллаһ Тағала аят кәримәда баяндағанындай, өлім келгенге дейін құлшылықта болуымызға[69] және мұсылман болып жан тапсыруға[70] жазсын. Ысырaптан алыс өмір сүріп, ішкі және сыртқы дүниемізде орталық жолды ұстануды және берген «уақыт» нығметін жақсылықпен, ізгілікпен көріктендіруімізді барлығымызға нәсіп етсін!

Әмин!

69. Қараңыз, Хижр сүресі, 99.
70. Қараңыз, Әлү Имран сүресі, 102.

Білімдегі

Ысырап - 3

Қоғамды шынайы білім мен парасаттылықпен көмкеретін рух қалың кітаптардың үстіне жабылған тәкәппар білгіштердің рухы емес, Құран хикметтерімен көңілін тереңдеткен, адамзатқа мейірім мен шаттық Күні болған қызметкер салих мүминдердің рухы.

Білу жаратылыс тылсымын ашу, хикметке құштар болу. Аллаһтың ұлылық көріністері мен құдірет ағысынан жүрекпен нәсіптену.

Білімдегі ЫСЫРАП – 3

Өмірдің руханиятқа, сыпайылыққа, қарапайымдылыққа және мәнге ие болуы ысырап және т.б. жағымсыздықтардан аулақ болуды қажет етеді. Өйткені ысырап жеке адамға, отбасына және қоғамға түсетін пәлекеттердің хабаршысы.

Барлық нығметтер – адамға берілген аманат. Бұл аманаттар қажетті орындарына тапсырылмай, нәпсіқұмарлықтардың қармағында ысырап етілсе, Аллаһ жәллә жәләлуһу берекесін алады.

Ысырапты тек мал-мүлікті шашу деп түсінбеу керек. Өйткені ол өмірдің барлық жақтарын қамтиды. Өмірді босқа өткізу де ысырап, пайдасыз біліммен шұғылдану да, білімді тек өз мүддесі үшін теріс қолдану да үлкен ысырап екендігін білуіміз керек.

Білімдегі ысырап

Білім – адамда жаратылыста берілген үйрену бейімділігін қанағаттандыратын қасиетті іс. Адамзаттық қасиеттің шыңы болып табылатын білім Аллаһ Тағаланы жақын танытады және Оған құлшылықпен құрмет етудің шыңына жеткізеді.

Ең абзал білім – «мағрифатұллаһ». Яғни Аллаһ Тағаланы жүрекпен тану. Сынақ дәрісханасы болып табылатын фәни әлемде құлды осы нәтижеге жеткізе алмайтын, хикметке қауыштыра алмаған және оның жүрегін Хаққа жеткізбеген барлық ғылыми жұмыстар адамның болмысындағы үйрену құштарлығының ысырабы болып саналады.

Құран Кәрімде білім сөзі адамды Аллаһ алдында тақуалық пен қорқыныш сезімдеріне апаратын сипат ретінде айтылады. Аят кәримәда:

«Әйтпесе түнде сәжде етіп, тік тұрып (қиям) **құлшылық еткен, ахірет азабынан сақсынған және Раббысының рахымшылығын тілеген адам** (анау кәпір сияқты) **ма?** (Расулым!) **Айт: "БІЛГЕНДЕР МЕН БІЛМЕГЕНДЕР ТЕҢ БОЛА АЛА МА?" Тек дұрыс ақыл иелері ғана ғибрат алып, үгітті тыңдайды»** (Зүмәр сүресі, 9).

Бұл аят кәримәны басынан аяғына дейін талқылайтын болсақ, Аллаһ алдында білім мен надандықтың қандай мағынаны білдіретінін біз нақты түсіне аламыз. Шынайы сырды, хикмет пен ақиқатты **«білетіндер»** тобынан болу үшін назар аударатын ең негізгі мәселелер мыналар:

1. Түнде сәжде мен қиям халінде болып, ішкі жан дүниемізбен Аллаһ Тағаламен бірге болуды қамтамасыз ету.

2. Көзімізді ашып-жұмған сайын барлық жағдайда, барлық іс-әрекеттерімізде ахіретте есепке тартылатындығымызды ұмытпай күн кешу.

3. Раббымыздың мархаматынан үміт етіп, әрдайым Оған дұға етіп, жалбарыну.

4. Тақуалықта Раббыға жақындататын өмір салтын

ұстану, жан дүниені Аллаһ Тағаладан алыстататын жағымсыз сипаттардан қорғау және жақсы сипаттарды бойымызға дарытуға тырысу.

5. Ихсан иесі болу. Яғни жомарт, көркем мінезді және әрдайым Аллаһтың бақылауында екендігімізді, яғни әр іс-әрекетіміздің иләһи бейне таспаға жазылып жатқандығын естен шығармау.

6. Жүректі тойымсыздықтардан сақтау үшін бар мүмкіндікті қолдану.

7. Дінді ұстану және тарату турасында кездескен қиыншылықтар мен ауыртпалықтарға шыдау.

Ал **«Білмейтіндердің»** негізгі сипаттары мынадай:

1. Күпірлік пен опасыздық.

2. Тек қаналған кезде ғана Аллаһқа жалбарыну, рахаттанған кезде құлшылық пен жалбарынышты ұмыту.

3. Нәпсіқұмарлыққа еріп, адамды Аллаһтың жолынан адастыру үшін Оған серік қосу. Бұл жайлы аят кәримәда **«Әуестігі мен құмарлығын тәңір тұтқандарды көрдің бе?»** - делінген. (Фұрқан сүресі, 43)

Барлық білім Аллаһ Тағаланың жаратылыстар мен құбылыстарға қойған қағидасы мен заңдылықтарын анықтаудан тұрады. Білімнің дамуы осыларды зерттеуін арттыруымен жүзеге асады. Алайда тек Аллаһ Тағаланың әлемдегі жаратылыстар мен құбылыстарға қойған қағидасы мен заңдарын табу құлды өзінің жаратылу хикметіне жеткізетін шынайы мағынасындағы **«білу»** болып табылмайды. Білу – тек тамашалау да емес.

Нағыз **білу** – дүниеге келу мен өтудің себебін түсіну,

жаратылыстардың хал тілдерін түсіну, хикметке құмарланып сырды ашу.

Білу – иләһи айбындылық пен құдірет ағыстарына қанығып, иләһи фәйіз бен көріністерден жүрекпен нәсіптену.

Білу – қажеттілікке жауап беретін нәрсені табу. Қажеттілік болса, аят кәримәда баяндалғанындай, «мұсылман болып жан тапсыру»[71].

Білу – өлмей тұрып нәпсінің тұтқыны болудан құтылып, ақиқат таңында ояну.

Білу – иләһи жауапқа тартылмай тұрып, өзін есепке тарту.

Ғылыми ақиқаттарда тереңдеп, мағрифатұллаһ дариясына шомылған Хазіреті Мәуләнә Исламның адамзатқа байланысты барлық сыртқы білімдерінің (Тәфсір, хадис, ақида т.с.с.) шыңында тұрғанымен, әлі Хаққа жақындықтың ләззатын толық татпаған кезеңін «ҚАМ-ДЫМ», иләһи хикмет көріністеріне жүрегімен куә болып, ерекше сезімге бөленген кезеңін «ПІСТІМ», әлемдегі сырлардың өзіне кітап сияқты ашылып, аян болған кемелдік кезеңін «КҮЙДІМ» деген сөздермен жеткізген.

Расында да, білімі тереңдеген адамның сезімталдығы мен көрегендігі артады. Нағыз білім адамды таңданыс өлкесінің саяхатшысы етеді. Адам әлемдегі хикмет пен ақиқаттарға көз жеткізген сайын, иләһи құдірет пен ұлылықтың алдындағы әлсіздігін түсінеді, шамасын біледі және ештеңеге татымайтындығын ұғынады. Яғни нәпсісін біледі. Нәпсісін білген адам –Раббысын таниды.

71. Қараңыз, Әлү Имран сүресі, 102.

Білген адам жаратылыс пен мүліктің шын Иесін таниды. Жаратқанға бола жаратылғандарға терең мейірімділік құшағын ашады.

Білген адам кешірімді болады. **Білген адам** сабыр сақтай біледі. **Білген адам** сүйеді. **Білген адам** Раббысының ризашылығы мен жақындығын іздейді. Ол үшін жанқиярлық ерекше бір ләззатқа айналады.

Білген адам ренжітпейді, ренжімейді. Оның тілі рахымшылық орнатады.

Білген адам дүние мен ахірет, яғни құлдың ризашылығы мен Хақ ризашылығының арасын таңдауға мәжбүр болғанда, Хақтың ризашылығын таңдайды.

Білген адам тік тұрғанда, отырғанда, жатқанда[72] , яғни әр сәт «Бір» Раббысымен ғана бірге болуға тырысады.

Білген адам Аллаһтың ұлылығы мен әлемдегі иләһи құдірет ағыстарын үнемі тәфәккур етеді. Сондықтан сыпайылық, нәзіктік пен сезімталдық оның негізгі болмысына айналған.

Білген адам өзгелердің көңілін түсіне алады. Көңілшек болады.

Білген адам барлық жерде, барлық жағдайда көңіл тыныштығы мен бақыттылыққа кенелген халде болады.

Білген адам отанның, халықтың, байрақтың аманат екендігін түсініп, ғұмыр кешеді. Өйткені иманның, ардың, намыстың, мал мен жанның (рухтың) қорғаны отан мен халықты қорғаудың арқасында іске аспақ.

72. Қараңыз, Әлү Имран сүресі, 191.

Білген адам «нәпсінің тұтқынынан» құтылу үшін рухани өмір сүрудің қайратында болады.

Білген адам фәни дүниенің алдамшы ойыншықтарымен айналысудан құтылады. Өз меншігіндегі фәни мүлікке де жүрегінен орын бермейді.

Білген адам жүрегінің дүниелік сейф (жәшік) болуынан, атақ пен құмарлықтың кесірінен құтылған жан.

Білген адам байлық, құмарлық пен атақтың «маған келе ғойшы!» - деген тартымды шақыруына қарсы «Аллаһқа сыйынамын!»[73] - дей алатындай көңіл күйге ие.

Білген адам Аллаһтың ілімінің ұлылығының алдында өзінің түкке тұрмайтындығын түсініп, «ештік» сезіміне бөленеді.

Білген адам білмейтіндігін білетін жан.

Білген адам ақымақтықты жойып, нені білу керектігін біледі.

Білген адам иманның дәмін татқаны үшін иманның жемісі болып табылатын мархамат, жаратылысқа қызмет, қарапайымдылық сынды үш киені өзіне ләззат санайтын адам.

Білген адам әлемдегі Аллаһтың тамаша өнер туындыларының тартымдылығына таңдана қарайды.

Білген адам жаһандағылардың тілін түсінеді. Өйткені білгенмен күллі жаратылыс тілдеседі.

Білген адам ақыл мен жүрек сезімдерінің үйлесімділігіне ие.

---

73. Қараңыз, Юсуф сүресі, 23.

Білген адам иманның құштарлығы мен шабытына ие.

Білген адам парасаттылықтан несібесін алады.

Білген адам себептен Себепшіге, туындыдан Иегерге, өнерден Абсолютті Өнерпазға жетеді.

Раббысын жүрекпен **танып-білген** адам барлық нәрсені біледі. Оны **білмеген** адам ештеңе білмейді. Өйткені ол ақымақ, көңілі соқыр.

Раббысын **білгендердің шыңы** Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм былай дейді:

«Менің білгендерімді сендер білсеңдер, аз күліп, көп жылайтын едіңдер... Сахараға жайылып Аллаһқа бар дауыстарыңмен (терең сезіммен және тебіреніспен) жалбарынар едіңдер» (Ибн Мәжә, Зүһд, 19).

Хазіреті Омар радияллаһү анһү қайтыс болғанда, Абдұллаһ бин Мәсуд радияллаһү анһү:

– Білімнің оннан тоғызы кетті, - деді.

Сол кезде сахабалар оған:

– Әлі арамызда ғалымдар бар ғой! - деді.

Сонда Ибн Мәсуд радияллаһү анһү:

– Мен мағрифат ілімі туралы айтып тұрмын, - деді.

Аят кәримәда бұл жайлы:

«...Аллаһтан құлдарының арасында тек білімді адамдар (лайықты түрде) **ғана қорқады!»** - делінген. (Фатыр сүресі, 28)

Аллаһ Тағаланың осы сөзінен-ақ түсінікті, жүректе Аллаһтан қорқу мен тақуалық сезімдерін оятпаған білім Аллаһ мадақтаған, аяттар мен хадистерде абзалдығы

туралы айтылған **«білім»** емес. Осылай бола тұра, білім алуда кейбір сылтауларға жүгініп, Аллаһтың әмірлері мен тыйымдарына бағынбай, кейбір рухани әлсіздіктерге жол беру және ондай істер мен шараларға кешіріммен қарап, «шариғатқа қайшы емес» деген пиғыл таныту қандай үлкен алданушылық десеңізші!

Әрине, орынды және дұрыс қолданылған жағдайда дүниелік білімдер де қажет. Өйткені дүниеуи білімдер жеткен жетістіктерімен адамдардың санасына Аллаһтың ұлылығынан жаңа дәлелдер ұсынылуда. Сөйтіп, Аллаһтың өнерінің ұлылығы мен тамаша көріністері аса жоғары аңғарылады. Осы орайда қазіргі кездегі ғарыш зерттеулерінен, генетика ғылымының жеткен жетістіктері мен технологиялық табыстарға дейін барлық ғылыми жұмыстар Аллаһтың құдіретінің орасан әрі тым айбынды екендігін адамдардың назарына ап-айқын түрде ұсынуда.

Аят кәримәда бұл жайлы:

«Оның (Құранның**) шындық екендігі оларға әбден белгілі болсын деп адамдарға көкжиектегі және өздеріндегі аяттарымызды көрсетеміз. Раббыңның барлық нәрсеге куә екендігі жеткілікті емес пе?»** - делінген. (Фұссиләт сүресі, 53)

Шынайы ілім дегеніміз физикалық және метафизикалық әлемде жасырылған иләһи сырларды түсініп, «мағрифатұллаһқа» қол жеткізу. Яғни Ұлы Жаратушының бар екендігі ақиқатымен қатар, иләһи құдіреттің өрнек-нақыштары мен ұлылық көріністеріне көз жеткізіп, жүрегіміздің төрінен орын беру. Бірақ барлық ғылыми жетістіктер мен табыстарға қарамастан, әлі де иләһи өнерге жете алмайтындай деңгейде ғапылдыққа батқан жүректерге қандай обал?!

Білімді адамгершілікке жатпайтын әуесқойлықтарының құралы етіп, қоғамға зұлымдық жасағандар білімге қиянат жасап, сана мен жүректі әбестікке бұрып, қорқынышты ысырапқа жол ашқан болып табылады. Анығында пайдалы білім үшін адам баласының ішіне батқан әртүрлі нәпсілік бейімділіктер мен әлсіздіктерді жою үшін ақыл мен еріктің Құран мен Сүннет аясында тәрбиеленуі шарт. Бұл тәрбиеден мақрұм түрде алынған білім адамды жағымсыз қылықтарға жетелеп, алданыштың көзіне айналуы бек мүмкін.

Өкініштісі, қазіргі таңда білім алуда адамның тек қана зейін қабілеттеріне қарап, оның білімді лайықты түрде көтеріп жүре алатындай парасаттылық пен жүрек қасиеттеріне ие болған-болмағандығына назар аударылмайды. Алайда мәңгілік бақыт пен сәлеметке қол жеткізу үшін білімді «Аллаһ» деген ұлы ұғымға жетелемейтіндей, оның тек сыртқы жағын үйрену жеткіліксіз. Тіпті қорқынышты, өкінішті!

Білімін парасаттылыққа айналдырмаған адам мәселен, құқық білімін үйренгеннен кейін хақ пен әділдікті орнатудың орнына залым немесе баскесерге айналуы мүмкін. Сол сияқты медицина мамандығын алған адам шипа таратудың орнына жан алғышқа айналмақ. Ғылыми қабілетіне қарамастан, мархамат пен сүйіспеншіліктен мақұрым басшы болса, қол астындағыларға зұлымдық жасайтын қатігез болып шығады. Мұндай адамдар надан адам тигізе алмайтын зиянды білімнің кесірінде артығымен әрі төте жолмен жасауы әбден мүмкін. Мұндайлар білімін теріс жолда қолданып, ысырап жасағаны үшін мәңгілік қасіретке душар болады.

Мәуләнә құддисә сирруһ Мәснәуи кітабында бұл шындыққа былайша тоқталады:

«Өнерлі, білімді адам болу жақсы. Бірақ Ібілістен ғибрат алып (білімің жүрегіңмен үндеспесе) өзіңді қатты бағалама. Мынаны ұмытпағайсың: Хақтың рахымшылығынан қуылған малғұн Ібіліс жүз мыңдаған жыл Аллаһқа ең жақындардың бірі, періштелердің басшысы болған. Білімі мен құлшылығы үшін тәкәппарланып, назданды. Адам аләйһиссәләммен жағаласты. Оны көзге ілмеді. Мойындамады. Ақыры нәжіс сияқты масқара болды».

Расында да адамды тәкәппарлыққа жетелейтін, ақырында жойылуына себеп болатын білім былай қарағанда тамаша әрі пайдалы көрінгенімен, шындығында обалдан, ауыр жауапкершіліктен басқа немене? Сол үшін Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Аллаһ Тағаладан білім сұраған кезде әрдайым:

«Уа, Раббым! Сенен пайдалы білім сұраймын! Пайдасыз білімнен саған сиынамын!» - деп жалбарынатын. (Мүслим, Зікір, 73)

Сол себепті ғылымхал мәліметтерін білу әр адамға парыз болғаны сияқты тәуекел, ықылас және риядан (мақтаннан) сақтану мәселесін білу де әрбір мұсылманға парыз. Бұлардың немқұрайдылықпен жүзеге аспауы ахіретте зиянға ұшыратады. Пайдалы білімге қол жеткізе алмаған адамдар қаншалықты көп нәрсе білсе де, ең үлкен ақиқат болып саналатын Хаққа қауышудан құр қалады.

Имам Ғазали білім үйренуді уақыт пен қажырдың ысырабына айналдырудан сақтандыратын насихаттарында былай дейді:

«Сен оқып, үйренген ғылымдар жүрегіңе фәйіз беріп,

ахлағыңды көріктендіретіндей болуы керек. Мәселен, өміріңнің соңына бір апта қалғандығын білсең, осы қысқа уақытта саған пайдалы болатын біліммен айналысасың. Дереу жүрегіңе көңіл бөліп, дүниеуи әуестер мен мүдделермен байланысыңды үзіп, мінезіңді жақсартуға тырысасың. Алайда адамның өмір сүрген әрбір күн мен түнінде өлуі ықтимал. Олай болса, таңдап үйренген ғылымың сенің Аллаһтың ұлылығының алдында сезіміңді оятып, руханиятыңды дұрыстайтын білім болуы тиіс».

Қорыта айтар болсақ, білім көптеген қиыншылықтарға төзіп, үлкен асулардан асқаннан кейін ғана қол жеткізетін ұлы мәртебе. Білімнің ақиқаты өмірге енгізгенде ғана жарыққа шығады. Өмірде қолданылмаған білім аят кәримәда баяндалғанындай **«кітап арқалаған есек іспетті»** мағынасыз бейнет, жүк арқалау. Білім адамды Хаққа, ақиқатқа, тақуалыққа, салих амалдарға жетелегенде ғана білім. Әйтпесе, шайтанда да білім бар. Қарун да білімді болған. Бірақ білім олардың менмендігін қамшылап, оларды қорқынышты тәкәппарлыққа итермелеген-ді. Сөйтіп, олар нәпсіқұмарлықтарына тәуелді болып, нәпсілеріне шектен тыс сенім артқан болатын.

Бұл тұрғыдан білім лайықты түрде қортылып, амалға айналмайтын болса, ахлаққа ықпал етпесе, тұлғалықтың бөлшегіне айналып, парасаттылығын арттырмаса, құлды «ештік сезімі» мен қарапайымдылыққа жетелемейтін болса, білімді үйрену үшін жұмсалған еңбектер зая кетіп, ысырап болғаны.

Аллаһ Тағала барлық ақиқат пен сырларды адам баласына Құран Кәрім арқылы бергендігін ұмытпаған жөн. Барлық білімдердің өзегі сонда. Әлемдегі **кураған немесе**

74. Қараңыз, Жұма сүресі, 5.

жас өсімдік болсын, барлығының[75] ақиқатына Құранның шексіз қазынасында сілтеме жасалған. Аллаһ Тағала:

«Рахман Құранды үйретті. Адамды жаратты. Оған сөйлеуді үйретті» (Рахман сүресі, 1-4) - деп білдіреді. Құран – Аллаһ Тағаланың адам ұрпағына сыйлаған соңғы тәлімі, соңғы үндеуі.

Қазіргі кезде халқымыз бен адамзаттың ең мұқтаж болған ілімі – Құран ілімі. Осы тұрғыдан қазіргі кезде Құран үйретуді көбірек дамыту қажет. Бірақ Құранды лайықты түрде түсіну үшін оның руханиятына кіру және жүрек құндылығы болып саналатын тақуалыққа ие болу қажет. Құран Кәрім мүминдерге былай деп ескертеді:

«Оларға қашан Раббыларының аяттары ескертілсе, оны естімес, көрмес болып алмайды (ықыласпен тыңдайды**)»** (Фұрқан сүресі, 73).

«Ант етеміз, Біз бұл Құраннан насихат алсын деп, адамдар үшін түрлі мысалдар келтірдік» (Зүмәр сүресі, 27).

Сондықтан Құран Кәрім өзімен қайткенде де жүрек байланысын орнатуымыз керектігін бізге баян етеді. Бірақ ол үшін тәннің таза болғанындай жүректің де тазалығы, яғни рухани тәрбие қажет. Құран Кәрімде:

«Олар Құранды (егжей-тегжейлі**) ойланбай ма? Әлде жүректері (**жабық**) құлыптаулы ма?»** (Мұхаммед сүресі, 24).

«Ішкі дүниесін тазартқан (жаман қылықтардан тазарған адам**) құтылды (**табысқа қол жеткізді**)»** - делінеді. (Шәмс сүресі, 9)

Һидаятқа жетелейтін жол сілтеушіміз Құран Кәрім бізді тәфәккурге шақырады. Құран Кәрім Аллаһтың мақсат-

75. Қараңыз, Әнʼам сүресі, 59

мұратын баяндағандықтан Аллаһ Тағалаға жақын болғандар оны жақсы түсінеді. Өйткені Құран Кәрімде:

«...Тақуа болыңдар, Аллаһ сендерге үйретеді!» - делінген (Бақара сүресі, 282). Сол себепті әрбір аят біздің рухани деңгейіміздің дәрежесіне қарай ашылып, өзіндік сырын паш етеді.

Құран Кәрімде Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің арқасында үмметке ескерту ретінде былай делінеді:

«...Егер Саған келген осы ғылымнан кейін, олардың (кәпірлердің) **зауық-нәпсісінің жетегіне ерсең, өзіңе Аллаһ тарапынан бірде-бір панагер де, қорғаушы да шықпайды»** (Ра'д сүресі, 37).

Раббымыздың бұл аят кәримәда Құранды **«ғылым»** деп сипаттауының біздерге айдан анық көрсетіп тұрғаны мынау: Мүминдердің ең алғаш үйренетін білімі Құран мәдениеті және Құрансыз ғылыми өмірдің болмайтындығы. Бірақ өкінішке орай қазіргі таңда кейбіреулер Құран үйренуді (Құран мәдениетін) екінші, тіпті үшінші орынға қояды.

Мүминдердің балаларына Құран үйретуді, білім үйрену көзқарасымен емес, қарапайым бір жазғы демалыс бағдарламасы немесе бос уақытты пайдалану сияқты көруі, яғни құрғақ бір мәжбүрлікті жою сияқты түсінгені қандай өкінішті-ақ! Ата-аналардың балаларына ең немқұрайды болған осалдықтарының бірі – Құранның мәтінін оқи білсін дегенімен оның мәні мен мағынасын білулеріне көңіл бөлмеуі.

Аллаһ Тағаланың адамзатқа берген ең үлкен сыйы – Құран Кәрімге лайықты түрде көңіл бөлмеу және Құран курстарын көзге ілмей, басқа білім саласына көбірек көңіл

бөлу бітеу көшелерден жол іздегенмен бірдей. Өйткені адам баласы материалдық қоректен гөрі рухани қорекке көбірек мұқтаж.

Хазірет Мәуләнә қандай жақсы айтқан:

«Тәнді шектен тыс асырап бақпа! Өйткені ол соңында жерге берілетін құрбандық. Сондықтан сен негізінде көңіліңді асыра! Жоғарыға кететін және абыройға бөленетін сол. Рухқа рухани қорек бер. Кәміл ой, нәзік түсінік және рухи қоректер ұсынсаң, баратын жеріне күш-қуатпен барады».

Нәпсілік мүдделер рухани өмірімізге салынған кісен іспеттес. Өйткені пайдақор көңілмен Аллаһтың разылығына бөлену мүмкін емес. Нәпсілік қалауларға бейім болу белге байланған тас сияқты. Онымен жүзе де алмайсың, ұша да алмайсың. Мүмин хақ істермен айналыспаса, жаман істер онымен айналысады. Сағди Ширази қандай тамаша айтқан:

«Азғындық әлеміндегі адамдардың рухы өзінен жиркенеді».

Азғындықтан бақыттылықты күту қандай ауыр адасу! Болашақта бақыттылықты беретін фәнилер емес, Аллаһ Тағала. Расында:

«...Көктер мен жердің қазынасы Аллаһтікі. Бірақ мұнәфиқтар мұны түсінбейді» (Мұнәфиқун, 7) - деген аят кәримәсі Аллаһтың бұл мәселеде қандай бір қатты ескертуі десеңізші!

Қоғамды шынайы білім мен парасаттылықпен көмкеретін рух қалың кітаптардың үстіне жабылған тәкәппар білгіштердің рухы емес, Құран хикметтерімен көңілін тереңдеткен, адамзатқа мейірім мен шаттық көзі болған, қызметкер салих мүминдердің рухы екендігін ұмытпайық.

Шайыр Мехмет Акиф құлдықты қадірлі ететін білімнің мазмұнын және қиналған адам ұрпағына қажетті дауасын былай деп топшылайды:

Құраннан алып аянды,
Жеткізейік Исламдағы баянды...

Уа, Раббым! Бізді Құран бақытынан мақрұм қалып, азғындығын бақыттылық санаған бишаралардың қасіретіне ұшыраудан сақта! Ертең иләһи құзырында есепке тартылмас бұрын өзімізді есепке тартып, бұдан да сезімтал жүрекпен Саған құл болуды бізге нәсіп қыл! Өткінші нәпсінің құмарлықтары мен ғапылдықтар себепті мына фәни дүниеде Өзің белгілеген шектен шығып, мәңгілік бақытымызды ысырап қылудан біздерді қорғай гөр!

Әмин!

Ахлақи құндылықтарда
Ысырап - 4

Раббымыз барлық өмірімізді көркем ахлақ шеңберінде, сезімтал жүрекпен және адамгершілік қасиетке жарасатын түрде өткізуімізді бұйырады. Өйткені Аллаһ Тағала ахлақи қасиеттерді адамға берген. Басқа жаратылыс үшін ахлақ туралы сөз болмайды.

Ахлаки көркемдіктерден мақрұм діни өмір мүмкін емес. Ахлақи құндылықтармен безендірілмеген иман қорғансыз шырақ жарығы сияқты. Нәпсілік пен шайтани дауылға қарсы әрдайым қауіп-қатерде болады.

Ахлақи құндылықтарда
ЫСЫРАП – 4

Ахлақ дегеніміз Аллаһ Тағаланың құлдарының бойынан көріп, разы болатын көркем мінез-құлық. Адам баласының ең үлкен құндылығының бірі. Өйткені *«Аллаһтың ахлағымен ахлақтаныңдар»,* - (Мүнәуи, әт-Тәариф, 564 б.) деген хадис шәриф бойынша көркем ахлақ Аллаһтың көркем сипаттарының, мүмин көңілдердегі көрінісі.

Осы тұрғыдан маңызды құлдық міндетіміз болып табылатын көркем мінезге ие болу – Аллаһқа жақындығымыздың ең танымал белгісі. Құлдық өміріміздің дәрежесін көтеретін үлкен құндылық.

Адамның абыройы мен қасиетінің негізін құрайтын ахлақ оның ең танымал кісілігін ортаға шығарады. Сондықтан ахлақ – жаратылыстың ішінде адам баласына тиесілі жоғары сипат.

Кәміл, нағыз адам осы сынақ дүниесінде Аллаһтың өнерінің нәзік, пәк көріністерін бойына сіңірген жаратылыс кереметі. Қол жетпес сырлар мен түпсіз тереңдіктердің дара үлгісі ретінде жаратылған адам баласы осы үлкен құндылығын тек ахлақи құндылықтарымен безенген құлдық өмір өткізумен ғана сақтап қала алады.

Ахлақтың қорғанышы іспетті болған жүрек Аллаһтың назар салатын орны болуы сияқты үлкен абыройға лайықты қабілетте жаратылған. Олай болса, адам баласы тән деңгейінде және нәпсіқұмарлықтарының соңынан өмір бойы қуып, ішкі дүниесін ахлақи құндылықтармен безендірмейтін болса, адамдық пен құлдық қасиетіне қиянат жасап, Хақ Тағаланың алдындағы үлкен дәрежесінен айырылғаны. Бұл жаратылыстың ішінде ең тамаша түрде жаратылып, Аллаһтың сыйымен ерекше абыройға бөленген адамның осы биік құнын шектен тыс ысырап қылуы деген сөз.

Ахлақтың мақсаты адамға әрдайым Аллаһтың бақылауында екендігін түсіндіріп, оны жағымсыз сипаттардан тазартып, Исламдағы өнегелі адам түрі болып табылатын **«кәміл адам»** халіне жеткізу. Сыпайылық, нәзіктік, әдеп, ұят, жомарттық, мейірім, мархамат сияқты жақсы қасиеттерді негізгі жаратылыс ретінде адамның болмысына сіңіру. Осы тұрғыдан ахлақ дін мен иманның ажырамас бөлшегі. Тіпті оның рухы және өзегі іспеттес. Бұл жайлы әлемге рахмет ретінде жіберілген, тура жолдың көшбасшысы Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм да қасиетті міндетін:

«Мен көркем ахлақты толықтыру үшін жіберілдім» - деп тұжырымдаған. (Муатта, Хүснүл-хұлқ, 8)

Демек, ахлақи әдеміліктерден мақрұм діни өмір болмайды. Ахлақи құндылықтармен безендірілмеген адам қорғансыз шырақ сияқты, нәпсі мен шайтанның дауылына қарсы әрқашан да қауіп-қатерде болады.

Сондықтан, дініміз бен иманымызды көркем ахлақпен рухани сауыт сияқты қорғауға міндеттіміз. Сүйікті

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бір хадис шарифінде былай деп бұйырады:

«Жәбірейіл маған Аллаһ Тағаланың былай дегенін айтты:

“Бұл дін (Ислам) Өзім үшін таңдап, разы болған дінім. Оған тек **жомарттық** *пен* **көркем ахлақ** *жарасады. Мұсылман күйде өмір сүрген сайын оны осы екі қасиетпен қадірлеңдер!”»* (Хәйсәми, VIII, 20; Әли әл-Мұттақи, Кәнз, VI, 392).

Міне, көркем ахлақ діни өмірде осындай өмірлік маңызға ие. Ахлақи құндылықтардан бейхабар өмір сүру өмірді ысырап ету болса, осы құндылықтардан үлес алған жүректер иманның шынайы ләззаты мен дәмін тату бақытына жетеді. Сондай-ақ мына бір оқиға көркем ахлақтың адамды иман мен һиядаят арнасына апаратын рухани көпір екендігін тамаша көрсетеді:

Сахабалардан Хаким бин Хизам деген көркем ахлақ иесі болған адам болған. Хазірет Хадиша анамыздың туысқаны болған бұл адам өте жомарт, мейірімді, ізгілік сүйер адам екен. Надандық дәуірде қыздарын тірідей көмбек болған әкелерден оларды сатып алып, өмір сыйлап, қамқорына алатын.

Бір күні Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнан:

– Ей, Аллаһтың Расулы! Надандық дәуірде жасаған жақсылықтарым бар: Садақа беру, құлды азат қылу, туысқандық қарым-қатынас орнату сияқты... Осылар үшін маған сауап беріле ме? - деп сұрады.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Сен онсыз да осы бұрынғы жасаған жақсылықтарың*

үшін мұсылман болу абыройына ие болдың! - деді. (Бұхари, Зекет, 24; Мүслим, Иман, 194-196).

Осы мысалда айтылғанындай, **көркем ахлақ**тың қандай үлкен байланыспен иманға жақын екендігін көрсететін көптеген мысалдар бар. Солардың бірі қолындағы салтанаты мен басшылығының кесірінен тәкәппарлыққа салынып, өзін тәңір санаған залым Перғауынның Хазіреті Мұса аләйһиссәләмға қарсы сайысқа түсуге шығарған сиқыршылары.

Бұл сиқыршылар басында иманнан хабарсыз өмір сүрді. Бірақ олар да көркем ахлақтың имандылыққа жетелейтін сырына ие болған бақытты жандар еді. Аллаһтың Пайғамбары Мұса аләйһиссәләмға сыпайылық пен құрмет көрсетіп, сиқыр мен мұғжиза сайысына алғаш бастауды оған ұсынды. Олардың бұл ісі Аллаһ Тағалаға ұнағаны сонша – сол сәттің өзінде көңілдерінде һидаят нұры байқала бастаған еді. Соңынан көз жеткізген мұғжиза көріністер сол көңіл күйде иман абыройына бөленулеріне дәнекер болған еді. Олар қол жеткізген иман – сондай бір иман, жанқиярлық деңгейде көрініс тапқан еді...

Алайда, сиқыршылардың иман келтіруіне әсер еткен мұғжизаны Перғауын мен уәзірлері де көрген болатын. Бірақ олар күпірліктеріне бұрынғысынан да бетер жармасып, қасарысып қалған болатын. Күпірлігіне әбден бұлыққан Перғауын Мұса аләйһиссәләмға иман келтірген сиқыршылардың қол-аяғын еш аямай қиғаштап кестірді. Соның салдарынан жаңа ғана мұсылман болған сиқыршылар шәһид болды.

Имандарында табандылық танытып шәһидтік шәрбәтін ішкен бұл ерекше жандар қиссалары Құран Кәрімде

баяндалып, қияметке дейін барлық мүминдерге өнегелі естелік болу сияқы тағы бір иләһи ілтипатқа бөленді.

Міне, нәзіктік, сыпайылық, жүрек сезімталдығы, жомарттық, мархамат сиякты ахлақи құндылықтардың қасиетті берекеті...

Хақ алдында осынша үлкен құны бар көркем ахлақ иманнан құр қалғандарды өмірде ең үлкен нығмет болып саналатын иман абыройына бөленуге дәнекер болатын болса, имандыларды қандай үлкен мәртебелерге жеткізетіндігін ойлау керек...

Екіншіден, ахлақи құндылықтарда ысырапқа жол беру қоғамның құлдырауына, ақырында үлкен пәлекеттерге душар болуына әкеп соғады. Бұл ахірет үшін үлкен қасірет. Жеке тұлға мен қоғамның тыныштығы мен амандығы көркем ахлақ иесі, яғни діндар, отансүйгіш, сыпайы әрі парасатты ұрпақ тәрбиелеу арқылы жүзеге асады. Өйткені Мұхаммед Иқбалдың айтқанындай «Әр мұсылман дүниенің жағдайына жауапты».

Сондықтан Раббымыз бізге шектен шығып, ысырапқа салынғандардың жолына түсуден тыяды. Аят кәримәда бұл жайлы:

«Ысырапшыларға ерме! Олардың бар істейтіні жер бетінде бұзақылық жасау. (Олар) **жер бетіндегілердің жаман қылықтарынан арылуы үшін ешқандай күш жұмсамайды»** - дейді. (Шұара сүресі, 151-152)

Екінші бір аят кәримәда болса:

«Мүминдер арасында ұятсыздықтың таралуын қалайтындарға, міне, соларға дүние мен ахіретте жан төзгісіз азап бар» - дейді. (Нұр сүресі, 19)

Ахлақи құндылықтардың басында тұратын **ұят** пен **әдеп** нығметтерінен құр қалу дін мен имандағы әлсіздіктен туындайды. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм *«Ұят – иманнан»* (Бұхари, Иман, 3) - деп, бұл ахлақи құндылықтың иманмен маңызды жақындығының бар екендігін баяндаған. Бұл қағида негізінде ұятсыздық сияқты ахлақсыздықтың да қоғамда таралуын қалайтындар сол қоғамның иманына қарсы ең үлкен қылмыс жасаған болып саналады. Алайда адамның міндеті – хақ діннің негізгі мақсаты тәухид сенімін жер бетіне үстем еткеннен кейін көркем мінезге ие болып, берік қоғамдық құрылым қалыптастыру.

Ахлақсыздық пен азғындық арқылы жасалған қатер көріністерге куә болған дүние тарихы түсінген адам үшін ғибрат көріністеріне толы. Мұны көру үшін жер бетін ғибрат назарымен шолып шығудың өзі-ақ жеткілікті.

Аятта былай делінеді:

«(Расулым! Саған қарсы шыққандар) **еш жер бетінде аралап көрмей ме? Егер кезетін болса, әлбетте түсінетін жүректері және еститін құлақтары болатын еді. Бірақ істің ақиқаты көз соқыр бомайды, кеудедегі жүрек соқыр болады»** (Хаж сүресі, 46).

Қоғамның ахлақсыздықта шектен шығып ысырапқа салынуы, дүниенің толық жойылуының, немесе қияметтің белгісі болып табылады. Бұл да ахлақи құндылықтардағы ысыраптың жоюшы сипатын көрсетеді. Қиямеке жақын жарыққа шығатын ахлақсыздық пен шектен шығушылықтар туралы көптеген хадис шәрифтерде былайша суреттеме беріледі:

«Адамдардың басына сондай бір заман туады, барлық

қам-қарекеті қарындары (асқазаны мен құмарлықтары) үшін болады. Абыройлары дүниелерімен өлшенеді. Құбыласы әйелдері болады. Діндері де дирхам мен динар (ақша) болады. Міне, солар жаратылыстың ең кесапаттысы. Олардың Аллаһ алдында ешқандай нәсіптері жоқ» (Әли әл-Мүттақи, Кәнзул-Уммал, XI, 192/31186).

«Бір күні бір заман туады, адам халалдан ба, харамнан ба, тапқанына мән бермейтін болады!» (Бұхари, Бүю, 7)

«Бір заман туады, шындықты айтқандар жоққа шығарылады. Өтірік айтқандар расқа шығады. Сенімді адамдар қиянатшыл саналып, қиынатшылдарға сенім артылады. Адамдардан куәгер болуды талап етпесе де, куәгерлік жасайды. Ант етуін сұрамаса да, ол ант етеді» (Тәбарани, XXIII, 314).

«Бір заман келеді, адамдар дұрыс жолға шақырмайды, теріс жолдан тыймайды» (Һәйсәми, Мәжмәуз-Зәуәид, VII, 280).

Бір күні Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Адамдардың басына сондай бір заман туады, ол кезде мүминнің жүрегі тұздың суда ерігендей ериді!* - деді.

– Уа, Расулаллаһ! Неге ериді? - деп сұраған кезде:

– *Жаманшылықтарды көре тұра, оларды түзетуге шамалары жетпегені үшін,* - дейді (Әли әл-Мүттақи, Кәнз, III, 686/8463).

Абдұллаһ бин Омар радияллаһу анһу жеткізген мына бір риуаят та ахлақи құндылықтардағы әлсіздік пен ысыраптың қандай күйзеліске себеп болатындығын тура баяндайды:

«Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бізге қарап былай деді:

«Ей, мұһәжирлер жамағаты! Бес нәрсе бар, олар етек жайғанда мен сендердің мынадай жағдайларға тап болуларыңнан Аллаһқа сиынамын. Олар мыналар:

1. Бір халықтың ішінде зинақорлық шығып, ақыры сол халық бұл қылмысты ашықтан-ашық жасағанда, араларында оба ауруы әрі олардан бұрын өмір сүрген халықтар кездеспеген басқа аурулар (СПИД т.б.) таралады.

2. Таразыдан жеген әрбір халық ашаршылықпен, (берекеттің жойылуы) күнкөріс қиыншылығымен, патшалардың зұлымдығымен жазаланатын болады.

3. Байлығының зекетін беруден қашқан әр халық қалай да жаңбырдан мақрұм болады (құрғақшылықпен жазаланады. Тіпті), малдары болмаса да, оларға ешбір жаңбыр жаудырылмайды.

4. Аллаһтың уадесін (әмірлерін) және Расулының Сүннетін тәркі еткен әр халықтың басына қайтсе де Аллаһ оларды басқа дұшпанның шабуылына ұшыратады. Дұшпан ол халықтың қолындағысының біразын тартып алады.

5. Имамдары Аллаһтың Кітабымен амал етпей, Аллаһтың түсірген үкімдерінен істеріне жарағандарын таңдайтын болса, Аллаһ олардың есебін өз араларында көреді» (Ибн Мәжә, Фитән, 22; Хаким, IV, 583/8623).

Аллаһ Тағала бізді, құлдарын осы халге душар болудан сақтандырып, Құран Кәрімде талай ескертулер жасаған:

«Адам сөз айтқан кезде қасында оны бақылайтын, жазуға әзір бір періште болады» (Қаф сүресі, 18) - делініп, басымыз бос жіберілмегендігімізді, істеген істеріміздің әрдайым бақылауда болатындығын білдіреді. Осылай бізді рухани сергектікке шақырып, іс-әрекеттерімізде Аллаһтың қойған

шектерінен шықпауымызды, азғындықтан, әбес нәрселермен өмірді ысырап етуден аулақ болуымызды қалайды.

Іс-әрекетімізде шектен шықпай, белгілі өлшемдермен жол ұстануымызды бұйыратын және көркем ахлақты насихаттайтын көптеген аяттар бар. Олардан үзінділер мынадай:

«Ол жандар бос сөз бен бос істерден (кесірінен) **теріс айналады (**аулақ болады**)»** (Мүминун сүресі, 3).

«Жүрісің табиғи болсын және дауысың бәсең болсын! Ең жағымсыз дауыс есектің дауысы екендігін ұмытпағайсың!» (Лұқман сүресі, 19).

Расында, адамды ахлақта ысырапқа душар ететін ең басты әдеттің бірі – **«дөрекілік».** Сыпайылық пен нәзіктіктей ахлақи құндылықтарды тәркі ету болып саналатын дөрекілік аятта келтірілген есек дауысы мысалындағыдай, адами жаратылысты жоққа шығарып, адамгершілік қасиеттермен қоштастырады.

Адамға жарасатын сөйлеу тәсілі Құранның сөзімен айтқанда, «қаулү ләйин»[76] - жұмсақ тіл. Аллаһ Тағала Мұса аләйһиссәләмды Перғауынға жіберген кезде оған да жұмсақ тілмен сөйлеуді бұйырған. Раббымыз тағы да :

«Құлдарыма айт. Ең жақсы сөздерді айтсын!» (Исра сүресі, 53) - деп бұйырып, адамға қарап сөйлеген кезде сыпайылық әдебінен шықпауды талап еткен. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің арқасында бізге сыпайылық өлшемін баяндау үшін екінші бір аятта:

«(Ей, Расулым! Сол кезде) **сен тек Аллаһтың рахметімен оларға жұмсақ қатынастың. Егер дөрекі, қатыгез болсаң,**

76. Қараңыз, Таһа сүресі, 44.

әрине, олар сенен алыстап, бәрі тарқап кетер еді!» - делінеді. (Әлү Имран сүресі, 159)

Екіншіден, барлық әрекеттерде де салмақтылықты сақтау шарт. Олай болмаған жағдайда байыптылық деңгейінде орынды болып саналатын ахлақи әрекеттер шектен шығушылықпен, яғни ысыраппен орындалған жағдайда адамды ифратқа (артық кетуге), не тәфритке (жеткіліксіздікке) итермелейді.

Мәселен, көркем ахлаққа қатысты әрекет болып саналатын «қарапайымдылықта» шектен шығып, соның кесірінен мақтансығандай кейіп таныту – қарапайымдылықтың ысырабы болып табылады.

Расында, кей адамдар өздері туралы «қарапайым» деп айтқызу үшін нәпсісін қанағаттандыру мақсатында қарапайым халді ұстанады. Бұл жасанды әрі рияқор хал негізінде «қарапайымдылықтың астары», яғни қарапайымдылық пердесін жамылып мақтану. Мәселен, «Мен әлсіз болғаным үшін тек үш күнде Құранды хатым етемін. Мен тек бір ғана мешіт салдырдым, осынша пақырға көмектестім» - деген сөздер рияқорлық пен менмендіктің қарапайымдылық пердесін жамылуы. Керісінше, қарапайым болуға тырысып шектен шығу, яғни тәкәппар адамның алдында шектен тыс қарапайым болып, қорлық таныту да ахлақтың екінші бір ысырабын құрайды.

Абыройды сақтау үшін тәкәппарлану адами қатынастарда, достықта әсіресе отбасылық өмірде шынайылықтың шегінен шығып, немқұрайдылыққа салыну сияқты шектен шығушылықтар ахлақи әрекеттердің мөлшерсіздігінен, яғни ысырабынан туындайтын кемшілік. Демек, ахлақи іс-әрекеттерде шектен шықпау, кімге қаншалықты ізгілік

жасау керектігін белгілеу ахлақта ысырапқа салынбау үшін қойылатын шарт.

Мәселен, Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм терең көрегенділік пен мұқияттылық танытып, құлдар мен қызметкерлерге сөйлеу турасында былай деген:

«Ешбіреуің "құлым, күңім" деп сөйлемеңдер! Барлығың Аллаһтың құлысыңдар. Әйелдеріңнің бәрі де Аллаһтың құлы. Оларға сөз айтатын адам "ұлым, қызым, жігітім" деп сөйлесін!» (Мүслим, Әлфәз, 13).

Керісінше, пасықтықпен, күнәмен рухани дүниесін күйреткен және Аллаһтың қаһарына ұшыраған адамдарға да дәрежелеріне қарай сөйлеуді бұйырып:

«Мүнәфиқтарға "мырза (әпәнді)" демеңдер. Егер оны мырза санайтын болсаңдар, Ғазиз әрі Жәлил Раббыңыздың ашуын туғызасыңдар», - деп бұйырған. (Әбу Дәуіт, Әдеп, 83; Ахмед бин Ханбал, V, 346).

Демек, адами қатынастарда қарапайымдылық, сыпайылық өлшемі қарапайым көзілдірік сияқты барлық жерде бірдей мөлшерде қолдану – ахлақта ысырап жасау болып табылады. Өйткені лайықты адамға сүйіспеншілік, лайықтысына дұшпандықпен қарау және осылардың шарттары бойынша әрекет ету ахлақи қажеттілік. Ең маңыздысы, барлық жағдайдағыдай ахлақи жағдайдаларда да Аллаһтың қойған өлшемінен шықпай, орташа қалыпты сақтау және осылайша кәміл мүминге лайық қимыл көрсете білу ләзім.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм өз өмірінде Ислам ахлағын үлкен сыпайылықпен ұстанып, үмметіне осы ұстанымды өнегелі тұлғасымен ұсынған. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм қоғамдағы

кінəлі адамды біле тұра, ол адамның кінəсін бетіне баспай, алдындағы адамының қателігінің оған жараспайтындығын ымдап білдіру үшін, қателікті өзіне теліп ***«Маған не болған сонша, сендерді осылай көріп тұрмын»***, - деп, өзін қате көріп тұрғандай етіп көрсететін. (Бұхари, Мəнəқиб, 25; Мүслим, Салат, 119)

Осы нəзіктікке толы тəрбие тəсілдерінің үлгісі мынадай мысал: Бір күні мешітте жағымсыз иіс сезген Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уə сəлләм *«Түйенің етін жегендер дəрет алсын»,* - деген болатын. Сөйтіп, ұятшылық жасаған адамның намысына тимеу үшін оны белгісіз етіп көрсетіп, сол қауымды сондай кемшіліктен сақтандырған болатын. Яғни бір адамның еркінен тыс айыбын жасыру үшін сол жердегі барлық сахабаларға дəрет алдырған.[77]

Өйткені пайғамбари ахлақ əрдайым мейірімді, нəзік, көреген жəне сезімтал жүрекке ие болуды насихаттайтын. Сондықтан Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уə сəлләм өзіне сахарадан келген дөрекі адамдардың бірнеше рет «Ей, Мұхаммед! Ей, Мұхаммед!» - деп айғайлаған сайын оларды жұмсақ мінезбен *«Мархабат! Қане, айтыңыздар!»* - деп тыңдайтын. (Мүслим, Нүзур, 8; Əбу Дəуіт, Əйман, 21/3316).

Осы тұрғыдан қателік жасаған адамдарды ескерту жəне оларға жол сілтеу сияқты ізгі істерде де алдымыздағы адамның түсінік деңгейін назарда ұстау қажет. Əсіресе осы пайғамбари сыпайылық пен əдептілікке мойынсұну қажет.

Жəне де көркем ахлақтың ең маңызды көріністерінің бірі болып саналатын «жомарттық» пен «хайырға жұмсау» сияқты қасиеттерде де əдептері мен шарттарына мойын-

77. Хазіреті Пайғамбар аләйһиссаләту уəссəләмның бұл ұстанымындағы нəзіктік пен сыпайылықты аңғара алмай, істі тек сырттай ғана бағалаған Зəһири Мəзһəбінде «түйенің етін жеу дəретті бұзады» деп қабылданған

сұну өте маңызды мәселе. Олай болмаса жақсылық жасаған кезде міндетсу, көңіл қалдыру, менмендікке салыну сияқты қылықтар әлгі жақсылықтардың сауабының жоғалуына, сондықтан да сол жақсылықтың ысырап болуына себеп болады. Сол үшін аталарымыз жасаған жақсылықтарында ахлақи әлсіздікке ұрынбас үшін теңдесі жоқ мұқияттылық көрсеткен деп білуіміз керек.

Бабаларымыз жүйке жүйесі ауруына шалдыққан адамдардың да адамдық қасиетін сақтау үшін ондай адамдарға **«құрметті әлсіздер»** деп сөйлеген, қоғамнан тыс қалған алапес ауруына шалдыққандарға қол ұшын беріп, **«міскіндер баспанасы»** деп аталатын баспаналар әзірлеген.

Ұялып немесе абыройын сақтап, басқаларға қажетін жеткізе алмаған қарт немесе жесір әйелдердің абыройын сақтау үшін де түрлі қорлар құрған. Қарт әйелдерге тазартылған, жуылған, сабалған жүн беріп, олар оны иіріп, жіпке айналдырған жүндеріне баға беріп, сатып алып, осы қарт әйелдерге өз еңбектерімен өмір сүруге мүмкіндік жасап көмектесіп отырған.

Садақа берген адам мен алған адамның бір-бірін білмеуін қамтамасыз ету үшін мешіттерге **«садақа тастарын»**[78] қойған.

Мұқтаж адамдарға таратылатын тамақты олардың көңілін қалдырмау үшін жабық ыдыстармен түнде жеткізетін.

Бәзмиәлем Уәлидә Сұлтан дөрекі және көргенсіз адамдардың қасында жұмыс істеген қызметкерлер сындырған немесе бүлдірген заттары үшін сол қызметкерлердің

78. Осман мемлекеті кезінде, садақа берген де, алған де біліліп қалмасын деген оймен мешіт аулаларына және үлкен даңғылдарға іші қуыс тастар қоятын. Қажеті бар адам келіп, сол тастың ішінен тек қажеттілігін ғана алатын.

абыройына нұқсан тигізбеу үшін олардың шығындарын өтейтін қор құрған.

Өйткені Аллаһ Тағала құлдың қорлануына және Аллаһтың назары түсетін көңілдерінің ренжуіне разы болмайды. Осыны жақсы түсінген мүбәрак аталарымыздың Ислам ахлағын ұстанған кезде көрсеткен әдептілік, сыпайылық, мұқияттылықтары біз үшін ерекше үлгі-өнеге болып табылады.

❀

Қысқасы, Раббымыз барлық өмірімізді көркем ахлақ шеңберінде, нәзік жүрекпен және адамдық қасиетке жарасатындай өмір сүруімізді бұйырады. Өйткені Аллаһ Тағала ахлақи қасиеттерді тек адамға берген. Басқа жаратылыс үшін ахлақ туралы сөз болмайды. Олай болса, адамның осы қасиеттен айырылып, басқа жаратылыстарға ұқсауы, тіпті олардан да төмен болуы адамдық абырой үшін үлкен зиян әрі ауыр ысырапшылдық болып табылады!..

Раббымыз бізді әртүрлі жаманшылықтардан және ахіретімізге қауіп төндіретін ысыраптардан сақтасын! Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің мүбәрак аузынан шыққан мына дұғалардың берекесінен көңілімізді нәсіптендірсін:

«Аллаһым! Жаратылысымды әдемі қылғаныңдай ахлағымды да көрікті қыл!»

«Уа, Раббым! Мені ахлақтың ең тамашасына жеткіз! Сөзсіз оған жеткізетін бір Өзіңсің!»

Әмин!

Тәфәккурде
Ысырап - 5

Шынайы тәфәккур уахидан фәйз алған ақыл мен көңіл ұштасқан жерде басталады.

Хақ достары әлемдегі иләһи өнер туындыларына терең құдыққа қарағандай қарайды. Сол жерден руханият өлкесіне жол тартады. Сезімтал көңілдің, көреген жүректің халін баяндауға сөз жетпейді. Осындай бір сезімтал жүрекпен әлемді тамашалғандар Раббымыздың жайған шексіз кереметтеріндегі иләһи өнердің ләззатын татады.

Тәфәккурде
ЫСЫРАП – 5

Аллаһ Тағала адам баласына ақыл, қисын, ойлау (тәфәккур) сияқты қасиеттер беріп, оны басқа жаратылыстардан үстем еткен. Құран Кәрімдегі барлық мысалдарды ақыл иелеріне қаратып айтқан. Құлдарының әрдайым тәфәккур халінде болуын, барлық жаратылысқа хикмет және ғибрат назарымен қарағанын қалайды. Сол себепті аяттарда қаншама рет **«Ақылға салмайсыңдар ма?»**, **«Түсінбейсіңдер ме?»**, **«Ой жүгіртулерің үшін»**, **«Бәлкім, ойланарсыңдар»**, **«Ғибрат алыңдар!»** - деген сияқты сөздермен құлдарын әрдайым тәфәккурге шақырып отырған.

Құран Кәрім уахидың арнасынан шынайы бағасын алған ақылды нұсқап, он алты рет «يَا اُلِي الاَ لْبَابِ», яғни **«ей ақыл иелері»** деген үндеу жасайды. Сол себепті адамдық қасиетіне жарасатындай өмір сүргісі келген ақыл иелері Құранның көрсеткен тәфәккур әлеміне кіруге міндетті.

Исламның адамзатқа көрсеткен тәфәккур көкжиегі болмағанда тек ақылымызбен көптеген ақиқатты әрі түсінуге, әрі айтып жеткізуге шамасы жетпейді. Тәфәккур нығметін тек нәпсінің пайдасына қолданар едік. Осы тұрғыдан Құран мен Сүннеттің ескертулері мен көрсеткен жолына мұқтажбыз. Өйткені адамның тәфәккуріне дұрыс

бағыт беріп, оған тура жолымен өмір сүрудің негіздерін баяндайтың бір ғана жетекші – Құран мен Сүннет.

Тәфәккур – ең маңызды құлшылықтардың бірі. Нағыз құлшылық өмірін ұстану үшін әлем мен әлемдегі құбылыстардың хикметтері мен сырларын ұғыну, ол үшін жан дүниені тәфәккурмен тереңдету қажет. Ақылымыздағы барлық ойларды, көңіліміздегі сезімдерді, тіпті, әрбір алған демімізге дейін барлық нәрсені Аллаһтың ризашылығына сәйкестендіруге тырысу – әрбір мүминнің мақсаты болуы тиіс. Өйткені Аллаһ Тағала бізді өзіне құлшылық етуіміз үшін жаратқан. Осы жаратылу хикметімізге қайшы барлық ойлар мен іс-әрекеттеріміз ысырапқа жатады деген сөз.

Адамға берілген ең үлкен нығметтердің бірі болып саналатын ақыл – адамның жеке басын ақиқатқа жеткізуге жеткілікті емес. Адамның тәфәккурінің құны ми мен жүрек функцияларының тепе-тең қызметіне байланысты. Тек ақылға, не миға көңіл бөлінетін болса, бәлкім, ол дүниелік шарттар бойынша жақсы адам бола алады. Бірақ нағыз мүмин болу үшін сезімдердің орталығы болып саналатын жүректің де рухани тәрбиемен тәрибеленіп, ақылға жол көрсетуі қажет болады. Өйткені сезімдердің орталығы жүрек тәфәккурге, тәфәккур ерікке бағдар береді. Бұл дегеніміз, барлық ерікті әрекеттердің негізгі өзегі жүрек деген сөз. Сол жерде орнығып, тамыр жаятын сезімдер. Осы тұрғыдан қарағанда оның Аллаһтың әмірлеріне сай орнығуы басқа мүшелерге қарағанда маңыздырақ. Жүрек әлемі Құран мен Сүннет нұрларымен жарқыраған адамның ақылы ақиқатқа құштар болады. Ақыл мен жүрек иләһи қайнардан нәр алу шартымен адамды ізгілікке, ақиқатқа қауыштыру үшін жаратылған. Сондықтан нағыз тәфәккур уахидан фәйіз алған ақыл мен көңіл ұшырасқан жерде басталады.

Ақылдың шамасы жетпейтін мәселелерді тәфәккур етуге тырысу да тәфәккурді ысырап ету болып саналады. Аллаһтың сипаттарының көріністерін, Құран, әлем және адамға өз болмысындағы ерекшеліктерді тәфәккур етуі шарт. Бірақ Аллаһтың заты туралы ойлану, тағдырдың сыры мен хикметін толық шешуге тырысу сияқты адамның шамасы жетпейтін мәселелерде тәфәккур етуге тырысу сананың ысырабының бір түрі болып саналады. Бұған Құран мен Сүннет тыйым салған.

Өйткені көздің көретін қашықтығы, құлақтың еститін шегі барындай, ақылдың да түсіну шегі бар . Сондықтан ақыл уахидың көмегіне мұқтаж. Иләһи ақиқаттарды ойламау бәлекеттің себебі болғандығындай, ақылдың шамасын білмей, өзінің шамасы жетпейтін істерге талпынуы адамды ысырапқа, ақырында ахірет қасіретіне душар етеді.

Нәпсіқұмарлық үстемдік құрған жерде тәкәппарлық, көкіректік пен менменшілдік сияқты рухани аурулардың ықпалына ұшыраған және таза жүректің жол көрсетуінен мақрұм қалған ақылдың тәфәккурі негізгі бағытынан адасады. Адамды малғұн шайтан сияқты азғындыққа және адасушылыққа жетелейді. Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ бұл жайлы:

«Шайтанның ақылы сияқты ғашықтығы да болғанда, қазіргі Ібіліс жағдайына түспес еді» - деген.

Демек, ақылдың жеке белгілі құны жоқ. Ол жүректің сезімталдығына бағытталуы шарт. Егер жүректегі сезімдерге рухани тәрбие мен руханият берілген болса, ақылдың тізгінін қолға алып, оған бағыт беруге болады. Сезімді бақылауға алу – өте қиын іс. Бірақ сезімдерімізді Аллаһтың ризашылығына сай қылуға тырысуымыз да шарт. Мұның

жолы – Құран мен Сүннет аясында тәфәккур ету. Осындай тәфәккур арқылы ашылған көкжиекте Аллаһтың көмегімен ойымыз сияқты сезімдеріміз де Аллаһтың ризашылығына сай болады.

Сезімдердің мекені болып саналатын жүрек иманның да орталығы. Өйткені иман – ұлық сезім, үлкен қасиет. Сондай-ақ иманды ақылмен емес, жүрекпен мақұлдау керек. Әлемдегі иләһи сырлар тек иманды жүрекке тәуелді ақыл арқылы ашылады. Сол үшін діннің ең маңызды әрі нәзік мәселесі – иман. Өйткені иман ешқашан нәпсінің жеңіл-желпі жолын қабылдамайды. Өйткені әйнекте шаш талындай сызат болса, ол сызат уақыт өте ұлғайып, ақыры әйнек сынады. Жүрекке қара дақ, яғни сызат түсірмеу үшін әрдайым сергек әрі зерек болу керек.

Құлшылықта ынта сауаптың артуына, ал ғапылдық – сауаптың азаюына себеп болады. Алайда тәфәккурдің нәпсіге бейімделіп, жүрекке сызат түсіруі иманға қауіп төндіреді. Иманда ғапылдық болса, Аллаһ сақтасын, аяқты сүріндіреді.

Мұның сансыз мысалдарының бірі – Қарун. Қарун бұрын салих адам болған. Аллаһ Тағала оған үлкен байлық берді. Бірақ ол көкіректеніп, азғындыққа салынды, нәпсісіне алданып осы байлыққа өз қабілетімен қол жеткізгендігін алға тартты. Тіпті, әбден шектен шығып, Хазіреті Мұса аләйһиссәләмға қарсы теріс қылықтар көрсете бастады. Аллаһ Тағала оны сүйенген байлығымен бірге жер түбіне көмді. Аят кәримәда оның ақыры былай баяндалады:

«Ақыры Біз оны да, сарайын да жер түбіне батырдық. Енді Аллаһқа қарсы оған жәрдем беретін бір қауым болмағанындай, ол озін қорғап, құтқара да алмайды» (Қасас сүресі, 81).

Жүректің иман арнасынан таюы нан кескен адамның абайсыздан қолын кесіп алғаны сияқты. Пышақтың тайып кетуі бір сәттік нәрсе. Сезімдер де осындай бір сәтте оянады. Денедегі ең еркін мүше – сезімдердің орталығы жүрек. Жүректің бейімі бір сәтте өзгеруі мүмкін. Жүрек Рахманның екі саусағының арасында . Онда Аллаһтың Һәди (тура жолға салушы) сипаты сияқты Мұдилл (аздырушы) сипатынан да үлес бар. Бұлардың біреуі екіншісінен қашан басым түсетіндігі белгісіз.

Екінші бір мысал: Құранда ғибрат қиссасы деп баяндалған Бәл'ам бин Баура. Бұл адамның да түбіне жеткен – бір сәтке нәпсіне бағынуы еді. Кезінде ол Аллаһтың салих құлдарының бірі болатын. Сансыз кереметтері (мұғжиза іспеттес төтенше істер) болып, дұғалары қабыл болатын. Бір сәт әуестігіне берілуі, яғни ақылының тізгінін нәпсісіне бергені үшін оның жойылуына себеп болды. Оның бұл халі Құран Кәрімде былай баяндалады:

«Оларға Біз өзіне аяттарымызды берген, бірақ оларды ысырып тастап, сол себепті шайтанның бақылауына ұшыраған және ақырында азғындыққа салынған адамның хабарын жеткіз. Қаласақ, әлбетте оны осы аяттардың арқасында мәртебесін биіктетер едік. Бірақ ол дүниеге батып, әуестігінің соңына түсті. Оның жадғайы тура иттің жағдайы сияқты: қасына барсаң да тілін салақтатады, бос жіберсең де тілін салақтатады. Міне, аяттарымызды жоққа шығарған қауымның жағдайы осындай. Қиссаны баянда. Бәлкім, ойланар» (А'раф сүресі, 175).

Жоғарыда баяндалғандай ақылды уахидан тыс және нәпсінің қалауына қарай қолдануға тырысу адамды ақымақ қылады. Аятта келтірілген мысалдардағыдай адасушылыққа

душар болады. Сол себепті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм дұғаларында:

«Уа, Раббым! Мені көзді ашып-жұмғанша болса да, нәпсіммен оңаша қалдырма!» - деп, бізге өнеге боларлық мүминнің рухани халін көрсеткен.

Демек, иманымызды сақтау үшін өзімізді қашан да «хауф уә рәжа», яғни «қорқыныш пен үміт» арасында өмір сүретіндей санамызды тәрбиелеп, тәфәккурімізге бағыт беруіміз керек. Ақтық демде иманмен жан тапсыру үшін өмір бойы жүрек сергектігінде болып, көзіміз ашық болуы қажет. Аят кәримәда:

«Ей, Иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы (Оның тәңірлік абырой-данқына лайық боларлықтай) **қорқыңдар және мұсылман болған халдеріңде ғана өліңдер»** - деп бұйырады. (Әлү Имран сүресі, 102)

Мәселен, махаббат пен жиіркеніштік сезімдер де Аллаһ разылығына бағытталмаған болса, жиіркенуге тиісті адамға сүйіспеншілікпен қараса, сүйіспеншілікпен қарау керек болған адамға зұлымдық көрсететін болса, бұл да рухани бәлекет болады. Сүйіспеншілікті де лайықты адамына, дұшпандықты да лайықты адамына көрсету шарт. Салих адамдарға сүйіспеншілікпен қарау адамды бақытқа жетелейді. Аят кәримәда:

«Ей, иман келтіргендер! Аллаһтан қорқыңдар және турашылдармен бірге болыңдар!» - делінеді. (Тәубе сүресі, 119)

Дін дұшпанына сүйіспеншілікпен қарау қасірет тудырады. Осы турасында да аятта:

«...Залым адамдармен бірге отырма!» - делінеді. (Әнʼам сүресі, 68)

Демек, тәфәккуріміздің лайықты негізге сүйенуі үшін сезімдеріміздің де иләһи қайнардан фәйіз алып тәрбиеленуі шарт.

Тағы бір аят кәримәда болса:

«Біз (құлшылық деген) **аманатты көктерге, жерге және тауларға ұсындық та, олар мұны арқалаудан бас тартты,** (жауапкершілігінен) **қорықты. Оны адам арқалады. Шындығында, ол** (адам) **өте залым, өте надан»** - делінген. (Ахзаб сүресі, 72)

Адам мойнындағы иләһи аманаттың ауырлығын дұрыс бағалай алмағандықтан, аятта залум (көп зұлымдық жасаушы) және жәһул (өте надан) сипаттарымен берілген. Бұл аманаттың ауырлығын көрсетіп, адамдарды оянуға шақырады. **«Залум»** және **«жәһул»** сипаттарынан құтылуымыз «салих амал» жасап, сыртқы және ішкі білімімізді тәфәккур арқылы парасаттылыққа айналдыруымызға байланысты. Раббымыз Аср сүресінде адамның қасіреттен құтылуы үшін иман ету, салих амал жасау, хақ пен сабырға шақыра отырып, қоғамдық құлшылықтар жасау керектігін білдіреді. Негізгі әрі терең ақиқаттар қамтығаны үшін Имам Шафий рахметұллаһи аләйһи осы сүре хақында:

«Адамдар Аср сүресін дұрыс тәфәккур етіп, ойланатын болса, бұл оларға жеткілікті болады» - деген (Ибн Кәсир, Аср сүресінің тәфсірі).

Раббымыз Құран Кәрімде бізге терең тәфәккур көкжиегін көрсетеді. Осы жайлы аяттардың бірінде былай делінеді:

«Олар (дұрыс ақыл иелері сондай жандар) **отырса**

да, тұрса да, жантайып жатса да Аллаһты еске алады. Көк пен жердің жаратылысына толық ой жүгіртеді де, (былай дейді): "**Раббымыз! Сен бұларды бекер жаратпадың, Сен** (бекер істеуден) **пәксің. Бізді оттың** (тозақ) **азабынан сақтағайсың!"»** (Әлү Имран сүресі, 191).

Жер беті мен аспан әлемі сияқты орынға қатысты, күн мен түн сияқты уақытқа қатысты иләһи құдірет көріністері ақылды адамдар үшін Аллаһқа жақын болуға шақырып тұрады. Аллаһ Тағала әлемнің хал тіліне құштар болғанымызды қалайды. Өйткені барлық жаратылыстар жүректері иләһи шаттыққа толы тілмен сөйлейді. Зәррәдан ғаламшарға дейін барлық нәрсе адамға Раббысының ұлылығын есіне салып отырады.

Әлемдегі иләһи ұлылықтың көріністерін ойлау құлды қарапайымдылық пен «ештік сезімі» арнасына жетелейді. Мүминнің кемелділігі де Раббысының алдында әлсіздігі мен шамасын білуіне тәуелді. Адам Раббысының алдында әрқашан әлсіздігін және ешкім еместігін мойындауы керек. Сонда ғана тәкәппарлығы мен көкіректік дертінен арылады.

Осы тұрғыда Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм дұға еткенде:

«Уа, Раббым! Біз Сені Өзіңе лайық бір танымммен тани алмадық...» - деп истиғфар ететін. (Мүнәуи, II, 520)

Өмірде әлсіздік пен шарасыздықты білмеген адамның нәпсісі бейне бір асау айғыр сияқты. Перғауын, Нәмрут, Қарун, Хаман т.б сияқты... Мұндай адамдарға зұлымдықтар ұнамды әуен сияқты жаға бастайды.

Сонымен қатар адамды әлсіздікте қалдыратын бәле-

кеттер, аурулар, қиыншылықтар. Сабақ алатын болса, олар адам үшін ақиқатында жақсылық болады. Өйткені оны шарасыздық, әлсіздік, ештеңеге жарамау, қарапайымдылық пен кішіпейілділікке жетелейді. Жүрегінің тереңдіктерінен «Уа, Раббым! Медет бергейсің!» - деп толғатады.

Адамдар тартқан азаптары мен өткен белестеріне қарай рухани кемелденеді. Хақ Тағала осы хикметке байланысты пайғамбарларын және салих құлдарын дәрежелеріне қарай қиыншылық шеңберінен өткізген. Бұл олар үшін өзгеше сый көрінісіне айналып, руханиятының кемелденуіне себеп болған.

Шәйх Сағди Ширази былай дейді:

«Түсінігі бар адамдар үшін ағаштардағы әрбір жапырақ – мағрифатуллаһ (яғни Аллаһ Тағаланы жүрекпен тану) турасында кемелді кітап. Ғапыл адамдар үшін барлық ағаш бір жапырақ құрлы емес».

Сезімдеріміз бен түсінігіміздің әлемдегі иләһи сырларды түсінетін халге жетуі тәфәккурмен біте қайнасқан түсінік пен жүрек тереңдігін талап етеді. Әлемдегі иләһи құдірет ағысы бейне бір үнсіз әрі сөзсіз иләһи өлеңдер. Бұл иләһи өлеңдер жүректің сезімталдығына қарай тереңдей түседі.

Ішкі жан дүниесі терең де тұңғиық Хақ достары әлемдегі иләһи өнер туындыларына терең құдыққа қарағандай қарайды. Сол жерден руханият өлкесіне жол тартады.

Сезімтал көңілдің, көреген жүректің халін баяндауға сөз жетпейді. Осындай бір сезімтал жүрекпен әлемді тамашалағандар Раббымыздың жайған шексіз кереметтеріндегі иләһи өнердің ләззатын татады. Бірдей топырақта

өскен өсімдіктердің түрлі-түсті жапырақтары мен гүлдеріне, сан алуан түрдегі бүршіктеріне, ағаштардың түрі, иісі, дәм және түрі жағынан әртүрлі жемістеріне, тек бірекі апталық өмірі болса да, көбелектердің қанаттарындағы керемет өрнектерді тамашалайды және жаратылыстың «хал тілі» деп аталатын сырлы сөздеріне құлақ салады. Мұндайлар үшін бүкіл әлем оқуға дайын кітап сияқты.

Ақыл мен көңіл дүниелері бос әрі шикі ғапылдар тек әр нәрсенің сыртындағы қабығын тамашалайды да, ішіндегі руханият інжуінен бейхабар қалады. Хазіреті Мәуләнә бұл халді былай тамаша жеткізген:

«Дүниеге көңіл бөлгендер бейне бір көлеңке аулаған аңшы сияқты. Олар көлеңкеге қалай қол жеткізбек? Санасыз аңшы құстың көлеңкесін "құс" деп ойлап, оны ұстамақ болады. Ал бұтақтың үстіндегі құстың өзі ол ақымаққа таң қалады».

Тағы бір Хақ досы:

«Бұл әлем ақылдылар үшін иләһи өнер туындыларын жүрекпен тамашалау болса, ал ақымақтар үшін тамақ пен құмарлық ғана» - деген.

Шындығында әлемге ғибрат және хикмет назарымен қараған көреген көңілдер барлық нәрседен өзгеше бір ерекшелік сезеді және ол әлемнен хикметтер ұғынады. Ғапыл адамдар болса, «Әй, сен де бүгін дүниеден пайдаланып қал, осы дүниеге қайта келесің бе?!..» - деп, жүректеріндегі қараңғылық пен сызатты ұлғайта түседі.

Хазіреті Мәуләнә есімізді жинап, халімізді тәфәккур етуге және бұл әлемдегі жаратылыс хикметімізді ойлауға былай деп шақырған:

«Мына адам қоғамын ғибратпен тамашала!.. Өмір

сүріп отырған осы әлемдегі осыншама иләһи ұлылық пен құдірет ағысын көре тұра неліктен соқыр болып, ақылыңнан адасасың да, денеңнің құмарлығы мен мүдделерің саған таудай үлкен, дұрыс тәфәккур болса құмырсқадай кішкене көрінеді? Ей, әсфәлу сәфилинге (төменгілердің ең төменгісіне) түскен адам! Тастың ештеңеден хабары жоқ болғанындай, сенің де тәфәккур дүниесінен сондай хабарың жоқ. Өкініштісі, сен тәфәккуріңді жоғалтып, ең үлкен ләззаттан мақрұм қалған екенсің!»

Тәфәккур нығметінің нәпсіқұмарлықтарға тәуелді болуы қандай өкінішті! Тәфәккурсіздік – жүректің жалқаулығы, ақымақтықтың белгісі. Сезімнен ада болу да жүректің соқыр, әрі саңырау болуы. Осыншама иләһи көріністер алдында жүректің бейтарап қалуы адамдық қасиетке жараспайды. Әлемді қыңыр-қисық жүзбен тамашалу ғапылдығы рухани соқырлық. Бұл жағдай аятта былай баяндалады:

«(Расулым! Саған қарсы шыққандар) **еш жер бетінде кезбей ме? Егер кезетін болса, әлбетте, ойланатын жүректері және еститін құлақтары болар еді. Бірақ ақиқатында көз емес, кеудедегі жүрек** (көңіл) **соқыр болады».** (Хаж сүресі, 46)

Мәуләнә тәфәккур нығметін қате қолдануды *«алтын ыдысқа қоқыс салғанмен»* теңейді. Бұл алтыннан да бағалы болып табылатын тәфәккур мен мұқияттылық нығметін қарапайым әрі жағымсыз құмарлықтарға тәуелді етіп, ысырап жасау деген сөз.

Қысқасы, тәфәккур дұрыс жерде жасалуы керек. Олай болмаған жағдайда негізгі бағытын таба алмаған тәфәккурлер адамды қасіретке душар етеді. Сондай-ақ иләһи ескертулерді естімей, тәфәккур нығметін нәпсіқұмарлық

үшін зая еткендердің ахиреттегі өкіністері аятта былай баяндалады:

«Олар ол жерде былай ойбайлайды: «Ей, Раббымыз! Бізді шығар, істегендерімізден басқа салих амалдар жасайық» (Оларға): **«Сендерге ақылды адам ойланатындай өмір бермедік пе? Сендерге ескертуші де келген еді. Енді, азап шегіңдер! Өйткені залымдарды құтқаратын ештеңе жоқ** (делінеді)» (Фатыр сүресі, 37).

Демек, мәңгілік өмірде бақыттылыққа жету үшін дүниелік өмірде ақылды орынды қолдану қажет. Санамыз бен сезімдерімізді шайтани әрі нәпсілік қалаулардан емес, иләһи қайнардан фәйіздендіру керек. Мәуләнә осы турасында сергек болудың қажеттілігіне назар аударып, былай дейді:

«Ішімізде пайда болып, бізді мазалайтын шайтани ойлар, қиялдар, уәсуәсәлар жүрегімізге қадалған, көрінбейтін тікендер. Бұл тікендер бір адамнан емес, мыңдаған адамнан келіп жүрегімізге қадалады».

Сол себепті жүрегіміздің рухани үйлесімдігін бұзып, тәфәккур мен сезіну қасиетін бұзатын нәпсілік және шайтани уәсуәсәлардан қорғану керек. Қалайша радионың тұтқасы дұрыс сәйкестендірілмегендіктен таза (анық) дауыс шықпайтын болса, жүрек те сол сияқты қате сезімдер мен ғапылдықтың кесірінде құрдымға жоқ болуға душар болады. Балықтар теңіз ортасында, құрлықтағы жәндіктер атмосфера ортасында өмір сүре алады. Сол сияқты адамның рухы болса, тек Құран мен Сүннеттің аясында бақыттылыққа қол жеткізе алады.

Адамды шайтани жылтырақтардың алдауынан және нәпсіқұмарлықтардың мастығынан құтқарып, тамаша

көңілге ие қылатын ең маңызды тәфәккур көкжиегі – өлімді ойлау. Аятта былай баяндалады:

«Расында өлім мастығы келеді. Міне, (ей, адам!) **"бұл сенің баяғыдан бері қашқан нәрсең" - делінеді»** (Қаф сүресі, 19).

Хадис шәрифте де *«Барлық ләззаттарды тамырымен құртатын өлімді көп ойлаңдар!»* - делінеді. (Термези, Қиямет, 26)

Кәміл адам осы дүниенің өзінде жер астының жұмбағын шешіп, о дүниеге дайындық жасаған адам. Тәфәккурлер мен талпыныстарымыз жер астындағы тылсымда тереңдемейінше, болашақ дүниенің сырына жету, жетілу мүмкін болмайды. Бесік пен табыт арасындағы осы қысқа сапарды жүрек сергектігі мен тәфәккур аясында лайықты түрде түсіну әрбір дұрыс ақыл иесі үшін қажетті іс болып табылады. Адами тәфәккурмен түсіну мүмкіндігі жоқ болашақтың түйінін шешу тек уахидың тәлім-тәрбиесіне көңіл бөлумен жүзеге асады. Олай болмаған жағдайда бос қорқынышпен өлімнен қашу тек босқа шаршау болып табылады.

Аллаһ Тағала құлдарын жәннәтына шақырады. Сол себепті бізді ғапылдықтан ескертеді. Аят кәримәда:

«Сендерді тек босқа жараттық және сендер, расында да құзырымызға қайтарылмаймыз деп ойладыңдар ма?» - делінеді. (Мүминун сүресі, 115)

Осыған байланысты Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм да тәфәккур мен сезімталдығымыздың дүние тұтқынында зая болуынан Аллаһқа сиынып:

«...Аллаһым! Дүниені ең үлкен мақсатымыз бен ойымыз қыла көрме! Біліміміз жеткен ең соңғы нысанамыз да қыла көрме!» - деп дұға еткен. (Термези, Дәауат, 79)

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм жатқан кезде оқитын дұғаларында да біздерді тәфәккурге шақырып, мұқтаж адамдардың халін ойлап, әрдайым Аллаһ Тағалаға мадақтап, шүкіршілік халінде болуымыз керектігін:

اَلْحَمْدُ لِلهِ الَّذِى أَطْعَمَنَا وَسَقَانَا، وَكَفَانَا وَآوَانَا، فَكَمْ مِمَّنْ لاَ كَافِيَ لَهُ وَلاَ مُؤْوِيَ

«Бізді тамақтандырып, қорғап, тіршілік берген Аллаһқа мадақ. Қорғап, тіршілік еткізуішісі жоқ қаншама адамдар бар» - деп баяндайды. (Мүслим, Зікір, 64)

Расында да, адамның ұйықтар алдында қол жеткізген нығыметтерді тәфәккур етуі және сол үшін Аллаһ Тағалаға шүкіршілік етуі маңызды бір құлдық міндеті болып табылады. Дүниеде қаншама адам аш жатқанында тоқ ұйықтау, қауіп төнген және мұқтаждық жағдайда қиналған қаншама адамдар бола тұра қайғысыз, қауіпсіз болу, ұшыраған бәлекеттері себебінен қанша адам түнді жылы баспанасыз өткізсе, рахат төсекте жату қандай үлкен нығымет?! Сонымен қатар, қандай үлкен жауапкершілік екендігін де ойлау керек.

Міне, күнде жатпас бұрын жасалатын осындай есептік тәфәккур өмірімізде маңызды орны болуы керек. *«Есепке тартылмас бұрын нәпсілеріңді жауапқа тартыңдар»,* - деген Хазіреті Омар радияллаһу анһу әр түнде:

«Тигер өзенінің жағасында бір қой суға батып өлсе, Аллаһ оның жауабын Омардан сұрайды».

«Бүгін Аллаһ үшін не істедің ей, Омар?» - деген сөздермен өзін жауапқа тартып тұратын.

Біз осы сезімдерді қанша рет дұрыс сезіне алдық? Күндіз тіршілік қамымен шаршаған жүрегімізді қанша түн осындай жауапқа тарта алдық? Қолымызды жағымызға таяп, неге жаратылғанымызды, қайдан келіп, қайда бара жатқанымызды, өмір сызығымыздың қаншалықты түзулігін қанша рет ойландық? Дініміздің шарттарын қаншалықты орындағанымызды, Аллаһтың бізге жіберген хабары болып саналатын Құранның мәдениет пен руханиятына қаншалықты кіргенімізді, өз өмірімен жанды Құран тәфсірі болған Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің ізін қаншалықты басқанымызды, хал, әрекет және іс-қимылдарымыздың Оның өнегелі өміріне қаншалықты ұқсайтындығын қандай деңгейде ойландық? Бұл мәселедегі кемшіліктеріміз бізді қаншалықты ойландырады? Әлде ең құнды тәфәккур қазынамызды ішімізде жоғалтып алдық па?..

Құран Кәрім бізге иманын құтқару үшін тастың астында қалған Хабиб Нәжжарды, қазылған орда өртелген Асхаб Ұхдудты, һидаятқа бөленгеннен кейін ең ауыр азаптарға кеуде тосқан сиқыршыларды мысал ретінде көрсетсе, біз Аллаһ берген нығметтерінің құнын қаншалықты түсіне алдық?

Аллаһ Тағала бізді тәфәккурсіздіктен және барлық нығметтердегідей тәфәккур нығметінде де ысырапқа салынудан сақтасын! Жүрегімізді, ақылымызды, сана-сезімдерімізді Өзінің ризашылығына сай қылсын!

Әмин!

Күнкөрісті қамтамасыз ету мен жұмсаудағы Ысырап – 6

Қазіргі кезде жиі кездесетін рухани тығырықтың негізінде орынсыз табыс, құл хақы, қанағатсыздық пен тойымсыздықта жатқандығы белгілі. Осы жағымсыздықтарды жою үшін адамдарды әрдайым құл хақынан сақтандыратын және халал табысқа ынталандыратын Ислами қағидаларға мұқият болу керек.

❀

Қоғамдағы адамдардың жомарттықтағы деңгейсіздігіне қарап, азғана жәрдеммен өзін жомарт санау – бос жұбаныш қана. Жомарттық деңгейімізді сахабалардың халімен салыстыруымыз керек.

Күнкөрісті қамтамасыз ету мен жұмсаудағы ЫСЫРАП – 6

Аллаһтың сынағы бойынша ішінде өмір сүріп жатқан бұл әлем Аллаһ Тағаланың құдіреті мен ұлылығының хикметті көріністеріне толған сансыз нығметтермен көмкерілген. Бұл нығметтер Аллаһтың шынайы құлы болуға, құлшылықтың дәрежесін арттыруға ықпал ететіндей, құлдың ғапылдығының кесірінен бір фитнә және қасіреттің себебіне айналуы да мүмкін. Барлығы да Аллаһтың аманаты болып табылатын осы нығметтерді негізгі мақсаттарынан тыс немесе нәпсілік әрі шайтани мақсаттар үшін босқа жіберу үлкен ысырапқа салыну деген сөз.

Расында, Аллаһ Тағала жер мен көктегілердің барлығын адамға бағындырған. Сонымен қатар бұл нығметтердің қияметте есебі берілетіндігін де баяндаған. Аят кәрималарда бұл жайлы:

«Содан кейін, ант етеміз, ол күні (сендерге берілген) **әрбір нығмет үшін сұраласыңдар!»** (Тәкәсур сүресі, 8).

«Сөзсіз, сендер малдарың жайлы, жандарың жайлы сыналасыңдар!» (Әлү Имран сүресі, 186).

«“Біз өздеріңді текке жараттық деп және сендер шынымен де құзырымызға қайтарылмаймыз!” - деп ойладыңдар ма?» - делінеді. (Мүминун сүресі, 115)

Нығметтердің қолданылуында шектен шығуды білдіретін ысыраптың ең қорқыныштысы Аллаһтың бекіткен шегінен шығу арқылы мәңгілік ахірет бақыттылығын шексіз қасіретке айналдыру, тозақтық ету.

Адам баласы ғапылдығынан ысырапты көбінесе материалдық нығметтерде жасалған мөлшерсіз шығындар деп санайды. Осылай ысырап ұғымын таяз түсінігімен тарайтып тастайды. Бірақ материалдық нығметтерде ысырап қалай харам етілген болса, рухани нығметтерде де сондай харам етілген. Тіпті рухани нығметтерде жасалған ысырап пен өлшемсіздік тіпті ауыр жауапкершілік пен қасіретті тудырады.

Ахірет бақытының жойылуына себеп болатын материалдық және рухани ысыраптардың ең маңыздыларының бірі күнкөрісті, тұрмысты қамтамасыз етуде, күнделікті шығында және жұмсауда жасалынған ысыраптар.

Аллаһ Тағала барлық құлдарының рызығын белгілеп қойған. Аллаһтың рызыққа кепілдік бергендігі аят кәримәда былай баяндалады:

«Мен адамдар мен жындарды тек Өзіме құлшылық қылсын деп қана жараттым. Мен олардан рызық тілемеймін әрі Мені азықтандыруларын да қаламаймын. Әсілінде рызық беруші әрі кәміл күш-құдірет иесі – Аллаһ» (Зәрият сүресі, 56-58).

«Қаншама жәндік бар, (олар өз) **рыздығын** (қасында) **алып жүрмейді. Оларға да, сендерге де рызық беруші Аллаһ. Ол барлық нәрсені естуші және білуші»** (Анкәбут сүресі, 60).

«Жер бетінде жүрген барлық жәндіктің рыздығы тек Аллаһтың қолында. Аллаһ ол жәндіктің тұрған жерін және соңында тасталатын орнын біледі. (Бұлардың) **барлығы ашық бір кітапта** (Ләухүл-Махфузда)**»** (Һуд сүресі, 6).

Аллаһ Тағала осы аяттарда білімінің, құдіретінің және мархаматының шексіздігін баяндайды. Расында, біз қара жердің жасырын дәліздерінде, мұқиттың түбінде өмір сүретін жәндіктердің санын біле алмағанымыздай, ол туралы есеп те жүргізе алмаймыз. Сөйте тұра олардың әрбіріне қатысты барлық мәліметтердің Аллаһтың біліміне тән екендігі, тіпті олардың қоректену мен тіршіліктерінің де Аллаһтың кепілдігінде болуы қандай үлкен құдірет көрінісі десеңізші?!

Осыған орай біздер рыздығымыздың соңынан жүгіргенде «Раззақпен», яғни бізге рызық берген Аллаһ Тағаламен қаншалықты терең рухани байланыс халінде болуымыз керектігін ойлауымыз керек...

Рызық турасында Аллаһ Тағаланың кепіл болуының, сонымен қатар иләһи құдірет көрінісі екендігі хадис шәрифте былай баяндалады:

«Бастарың қозғалып тұрған (аман) кезде рызық турасында үмітсіздікке салынбаңдар. Өйткені адамды анасы қып-қызыл (яғни тыр жалаңаш), үстінде ештеңесі жоқ халде дүниеге әкеледі. Содан кейін Ғазиз әрі Жәлил Аллаһ оны әртүрлі рызықтармен рызықтандырады» (Ибн Мәжә, Зүһд, 14).

«Аллаһ өте кең. Адамдардың ішкен-жеген және жұмсаған нәрселері Оның қазынасынан ештеңені кемітпейді. Ол асқан жомарт, күндіз-түні үзілмес те таусылмас қайырымдылық жасайды. Жер мен көктер жаратылғалы бері Аллаһтың бергендерін бір ойлаңдаршы! Бұлар Оның мүлкінен ештеңе азайтты ма екен?!..» (Бұхари, Тәухид, 22)

Рызықтану мәселесінде шектен тыс уайымдап, шектен шығу нәпсінің тойымсыздығы. Одан сөзсіз сақтану керек.

Біздің міндетіміз – Аллаһтың бізге жазған рыздығын себептерін ұстана отырып, халал жолмен табуға тырысу. Солай еңбектің нәтижесінде Аллаһтың тағдыр етіп жазғанын өзіміз хақында жақсылық санап, оған ризашылықпен өмір сүру. Рызық турасында орынсыз уайымға салынып, Раззақты (рызық беруші Аллаһты) ұмыту және тойымсыздықпен харам жолға түсу күнкөрісті қамтамасыз етуде Аллаһтың қойған шегінен шығып, ысырапқа салыну деген сөз.

Ал «Қалай дегенмен де рыздығымыз алдын-ала белгіленіп қойылған екен, онда неге шаршаймыз?!» - деген сияқты жалқаулыққа жол ашатын нәпсілік ойдан да сақтануымыз шарт. Өйткені бұл ифраттан (шектен шығудың жоғарғы деңгейі) қашамын деп тәфритке (шектен шығудың ең төменгі деңгейі, істің кәдімгі дәрежесіне жете алмау) түсу болып табылады.

Аллаһ Тағала күнкөрісті қамтамасыз етуде тойымсыздық пен сараңдық танытып, шектен шыққандар мен дүниенің байлығының соңына түскендердің ахіреттегі аянышты халін төмендегі аятта былай баяндайды:

«(Ол адамның халі қандай өкінішті) **ол мал жиып, соны түгендеумен ғана болып кетті.** (Ол) **малы өзіне мәңгі өмір береді деп ойлайды. Жоқ,** (олай емес)! **Ант етемін, ол, сөзсіз, хұтамаға тасталады. Хұтаманың не екенін білемісің?** (Ол) **жағылған,** (жанған сайын) **жүректі шарпитын Аллаһтың оты. Олар** (осы оттың ішінде) **биік діңгектерге таңып байланады да** (сол күйде), **даусыз отқа қамалады»** (Һүмәзә сүресі, 2-9).

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм да үмметінің күнкөрісті қамтамасыз етуде ысырапқа салынып, орта жолдан таюның мүмкін екендігі турасында жеген қамын былай жеткізеді:

«Менен кейін сендерге дүние гүлдерінің (нығметтерінің) және әдеміліктерінің ашылуынан (және соларға еріп кетулеріңнен) қорқамын!» (Бұхари, Зекет, 47).

Құлшылықтарды, қоғамдық қызыметтерді артта қалдыратын деңгейде еңбектенуге рұқсат берілмегеніндей, отбасының қиналуына себеп болатындай тәфритке тірелу, яғни немқұрайдылық пен жалқаулық таныту да харам етілген. Құлшылық пен қоғамдық міндеттерді назардан тыс қалдырмайтын, шаршатпайтын, үйлесімді еңбектену жүйесімен отбасына бақыт әкелетін халал табыс ысыраптан аулақ, лайықты әрі берекетті жол.

Екіншіден, дүние байлығы ең жақындардан бастап, қоғамдағы әлсіздерге, жетім-жесірлерге, бейшараларға жақсылық жасау арқылы ұждан тыныштығына және ахірет бақыттылығына қол жеткізу үшін керек. Өйткені жомарттық пен мейірімділік мүминнің табиғи болмысы болуы тиіс.

Мейірімділік иманның ең үлкен жемісі. Мейірімнің ең үлкен көрінісі басқалардың кемшілігін толтыру үшін барлық мүмкіндігін қолданып, мұқтаж адамдарға жәрдем беру. Яғни Аллаһтың берген нығметтерін одан құр қалғандарға тарату.

Хазіреті Мәуләнә бұл туралы:

«Дүние өмірі түс іспетті. Дүниеде байлыққа ие болу түсте қазына тауып алғанға ұқсайды. Дүние малы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, дүниеде қалады», - деп тамаша айтқан.

Сондықтан мал-мүлікті еш жұмсамай, оны рухани тәрбиеден мақрұм болып өскен және қалай жұмсайтындығы белгісіз мұрагерлерге толығымен қалдыру ауыр ахірет жауапкершілігін арқалау болып табылады. Алайда, бұл

ақылды кісінің ісі емес. Өйткені аят кәримәда бұл жайлы:

«...Алтын мен күмісті жинап, Аллаһ жолында жұмсамайтындар бар ғой, міне, соларды ауыр азаппен сүйіншіле!» - деген. (Тәубе сүресі, 34)

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бір күні сахабаларынан:

– *Қайсыңа мұраға қалған мүлік өз малынан да сүйкімді?* - деп сұрады. Сахабалар:

– Ей, Аллаһтың Расулы! Әрине, бәріміз де өз малымызды жақсы көреміз! - деді.

Сонда Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Адамның өз малы жақсылық жасап, алдын ала (ахіретке) жібергені. Мұрагердің малы болса, жұмсамай, артта қалдырғаны!* - деді. (Бұхари, Рикак, 12).

Шәйх Сағди нығметті қолдану турасында мынадай кеңес береді:

«Ақша жинап көтерілем деп ойлама! Ағынсыз судың иісі жаман болады. (Сондықтан) беруге, қайыр жасауға тырыс. Ағын суға көктер жәрдем береді. Жаңбыр жаудырып, сел ағызып, оны құрғатпайды.

Ақылды адамдар малдарын о дүниеге кеткенде бірге алып кетеді. (Яғни алдын ала Аллаһ жолында жұмсайды). Тек сараңдар ғана қасіретін арқалап, осында тастап кетеді».

Әбу Һурайра радияллаһу анһу былай дейді:

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға бір адам келіп:

– Ей, Аллаһтың Елшісі! Қандай садақаның сауабы үлкен? - деп сұрады.

Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– Күш-қуатың бар кезіңде, денің сау кезіңде, сараңдығың ұстап тұрғанда, кедей болудан қорыққан кезіңде, (немесе керісінше) шіріген бай болғың келген кезіңде берген садақаның сауабы әлдеқайда артығырақ. (Бұл істі) жан алқымға келіп "әленге осынша, түгенге осынша" деуге қалдырма. Өйткені ол мал онсыз да мұрагерлерден ананыкі-мынаныкі болады, - деді. (Бұхари, Зекет, 11)

Абдуллаһ бин Шиһһир радияллаһу анһу айтады:

«Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Тәкәсур сүресін оқып жатқан еді. Сүрені оқып бітірді де:

"Адам баласы малым-малым дейді. Ей, Адам баласы! Жеп бітірген, киіп ескірткен немесе садақа етіп беріп, сауап алу үшін алдын ала жібергендеріңнен басқа малың бар ма?" - деді». (Мүслим, Зуһд, 3-4)

Тағы да Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Сендердің қайсыларың мал-жаны қауіпсіз, дені сау, күнделікті азығы қасында болған халде таң атыратын болсаңдар, барлық дүние оған берілгендей болмақ» (Термези, Зуһд, 34).

«Исламның тура жолына салынған және күнкөрісі жеткілікті болып, оған қанағат еткен адам қандай бақытты!» (Термези, Зуһд, 35).

«Мұсылман болған, өзіне жеткілікті рызық берілген, Аллаһтың өзіне берген нығметіне қанағат еткен адам шүбәсіз құтылды», - деген болатын. (Мүслим, Зекет, 125)

Әбу Үмәмә Ияс ибн Саләбә радияллаһү анһү былай дейді:

«Бір күні сахабалар Аллаһ Расулының қасында отырып, дүние туралы сөз етті. Сол кезде Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

“Сендер естімейсіңдер ме? Естімейсіңдер ме? Қарапайым өмір сүру иманнан. Қарапайым өмір сүру иманнан”, - деп қайталады. (Әбу Дәуіт, Тәрәжжул, 2)

Сондай-ақ басында салих болған, дүние құштарлығына салынып, бай болғысы келген, Пайғамбарымыздың ескертуі мен кеңесіне немқұрайдылықпен қарап, ғапылдық танытқаны үшін байлықтың мастығымен аянышты халге түскен Саләбәның халі[81] кәміл мүминдер үшін үлкен ғибрат көрінісі екенін білейік, ағайын!

Хазіреті Пайғамбар аләйһиссәләм тағы да:

«Адам баласының тұратын үй, денесін жабатын киім, жейтін нан мен су құятын ыдысдан басқаларда хақы жоқ!» - деген. (Термези, Зүһд, 30)

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм тағы мүминдердің ысыраптан аулақ болып, қанағатшыл әрі қарапайым өмір сүргенін қалаған. Ол мұнысын үмметіне өнеге болатындай өз өмірінде іске асырған. Оның осы халі дұғаларында:

«Аллаһым! Мұхаммед отбасының рыздығын жеткілікті мөлшерде бер!», - деумен көрініс тапқан. (Бұхари, Рикак, 17).

Қазіргі кезде жиі кездесетін рухани дағдарыстардың негізінде орынсыз табыс, құл хақы, қанағатсыздық пен

81. Оқиға турасында қараңыз 197-198 б.

тойымсыздықтың кесірі жатқандығы белгілі. Осы түсініктердегі жағымсыздықтарды жою үшін адамдарды әрдайым құл хақынан сақтандыратын және халал табысқа ынталандыратын Ислами қағидаларды мұқият орындау керек.

Өйткені табыстың халал немесе харам болуы адамның құлшылығы мен қарым-қатынасына ықпал етеді. Сол себепті тағдырына кіреді, жазылады. Балаларымыздың оң немесе теріс әрекеттерінің түбіндегі негізгі себеп те осы. Яғни балаларымыздың кемшіліксіз болуын, жағымсыз әрі жаман істерден аулақ болғандарын қалайтын болсақ, алдымен табысымыздың халал болуына назар аударуымыз керек.

Жүректер Аллаһтың әмірлеріне және Расулының Сүннетіне мойынсұнса, денелер фәйіз бен жақсылықтың қайнарына айналады. Шүбәлі және харам нәрселерге араласқан денелер болса, жаманшылық көзіне айналады.

Сол себепті Хазіреті Пайғамбарды сүйетіндер Оның насихаттарына құлақ салып, ысырап пен сараңдықтан сақтанып, халал табысқа көңіл бөліп, осылайша Оның нұрлы жолымен жүріп, о дүниеде де Онымен бірге болу бақыттылығына қол жеткізеді.

Екіншіден, әрбір кезеңнің қажеттіліктері мен міндеттері болады. Осы қажеттіліктерді маңыздылығына қарай қамтамасыз ету керек. Жасалған көмек қажеттілікті қамтамасыз етуге бағытталмаған болса, ол да дұрыс жоспарламағандығы себебінен ысыраптың бір түрі болмақ.

Мәселен, қоғам иманды, ар-намысты және отансүйгіш адамдарға мұқтаж бола тұра, одан төмен дәрежедегі қажеттіліктерге қаржы жұмсайды...

Дінді ұстану мен ахлақи және рухани сезімдер әлсіреген кездегі ең маңызды қажеттілік осыларды дамыту және дінді, ахлақи және рухани тәрбиенің деңгейін көтеруге тырысу болмақ.

Аллаһ Тағала хайырға жұмсаған кезімізде ең мұқтаж адамды анықтаудың қажеттілігіне және мұқтаж адамдарды танудың мүминдердің үйреншікті ісіне айналуының маңыздылығына назар аудартып, былай дейді:

«(Садақалар) **өзін Аллаһ жолына атаған,** (жиһад қылып, ғылым-білім үйреніп-үйретумен шұғылданғандықтан) **жер бетін** (тіршілік ету үшін) **аралауға шамасы жетпеген,** (олардың) **жағдайын білмейтіндер ар-намысы мен көңіл тоқтығынан** (тіленшілік етпейтіндігіне қарап) **оларды бай деп ойлаған, бетсіздік жасап адамдардан** (бір нәрсе) **сұрай алмаған пақырлардыкі. <u>Сен болсаң оларды келбеттерінен танисың</u>. Хайыр деп не берсеңдер, Аллаһ оны толық біледі»** (Бақара сүресі, 273).

Қатты мұқтаж адамдар бар екенін біле тұра, жеке жақындығымыз бар адамға қажетінен артық беру де ысырап болады. Сол себепті пақырлардың қажеттілігіне қарай жұмсау қажет.

Мәуләнә құддисә сирруһ бұл турасында былай дейді:

«Қаншама байлыққа ие болғандар бар, олардың лайық еместерге бермегені бергенінен де қайырлы. Сондықтан Аллаһтың берген малын тек Аллаһтың әміріне сай жұмса! Орынсыз жұмсау қиянатшыл құлдың бейне бір жақсылық жасап жатырмын деп, патшаның малын қарақшыларға таратқанына ұқсайды».

Әсіресе қайырымдылық қорларының өкілдері жәрдем

беру кезінде осы мәселені назарда ұстап, мұқият әрекет етулері қажет.

Сонымен қатар бір сақ болатын нәрсе – бір адам үшін ысырап немесе сараңдық болып бағаланатын іс басқа біреу үшін мұндай болмауы мүмкін. Өйткені рухани-материалдық нығметтерге ие болғандардың әрқайсысының мүмкіншіліктері әртүрлі болады.

Сол себепті құлдың Аллаһ алдындағы жауапкершілігі мен міндеттілігі үшін «вүс'ат», яғни шыдам өлшемі белгіленген және аят кәримәда:

«Аллаһ ешкімге шамасы жетпейтін істі жүктемейді!» - делінеді (Бақара сүресі, 286) . Бұл иләһи таразыда ешкімнің жауапкершілігінің басқа біреуге тең еместігін көрсетеді.

Қолдағы мүмкіншіліктерге қарай жасалатын көмектің үлкенін жасауға тырысу нағыз иманның қажеттілігі. Өйткені күші жете тұра жасалмаған жақсылықтар үшін иләһи таразыда үлкен қарыз бен жауапкершілікке тап болары хақ.

Сонымен қатар, қоғамдағы адамдардың сараңдықтарына қарап, аз ғана көмекпен өзін жомарт деп есептеу де құр жұбаныштан басқа нәрсе емес.

Сондықтан біз, мүминдер, мал-мүлікті жақсылыққа жұмсауда Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм мен Оның құрметті сахабаларын өзімізге үлгі етіп, солардың деңгейіне жетуге тырысуымыз керек.

Өйткені жалпы халықтың көмек көрсету мен жомарттық түсінігіне қарап, қолындағы мүмкіншілігінен де аз мөлшерде көмек көрсету арқылы адам жомарт деп сипатталуының орнына Хақ Тағаланың алдында кінәлі әрі сараң деп аталуы да мүмкін.

Аллаһ Тағала барлық жағдайда харам және күмәнді нәрселерден аулақ болуды нәсіп етсін! Ысырап пен сарандықтан жүректерімізді сақтасын! Берген барлық нығметтерін Аллаһтың ризашылығы бағытында қолданып, Өзінің құзырына маңдайымыз жарық болып және ұждан рахатымен баруды жазғай!

Әмин!

Денсаулық пен тамақтанудағы Ысырап - 7

Тамақтануда, күнделікті өміріміздe, әсіресе той-тілеуде ұжданға бататын қаншама ысыраптар жасалады. Тәкәппарлық, мақтаншақтық және күштілік көрсету үшін жасанды ас беру, мейманханалардағы ашық дастархан әдістерімен обырлыққа жол ашу, мақтану үшін сапалы (маркалы) киімдер кию сияқты шектен шығушылықтардың махшарда қасіретке толы өкінішке айналары хақ. Өйткені иләһи таразыда бұлардың барлығының есебі алдымыздан шығатын болады.

Денсаулық пен тамақтанудағы ЫСЫРАП – 7

Денсаулық нығметі адам баласының қадірін лайықты түрде бағалай алмаған Аллаһтың үлкен сыйы. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Адам баласының көбі қадірін білмейтін екі нығмет бар. Олар – денсаулық пен бос уақыт», - (Бұхари, Рикак, 1) деп, осы турасындағы жалпылама ғапылдық пен немқұрайдылыққа ишарат етеді. Осылайша біз үмметтерін қолымыздағы осы үлкен екі нығметті зая етіп, ақыры өкініп қалмауымыз үшін ескертеді.

Ибн Омар радияллаһу анһумә:

«Ақшамға жетсең таңды күтпе. Таңға жетсең ақшамды күтпе. Сау кезіңде науқас кезің үшін және өмір бойы өлім үшін әзірлен», - деген. (Бұхари, Рикак, 3)

Тәніміз Аллаһтың бізге берген аманаты. Оның да мойнымызда хақы бар. Өйткені лайықты құл болу ісі үшін рухани және тәндік тұрғыдан сау болмысқа ие болумен жүзеге асады. Құлшылықтар да сау денемен толық орындалады. Расында, денсаулық болмаса шабытпен намаз оқу, ораза ұстау мүмкін бе? Жоқ! Құлды жүрекпен Хаққа жақындататын қаншама құлшылықтар мен қызметтер осы денсаулық

нығметімен жүзеге асады. Денсаулық бұзылған жағдайда құлшылықтар мен қызметтер де өз бабын жоғалтады. Осы тұрғыдан қолда мүмкіншілік тұрған кезде және деніміз сау кезде ол нығметтің шүкіршілігін тамаша түрде орындап, құлшылықтарымызға көңіл бөліп, ізгі істерге ең жоғарғы ынтамен талпыну керек.

Барлық нығыметтер сияқты денсаулық та иләһи әмірлер орындалмаса ысырап болудан құтыла алмайды. Денсаулықтың қазіргі кезде өте қарапайым болып көрінетін бір шылымнан бастап, әртүрлі харамдармен бұзылуы осы нығметті ысырап етудің ең қорқынышты түрлері. Сонымен қатар денсаулықты тек тамақтану тұрғысынан емес, ыстық-суық және абайсыздықтан туындайтын көлік апаттары сияқты кейбір ықпал етуші жәйттардан да ақыл мен иләһи әмірлердің жол көрсетуімен қорғау бұл нығметтің ысырап болуының алдын алу үшін қажетті міндет.

Хақ дініміз Ислам денсаулығымызды қорғау үшін рухани-материалдық көптеген алдын алу шараларын көрсеткен. Тамақтануда мөлшерді ұстануды, жұқпалы аурулар шыққан жерлерге бармауды, сол жердегілердің де сыртқа шықпауын әмір етеді. Осылар сияқты көптеген әмірлер мен кеңестер қорғау шарттарының негіздерін көрсетеді.

Осы орайдағы материалдық алдын алу шараларымен қатар Аллаһ ризашылығы үшін садақа беру және қайыр жасау сияқты рухани алдын-алу шараларына да жүгінуді, солайша бәлекеттерден аман қалуымызға кеңес береді. Сонымен қатар денсаулық сақтау жолындағы рухани алдын-алу шараларының қатарында Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Әр біреуіңнің денелеріңдегі әрбір буын үшін күніне

бір садақа берулерің керек. Міне сол себепті әрбір тәсбих бір садақа, әрбір мадақ бір садақа, әрбір тәһлил (лә иләһә иллаллаһ деу) бір садақа, жақсылыққа шақыру бір садақа, жаманшылықтан тию ол да садақа. Сәске уақытында оқылатын екі рәкәат (духа) намаз, осылардың (бәрі садақаның) орнына жүреді» –дейді. (Бұхари, Сулх, 11)

Расында да, дені сау болу – Аллаһқа шүкіршілікті қажет ететін үлкен нығымет. Бұл шүкіршілік материалдық садақалармен жүзеге асатыны сияқты, рухани жағынан садақа үкіміндегі зікір, құлшылық және Хақтың ризашылығы үшін жасалған әртүрлі қайырлы қызметтермен де орындалса болады.

Жоғары қасиеттерге ие болғаны үшін бізге өнегелі тұлғалар ретінде ұсынылған[82] сахабалар Аллаһ Тағаланың берген нығыметтерін ахірет жемісі ретінде қолдану түсінігімен Аллаһ жолында шамалары жеткенше қажырлығын танытқан. Аллаһ Тағала да олардың сол талпыныс әрі тебіреніс халінде көрсеткен қажырларына берекет берген. Қазіргі кездегі асқынған аурулардың түбірі шектен тыс тұтыну, обырлық, люкс (орынсыз да қажетсіз қымбат зат ұстану) және рияшылдықтар сахабалар үшін жат қылық болған. Өйткені олар «ертең нәпсілері баратын орынның қабір екендігін» түсініп өмір сүрген.

Сонымен қатар біздерге белгілі бір уақытқа аманат етілген тәнімізді сараңдықпен не зәруліктен жеткілікті түрде қоректендірмеуден де әр түрлі әлсіздік пен ауруларға ұшырататынымыз хақ. Керісінше, оны шектен тыс тойдыру да осындай кері нәтижеге апарады. Бұл жағдай халал нәрсемен шектен тыс тамақтану арқылы жүзеге асатыны

82. Қараңыз, Тәубе сүресі, 100.

сияқты, харамдармен қоректену болуы да ықтимал. Алайда бұл материалдық денсаулықпен бірге рухани денсаулықтың да бұзылуына себеп болуы мүмкін.

Тамақтану турасында адамдардың рухани деңгейіне қарай мұқияттылықтары да өзгереді. Мәселен, шариғатта тойғаннан кейін жеу харам. Тариқатта болса тойғанға дейін жеу ысырап. Ал ақиқатта болса жеткілікті мөлшердің өзін Аллаһтың бақылауында екендігінен бейхабар түрде жеу ысырап. Мағрифатта болса, осылармен қатар Аллаһ Тағаланың берген нығметтерінде көрсеткен иләһи көріністерді ойламай жеу ысырап.

Қызыр аләйһиссәләм Хақ досы Абдүлхалық Гуждувани құддисә сирруһты зиярат еткен кезіндегі мына сөздері тамақтануда рухани мұқияттылықтың шыңын көрсетуі тұрғысынан өте ғибратты:

Қызыр аләйһиссәләм Абдүлхалық Гуждуванидың берген тамағын жемей, дастарханнан шегініп отырады.

Хазірет таңданып:

– Бұлар халал тағам. Неге жемейсіз! - дейді.

Қызыр аләйһиссәләм:

– Иә, халал тағам. Бірақ пісірген адам ашу кернеген және ғапыл күйінде пісірген екен, - дейді.

Бұдан байқағанымыздай бір тағамның халал болуымен қатар, қандай рухани халде пісірілгендігінің де адамның хал, қарекет және құлшылықтарының руханилығына ықпал етуі тамақ турасында қандай ұстанымда болуымыз керектігін көрсетеді.

Қазіргі кезде өкінішке орай ашық сатылатын, түрі

және иістерімен көптеген мұқтаж адамдардың көзі түсетін. Сонымен қатар қалай әзірленгені белгісіз тағамдардың болмысымызға тигізер зияны көбінесе назардан тыс қалады. Алайда жеген тағамның тағдыры, яғни оған қол жеткізудегі рухани ұстаным сезімдерімізге өз ықпалын жүргізеді.

Жүрек тазартуда халал тағамның өмірлік маңызы бар. Абдүлқадир Гейлани құддисә сирруһ былай дейді:

«Харам тағам жүректі өлтіреді. Халал тамақ жүректі тірілтеді. Кейбір бір жұтым тағам сені дүниемен, тағы бір жапырақ нан ахіретпен айналыстырады. Кейбір бір жұтым тағам сені Аллаһ Тағалаға сүйкімді етеді».

Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһтың:

«Кеше түнде асқазаныма бірнеше түйір күмәнді тағам түсіп, аянның жолын бітеді», - дегені де желінген тағамның материалдық жағдайы сияқты рухани жағдайына да назар аударуымыз керектігін көрсетеді. Хазіреті Мәуләнә тағы да былай дейді:

«Тәнді шектен тыс асырап семіртпе! Өйткені ол соңында топыраққа берілетін құрбандық. Сен көңіліңді асырауға мән бер! Жоғарыларға баратын және абыройға бөленетін сол. Тәніңе майлы, балды нәрселерді аз бер. Өйткені оны қажетінен артық асыраған адам нәпсіқұмарлыққа салынып, ақыры масқара болады».

Мұншалық маңызды тақырыпта ысырапшыл ұстанымда болу әрине мүминнің тұлғасына сай келмейді.

Сәләфу салихин ғұламалары:

«Аллаһ Тағала барлық медицина ғылымын жарты аятқа жинақтаған: **«... Жеңдер, ішіңдер, бірақ ысырап етпеңдер!..»**

(А'раф сүресі, 31), - деп рухани және материалдық тұрғыдан мықты өмір сүру үшін тамақтануда ысыраптан аулақ болудың маңыздылығын тілге тиек еткен.

Хадис шәрифте:

«Ысырап пен тәкәппарлыққа салынбай жеңдер, ішіңдер, киініңдер, садақа беріңдер!» (Бұхари, Либас, 1) - деп, адамның қажеттіліктерін қамтамасыз етуде заңды шектерді білдіреді. Екінші бір хадис шәрифте:

«Жаның қалаған және тартымды көрінген барлық нәрсені жегенің, шүбәсіз ысырап!» - дейді. (Ибн Мәжә, Әт'имә, 51)

Халық аузында «обырлық немесе тамақсаулық» деп танымдалған бұл қылықты дініміз де қабылдамайды. Бұл жағдай көп мүмкіншілікке ие болудың көп тұтынушылықты заңды қылмайтындығын да ортаға салады.

Хазіреті Омар радияллаһү анһү қолында бір жапырақ ет ұстаған Жәбир радияллаһү анһүға жолыққанда:

– Ол не? - деп сұрады. Жәбир радияллаһү анһү:

– Жегім келгені үшін сатып алған бір жапырақ ет -деді.

Сол кезде Хазіреті Омар радияллаһү анһү:

– Жегің келген әрбір нәрсені сатып ала бересің бе? Әлде сен **«...Сендер дүние тірішілігінде асарларыңды асап, жасарларыңды жасап, қызықтарыңды тауыстыңдар...»** - деген аятта айтылған адамдардың қатарына қосылудан қорықпайсың ба?» - деді. (Ахкаф сүресі, 20; Ибн-Ханбал, Зүһд, 124 б.).

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм тамақтануда ұстануды қажет ететін өлшемді және мұның денсаулыққа тигізетін ықпалын:

«Ешбір адам асқазанынан артық қауіпті қап толтырмаған. Алайда адамға денсаулығын қамтамасыз ететіндей бірнеше түйір тағам жеткілікті. Егер бір адамның қалайда көп жеуі керек болса, асқазанының үштен бірін тағамға, үштен бірін суға, үштен бірін дем алуға бөлсін!» - деп тұжырымдаған. (Термези, Зүһд, 47)

Пайғамбарымыз кезіндегі мына бір оқиға тамақтануда пайғамбари дәстүрге мойынсұнудың берекетінің қаншалықты тамаша жүзеге асқандығын көрсетеді:

Александрия патшасы (Мұқауқыс) Пайғамбар Мырзамызға көптеген сыйлықтармен бірге бір дәрігер жіберген еді. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм дәрігерге:

«Үйіңе қайта берсең болады. Өйткені біз қарнымыз ашпайынша ештеңе жемейтін қауымбыз. Жеген кезімізде де тойғанша жемейміз» - деді. (Халәби, Инсанүл-Үюн, III, 299).

Міне, бұл Пайғамбари баян осы ғасырдағы шектен тыс тұтынуға және ысырапқа салынудан туындаған көптеген ауруларды емдеу жолдарын қамтиды.

Хазіреті Омар радияллаһү анһү бұл турасында мынадай кеңес береді:

«Қарындарыңды тамақпен, сусынмен тойдырудан сақтаныңдар. Бұл денеге зиян. Ауруға себеп болады және адамды намаз оқуда жалқау қылады. Тамақтанғанда орташа жолды ұстаныңдар! Осылай істесеңдер, дене үшін пайдалы және ысыраптан аулақ боласыңдар» (Әли әл-Мүттақи, Кәнз, XV, 433/41713).

Ғасырлар бойы Ислам байрағын желбіректен бабаларымыздың күнделікті тіршілігіндегі тазалық, қарапа-

йымдылық және тамақтанудағы мөлшерлемелер қандай дені сау қоғам қалыптастырғандығын эвропалық саяхатшы Цевенот 1665 жылы Парижде жарияланған саяхатнамасында былай жеткізеді:

«Түріктердің дені сау болады және аз ауырады. Біздің еліміздегі бүйрек аурулары және басқа да қаншама қауіпті аурулардың ешбірі ол елде жоқ. Атын да білмейді. Менің ойымша, Түріктердің мықты денсаулығының басты себептерінің бірі жиі жуынатындығы және тамақтануда орта жол ұстанатындығы. Олар өте аз жейді. Жегендері христиандардікі сияқты аралас-құралас нәрселер де емес».[84]

Бір мақалда «Адам тамақ үшін өмір сүрмеуі керек. Өмір сүру үшін тамақ жеуі тиіс!» - делінеді. Сонымен қатар бұл қағида мүминдердің маңызды бір сипатын да бейнелейді. Ислам ахлағының бұл турасындағы өлшемін көрсететін мына бір оқиға өте ғибратты:

Бір күні Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға қонақ келді. Қонақ кәпір болатын. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм қойды сауып, сүтін қонаққа әкелуге бұйрық берді. Қонақ әуелі сүтті ішіп бітірді. Қайта әкеліп еді оны да бітірді. Тағы қайта әкелді. Оны да бітіріп тастады. Осылайша тура жеті аяқ сүт ішті. Бұл қонақ ертеңінде мұсылман болды. Аллаһ Расулы оған тағы да сүт тарту етті. Қонақ сүтті ішті. Пайғамбарымыз қайта әкелтті, бірақ қонақ бұл жолы бітіре алмады. Сол кезде сүйікті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Мүмин бір ғана ішегімен, кәпір жеті ішегімен ішеді» - деді. (Мүслим, Әшрибә, 186)

84. М.Де Февенот, Relatyon dun Vogaye Fait au Levant, 58 б. Париж, 1665

Аллаһ Тағала тамақтануда мөлшерлі болуды, имансыздардың тамақтану тәсілінен аулақ болуымызды қалайды және бізді мұндай жағдайдан былай сақтандырады:

«...Жоққа шығарғандар (кәпірлер) **дүниеде тек сауық-сайран құрады және хайуандар секілді жейді. Олардың барар жері жәһәннәм!»** (Мұхаммед сүресі, 12).

Тағамның берекетін кетіретін барлық әрекеттер ысырап шеңберіне кіреді. Сондай-ақ тамақты қол жумай және бисмиллаһ айтпай бастау, соңында осы нығметтерді берген Аллаһқа шүкіршілік етпей тұру да опасыздық әрі ысырап болып табылады.

Хадис шәрифтерде былай делінеді:

«Тамақтың берекеті тамақтанар алдында және тамақтан кейін қолды жууда» (Термези, Әт'имә, 39)

«Қолындағы тамақтың жұғынын жумай ұйықтаған адам қандай да бір зиянға ұшыраса, өзінен басқа ешкімді кінәламасын!» (Әбу Дәуіт, Әт'имә, 53).

Шындығында тамақтан бұрын және кейін қолды жуу турасында да бабаларымыз көрсеткен мұқияттылық бағалауға тұрарлық. Он жетінші ғасырда Англияның Ыстамбұлдағы елшілігінде жұмыс істеген, негізінде түрік дұшпаны болған Рижаут деген хатшы жазған кітабында бабаларымыздың тазалық қасиетін былай мойындайды:

«Тамақтан бұрын және кейін қолды жуу түріктер арасында таралғаны соншалық, адамдардың қолдарын жууына дәнекер болу үшін Аллаһ тамақтарды жаратқандығы туралы аңыз етіп айтады».[85]

---

85. Ricaut, Histore de Ieat Present de Empire Ottoman, 285, Paris, 1967.

Тамақтануда тазалыққа осыншалықты көңіл бөлу нығметтердің берекеттенуімен қатар рухани-материалдық тыныштық әрі саулыққа дәнекер болады. Сонымен қатар бисмилләһпен басталып әлхамдүлилләһпен аяқталған тамақ шипа көзі болса, бисмилләһсыз және шүкірсіз желінген тамақтар ғапылдық пен ауыртпалыққа себеп болады. Осы хикметке байланысты Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм былай бұйырады:

«Адам үйіне кірген кезде және тамақ жеген кезде бисмилләһ айтса, шайтан әскерлеріне "Бұл жерде түней де, тамақтана да алмайсыңдар" - дейді. Егер ол адам үйіне кірген кезде бисмилләһ айтпаса, шайтан оларға "Қонатын орын таптыңдар" - дейді. Ол адам тамақтанған кезде бисмилләһ демейтін болса, шайтан тағы да "Әрі қонатын орын әрі жейтін тамақ таптыңдар" - дейді» (Мүслим, Әшрибә, 103).

Хазіреті Айша радияллаһү анһә былай дейді:

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм бір жолы алты сахабасымен бірге тамақтанып отырды. Бір бәдәуи келіп тамақты екі асап бітірді. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Бұл адам бисмиллаһ дегенде, тамақ барлығына жетер еді. Олай болса біреу тамақ жесе "بِسْمِ اللهِ бисмилләһ" десін. Тамақтанар алдында мұны айтуды ұмытып кетсе, "بِسْمِ اللهِ فِى أَوَّلِهِ وَ اٰخِرِهِ Басына да, соңына да бисмиллаһ" - десін!» - деді. (Ибн Мәжә, Әт'имә, 7)

Су ішкенде де «бисмилләһ» айтып, үшке бөліп ішу керек және ақырында «әлхамдүлиллаһ» деп айту керек. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм суды және басқа да сусындарды үш бөліп, дем алып ішетін және бұл турасында былай дейтін:

«Түйе сияқты бір демде ішпеңдер. Екі немесе үшке бөліп ішіңдер. Бір нәрсе ішкен кезде “бисмиллаһ” деңдер! Ішкеннен кейін “әлхамдулиллаһ” деңдер!» (Термези, Әшрибә, 13).

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бір нәрсе ішкен кезде ішілетін нәрсеге қандай да бір себеппен үрленуіне тыйым салған. Бір адам Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнан:

– Су ыдысына шөп-шалаң түскендігін байқасам, не істейін? - деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Түскен нәрсені төк!* - деді. Сонда әлгі адам:

– Бір демде ішкен суға қанбаймын, - деді. Сонда Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм үш жұтым етіп ішу керектігіне ишарат жасап:

– *Онда су құйылған аяқты аузыңнан тарт!* - деді. (Термези, Әшрибә, 15).

Тамақты жеке, көптен бөлініп жеу де берекетін кетіретін іс. Сондықтан олай ету де ысырап. *«Көпшілікте рахымшылық, жекеленуде азап бар»* (Мүнәуи, III, 470) - деп, Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм тамақ жеген кезде көпшілікпен бірге жеуді бұйырған.

Уахши бин Харб радияллаһу анһудың айтқанына қарағанда кейбір сахабалар:

– Уа, Расулаллаһ! Тамақ жейміз, бірақ тоймаймыз - деді. Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм оларға:

– *Жеке-жеке жейсіңдер ғой!* - дегенде. Олар:

– Иә, солай істейміз - деді.

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Бірге жеңдер және бисмилләһты айтыңдар. Сонда тамақтарың берекетті болады* - деген. (Әбу Дәуіт, Әт'имә, 14).

Тағы да Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Біреуіңнің жеп отырған тамағың жерге түсетін болса, жабысқан нәрсені тазартып, тамақты жесін. Оны шайтанға (жем етіп) қалдырмасын» - деп, ескертіп, сөзі әрмен қарай жалғап табақтың әбден тазалануын бұйырып, «Берекеттің тамақтың қай жерінде екендігін біле алмайсыңдар» - деген. (Мүслим, Әшрибә, 136).

Тамақтануда, күнделікті өмірімізде, әсіресе тойда, ас бергенде ұжданға бататын қаншама ысыраптар жасалады. Тіпті, осы шығындардың есебін санауға да адамның шамасы жетпейді. Қоғамымызда тек нан тұтынудағы ысырапты назарға алып, түрлерін санай алмайтындай басқа ысыраптарды онымен салыстыратын болсақ, ортаға шығатын көрсеткіштер қасіретке толы өкініш айқайлары болып естілер еді.

Тәкәппарлық, мақтаншақтық және күштілік көрсету үшін жасанды ас беру, мейманханалардағы ашық дастархан әдістерімен обырлыққа жол ашу, мақтану үшін маркалы, қымбат киімдер кию сияқты шектен шығушылықтардың махшарда қасіретке толы өкінішке айналары хақ. Өйткені иләһи таразыда бұлардың барлығының есебі алдымыздан шығатын болады.

Той мен ас беру бауырластық сезімін күшейтетін маңызды іс-шаралар. Бірақ өкінішке орай нәпсінің өлшемімен және рияшылдық үшін жасалған шаралар бауырластық сезімін күшейтпейді. Керісінше, адамдарды тәкәппарлық,

менмендік, қызғаныш және көралмаушылық сияқты жағымсыз сезімдерге жетелеп, ауыр қасіретпен аяқталады. Мұндай жиындар иләһи рахымшылық пен берекеттен де алыс болады.

Қысқасы, ысырап ішіндегі менменшіл өмір ұстанымының соңы қасіретке әкеліп соғады. Өйткені Аллаһ Тағала **«Ысырап етушілер шайтандардың досы!»** - деген. (Исра сүресі, 27)

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Қиямет күні ешбір құл өмірін қайда өткізгендігі, білімімен қандай істер істегендігі, малын қайдан тауып қайда жұмасағандығы, тәнін қайда шаршатқандығы жайлы есепке тартылмайынша тұрған жерінен қозғала алмайды» (Термези, Қиямет, 1) - деген сөзімен ахіретте барлық нығметтер мен аманаттар үшін жауап беретіндігімізді қатаң ескертіп, ғапылдықтан оянуымызды қалаған.

Осы тұрғыдан қарағанда мынаны ешқашан естен шығармауымыз керек: Тамақтануда шектен шығу – ысырап, денсаулық нығметін босқа қолданып, зая кетіру – ысырап, өмірді босқа өткізіп зиян келтіру – ысырап. Қолымыздағы рухани-материалдық аманаттарды сақтамау, тәфәккүріміз бен сезімдерімізді қате бағытта қолдану да ысырап. Әсіресе, білім алуда, яғни адамның тұлғалығын қалыптастыруда оның жаратылыстың ең абыройлысы болу бағытында тәрбиеленбеуі де ең үлкен ысырап.

Расында, жас буынның рухани өмірлерінің зая болуының алдын алу үшін, оларды Құран мен Сүннет аясында тәрбиелеу – ата-аналардың бас тарта алмас міндеті. Бұл біздің Құранға және Пайғамбарымызға деген тәуелділігіміз бен сүйіспеншілігіміздің деңгейін көрсетеді. Өйткені Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Сендерге екі аманат қалдырамын. Олар – Кітап пен Сүннет...» - деген. (Муатта, Қадар, 3).

Сол себепті Құран Кәрімге үйреншіктілігімізді арттыруға тырысуымыз керек. Әсіресе балаларымыздың білім алуында жалпылама назардан тыс қалатын рухани және ахлақи тәрбие турасында нақты қажыр таныту қажет.

Өйткені балаларымызға қалдыратын ең құнды мұра – Құран мен Сүннет мәдениеті. Құранды сүйіспеншілікпен ұстану болып табылатын Пайғамбари ахлақты балаларымыздың бойларына дарыта білулері үшін бар күшімізді жұмсауымыз керек. Фәни болашақ қайғысымен олардың мәңгілік болашағын босқа жібермеуге тиіспіз.

Сондықтан егер балаларымызды жақсы көретін болсақ, оларды әртүрлі бәлекеттерден қорғағымыз келсе және ахіретте де солармен бірге болуды қаласақ, олардың иманды болып өсуі үшін күш жұмсауымыз шарт. Бұл көрсетілген қажыр-қайраттың о дүниенің бақытына кенелтетіндігін Аллаһ Тағала былай баяндайды:

«Иман келтірген және ұрпақтары да имандарында солардың ізін басқандар (бар ғой)! **Міне, Біз олардың ұрпақтарын да соларға қостық. Олардың амалдарынан да ештеңе азайтпадық!»** (Тур сүресі, 21).

Осы иләһи сыйға бөленген мүминдер мен олардың иманды ұрпақтары ахіретте де бірге болады. Бұл Аллаһ Тағаланың оларға жәннәтта балаларымен бірге болып, бақытты өмір сүрулері үшін берген ерекше сыйы. Осылайша әке-шешелерінің қуанышы мен бақыты толық болады. Осы иләһи сыйға жетудің жолы балаларымыздың Құран мен Сүннет аясында иманды ұрпақ болып өсуіне байланысты. Ең

маңызды ысыраптардың басында тұрған **«адам ысырабынан»** сақтану үшін балаларымыздың алдындағы міндеттерімізді орындау – барлығымыздың қасиетті борышымыз.

Осыған дейін қарастырылған ысырап түрлері үшін анықтаған қағидаларға қарап, өмірдегі іс-әрекеттердің барлығы талданған кезде, «ысырап» ұғымының қаншалықты ауқымды екендігі байқалады. Өйткені шектен тыс көрсетілген өшпенділік пен сүйіспеншіліктен бастап, шаралар мен тойлардағы бей-берекетсіздікке дейін барлық салада әртүрлі ысырап көріністерінің бар екендігі шындық. Біз тек бірнеше негізгі тақырып шеңберінде ғана бағдарды анықтау үшін қажетті өлшемді ұсынуға тырыстық. Бірақ бұл жерде ұсынғымыз келген өлшем мен мақсатты тек осы мәселелермен шектелмей, барлық өмірлік іс-әрекеттерде қолданып, әртүрлі ысырап пен сараңдықтан сақтануға мәжбүр екендігімізді естен шығармайық.

Аллаһ Тағала бізді барлық жағдайда шектен шығушылықтан сақтап, Өзі разы болатын құлдық өмір сүруге жеткізсін! Барлық нығметтерді мөлшерлі қолданып, шүкіршілігін лайықты түрде орындауды нәсіп етсін!

Әмин!

Мұсылманның жұмысына мұқият қарауы хақында сұхбат...

"Бос сылтаулармен халал-харам шегін таптамау керек"

Хақсыз табыс адамның қолында бір сәтке томпиған шар сияқты. Бұл шарлардың кейбірі дүниеде жарылады, кейбірі махшарда жарылады. Бұл табыстардың сырттай көбейгені адамға жағымды музыка сияқты ұнамды болады. Бірақ рухани жағы бастанаяқ қасірет пен мәңгілік шығын.

Табыстың рухани деңгейін түсіну үшін жұмсалған орнына қарау жеткілікті. Бір мәтелде айтылғандай «Ақша жылан сияқты, кірген тесігінен шығады».

Мұсылманның жұмысына мұқият қарауы хақында сұхбат...

"БОС СЫЛТАУЛАРМЕН ХАЛАЛ – ХАРАМ ШЕГІН ТАПТАМАУ КЕРЕК"

– Ұстаз, Ислам, капитализм және мұсылмандардың барған сайын капиталист болып баражатқандығы туралы пікір таластары бар. Осы талас-тартыстың төңірегінде жалпылай не айта аласыз?

– Капитализмнің таралып, орныққан жері қанағат пен тәуекелдің әлсіреп, тойымсыздық пен ашкөзділіктің және де хақсыз табыс көбейген орталар. Сондықтан мүмин жандар өздерін алдымен тойымсыздық тұрғысынан тасаввуф тәрбиесінен өткізулері керек. Бұл да қанағатшылдық және тәуекелмен жүзеге асады. Қанағат болса, шынайы байлық болып, әркімнің дүниенің тұтқындығы мен оған құл болудан құтылғаны деген сөз.

Сондықтан мұсылман нәпсісін тәрбиелеп, жүрегін сафтандырмаса, ақшадан басқа нәрсені танымайтын капитализмнің диірменіне түсіп кетеді.

Өйткені капиталистік жүйе болсын, социалаистік жүйе болсын, олардың құрылымында жүрекке тән ерекшеліктер

мен ұждани парасаттылықтар орын алмаған. Біреуінде мүлік қоғамдікі болса, екіншісінде жеке адамдікі. Екеуінде де пайдақор және бодандық сана басым. Жеке адамдарды механикадағы доңғалақтың тістері деп қабылдайды.

Ал Исламда мүлік Аллаһтікі. Пайдакүнемдік пен бодандыққа, отаршылдыққа жол жоқ. Исламның экономикалық жүйесі адамның мәселелерін шешумен басталады. Бөлісе білу және басқаларға, әсіресе мұқтаж адамдарға пайдалы болу парыз, шарт. Тіпті, Аллаһ Тағала мұны пақырлардың хақысы ретінде жариялайды:

وَفِي أَمْوَالِهِمْ حَقٌّ لِّلسَّائِلِ وَالْمَحْرُومِ

«Мұқтаж адамның және макрұмның (ұялып сұрай алмаған адамның**) олардың (**байлардың**) малдарында белгілі бір хақылары бар»** (Зәрият сүресі, 19).

Бұл қағида адамдарды ақшаны қалай қолданатындығын үйретуде әрі рухани ынтымақтастықты нығайтып, жүректерді біте қайнастырудың дәнекері. Яғни Исламда ақша әуесқойлықтың көзі емес, орнына жұмсалуы тиіс болған аманат. Бұл аманат орынды қолданылып, мұқтаж және макрұм адамдардың хақысына толық көңіл бөлінетін болса, онда үлкен құлшылықтың көзіне айналады. Бірақ осындай халде болу үшін ақшаның қайдан және қалай табылғандығы да өте маңызды. Өйткені табылған әрбір нәрсенің табылу түрі бар және адамның жүрегі де сол әдіс бойынша қалыптасады. Сөйтіп, қалыптасқаны бойынша жұмсалады. Сондықтан табысымыздың түріне де мұқият қарауымыз аса маңызды іс.

– Адамдар қандай табыс жолдарына жүгініп жатыр?

– Бұл турасында жалпылама айтқанда екі түрлі табыс жайлы айтылады:

Біріншісі – діни және ұждани өлшемдер шеңберінде табылған табыс. Бұл жерде Аллаһтың өлшемдеріне бағыну бар. Сауда ахлағы бар. Халал – бірден-бір қағида. Пайдақорлық пен алдау әрекеттер жоқ. Бұл табыста сырт көзге жылдам арту байқалмағанымен, бұл рухани тұрғыдан тұрақты арта береді. Өйткені көбіне бұл байлықты қайырға жұмсау, ізгілікке пайдалану іске асады. Адамды мейірімдікке жетелеп, ұжданын жай таптырады. Мұндай құлдар барлық жаратылысқа мейіріммен, мархаматпен қарайды. Бұл мархамат біздің де мархаматқа бөленуіміздің бірден-бір дәнекері. Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бұл жайлы:

«Жер бетіндегілерге мархамат етсеңдер (мейірімді болсаңдар), көктегілер де сендерге мархамат етеді!» (Термези, Бирр, 16) - деген.

Ақшаның тағдырын адамның сезімдері белгілейді. Яғни ақша емес, адам билік жүргізеді. Бір мәтелде айтылғандай, «Ақша жылан сияқты, кірген тесігінен шығады».

Бір адамның малының қаншалықты адал жолмен табылғандығын түсіну үшін жұмсалған орындарына қарау жеткілікті болады.

– Ал, екіншісі?

Екіншісі болса, күш-қуаттың арқасындағы табыс. Бұл көбінесе хақсыз табыс. Бопсалау, нақақ қолдау және парақорлық сияқты жолдармен жиналған қатерлі ісік сияқты байлық. Бұл адамның қолында бір сәтке томпиған шар сияқты. Бұл шарлардың кейбірі дүниеде жарылады, кейбірі

махшарда жарылады. Бұл табыстардың сырттай көбейгені, адамға жағымды музыка сияқты ұнамды болады. Бірақ рухани жағы бастан-аяқ қасірет және мәңгілік шығын. Сондықтан бұл табыс қайырымдылыққа, Аллаһ жолына оңайлықпен жұмсалмайды. Бәлкім, азғана бөлігі...

Өкінішке орай қазіргі таңда осы екінші түрге жататын табыс жолдары адамдарға тартымдырақ көрінеді және капиталистік жүйе де мұны көрік іспетті барынша үрлейді. Ұлғайтады. Өкініштісі, қаншама мүмин көңілдер осы ағынға түсіп жатыр. Көптеген адамдар алдымен табысқа жетейін деп, бар әуестерімен іске кіріседі. Бұл қате. Дұрысы алдымен табыстың ахіреттегі есебін жасау. Жүрек тойымсыздықтан қатайып, ахіретті ойламаған кезде адам баласы хақ-құқық танымайтын, қарақшы және қатігез жаратылысқа айналады. Яғни капитализм адамдарды тойымсыздықтан жыртқыштық қасиеттеріне итермелейді. Осы шындықты көру үшін дүниедегі болып жатқан істерге бір қарау жеткілікті. Қазірде ақша үшін жасалып жатқан хақсыздықтар мен зұлымдықтар қандай адамгершілікке жатпақ?! Бір бомба жарылса өсімдік-жануар, бала-шаға, қарт-науқас деп айырмай, барлығын құртып жібереді. Мархамат қайда, жанашырлық қайда? Бейкүнә жандар мен зұлымдыққа ұшыраған пенделердің қандарымен боялған қанды ақша қандай адамгершілікті орнатады дейсіз?!

Яғни аяусыз капитализм күн өткен сайын адамды тек ақшаға ғана тәуелді етіп, ақшаны пұтқа айналдырып жатыр.

– Ал, Ислам қандай сезім мен ұстанымды ұсынады?

– Ислам әрбір мәселедегідей байлық тұрғысынан да адамның Аллаһ алдында жауапты екендігін алға тартады.

Өйткені Аллаһ Тағала барлық нәрсені адамға аманат етіп берген. Аят кәримәда:

«Ақыры сол күн (дүниеде пайдаланған) **нығметтерден қалайда есепке тартыласыңдар!..»** - деп бұйырады. (Тәкәсур сүресі, 8)

Міне, байлықты осы есеп пен жауапкершілік өлшемінде табу керек. Ешбір қателіктің, шалыс басудың бір орынды себеп-сылтауы болмайды. Ондайдың ниеті де дұрыс болмайды. Әсіресе «мен ақшаны болашақта қайырымдылық жасау үшін тауып жатырмын» деп, харам-халал өлшемін таптау – бұрыс ұстаным, нәпсінің алдауы. Өйткені Ислам **«қалағаныңша тап, қалағаныңша жұмса!»** дейтін түсінікті ешқашан қабылдамайды. Капитализмнің негізін құрайтын **«Тимеңдер істесін, тимеңдер, бара берсін!»** деген түсінікті Ислам үзілді-кесілді түрде жоққа шығарады.

Адамдар материалға тәуелді болған қазіргі таңда мұсылманның әркездегіден де күштірек жоғары ахлақи ұстанымға ие болуы, Аллаһ қорқынышымен әрекет етуі, құл хақына барынша мұқият болуы және жауапкершілік сезімінде болуы шарт.

Мәселен, іскерлік пен кәсіби салада болып жата беретін дағдарыстар мен тығырық кезінде шариғатқа қайшы демеу табудан аулақ тұру керек. Мұндай қиыншылықтарды Ислами банк және қаржы құрылымдары арқылы жою керек. Қайткенде де пайыздық несиелерден аулақ болу әрі дүниелік, әрі ахиреттік жауапкершілігіміз бен тыныштығымыз үшін өте маңызды мәселе.

Сонымен қатар өзімізді және мал-мүлкімізді рухани таза ұстау үшін назар аударатын басқа бір мәселе

«тендерлерді ұтып аламын» деген мақсатпен қызметкерлерге сыйлықтар ұсынудан аулақ болу. Өйткені бұл да парақорлықтың басқа бір түрі. Атаулар өзгерсе де мәні өзгермейді. Харамдарға тағылған әртүрлі, әрі жағымды атаулар ішкі есебімізді әлсірететін бос жұбаныш әрі жәһәннәм әшекейлері.

Сахаба Абдұллаһ бин Амр радияллаһү анһү Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің *«параны алушыға да, берушіге де лағынет еткендігін»,* - риуаят еткен. (Әбу Дәуіт, Ақдия, 4, хадис №3580).

Өкінішке орай қазір байлыққа, осы және осыған ұқсас жолдармен әр жақтан у себіліп жатыр. Мұсылман бір мина алаңында жүргендей сақ, білімді, абай, мұқият болмаса, байлығын осы улардың қаупінен құтқара алмайды.

– Қандай сақтық пен мұқияттылыққа кеңес бересіз?

– Ол үшін саудамызға капитализмнің қанаушылығы мен пайдакүнемділік шарттары бойынша емес, халал және харам шекарасына сақтықпен қарау арқылы бағдар беруіміз керек.

Екіншіден, ысырап экономикасына бағытталған саудадан өзімізді сақтауымыз керек. Өйткені ысырап, люкстің артуы қоғамды мүшкіл жағдайға түсіреді. Осы бағытта оңды-солды есепсіз шығындарды көбейтетін несие карталары да экономикалық тұзақ, бодандық дәнекері. Қажеттіліктер бұған сылтау бола алмайды.

Өйткені қажеттілік жағдайында Исламның өлшемі белгілі: Қарзұ хасан (Аллаһ үшін жақсы қарыз беру). Бұл борыш шығынға ұшырағандарға дем беретін, оларға табыс шарасы болатын қарыз. Бірақ несие картасы болса, одан

бетер қарызға батыру. Шығынданғандар емес, тек шығындатушылар табыс табатын жүйе.

Бұл сондай бір қауіпті шығын болғаны, біреулер пайда тапсын деп пақырларды да аяусыздықпен тұзақтың ішіне күліп-ойнап тұрып түсіретін жүйе. Жасалған тартымды жарнамалар арқылы қаншама бишаралар соның кесірінен (шариғат тұрысынан) заңсыз жолдарға құрбан болады. Мәселен, пақыр бір қызға жағымды жарнамамен «Сен тек осыларды пайдалансаң сұлу боласың, былай істесең тартымды болады және қоғам сені мойындайды!» деген сияқты жолдан тайдыратын ұсыныстарды жасай-жасай, өмірінде төңкеріс жасайды. Ақырында, бейшара қыз қаржысы жетпейтін өмірдің қасіреті мен тойымсыздығына тап болады. Бірақ қалауына қол жеткізбейінше құштарлығы тіпті артып, ақыры жаман жолға түсіп, құрдымға кетеді... Қандай өкінішті десеңізші!

Сондықтан бәрінен бұрын «өз халіне ризашылық пен қанағатшылдық» таныту ең үлкен қазына ретінде жүрегімізден орын алуы керек. Аллаһ Тағаланың бізге «материалдық тұрғыдан көбірек бай болыңдар!» - деген әмірі жоқ. Тек «Халалдан табыңдар, халал шеңберінде өмір сүріңдер және жұмсаңдар!.. Яғни мұқтаж адамдарды ұмытпаңдар!...» - деген әмірі бар.

Олай болса өмірімізді, саудамызды халал жолдарға негіздеуіміз керек.

– Осы жайында кейбір Ислами әмірлерді орындайтын адамдардың санасында ауытқушылықтар байқалады.

– Өкінішке орай қазіргі кезде капитализм жан дүниемізді күйреткені соншалық, діндар адамдардың кәсіп-

орындарының өзінде Ислам ахлағы мен қағидаларына сай келмейтін істер табиғи жағдайға айналды. Қажылыққа баратын және намаз оқитын қаншама адам «Мен көбірек қайырымдылық жасау үшін көбірек табыс табуым керек!» - деп, көптеген қабылданбайтын қателіктерге барады. Яғни харам мен халал олардың табыс жолдарында қатар өмір сүреді. Мәселен, ахлаққа жат жарнамалар, бизнесте сұлулықтарымен тұтынушыларды тартатын хатшылар ең көп көзге түсетін қателіктердің бірі. Дүние табысы ахірет пайдасынан озып кеткендіктен нәпсі «Бұл іс осылай жүреді!» - деп сылтау тауып, істің харам жағына мән бермейді. Өкінішке орай бұл табыс емес, ахіретте күйзеліске ұшырататын банкрот миналары (ұтылу жарылғыштары).

Сондықтан сауда өмірімізде барлық мәселеге қайтадан жеке-жеке қарау керек. Қасымызда жұмыс істеткендерімізге дейін барлығына назар аударып, Ислами негіздерді қандай да бір себептермен аяқ асты етпеуіміз керек. Әйелге ердің жұмысын, ерге әйелдің жұмысын істетіп, жаратылыстарына қайшы халге душар етпеуіміз керек. Бұл турасындағы өлшемді ең тамаша түрде белгілеген Ислам ахлағы мен қағидалары бірден-бір шартымыз болуы керек. Құлдығымыз бен құл хақына Аллаһтың ескертулеріне қарай мұқият болуымыз қажет.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм қайтыс болмай тұрып:

«Намазға, алдымен намазға сақ болыңдар. Қол астыңдағылар хақында Аллаһтан қорқыңдар», - деп, өсиет етіп кеткен. (Әбу Дәуіт, Әдеп, 123-124/5156; Ибн Мәжә, Уәсая, 1).

Өмір бойы барлық жаратылыстың хақына асқан байыптылықпен қараған Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи

уә сәлләм қайтыс болар сәтінде де құл хақын назарда ұстап, әлсірегеніне қарамастан үйінен мешітке шығып:

«Сахабаларым! Кімнің малын абайсыздықтан алған болсам, міне малым, келіп, алсын!. Кімнің арқасынан хақсыз ұрған болсам, міне арқам, келіп, ұрсын!..» - деген еді. (Ахмед, III, 400)

Қадірменді сахабаларын көз жасына көмген бұл сөздер ақиқатта бізге құл хақының маңыздылығын көрсететін өте мағыналы тәлім. Пайғамбар Мырзамыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бұл хадис шәрифімен қияметке дейін жалғасатын үмметіне өзі арқылыісжүзінде өнеге көрсеткен. Енді бізге тиесілі болғаны өзімізді осы өлшем шеңберінде таразылай білу.

Өйткені құл хақы қияметке қалған және мәңгілік бәлекетке душар ететін надандық пен зұлымдық. Қазір капитализм құл хақын танымайды. Аяққа тапталғандар одан бетер тапталады. Барлық нәрсеге рұқсат (мубах) назарымен қарайды. Алайда Исламда харамға апаратын қадамдар харам болып табылады.

Қысқасы, **қазіргі таңда өте күшті ұждан есебі керек.** Біздің есімізді жинайтын күшті сілкініс!.. Кезең оыс кезең! Өйткені адамдарды байлық билеп алды. Керісінше, адам байлықты билеуі керек...

– Тақсыр! Бұны қалай қамтамасыз етсе болады? Ақша капитализмнің өзегі және барлық нәрсе соның төңірегінде айналуда.

– Ол үшін ақшаның тұтқыны емес, қожайынына айналу керек. Бұл Аллаһ Тағаланың әміріне мойынсұнумен жүзеге асады. Жалқаулыққа апармайтын қанағатпен болады.

Қоғамға бір назар салыңыздар: Көптеген адамдар материалдық тұрғыдан барынша мүмкіншіліктерге қол жеткізген. Бірақ бәрібір бақытсыз. Кейбіреуі естерінен адасуда. Бұрынғыға қарағанда байлық пен тіршілік деңгейі әлдеқайда артты. Бірақ күйзелістер мен жүйке аурулары одан ары арта түсті. Отбасы өмірі бұзылды. Ажырасулар көбейді. Балалар зардап шегуде. Қазір көп ұрпақ отбасындағы сүйіспеншіліктен мақрұм қалғандықтан бақытты көшеден іздейтін күйге түсіп, бөтен адамдардың ықпалында қалды. Яғни харам-халалды танымайтын, өзімшіл капиталистік жүйе қоғамға тыныштық әкеле алмады.

Имам Хатиб (дін тану) лицейіндегі ұстаздарымыздың бірі Нұрәддин Топчы кейде:

«Қазіргі адамдар бақытты ма, әлде кешегі адамдар бақытты ма?» - деп сұрайтын. Сонан соң кешегі адамдардың қаншалықты бақытты әрі шадыман, керісінше, бүгінгі адамдардың қаншалықты күйзелісте әрі қатігез екендігін талдап, түсіндіретін.

– Байлық ауыр сынақ сияқты, солай ма?

– Шарттарына қарай байлық та, пақырлық та ауыр сынақтар. Ауыртпалық жағынан біреуі екіншісінен ешқашан жеңіл болмаған. Сондықтан жоғарыда айтқандарымызға қарай отырып, «бақытты болу үшін пақыр болу керек» деген қате түсінік қалыптаспасын. Яғни мал-мүлік хақындағы жауапкершілігімізді және Аллаһтың қойған өлшемі шеңберінде ұстануымызды тілге тиек ету «олай болса, пақыр болған дұрыс» деген қате түсінікке жетелемеуі керек. Ислам адамның бай болуына ешқашан тыйым салмаған. Мұны жақсы білу шарт. Керісінше Құран Кәрімнің 200 - ден артық жерінде **«Инфәқ қылыңдар** (қайырымдылыққа

жұмсаңдар)!» - деген бұйрықтың бары сонша, бұл бір қарағанда адамның Аллаһ жолында жұмсайтындай бай болуға тиіс екенін үгіттеу емес пе?! Бірақ біздің айтпақ болған мәселеміз иләһи өлшемнің, яғни тағдырдың шегін қинамау және байлық үшін барлық жолдарды шариғат тұрысынан заңды санамау керектігі. Яғни Аллаһ Тағала нәсіп еткен мөлшерде халалдан мал табу және Аллаһ жолында жұмсау мүмкіндігіне жету.

Өйткені кеше болғаны сияқты, бүгін де кедей-кепшіктерге және шарасыздарға пана болатын адал табысты, мейірімді, ауқатты адамдарға қажеттілігіміз бар.

Мәселен, материалдық тыныштық үшін көңіл шаттығын өлтірмеу... Исламның әдеміліктері арнасында пайда болатын жүрек тыныштығын ысырып тастамау... Қамқор көңілге ие болу... Негізгі әрі шексіз байлықтың руханиятта екендігін ұмытпау...

– Саудамен шұғылдана отырып, үлкен Ислам ғалымы болған Хазіреті Әбу Ханифаны бұл турасында үлгі ретінде айтуға бола ма?

-Әрине, Хазіреті Әбу Ханифа білім тұрғысынан да, салих амал тұрғысынан да расында өнегелі тұлға. Оның саудадағы ахлақи және үлгілі әрекеттері Ислами тұлғаның аңызға айналар ерекшеліктеріне толы. Бауырластық сезімі әлсіреген, қоғамдық тыныштық пен бақыттың жоғалған, өшпенділік пен дұшпандық артқан қазіргі қоғамда Хазіреті Әбу Ханифа сияқты шынайы сауда ахлағын ұстануға қажеттілік тіпті де арта түсті деуге болады. Мұның сансыз мысалдарының біреуі мынадай:

Хазіреті Әбу Ханифа саудамен тіршілік еткен әжеп-

тәуір ауқатты адам болатын. Бірақ негізгі кәсібі біліммен айналысу болғандықтан сауда жұмыстарын өкілі арқылы жүргізіп, өзі жасалған сауданың халал шеңберінде болған-болмағандығын қадағалайтын. Бұл турасындағы сақтығы соншалық, бір жолы ортағы Хафс бин Абдұррахманды мата сатуға жіберіп, оған:

«Ей, Хафс! Тауарда мынадай кемшіліктер бар. Сондықтан мұны тұтынушыға осыншалықты арзанға сат!» - деген еді.

Хафс тауарды имамның белгілеген бағасына сатып, бірақ ондағы кемшілікті тұтынушыға айтуды ұмытып кеткен еді. Жағдайды білген Хазіреті Әбу Ханифа Хафс бин Абдұррахманнан:

«Матаны алған тұтынушыны танисың ба?» - деп сұрайды. Хафстың тұтынушыны танымайтындығын естіген соң Имам халал табысына дақ түседі деп қауіптеніп, сатқан тауардан түскен табыстың барлығын садақа ретінде таратады. Міне, оның бұл тақуалығы рухани-материалдық саудасына артығымен берекет берген-ді.

Бір адамның таза көңілді, ықыласты және дұрыс бағытта болғандығын түсіну үшін оның жасаған құлшылықтарына қараудан гөрі ол құлшылықтарды қандай рухани деңгейде, қандай халде жасағандығына қарау керек. Әсіресе іс-әрекеттерінің Ислам ахлағына сай, табысының халал болған, болмағандығына назар аудару керек. Мәселен, Хазіреті Омар радияллаһу анһу біреу бір адамды мадақтағанда, одан мына үш нәрсені, яғни:

«Сен онымен көрші болдың ба, сауда жасадың ба, немесе сапарда бірге болдың ба?» - деп сұрайды.

Мақтаушы адам онымен ол үшеуін де жасамағандығын айтқан. Сонда Омар радияллаһү анһү:

«Олай болса, оны мақтамаңыз. Өйткені сіз оны тіпті танымайсыз!» - деген.

Осыған орай Сүфиян Сәури құддисә сирруһ:

«Адамның діндарлығы жеген нанының халалдығына қарай» - деген.

Бір күні одан:

– Тақсыр! Намазды бірінші сапта оқудың артықшылығын айтып бересіз бе?» - деген кісіге, халал тамаққа назар аудартып:

– Бауырым! Сен наныңды қайдан табасың, соған қара! Табысың халал болғаннан кейін, қай сапты қаласаң сол жерде намазыңды оқы! Ол турасында саған қиыншылық жоқ!» - деп жауап берген.

Саудада халал жолмен табыс табуға мұқият болып, оған харам араластырмаудың маңыздылығы мен берекетін марқұм әкем Мұса Мырза құддисә сирруһ мына бір оқиғамен түсіндіретін:

«Мұсылман емес бір көршіміз бар еді. Кейін мұсылман болды. Бір күні одан һидаятқа жету себебін сұрағанымда, ол былай деді:

«Ажыбадем деген аймақта егістігіміз көрші болған Рәби Молла деген кісінің саудадағы көркем ахлағы себеп болып, мұсылман болдым. Рәби Молла сүт сатып күн көретін адам еді. Бір күні ақшам кезінде бізге келіп:

– Міне, бұл сүт сіздердікі! - деді.

Таң қалып:

– Қалайша? Мен сізден сүт сұраған жоқпын ғой! - дедім. Ол парасатты адам сонда:

– Мен абайсызда сиырларымның бірінің сіздің баққа кіріп жайылғанын көрдім. Сол үшін бұл сүт сіздікі. Әрі сол жануардың жеген шөптерінің толық қортылу уақыты біткенше сүтін сіздерге әкеліп тұрамын... - деді.

Мен:

– Оқасы жоқ, көрші! Жегені шөп емес пе? Халал болғай (кешірдім)! - дегеніме қоймай, Молла Рәби:

– Жо-жоқ, олай болмайды! Оның сүті сіздердің хақыларыңыз!.. - деп, айтқан мерзімі біткенше сүтін бізге әкеп тұрды.

Міне, сол мүбәрак адамның бұл әрекеті маған қатты әсер етті. Нәтижесінде көзімдегі ғапылдық пердесі ашылып, көкірегіме һидаят күні туды. Мен өзіме-өзім:

"Бұл жоғары ахлағы бар адамның діні сөзсіз ең ұлық дін. Осыншама сыпайы, әділ, кәміл және таза адамдар тәрбиелеген діннің туралығынан күмәндануға болмайды!" - деп, иман айтып, мұсылман болдым».

– Бұлар ақшаға негізделген дүниеде қол жетпейтін әрекеттер сияқты көрінеді. Бірақісжүзінде болған көптеген мысалдар бар. Соңғы сұрақ ретінде сізден «Не істеу керек?» - дегеннің жауабын тыңдасақ.

– Бұл хикметті қиссалар халал табыс және харам мәселесі турасында қаншалықты сақ әрі мұқият болу керектігін нақты көрсетеді. Өйткені халал табыс тақуалықтың іргетасы. Сондықтан хадис шәрифте:

«Шыншыл, дұрыс әрі сенімді саудагер пайғамбарлар, турашылдар және шәһидтермен бірге!» - делінген. (Термези, Бұю, 4).

Өйткені пайғамбарлармен, турашылдар және шәһидтермен бірге болу сипатына ие болған мұқият саудагер айналасына шаттық пен берекетке дәнекер болады әрі өзі дүние мен ахірет бақытына ие болады. Бірақ дүние қызығына жеңілгендер осы әлемде салтанат орнатқандай болып көрінгенімен, мәңгілік әлемнің мәңгілік бейшарасы болудан құтыла алмайды.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм саудада ашкөздік пен алдауға ұрынғандарды өзінен санамайды, шеттетеді.

Бір күні Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм базарда бір сатушының қасына барды. Ондағы үйілген бидайдың ішіне қолын батырып, дымқыл екендігін сезді:

– Бұл не? - деп сұрайды.

Әлгі саудагер:

– Жаңбыр жауды, ей, Аллаһтың Расулы! - дейді.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– Осы дымқыл бөлігін үстіне қойып, адамдардың көріп, білуін қамтамасыз ете алмас па едің? Алдаған менен емес... - деді. (Мүслим, Иман, 164).

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Әрбір үмметтің бір фитнәсі бар. Менің үмметімнің фитнәсі – мал-мүлік» (Ахмед бин Ханбал, IV, 160).

«Сондай бір уақыт келеді, адам малын халалдан ба, харамнан ба, қалай тапқандығына мән бермейді» (Бұхари, Бүю 7, 23).

«Менен кейін сендерге дүниенің гүлдерінің (нығметтерінің) және әшекейлерінің ашылуынан және оларға елігіп кетулеріңнен қорқамын!» - деген. (Бұхари, Жиһад, 37; Мүслим, Зекет, 121-123)

Бір жолы Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм сахабаларға:

«...Сендер үшін пақырлықтан қорықпаймын. Бірақ мен сендерден бұрыңғылардың алдына жайылғаны сияқты дүниенің сендердің алдарыңа жайылуынан, олардың дүние үшін жарысқаны сияқты сендердің де жарысқа түсулеріңнен, дүниенің олардың жойылып кетуіне себеп болғаны сияқты сендерді де жойып жіберуінен қорқамын» - деген. (Бұхари, Рикак, 7; Жизия, 1; Мүслим, Зүһд, 6).

Бұл хадис шәриф тура қазіргі кездегі мәселені айтып отырғандай.

Қысқасы, хадис шәрифтерде көрсетілген ғапылдықтың көбірек көрініс тапқан және адам харамды тәрік етуге тырысқанымен, олар адамға жабысып алған қазіргі таңда халалға жүгіну ең маңызды мәселе және үлкен құлшылық.

Қазір мұсылман капитализмнің әртүрлі кесірінен өзін қорғауға тырысып, ақшаны құштарлық пен тойымсыздыққа айналдырудан аулақ болу, қандай шарттарда болса да Аллаһтан қорқу, Аллаһтың ризашылығы, қоғамға мейірімділік, Ислам ахлағы, құл хақысына сақ болу, харам-халал шегін бос сылтаулармен таптамау сияқты салих мүминнің бойынан табылуды қажет ететін ерекшеліктерге ие болуы тиіс...

Қазіргі таңның шарттарында есте сақтайтын бір нәрсе, әлсізге, пақырға, жетім-жесірге және қайғыда өмір сүрген адамдарға аяушылық көрсету әрбір ынсапты және мейірімді адамдардың жүрек сезіміне айналуы қажет.

Бірақ, нағыз аяушылыққа мұқтаж бейшаралар зұлымдыққа ұшырағандардан гөрі залымның ұжданы, салтанатпен өмір сүріп нәпсілеріне тұтқын болғандардың рухы, бодандық жүйесі болып табылатын капиталист жүйеде мұқтаждардан бұрын қарақшы байлардың кірлі жүректері. Бұл шынайы бейшаралар мейірімге тіпті мұқтаж, зәру. Бұл аяушылық пен мейірім болса, олардың ұшыраған жағымсыз халдерінен құтылудың және һидаятқа келуіне дәнекер болудың аты.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Аллаһым! Пайда бермейтін білімнен, қорықпайтын жүректен, тоймайтын нәпсіден және қабылданбайтын дұғадан Саған сиынамын!» - деген. (Мүслим, Зікір, 73)

Тағы да:

«Ұмыттырған пақырлық, азғындатқан байлық... келмес бұрын салих амалдар жасауға асығыңдар!» - бұйырған. (Термези, Зуһд, 3/2306)

Мына, соңғы хадис шәрифте баяндалғандай Аллаһты ұмыттыратын пақырлық пен азғындатқан байлық бір-біріне тең саналады.

Аллаһ Тағала барлығымызды иләһи жарасымдылықта өмір сүргізсін! Әртүрлі харамнан және күмәнді нәрселерден аулақ болуды нәсіп етсін!

Әмин!

МАЗМҰНЫ

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,
Алматы қаласы, Мамыр - 4 мөлтек ауданы
Байланыс телефондары: 8 (727) 255 63 41
255 63 57